
**ҚАҺАРМАН
ҚАЙРАТ ПЕН
ЖЕЛТОҚСАНШЫЛАР**

Ұш Алматы
2019 **Қыян**

ӘОЖ 821.512.122

КБЖ 84 5(Қаз)

Қ 21

ҚҰРАСТЫРҒАНДАР:
Мәкен Уәктегі, Мақұлбек Рысдәулет

Қ 21 **Қаһарман қайрат пен желтоқсаншылар** - Алматы:
“Үш Қиян”, 2019. - 320 б

ISBN 978-601-06-5528-7

1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі қызыл империяның қабырғасын қайыстырып, шаңырағын шайқалтты. Осыдан кейін-ақ империя абырой, беделінен айырылып, құлдырай берді. «Ұлттар достығының үздік үлгісі» деген жалған болып шықты. Зорлықпен кигізілген темір нокта еркіндік аңсаған халықты бұрынғыша социализм жолына сала алмады. Одақтас республикалар азаттық тізгіндерін өз қолдарына алды. Ақыры алып мемлекет құл-талқан болып, ыдырады.

Бүкіл бір құрылымды шайқалтқан Желтоқсан көтерілісінің басты қаһармандары – жастар. Сол көтеріліске Жамбыл жастары да қатысқан. Белгілі қаламгер Мақұлбек Рысдәулет пен Қайрат Рысқұлбеков пен Желтоқсан көтерілісінің зерттеушісі Мәкен Уәктегі жамбылдық желтоқсаншылардың естеліктерін өндегенімен, айтар ойын сақтап оқырманға жолдап отыр. Кітапты құрастырушылар желтоқсаншылардың ойларымен бірге өздерінің де пікірлерін білдірген. Кітап қалың оқырманға, жастарға арналған. Кітапта ұлтын, халқын сүйген желтоқсаншы азаматтардың Тәуелсіздік туралы жүрекжарды сөздері мен пікірлері тоғысқан. Олар бір-бірің қайталауыда мүмкін. Сонда да олар құнды деректер көзі.

ӘОЖ 821.512.122

КБЖ 84 5 (Қаз)

ISBN 978-601-06-5528-7

© **Қаһарман қайрат пен
желтоқсаншылар.**, 2019



Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ

Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығы.

Қ.Н. Рысқұлбековке жоғары ерекшелік белгісі - «Халық қаһарманы» атағын беру туралы 1986-жылғы Желтоқсан оқиғалары кезінде Республиканың бостандығы мен тәуелсіздігі жолында көрсеткен азаматтық ерлігі үшін Алматы сәулет-құрылыс институтының бұрынғы студенті Қайрат Нозайбайұлы Рысқұлбековке (марқұм) жоғары ерекшелік белгісі - «Халық қаһарманы» атағы беріліп, айрықша ерекшелік белгісі - Алтын Жұлдыз тапсырылсын.

*Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев.
Алматы, 1996-жылғы желтоқсанның 9-ы.*


АЛҒЫ СӨЗ



Жарылқасын АЙТАҚОВ **Шу ауданының әкімі**

Қызмет бабымен Әулие ата өңірінің Т. Рысқұлов ауданында және өзім туып өскен таулы-қоңыржай самалды Жуалы аймағында, сондай-ақ облыс орталығындағы түрлі салаларда хал-қадірімше бір кісідей еңбектеніп келгенмін. Үстіміздегі жылдың сәуірінен бастап Қазақ хандығының туы тігіліп, қазығы қағылған киелі өңірдің бірегейі - Шу ауданының әкімі қызметіне тағайындалдым. Алғашында облыс әкімі Асқар Мырзахметовтың ауданның бетке ұстар азаматтарымен таныстыру жиынында жүрексініп, қобалжығаным рас еді. Уақыт өте, түсінісе келе байқағаным жергілікті халқы қарапайымды-қонақжайлылығымен қатар еңбекқорлығымен де ерекшеленетіндігінде. Өйткені, кезінде ауылшаруашылығы өркендеп ынтымағы жарасқан әр түрлі ұлт өкілдерінен 32 бірдей еңбек майталмандары омырауларына Еңбек Ерінің алтын жұлдызын жарқырата тақса, қан майданда отан қорғаудағы ерен ерліктерімен Сәду Шәкіров пен Саттар Естемесов аталарымыз Кеңес Одағының батыры атаныпты. Бәрінің де ескерткіш - мүсіндері аудан орталығындағы Даңқ Аллеясына түгелдей қаз-қатар орнатылған...

Жақында ғана аудан әкімі лауазымы қызметімен тікелей араласып ұйымдастыруыммен Саттар Естемесовтың 100 жылдық мерейтойы облыс көлемінде зор құрметпен аталып өтілді. Ұлы Отан соғысына қатысушылар мен ауған соғысының ардагерлеріне де ескерткіш-белгілер қойылыпты. Сондай-ақ, 100 мыңға жуық халқы қоныстанған тоғыз жолдың торабына орналасқан шұрайлы Шу ауданы - ақын-жыршы Аяз Бетбаев, Әбдімомын Желдібаевтай өнер адамдарымен қатар айтулы ғалым- жазушылар шыққан қасиетті топырағымен де ерекшеленеді... Ең негізгісі, ата- бабаларымыздың сандаған ғасырлар бойғы армандаған тәуелсіздігіміз жолында 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісіне бір ғана киелі Шу өңірінің өзінен 50 ге жуық ұл-қыздар қатынасып, кейбіреуі жазықсыз соттала қуғын-сүргін көріп, тіптен, он екіде бір гүлі ашылмай қыршынынан қиылған Қайрат Рысқұлбеков аудан орталығындағы С. Шәкіров атындағы мектеп-интернатта сегіз жылдық білім алған түлегі екен. Қуанарлығы, жастарымызға оның өнегелі де отансүйгішті ғұмырын насихаттап тұру қолға алынып, Шу ауданында жастар мен жасөспірімдер арасында шығыс жекпе-жегінен 20-шы жыл қатарынан Халық қаһарманы- Қайрат Рысқұлбеков атындағы республикалық турнир тұрақты түрде өткізіліп келетіндігі мерейімді едәуір көтеріп-ақ тастады. Осындай бүкілхалықтық тәлім-тәрбиелі игі шараға неге мүмкіндігінше қолдау көрсетіп тұрмасқа!..



I «ҚАЙРАТ РЫСҚҰЛБЕКОВ» САЯБАҒЫ



Тарихи қала Тараздың орталығындағы «Қайрат Рысқұлбеков» саябағы 2018 жылдың соңында адам танымастай өзгерді. Жаңғырды. Жанарды. Көркіне көз тоятын жаңа мәдени нысандар бой көтерді. Саялы. Олардың бәрі «Қайрат Рысқұлбеков» саябағының мәні мен мағынасын, сәні мен салтанатын асқақтатты. Шын мәнінде, мұның бәрі 1986 жылғы Желтоқсан

көтерілісінің қаһарманы Қайрат Рысқұлбековке және желтоқсаншыларға көрсетілген құрметтің көрінісі.

Желтоқсан көтерілісі қоғамдық сананы, сол кезде «СССР» атты империяға деген көзқарасты түбірімен түбегейлі өзгертті. Соның нәтижесінде империяда бодандыққа қарсы темір ноқтаны үзуге бағытталған көтерілістер мен бас көтерулер бірінен соң бірі болып жатты. Нәтижесінде «СССР» атты алып империя күл-талқан болды. Сондықтан да Желтоқсан көтерілісі бүгінгі ұрпаққа жақын, әрі түсінікті. Оған деген көзқарас та өзгеше. Себебі оның қаһармандары бүгін ортамызда жүр.

Желтоқсан тарихын зерттеуші жазушы-журналист Талғат Айтбайұлының нақты деректері бойынша билік Желтоқсан көтерілісіне қатысқандарды аяусыз жазалады, жаншыды. 99 адам сотталды, оның 88-і ұлтаралық қатынасты ушықтырғаны үшін деген жазамен жапа шекті. 2401 адам қамалды, оның 2300-і қазақ, қалдандары өзге ұлт өкілдері болды. Нақтылап айтатын болсақ, 26-ы орыс, 18-і ұйғыр, 10-ы татар, 4 кәріс, 2 еврей, 2 балқар, 4 қарақалпақ, тағы да басқа. Қайрат Рысқұлбеков ату жазасына кесілді. Ақыры қаныпезерлердің ұйымдастырылуымен түрмеде өлтірілді. Биліктің бұл әрекеті оларды абройыннан айырды. Қазақ жастарын қолдаушылар күннен-күнге көбейді. Әлемнің прогресивті өкілдері Совет Өкіметіне қарсылық білдірген хаттарын жолдап жатты. Осылайша желтоқсаншылар әлемді дүрліктірді.

Мұның бәрі Тәуелсіздіктің салтанат құруына ықпал жасады. Сондықтан да 2018 жылдың 27-қазанда облыс орталығындағы Қайрат Рысқұлбеков атындағы саябаққа жиналғандар желтоқсаншыларға көрсетілген құрметтің куәсі болды. Желтоқсанның ызғарында, мұзда алау болып жанған желтоқсаншылар бүкіл қазақ даласын оятты. Бүгінгі ұрпақ олар тартқан қасірет пен көрген зорлық-зомбылықты сезіне отырып, оларға деген құрметтің асқақ, биік болуы керек екендігіне күмән келтірмейді. Бір ғана Жамбыл облысынан бірнеше жүздеген жас Желтоқсан көтерілісіне қатысқаны анықталып отыр. Олардың



арасында Халық Қаһарманы Қайрат Рысқұлбеков бастаған ондаған батырлар абақтыда қорлық көрді, әділетсіздіктің кермек дәмін татты. Зорлық-зомбылықты көрді. Біраз жас жігіттер мен қыздар көтеріліс күндері денелеріне тиген ауыр соққылардан мүгедек болып қалды.

Желтоқсаншыларға құрмет көрсетудің үздік үлгісін жамбылдықтар биыл, Желтоқсан көтерілісінің 32 жылдығы қарсаңында көрсетті. 6,5 гектар жерді алып жатқан «Қайрат Рысқұлбеков» саябағын жаңғырту өте үйлесімді жүргізілді. Соның нәтижесінде саябақ жаңа көйлек киген қыздай құлпырып кетті. Саябақта бір-бірімен сабақтас төрт нысан бой көтерді. Олар бір-бірін толықтырып, ең бастысы Тәуелсіздік бәрінен де қымбат екенін әркімнің түйсігіңе жеткізді. Енді сол нысандар туралы қысқаша айтайық.

«ЖЕЛТОҚСАН, 86»

Саябақтың кіреберісінде Қайрат Рысқұлбековтің жаңа ескерткіші қойылды. Бұл бұрынғыдан салтанатты да, мағаналы. Биіктігі 3 метрге жақын қоладан құйылған Қайраттың ескерткіші оның қайсар да, жігерлі азамат екендігін, биліктің екпінді желіне қарсы, қаймықпай кеудесін тосып, алға ұмтылып келе жатқандығын бейнелейді. Ескерткіштің сәтті шыққаны көпшілікке ұнады.



Ескерткіштерге гүл шоқтарын қойғандарды сазгер Әбиірбек Тінәлиев пен актер Жүніс Әлімбек «Желтоқсан желі» әнімен қарсы алды. Ескерткішті ашу салтанатында Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, драматург, Жамбыл облысының Құрметті азаматы Елен Әлімжан, «Желтоқсан ақиқаты» республикалық қоғамдық бірлестігінің мүшесі Мұрат Бердалиев, Қайрат Рысқұлбековтің бауыры Гүлнәр Рысқұлбекова жүрек тербей, толғана сөйледі.

Осы жерде жаңадан есігін ашқан «Желтоқсан-86» орталығындағы жамбылдық желтоқсаншылар туралы деректер

ешкімді бейжай қалдыра алмады. Мұнда Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Желтоқсан көтерілісінің өмірімізде алатын орны туралы ой толғамы әркімнің жүргіне жақын. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың, Қазақстанның халық жазушысы Шерхан Мұртазаның халықтың рухын көтеретін аталы сөздері саябақтың кіреберісінде мәрмәр тасқа жазылған.

«Желтоқсан,86» орталығындағы Халық Қаһарманы Қайрат Рысқұлбековтің жеке заттары мен хаттары көрермендерді ерекше қызықтырды. Әсіресе оның хаттарындағы ой толғамдары Қаһарманның кім екенін айғақтап тұрғандай. Өзінің қолымен



жазылған бұл хаттар аса құнды экспонат екені айтпаса да түсінікті. Орталықта жамбылдық желтоқсаншылар туралы бұқаралық ақпарат құралдарының материалдары мен жазушылардың кітаптары да орын алған. Әсіресе жазушы Талғат Айтбайұлының 11 томдық «Алматы. 1986. Желтоқсан»

атты кітаптарындағы деректер мен дәйектер Желтоқсан көтерілісінің дәрежесі мен деңгейін, совет адамдарының санасын қалай өзгерткенінен мол мағұлматтар береді. Орталықтағы барлық жәдігерлер солбір күндерден сыр шертеді. Келешекте бұл орталық жаңа тарихи жәдігерлермен толығыны сөзсіз. Жамбыл облысының тарихи-өлкетану музейінің қызметкерлері осы бағытта нақты жұмыс жүргізуде. Бұл орталық шын мәнінде елімізде желтоқсаншыларға арналған алғашқы музей-көрме десе де болады.



Саябақтағы тағы бір көрікті нысан «Желтоқсан толқыны» деп аталады. Елімізде теңдесі жоқ ең ұзын, 3 сарқырамадан тұратын, 220 метрлік «Тәуелсіздік толқыны» жер астынан атқылап, бұлқынып шығып, көк аспанған түрлі-түсті субұрқак болып шашылып, көздің жауыналады. Субұрқактың жағасындағы 86 монументалды сәулет үлгілері, Тәуелсіздігіміздің тәжіне саналатын барыстың, бүркіттің, пырақтың 14 мүсіні орнатылған. Оның айналасын үлкен жапырақты 120 павлония ағашы көмкеріп тұр. Түнде күн сәулесінен қуат алатын батареяның күшімен 22 шам жарқырайды. Тап осы жерде он дана смарт орындықтарына интернет желісі қосылған. Ені 20 метр, ұзындығы 240 метр болатын аллеяның аумағы 0,5 гектар. Бұл орын шын мәнінде қала тұрғындарының демалатын, халқымыздың өткен тарихын еске түсіріп, ой елегінен өткізетін демалыс орыны болды.





Стелланың көркі мен көрінісі адам санасына түсіретін сәулелі ойы ерекше. Алау бейнесіндегі бес метрге жуық ескерткіш-белгі жалындаған жастардың Тәуелсіздікке деген ұмтылысын, ерік-жігерін білдіреді. Шын мәнінде, 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі Тәуелсіздік ұшқыны болатын. Ұшқыннан жалындаған Азаттық алауы бізді Тәуелсіздікке жеткізді. «Желтоқсан ақиқаты» республикалық бірлестігінің Тараз қалалық филиалының төрағасы Санат Қонарбаев өз сөзінде кешегі желтоқсаншылардың бүгінгі күні Тәуелсіздігіміздің баянды болуы үшін аянбай еңбек етіп жүргенін айтты. Жас ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелеуде желтоқсаншыларға көрсетіліп жатқан құрмет ерекше рөл атқаратынын толғай айтты.



«ҒИБАРАТ»

Қала тұрғындары мен қонақтарына ұлттық салт-дәстүрмен қызмет көрсететін, ақсақалдар кездесіп, әңгіме-дүкен құруға ыңғайлы «Ғибрат» орталығы саябақта демалатындардың сүйікті орнына айналатыны анық. Бұл жөнінде орталықты ашу салтанатында облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Еркінбек Солтыбаев толғай әңгімеледі. Ақылы дария ақсақалдар үшін жасалып отырған бұл қамқорлық әрбір қарияның жас ұрпақты тәрбиелеуге кішкентай да болса үлес қосуына ықпал жасайтындығын айтқан ол осындай жақсы іс-шараларды жүзеге асырған облыс әкімдігіне алғысын жеткізді.

Көркі көз сүйсіндірер «Ғибрат» орталығының айналасында балалар ойнайтын алаңшалар, сауда дүңгіршектері, шахмат ойнап, ролик тебетін орындар, спорттық жарақтар орналасқан. Баскетбол мен футбол ойнайтындар да бұл жерден өз қажеттерін табатыны анық.





Бұл күні саябаққа Желтоқсан көтерілісіне қатысы бар азаматтар да келді. Олар жаңарған, жаңғырған демалыс орнының көркем көріністеріне көңілдері толды. Өздерінің сол кезде билікке қарсылық көрсетуінің жемісі бүгін қуанышқа, шаттыққа, бақыт құшағына бөлейтіндігін айтып жатты. Әсіресе Тәуелсіздік жылдары өмірге келген жастар көп болды. Олар алдыңғы толқын ағалар мен апаларының ерліктеріне бас иіп, ескерткіштер мен білгілерге гүл шоқтарын қойды. Сонымен бірге желтоқсаншыларға арнап өздерінің жылы лебіздерін білдіріп, гүлге көмкерді.

Көк майсаға оранған 6,5 гектар жерді алып жатқан «Қайрат Рысқұлбеков» саябақ көріністері кімді де болса қуантады. Саябақта 197 жарық шам, 4 субұрқак, осынша демалыс орындары, 633 метрлік веложол салынған. Жаңадан саябаққа 120 дана көк шырша, 800 дана арша отырғызылып, абаттандырылды. Жарқырай түскен саябақты тек қала тұрғындарының ғана емес, екі мың жылдық тарихы бар Таразға келетін туристер мен қонақтар да қызыға тамашалайтын болады.

БАТЫР –ХАЛЫҚТЫҢ РУХЫ

«Желтоқсан оқиғасы» деп басталып, «Желтоқсан толқуы» деп жазылып, «Желтоқсан көтерілісіне» айнала бастаған 1986 жылғы Ұлт көтерілісіне биыл 33 жыл толмақшы. Бұл дегеніміз бір ұрпақ жасын қамтиды. Қазақ желтоқсаншылары одақ көлемінде ең бірінші рет орталықтың отаршыл саясаты мен озбырлығына қарсы үзілді-кесілді бой көтерді. Журналшы К.Табеев қазақтың көзсіз батырларын 1825 жылы Сенат алаңына шыққан көтерілісшілермен салыстырады.



Мен, Желтоқсан көтерілісінің куәгері ретінде, сол күндердің, қазақ жастарының ұлттық жігерін, сезімін қорлаған тоталитарлық жүйеге өз сана- сезімдерімен шыққанын, күрескенін мақтана айта аламын. 17- желтоқсан күні кештен бастап, халқы үшін қалқан болғандар туралы бар дауысыммен айта аламын. Қыздардың ерліктері Тұмар әпкелерінің батырлығына пара пар.

Қол ұстасып, қасқайып, қызыл жендетке қарсы тұруға, ұлттық рухтың жоғары болғаны дәлелдеуді қажет етпес.

Жастарға қарсы адам аулауға, ұрып-соғуға орыс жұмысшыларын шығару ұлтшылдықтың барып тұрған шыңы еді. Бұл тәсілді келімсек басшы да мықты ұстанды. Ұялмай-қызармай оларды «жасақшылар» отряды деп атады. Екі ұлттың ортасына өте үлкен әрі қутты, көпке дейін шірімейтін сына қаққанын өзі де білген жоқ. Кешегі достармен бір сәтте «ата жау» болып шыға келдік, қазақпен «ұрланып» сөйлестік. 20-желтоқсан күні трамвай айдаған орыс әйелінің қазақ жігітін қағып, ұшырып түсіргенін көрдім (сигнал берсе қашып үлгеретін еді). Трамвайдың ішіндегі кезекті «көтеріліс» қан төгуге ұласуға сәл - ақ қалды. 18 – 19 желтоқсан күндері кешкі асты айдаладағы «Ақсай – II» мөлтек ауданында үрейдің ортасында, шам жақпай, қорқыныштың қоңыр итінің үстінде іштік. Өйткені, есік алдындағы жендеттер, шамы жарқырап тұрған жастар тұратын пәтерге кіріп келе беретін-ді. Келмесе де келетіндей көрінетін.


Сол күндердің басты Батыры, Халық Қаһарманы Қайрат Рысқұлбеков саябағының қайта жаңаруына құтты болсын айтушылар бұл күнде еліміздің түкпір-түкпірінен телефон шалуда. Қаһарманның ескерткішінің қайта тұрғызылуы, мағаналы, еңсесі биік ескерткіш бәрімізді ерекше қуанышқа бөледі. Өйткені, осыған дейін екі рет қойылған мүсін Қайраттың батырлығын, ерлігін көрсете алмаған еді, кемшін болып тұратын. Бүгінгі кескін-келбеті керемет! Ол нағыз батыр, Елі, Отаны үшін ешнәрседен қаймықпай алға, Тәуелсіздікке ұмтылып келеді. Бүкіл саябақтағы керемет нысандар, Желтоқсаншыларды асқақтатып тұр. Көрікті, кешенді нысандар кімге болса да бойына қуаныш, мақтаныш сезімін құяды, адамды ерекше бір жақсы әсерге, шуақту нұрға бөлейді. «Тәуелсіздік ұшқыны», «Желтоқсан толқыны», «Ғибарат» болып толыққан. Аты затына сай. Оған желтоқсаншыларға арналған музейді қосыңыз. Енді

желтоқсаншылардың бұл сүйікті орнына айналып, бас қосатын жер мекені болатыны анық.

Музей араласақ, сол күндерді еске түсіреді. Нағыз батырлықтың кешенді көріністері айшықталған орталық болары хақ. Жастарға ұлттық рух беретін киелі де, қасиетті орын болады. Еліміздің жарқын болашағы үшін Қайрат жас кетті, қыршын кетті, құрбандық болды.

Ескерткішке қараған сайын ол мәңгі жас күйінде, бүгінгі, одан кейінгі ұрпақтың ортасында қасқайып тұрады, ерлікке, елдікке шақырады! Бүкіл желтоқсаншылар атынан облыс әкімі Асқар Исабекұлы Мырзахметовке көп рахмет айтқым келеді. Рухтың қайнары Батырын асқақтаған азаматқа алғысымыз шексіз! Өңірге басшы болып келгелі өңірімізде оң өзгерістер қарқын алуда. «Ерлік» мемориалдық кешені және Қ.Рысқұлбеков саябағы осы сөзіміздің дәлелі! Әкімнің бұл өрелі істері батыр халықтың рухы екенін ешқашанда естен шығармауға үндейді.

*Мұрат Бердалиев,
№5 Арнаулы әлеуметтік қызметтер
ұсыну орталығының директоры, желтоқсаншы.*



ЖЕЛТОҚСАНШЫЛАРҒА ҚҰРМЕТ – ТӘУЕЛСІЗДІКТІ АСҚАҚТАТУ

Тәуелсіздігіміздің қасиетті баспалдағы Желтоқсан көтерілісіне –33 жыл.

Өткен жылдың жаз айында Тараз қаласына жолым түсіп облыс баспасөзінің кара шаңырағы «Ақ жол» газетінің бас редакторы Көсемәлі Сәттібайұлына жолыққанымда:

- Халық Қаһарманы Қайрат Рысқұлбеков туралы ертеректен мәселе көтеріп жүргеніңіз белгілі, уақытыңыз болса, оның атындағы саябақты көріп кеткеніңіз жөн болар еді. Ол жерде керемет құрылыс жүріп жатыр,- деген-ді.

Облыс орталығына әр келген сайын Батырдың ескерткішіне тәу етіп, рухымен тілдесіп,сырласқандай күй кешу дәстүріме айналғандықтан, оның айтқанын құп көрдім. Саябақ түгелдей жаңғыртылып, қуатты техникалардың күшімен күрделі жаңарту жұмыстары жүргізіліп жатыр екен. Бірақ жөн-жосық сұрайтындай ешкімді жолықтыра алмадым.



Қайта айналып келгенімде Қайрат Рысқұлбеков ескерткішінің маңына орналасқан «Pizza»-2 мейрамханасы қызметкерлерінің

бірі Нұпбай Батырбек атты інішек облыс әкімі Асқар Мырзахметовтың саябақты асықпай аралап, өздерімен де тілдескенін айта келіп, Қайраттың ескерткіші қайта сомдалып, ішкері жағына салынатын сәулетті ғимараттың алдына қойылатындығы жайлы жасалынған жоспар-нобайын көрсетті.

Ерекше көтеріңкі көңілмен құт мекенім Төле би ауылына оралысыммен облыстағы айтулы қаламгердің бірі әрі өлкетанушы, облыс тарихын қаттап жүрген Мақұлбек Рысдәулет телөфон шалды. Ол «Қайрат Рысқұлбеков және желтоқсаншылар туралы Сіздің көп білетініңізді жақсы білемін» деп, көңілімді бір көтеріп тастады. Сөзінің соңында көтеріліске байланысты құжаттарды жинастыруға және жамбылдық желтоқсаншылар туралы кітап жазуға кеңесуге облыс орталығына келуімді өтінді. Әрине «Абылайдың асында шаппағанда, атаңның басында шаппақсың ба?» дегендей, уәделі кезде кездестік. Мақұлбекке Қайраттың өз қолымен түрмеден жазған хаттарымен, өзге де құжаттармен таныстырып отырғанымда Жамбыл облысы әкімдігінің мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Дүйсенәлі Бықыбаев та қауырт жұмыстарына қарамастан арнайы ат басын бұрып, бізбен кеңесуге келе қалды. Аймақ басшысы А. Мырзахметовтың облыс орталығын көркейту шарасымен саябақтар мен көпшіліктің демалыс орындарын түбегейлі жаңарту жұмыстарын қолға алып жатқанын ерекше шабытпен айтты.

Қайрат Рысқұлбековтың ескерткіші де қайта жасалынып, салтанатпен ашылатын желтоқсаншылар Орталығының алдына қойылатынын, осы орайда құрылысы үстіміздегі жылы аяқталатын «Желтоқсан, 86» көрме залдарын құнды құжаттармен жасақтау керектігін айтты. Сонымен бірге Дүйсенәлі жамбылдық желтоқсаншылар туралы кітап жазуды қолға алыңыздар деп өтініш жасады. Жүрек толқыды. Қатты қуандым.


Әулиеата өңірінде Қайрат Рысқұлбековтен басқа да 1986 жылдың желтоқсан күндері алаңға шығып, халықтың еркін білдірген жастардың қатарында көптеген жамбылдықтар

болғаны белгілі. Соларға құрмет көрсету кісілік! Еркіндік аңсаған, жазықсыз жазаланып, түрменің ащы дәмін татқан шулық Қали Қамбаров, Қайрат Рахметов, Кенжебай Отарбаев пен Мойынқұм ауданы, Қамқалы ауылының түлегі Жанас Арынбеков, сарысулық Расылхан Құдайбергенов, Жамбыл ауданы, бұрынғы Пионер ауылынан Жамбыл Тайжұмаевтармен қоса қаншама жастар оқу орындары мен жұмыстан шығарылып, қуғын-сүргін көрді десеңізші. Сондықтан да оларға құрмет бүкіл тәуелсіздікті арманына айналдырған ата-бабаға құрмет екені сөзсіз. Тәуелсіздігіміз үшін күрескен жастар облысымыздың әр ауданынан да табылады. Сондықтан жамбылдық желтоқсаншыларға арнап кітап шығару - өскелең ұрпағымыздың жадында сақталатын айтарлықтай ғибарат. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын!» демекші облыс әкімі Асқар Исабекұлының ұрпақты отансүйгіштікке баулуда қолға алған нақты істері қуантады. Желтоқсаншылар орталығын ашу көптен бері айтылып жүрген. Мына жақсы істер соның басы болатынына мен сендім. Осылайша көтеріңкі көңілмен іске кірістік...

Ал 27-қазанда Тараз қаласының туған күні қолға алынған барлық іс-шара сәтімен, көркімен аяқталды. Бір күнде Таразда 20 жана нысан ел игілігіне пайдалануға берілді. Қайрат Рысқұлбеков атындағы жаңарған, жаңғырған саябақ салтанатты түрде ашылуының куәсі болдық. Керемет, ғажап! Бір қалада, бір саябақта осыншама ғажаптардың болуы сүйсіндіреді. Еліне, оның сәні мен салтанатына қарай басшысының, елағасының кім екенін тануға, білуге болады. Туған жердің туын биік ұстайтын, оны гүлдендіре білетін азаматтың болғаны қандай жақсы!

*Мәкен Уақтегі,
Қайрат Рысқұлбеков пен
Желтоқсан көтерілісінің зерттеушісі.*

II
ҚАЗАҚТЫҢ ҚАЙСАР ҰЛЫ



Халық Қаһарманы
Қайрат Ноғайбайұлы Рысқұлбеков
1966-1988 ж.ж.

**«ХАЛЫҚ ҚАҒАРМАНЫ»
ҚАЙРАТ РЫСҚҰЛБЕКОВТЫҢ
«АҚТЫҚ СӨЗІ»**

Желтоқсан көтерілісінің Қаһарманы - Қайрат Рысқұлбековтың ата-анасына жазған «Соңғы хаты» мен сот залында айтқан әйгілі «Ақтық сөзі» кімді де болса тебірентері сөзсіз. Ол өзіне тән қайсар-қайраттылығымен қасқайып тұрып былай деді:

«...Иә, мен сіздерден еш жасырмаймын, мен 18-желтоқсан 1986 жылы алаңға бардым, көпшілікпен бірге. Барғанда да Қонаевтың күйін күйттеп барған жоқпын. Тек қана, ол жерге барған себебім, бар мақсатым, біріншіден, ол жерде не болып, не істеп, не қойып жатқанын өз көзіммен көру болды. Екіншіден, аланда қазақтың уыздай жас қыздарын ұрып-соғып, өлтіріп жатыр дегенді елден естіген соң, өз басым қолымды жайып «күл болмасаң, бүл бол» деп отыруға еркектік ар-намысым еш жетпеді. Ер қатарында ер қара боп, саны бар, сапасы жоқ боп, ербендеп жүрген намыссыз еркек мен емеспін, құдайға шүкіршілік, менің де көркейген кеудемде нағыз ерге лайық «намыс» баршылық. Оның үстіне «қыздың жолы жіңішке» деген. Менің түсінігімше, әйел адамға ер адамдар тұрмақ, аң екеш аңдардың, хайуандардың еркегі де ұрғашысына мүйіз, я болмаса тұяғын көтермейді. Ал, біз бәріміз де аң емес, адамзаттың ұлы — адамбыз, сондықтан, ер адам әйел затына қол көтеріп, қол жұмсауға тиіс емес, әуелі еш правосы жоқ. Міне, қысқаша айтқанда, осындай түсінікпен, әйел затына ер болып өз қолұшымды беріп, көмектесуге, оларды арашалап-қорғау үшін барғаным рас. Сол жерде қолымнан келгенше бір көмегімді бергенім де рас. Ол үшін әлі күнге дейін еш өкінбеймін, керісінше, үлкен мақтаныш тұтамын. Бірақ та, бір Құдай өзі куә, адам баласын еш өлтіргенім жоқ. Мұндай айуандық жасаудың өзі, сормандай менің қолымнан келмейді. Еш уақытта, ешқашан да... Ал, әйел затына айуандықпен қол көтеріп, шашынан

тартып, көкпарша сүйрегені үшін бір милицияны ұрып-соққаным өте рас. Ол адам күні бүгінге дейін аман-есен зыр жүгіріп жүр. Өз қолыммен жасаған бар теріс қылық, бар қылмысым осы ғана».

Оның түрмеде жазған «Ақтық сөз» атты өлеңі осы ойларын жұмырлай, нақтылай түсіп, айтар ойын айшықтай түседі.

Елбең-елбең жүгірген,
Ебелек отқа семірген
Арғымақ мінген жаратып,
«Ақ сауыт киген темірден,
Алатаудай бабалар,
Аруағыңмен жебей көр!»

Ұлы Ленин бабамыз
Қатарға тең деп тартқан соң,
Компартия басқарып,
Достық отын жаққан соң,
Аға дедік орысты,
Әділдігі жаққан соң.

Ал енді қазір неткен күн,
Орыстан ынсап кеткен күн.
Тізесі қатты батқан соң,
Шыдамастан ақыры,
Қарғыс атқан Аланда
Қарғыс атқыр жеткен күн.

Қаймана қазақ қамы үшін
Қарусыз шықтық Алаңға.
Алыстан әскер алдырып,
Қырып салды-ау табанда.



Рысқұлбековтер отбасы

**Сөйлесем даусым жетпейтін
Кез болдық мынау заманға.
Шовинизм еді ғой
Басты себеп жанжалға.**

**Екі жүзің қырылып,
Екі жүзің ұрылып,
Екі жүзің сотталып,
Жоқтаусыз кетіп барасың!
Қатарым жусап қалғанда,
Қыршынымнан қиылып,
Солармен бірге өлсемші-ай!
Артта қалған ата-анам,
Арулап қолдан көмсеңші-ай!**

**Тұтқынға түстім жаутаңдай,
Жоламай ешкім қасыма.**

Бара қалсаң, сәлем айт,
Сырттағы құрбы-досыма.

«Ақтық сөзің не?» деген
Бүгін қойды сот сұрақ.
Айтайын оны халқыма:
Жоқ пиғыл менде жасымақ.

Қорлай да беріп қайтадан,
Титыққа орыс жетпесін.
Туған жердің намысы,
Бөтен қолда кетпесін.

Салт-санадан айырылып,
Арақтан ұрпақ азбасын.
Ел көркейтер азамат
Қызғаныштан тозбасын.
Абай туған жерінде
Бомбасын атом жармасын.
Құлыптасты қиратып,
Өлігіңді қазбасын.
Өз ұлтыңның басшысын
Орнынан сүйреп алмасын.
Үміт еткен Мәскеуден
Қарадай көңілің қалмасын.
Ленин салған сара жол.
Қолдаушысыз болмасын.
Барлық ұлтпен тең болып,
Ешкімнен көңілің қалмасын.
Ендігі жерде басыңнан
Бірлік пен бақ таймасын.



1978 жыл, Қайрат ұстазы Қанткүл Бекмағанбетовамен

**Осы айтылған ақтық сөз
Туың болсын әрдайым.
Мойныма алып жаланы,
Мен болайын құрбаның.
Бас-аяғы сол болсын
Басыңа түскен қатердің.
Ақтық сөзді енді мен
Сотқа да бір айтайын:**

**Күнәдан таза басым бар,
Жиырма бірде жасым бар,
Қасқалдақтай қаным бар,
Бозторғайдай жаным бар,
Алам десең, алыңдар!**

**Қайрат деген атым бар,
Қазақ деген затым бар.**

**«Еркек тоқты – құрбандық»,
Атам десең, атыңдар!**

**Мен не етермін, не етермін,
Мен келмеске кетермін.
Көрмеген, қош бол, таңдарым,
Көре алмай мен өтермін.**

**Қош, аман бол, артымда
Ағайын, туған азамат!
Артымда қалған ата-анам,
Ел-жұртым, саған аманат!**

КЕЗДЕСЕМІЗ ӘЛІ ДЕ...

**Жалалы боп, қатты батты жаныма,
Жазалаушы қағаз алдым қолыма.
Жігіттер-ай айтып-айтпай не керек,
Жазған екен маңдайыма, сорыма.
Біріншіден, мен анамды сағындым!..
Екіншіден, бұл Құдайға не қылдым?!
Бостандықта еркін жүрген жан едім,
Енді міне, абақтыға жабылдым.
Әкетай-ау, пайғамбардай жасың бар,
Туа бермес сіз секілді асылдар.
Қартайғанда жүрегінді жаралап,
Кесір болды-ау біз секілді масылдар.
Айналайын ағалар мен жеңгелер,
Бұл өмірде сіздерге кім тең келер?
Сүмірейіп сот алдында отырған,
Бауырыңды енді кімдер ескерер.
Өздеріне аман-саулық тілеймін,
Өздеріңмен бірге болсын тілегім.
Өздеріне тіл қата алмай, достарым,**

**Қайғы-мұнды өмірімді бастадым.
Айналайын қарындасым, қарағым,
Қолда кісен, мен айдауда барамын.
Қайғы шегіп, азап тартқан ағанды,
Айтшы жаным, қандай жанға баладың?..
Айналайын, інішегім, құлыным,
Сені ойласам, үзіледі жұлыным.
Сенің ерке, ақ жүзінді көре алмай,
Кетіп барам, мен айдауға, құлыным.
Қош болындар, ағайын-туыс бәрің де,
Қош болындар, жасыңыз да, кәрің де.
Қараңғылық баста тұрмас қашанда,
Бостандықта кездесерміз әлі де...**

АНАМА

Мейірімді ақ жүзіне анамның,
Көңіл жүдеп, көз жасаурап қараймын.
Кешір ана, кешірімшіл едің ғой,
Кемістігі көп-ау мына балаңның.
Көп перзенттен үміт күткенің де мен едім,
Жаратқаннан маған саулық тіледің.
Көз алдында жүрсе балаң көңілді-ең,
Алыс кетсем, уайыммен жүдедің.
Еркелеттің өте ерке болдым ба,
Қарамаушы ем ой-қырына жолдың да.
Ақыл қонбай, тіл алмаған кезім көп,
Сонда да сен маған кінә қойдың ба?!
Қалай ғана ұқпағанмын жаныңды,
Сындырдым-ау, бәлкім талай сағыңды.
Бейнетінді зейнетпенен қайтармай,
Ойламаппын мен бабыңды табуды.
Кейін білдім, кеш ұғындым, өкінем,
Өкінем де, басымды иіп өтінем.

Кешір, ана, кешірімшіл едің ғой,
Қолыңнан тым ерте ұзап кетіп-ем.
Өмірдегі орның мүлдем бөтен ғой,
Оны айтуға жетер ме сөз, жетер ме ой.
Қалмас деуші ем көрсетпеген рахатым,
Бәрі әшейін, ниет қана екен ғой.
Алақаның ғажап еді-ау, анажан,
Ыстық еді-ау саусағың шаш тараған.
Сол қолыңды енді кімнен көре алам,
Сол мейірімді енді кімнен таба алам!..

БАУЫРЫМ АЛТАЙ!

**Құттықтаймын! Шын жүрек қыр гүлімен,
Алғашқы қоңыраудың сыңғырымен,
Қарсы алар ұстазың да күлімдеп кеп,
Жыр сыйлап жіберемін бұл күні мен.
Құтты болсын қадамың қарақтарым,
Тіл сындырып, ойыңды сабақтағың.
Сәтті болсын танысар әріппенен,
Ақтарған әліппенің парақтарын.
Нұр жаусын талғамыңа, талабыңа,
Тәтті болсын әр басқан қадамың да.
Қиналмай жетуіңе тілектеспін,
Мақсатыңа, аңсаған ой-арманыңа.
Өсірген ата-анаңның қуанышы,
Әділетті, ақ жүрек адам болшы.
Бола бер оқуда озат, үздік алды,
Сүйіктісі, баршаның мақтанышы.
Өзіңді ал, бауырым, құттықтаушы,
Ағаңның ақ тілегін қабыл алшы.
Сәбилік жүрегінді жасытпа тек,
Құлыным, мені жоқтап жыламашы!...**

**ҚАЙРАТ РЫСҚҰЛБЕКОВТЫҢ
5-СЫНЫПТАҒЫ МІНДЕТТЕМЕСІ ЖӘНЕ
ТҮРМЕДЕН ЖАЗҒАН ХАТТАРЫ**

Социалистік
міндеттеме.

Мен жататын жатаханада,
отыратын партада, класста,
үсті - басымда, кишімді таза ұстай-
мын. Мен кезекшілік жұмысымда
жақсы атқарамын. (~~Мен~~ ~~жұмысымда~~ ~~жұмысымда~~)
Мен 3-інші төркемде 4-кем - 5-ке оқым,
(~~жұмысымда~~) елтихан тапсырмауға
тырысамын. және мұғалімнің айт-
қанын зейін қойып тыңдаймын.
Мұғалімнің айтқанын істеймін және
тілік аламын. Түртікті болсамын.
Сабақта қалмаймын. Сабақта
тынып отырамын.

Мен социалистік жазысқа Садықов
Бейітбайды шақырамын.

Менша. 10-февраль. күні жаздым.

1978 жыл. Жаз: А.Б.

5^а класс оқушысы
Рысқұлбеков, Қайраттың
Социалистік міндеттемесі.

Алаштың сағынышы СӘЛӘМ!!!

Амансыңдар ма, Рысқалибековтар семьясы!
Иә, ең негізгісі аса бағалы денсаулықтарың
қалай, жақсы ма? Әлқашам ачуырмаңдар же
де ешқайсыңды құдай ачуыртпасын! Ауру мың
да мың, денсаулық - біреу ғана. Сол себепті тек
денсаулықтарыңды күте біліңдер! Ол, қалғанын
біздің Мәләкәй айтпақшы, "өмір" дүкенінен сатып
алармыз. Күнделікті тұрмыс-жәкәден, үй тіршілік-
терің, саньялық бюджеттерің, яғни бәрі-бәрі жақ-
сы ма? Әрине, бұл жерде де ең бастысы - семья
бірлігің мәңгі болса, зор бақытқа кенелме аса
қын емес.

Спа-мекен, ачуыла неңден өзгерістер мен қуаныш-
ты маңалық-хабарлар болды? Климат жақданы
қалай? Күн жылыды ма, жоқ әлде Мойынқум дауылы
Әлі қайбарын пәтүде ма?

Әрнен де қас қосақай Сәентәевна мен Мәләкәев-
ичтін, дөңдері сәу, ауру-сырқаттан аман ба?
Қандай-қандай сәбилік қызықты қылықтарымен
күлкіге қарқ қылады. Әуық айтсам, әкелің де
жас сәби иісі, таңауымды қыптықтап, қолқамды
жармаса да, әйтпей, кәдәме қандай да бір әкелі-
ре деген сағыныш оты тәтәнде да ачурады.
Тек ғана, көз алдымды жаңсыз белгелері ғана,
кәңілге медеу, жаңға демеу. Хәтп жауған әуыш,
жағарлықтан, әшпене тек дөңсіңдер, қандам өз
басылма бос жердің бәрін әкелің, қызықты, сы-
лықтарымен ғана толтыра әдім.

Әлшәкә атты бақтырдың, хәлі қалай? Шақы-
лып жүрген болар. Білімге деген бет алысы
қалай? Күн сағын, оның оқуын қадарғалап,
көн сәтәп тұрғыңдар. Баламға-шаламға, теріс
қылық жасағандан болса, еш дауыс көптермен,
бәл сәтәтәтә, тек ақылмен ғана пәзү жәкә
салыңдар! Баритә дауысқа салып, әңсәйтәт-сәк-
ру ешәшәңдә еш нәтәһне бермеңді.

Мені көп сұрап, көп ойлап, сағынғандан болса, сурет толы альбомды алдына беріп қояйындар, оқ құрымаса жаңсыз бейнеміз көріп сәби-мау-қып басып. Дүниеде үлкендерден тәрі, бала са-ғынғышы қиындық келеді. Көбінесе, сабағына көп кездергі келтіреді. Сосын еш жоқшылық-таршылық көрсете кермеңдер! Мен үшін, сағынып сағынған көкірегім үшін, үшөрімде бел ақпатақтары-нан сүйіндер (өтірік шылағаныңа!) Ол, пәсінекті "апа" әне" деген сөзді қояып, "аға" деген сөзді сүйткіңше сүйіндер!). Айтпақшы, Жентекісе жә-мысқа шыққан соң, пәсінекті "ары-бері алып жүремің деп, ауыртып алма". Ол ауырғанша, мен-ақ ауыртып, пәсінектен тұра алмай қаламын.

Маманның денсаулығы жақсы ма? Тіршілік-жү-лісіңі қалай? Аылда, қысты күндері ескі сырға-ты сыр беріп қалышы еді. Ауыртып қалған жоқ па? Тәк, шындарыңдағы айтпақшы. Өздерің, осы барып, хал-жағдайыңды біліп, қалғаныңды тығып тұра-сындар ма? Оңсыз болмайды, өсенін болмаңдыт. Түсіңсең, хал жолдаған аяңын сарған аңа аңа-деп зар қақсап, аңа жаның түсіндіріп, сенің құлақ етіңді жей беру, маған өле-мәте ыңғайсыз, қиынның қиыны. Өйткені, өз басым аңа жаның өз жаныңды түсінгеннен де жақсы түсінсеңде, сол аңаға деген, аңа қарызының жүздеп бір бө-лігін болса да өтеп алмадым. Себебі, мен де, сен де, басқасы да бұл өмірде аңадан басқа ешбір жанға қарыздар емеспіз! Міне, сол аңақты да аяқлы аңа қарызы, мына, жас жүрегі мен жапа-ған, қасіреттен қан жылаған бауырыңның ер-моныңда, бұл өмірдегі ештеңемен арып толмас ең, өмірлік өкініші болып, қалып барады.

Өсенін! Рас, аңамыз өзегін жарып шыққан сегіз шыбығы, бізді (бұл, зымыз айтсам) қанша иттік, айтқандық жақсаса, та кешіреді. Бұл дүние-де аңадан кешіргенді жан жоқ, болмақ та, емес. Бірақ та, түсіңсең, аңа бәрін кешіреді деп ағны, " боялшы, бояшы десем, сақалым бояды" де-

ыңдаей, көшірмшiл, көшірiмшiл дегенге, адамгершiлiк-
 тек шүрдей болып кеткенiзге нан тiскендей,
 аңамыздың төбесiне жоғарыдан қарай, аңа ал-
 дында күнзға асмуға болмайды. Бәрiмiзде, қас
 аласы қасқырдың бөлiрiгi емес, адамзатты
 адам деген пәндiмiз, бұласымызған. Соңықтан,
 бәрiмiзге бiр кешер құмыр берген аспандары -
 Жевiройил, Әзiретiн күңдiмi емес, жердегi күңдi-
 мы - өз аңамыз дәмiеткен екенiн ұмытпанық.
 Мұны ұмытпасақ, яғни сол аңа алымда - аңа-
 мыздың ақ сүтiн ақтот, аңа қарызын ақ ағы-
 роимен, адалдық, адамгершiлiкпен бас нiт өтеу,
 әрқайсысымыздың өлiрдегi еркекiтiк, тiкелен өз
 мiндегi өз борышымыз екенiн, ендiгi кезек өзiмiз-
 дiкi екенiн ұмытпасағанымыз деп ойлаймын.

Мунда, басқасын да саған, басқасын да қалталап
 назға берудiң, түсiндiрудiң, күңiнi сол - барлық
 назғаныма да, назарыма да өз басым өзiм
 болып iс нүбiнде көрсете амай қоралғаным.
 Соңда да, сен түсiнер болсаң, мұн, жалғасан сорлы
 мүрек - бәрiн-бәрiн, тiрiнақтың көбесiне денiм,
 санаңыздық, санаына негiп сана-сөзiмi аңсарлық
 тән өтiп наз, наз, назға бер делiгi, ешбiр жан-
 нан, жаншылықта жарқын өмiрге мастанып еш
 нәрсеге мән бермей, еш нәрсенi түсiнбейтiнiң, со-
 дан келiп сүрiтiп, нығылып аңсатынын наз ден-
 дi, жарлық өмiрге бала болып келiп, өсе келе
 сорлы да сұр жылданға айналған, сенiң тәлкегi
 шыққан кү қарғырдың, артында қалған ұялас
 бачырларыңның қайталанған, бақытты өмiр сүрi
 мiшiн, сенiң, дәр кезiнде негi түсiнбей, неден? -
 қалай? - қанiтiр? - неден? көшiрiлмес қателiктер
 нiбергенiңдi, тек солар өмiрде нiбермес қанi мiз,
 наз тәкей да назға түс - дейдi. Онымен қоймай, кей-
 кейде қолыңмен емес, қанын сорғалатып жүрек
 қанымен қанды шыр наз - дейдi. Онда да, қолың
 қылағи аңса маржанды шыр тiгiбетi тiгiлетiн
 ақын болмасаңда, кей кездерде азда болса өтiрет-
 септеп сегiз аяқ, он бiр жол өлен, назға бiлетiнiң.

ді өзгеге көрсету үшін емес, тек өзгелерге тау-
сіндыру ұғындыру үшін ғана нұр наз дейді.
Иә, Есенин ашығым айтсаң кең жұрттарды мен
наздатан (мен бір күндес шаңтау әйелдердей) сенің
адресіңе, я болмаса басқаның адресіне қарай
кейде жөнмен, кейде, жөн-жоқсыз маңға балтып,
нүреске қадарлықтан, ештең өтіп сүйекке жетер-
ліктей ~~өздер~~ барғасыңдай ақыр-ақыр сөз тізбегі
тәркіліп кетіп нұр. Саған қарап, менің әрбір
назған ~~өздер~~ амандық қалымды қолыңа алып,
көз жүгіртіп аңитын жаңсыр, (Жалғыз сенің ақы-
майтаның белгілі ғой) ләһитіңің маңға Есенин
таңымсыттыңы мынаңның ағасы АНҚ БІЛСІ
маңның түсінбейтін біреу болғаны ғой деп ой-
лаптыңы анық. Соны әбден түсіне біле, сөзе тұра
маңдағыңды айтсаңшы! Өмірге, тақайрыңа өкте-
лі адам не назбайды. Сен аған ренжіт, менің
аңдым-аңдыларымды көңіліңе алып, нүрегіңе ма-
қым ұстама! Тек содан өзіңе, өз өмірлеріңе
қиметті нәтиже шығарып, өз таңдаларыңа шашып,
қиметтеріңе жұртты бікелдер балды. Ол үшін,
әрбір сөзіңе, сөйлемге жеке-жеке мән беріп, сол
сөйлемнің астарыңа терезе үңіліп, маңыңсыңа
түсіне білу керек. Аи, ақсма маңың түсінбеген маң-
дырға, әрне, бәрібір. Олар ит жаңында түсін-
бес.

Шынымды айтсаң, өз басым жентешке Әліным,
саған ризамын! Болмаспы - болдырып, өбесті - өндіре-
тін, тынбасты - тындырып, білгесті - бітіретін, жоқты
білдірмей - бар қылаптың, жалмаңды - жасырып, жақсыны
өсіратпін жентей сенден-ақ болсын! Мен әскер-
ден араққа сен күлімдел қарсы алған күннен бергі
сенің, "күрметке келмейтін ұрсақ аялты" қалаң, бұл
тақым күрметке келтіргенді жәтке тізгендей қы-
лып назбай-ақ қойып, бірақ өзін, жабынан
ешқандай құптамарыңдан меріс мінез құлақымды
өз басым көрмейтін. Ризамдығымды білдіретінім-
нің себебі де, осы. Есенин ақсмаңның қалаң таңы-
сипа-тұрбысипа, бас қосым салыя түктінің дүпелден-
деріңді бүге-шітесіне дейін білмесемде, жапты

3 / белгілі қой. Жасырмаймын, өз басым сүймегенге / сүйкенім - сүйікті болуды" ішек көретіндіктен бе, қайдам, әйтеуір, сүймей қосылған жастардың тенту-ласып бақытты семья құрчынған гөрі олардың тым ұзаққа бармай арқасыл ашырасуы оған ике де өмірде бір-бірін түсінісу мүмкін емес - деп ойлаушы едім. Көз көріп алтыр, бұл мағынан қа-телескен сияқтымын. Мүмкін, сенің орнында басқа біреу болғанды, кім біледі, біздің шаңырақтың тұр-мыс-мағданын місе тұтпай (біздің ардада жылтырақтың) маз емес екені, өзінге белгілі қой) "ендігі есі қалып төбесіне қойып безіп кеткен бо-лар ма еді, сөйтіп біз "жаңды неңгейге" әні-күнге дейін зар бол жүрер ме едік. Ұзын сөздің қысқасы, сенің біреуімізге келін біреуімізге жең-ге болып басқаның емес, тұра біздің ұрға түскеніңе, яғни қонғаныңа мың алғыс!!!

Арман - арманның жылғыз емес, шексіз емес пе? Сол сияқты, мен әскерге жүрмей тұрғанда достарымның аралары үйленіп жеңгелі болған да, я болмаса "жеңгейлер" жайлы қызғиысты кітаптар ақығанда, менің де күудемде басқа-ей басқа "өз тұрған жеңгем" болса екен деген арман ұйқыым шауышы еді. Мен де басқалары сияқты сол өз жеңгеме сырмды айттып сырласып еркелесем екен деп, сол күн ерте түсі екен деп армандаушы едім. "Алал қанша қайтеліп сол ба-ла арманның бірі орындалса, бірі орындалмайды қой!" (Қаншалықты "аркетотай" болып өскенім де өзінге белгілі қой!) Ең құрығанда, құдай еркелетер жеңгені беріп, еркелеуді - сырласуды маңдайға маңдайғанның айтсаңшы! Оның үстіне, Рахат - Әсқат алты қос іні-қарындасын беріп тұрмы, соларға аралық мейірім төгіп, еркелеуді де жазбаң, кү тасқандық маңыс еткенім, қарасандығы!...

Мейлі қой, маған жазбаса, басқаларының маң-дайына "табыр" жазсын!!!

Әр адамның өркіңге аңтар, өркіңге деген (яғни, аңасына, аса-неңгесіне, әкпе-неңдесіне же. т. б. с. с.)

өз жеке жан сирі болды ғой. Сап сыйақы,
бұл да менің, еркін айттар өз сиріміңіз, жүзде
бір бөлігі болсын. Айтпа келіп, Рысқалиевтер әу-
летінің көш баспаушысы - Есенім екеңіңе ~~де~~,
жеке аяулы анама шын жүректен күндіз-түні
кірпік қақпап бар тіленгінім, (мұң жалаған мү-
рестен болса да) тек бәрінен қымбат - денсаулық,
тұрлық сау, аман-есендікте болып, малту-мәлтәті
сөзбеда - семья бірлігі болып, бақытты өмір сүріп-
дері өмір жолдарың таза да тазу, бақыттарың
айық та кен, болсын! Арбағың алдыңғы дөңгелегі
қалай жүрсө, артқы дөңгелегі де солай жүреді
емес пе. Сондықтан, басқаларына тілерім де осы!

Ришат, Малқаттан хат-хабар келіп тұрма ма?
Ришаттың халі қалай? Эскери бет алысы мақ-
саи ма? Ришаттан маған келіп малқаттан еш
хабар жоқ. Ах, Малқаттан бүгін тағы да хат
жадым (н.о.д. жазыпты) хатына қарағанда, не деген
жақ сана - сезім кен, оянып, өткенге де, барына
да, бәріне де жүсінген сыйақы өзі. Әбанды малқат
хат жазып өткірмем. Айтпақшы, өткен хатта
Малқатқа да бір парақ хат жазып едім алдың-
дур ма? (сонымен 2-ші рет) Ах, жазған өлең-жыр-
жорды ше? Өткенде, кездесуде сұрағымды деп
жазып келтіптің. Мен де де қай бір ес қалай
денсін. Ол тұрмақ, малқаттың хал-жағдайы
сұрамаптың. Жамбратқа келген соң, он жүгіртпін
айласам, сендерден сұрап-білермін дегендерім-
нің, бірде-біреуін біле алмаптың.

Өткен 2 айдан, ішінде сендердің, Клараның,
Маканың, Халкен әкпенің, шіе Гүнар - Малқат -
Басардың, жазған хат пен құт. Әктеріңкаларың
ды алдым. Шында мың рахмет!!!

Құда - нежата құдағұлдардың, ағалың тұңс,
Әуіл - айсақ, көрші бауымның, хал-жағдайы
ры мақсы ма? Бәріне магіс біз жақтан
сағиышыты жүректік Сәлем! Басқа да
тәңік бас-жарандарға мені сұрағандарға
менен қызылауы - жасылауы салтоты!

4-бет =

Өткенде айттып едіре ғой, 03.02 күні 15 сом ақша-
ларыңды аламын. Қай ақша саған ақшаңның,
өскені белгісіз.

Сөйтіп құдағи менін, бір кездерде жасаған,
ұрлықтарымады, яғни маманымның азық-түлік қол-
тасына түскенімді жариялап жаптыр де. Заң
басынша, ол өзара құттығамыз же де сол ішіл-ме-
ген, жерде қалсын деп келісіп едік. Қап, айттып
қойғанның, қарашы. Шағасы, мына "перестройканың"
кесірі ғой. Мені ғой, тек маманша соларым үшін
қилмыстық іс ашып (Қст. 76-1) жұрмесе болды.
Шеті, ол түкте емес. Бәрінен де Мамыр-құда мен
Алтын-құдағи үндемесе болды. Айтпақшы, бұл
әскі достардың дендері сау аман-есен бе?
Алтын, Саға, Қуаныш же оған келінгілерінің (Алтын
білмеймін, таныстап едім) халдері қалай? Шаптылап
нұр ме? Сағасы бұзық еді. Бас, бас болмаса
мас жаратқаны сол. Оларға да менен Мамыр-
құда айтпақшы "қарығандық" сәлем! Өйткені
көзінде "қарығандық" болғанбыз.

Фазарқұл әкпенің үй-ішіне сәлем жолдап,
қизының, орны құтты болсын! - айттыңдар.
Фермадағыларға да сәлем жолдап, Айнабаевтар
сембасына, Чанда әкпенің мезгілсіз қайтыс
болғаны бәйбібісіңізді қатты қайғырып көңіл әні-
статынымды, несікізіңдері!

Көкескұл әпке мен Күрекке де маған сәлем
нең Анараның барған жері құтты болсын! - а-р.
Жүзбаевтар әулетінің халдері қалай? Жұмыс-
тарлығы жағдайлары ше? Серік не істеп нұр?
Оси өзі әскерден келіп пе еді? Өсіткен емесің.
Оларға да ақғай-ақғай сәлем!

Бәріңді де өткен жең алдары келе жатқан
күлімдеген көктемнің алғашқы мерекесімен
көркейген көңіліммен қолдарыңды қисып тауарып
құттықтаймын. Мерекелік көңіл-күй тілеймін!
Көрскенше! Қу тағайыр табыстаға жүзсің!
Хай алысқан, тұған мекен хай жолдасың!
С/сәлеммен сынған шыбықтың қайраты.

Өз жеке жан сұры болады ғой. Соң сұрақты,
бұл да менің, саған айттар өз сұрымың, нәзік
бір бөлігі болсын. Айтқа келіп, Рысқалибековтер әу-
летінің көш бастаушысы - Есеннің өкешіне ~~де~~
же ояулы аманға шын жетректен мұңдиз-түні
кірлік қақпай бар тілендінім, (мұң жалғаран нұ-
рестен болсада) тек бәрінен қымбат - денсаулық,
тәріп, сау, аман-есендікте болып, жану-тәтті
семьяда - семья бірлігі болып, бақытты өмір сүріп-
дер! Өмір жолдарың таза да тазу, бақыттарың
ауық ма кен, болсын! Арғаның, алдыңғы дөңгелегі
қалай жүрсе, артың дөңгелегі де солай жүреді
емес пе. Сондықтан, басқаларына тілерім де осы!

Душат, Малғаттан хат-хабар келіп тұрма ма?
Душаттың хаті қалай? Әскери бет алыса ма-
сы ма? Душаттан маған келіп нағызан еш
хабар жоқ. Ол, Малғаттан бүгін тағы да хат
"алдым" (14.02. жазылты) хатына қарағанда, не деген-
мен сәт-сезім кен оянып, өткенге де барыңа
да, бәріне де жүсіген сұрақты өзі. Әрине, мақал
хат жазып өткірмін. Айтпақшы, өткен хатта
Малғатқа да бір парак хат жазып едім алдың-
дур ма? (сонымен 2-ші рет) Ол, жазған өлең-жыр-
ларды ше? Өткенде, кездесуде сұраймын деп
жүсіптіп келтіптің. Мен де де қай бір ес қалай
денсің. Ол тұрмақ, маманың хал-жағдайың
сұрамаптың. Қамраға келген соң ой жүгіртіп
айласам, сендерден сұрап-білермін дегендерім-
нің бірде-біреуін біле алмаптың.

Өткен 2 айдан, ішінде сендердің, Қлараның,
Мақаның, Халкен әкпенің, шіе Гүнар-Мақсат-
бастарың, жазған хат пен құж. ақпараттарың-
ды алдым. Мында мың рахмет!!!

Құда - нектан құдағиқарды, ақалып түніс-
ауыл-аймақ, көрші қашымның хал-жағдайы-
ры мақсы ма? Бәріне мәгіс біз жақта
сабыншыты жүректік сәлем! Басқа да
тәріп бас-жарандарға мені сұрағандарға
менен қызылды-насылды сәлем!

~~Мен оны үне приговорить емт қолдым.~~
~~Мен оны үне приговорить емт қолдым.~~
~~Мен оны үне приговорить емт қолдым.~~

Халық тек отқа-қа, қотосуреті қаға сәуле болды.
Ришад, қалқаттан хабар келіп тұратын шығар.
Ришадтың халі қалай? Одан әлі еш хабар нбқ.
Ой, Малакәтпен осымен б халі алып отырмын.
Оған да жауап халі жазудамын. Үлкен әлпе -
ден де халі алғанмын, өси айдың басында.

Өзіме келсе, денсаулық өз орнында, кем-кем-
тігі әзірше білінбеді. Өткенде, сол жақ бір тісім-
ді жылдыртқаным, ачырық маза бермеген еді.
Көкіл-күйі өзін, білесін, нәқусадвенным қалған
жасқаудамыз. Әрине, өзіміз үшін, өз-өзімізді
алдағанды. Мамаң жағы - пәуір. Қым жағын жазым
не керек, бәрібір, ешқандай шытып жапсаң жазымыз.
Өн сыйын, 40 сом ақшаға кәптің, пәуенбе-прәпінк,
сары май, я болмаса маргарин сатып алып,
қажеттілікке жаратып тұрамыз. Ең соңы қазып
"Кітақса прәпінк" орысша ақша екіміңер бәріні
тұрады. Әуелі, соны оқуға нәқсәуенне жазы.
іс жағына келсек, тым-тырыс, тыныштығын тұра
мәдәғәнді. Қалған бәр мағар - өміріміз

Бір бұдан мен Әндәрей Әндәревичтің қолында.
Сол әндәрей бір мешімін жауар. Трәпінк мыңын -
дәген, біз мұнымыз. Әрәлісә әлмәсіміміз.
Михайл Сергеевич былығы ныл "Арақон" нылы бол-
сада, "Гуманның зәқон" нылы болсады деп, үздесін
Бергендей еді өлкенде бір сөз сәйләгенде, кім
біледі, не боқарын. Әйтпәуір, кәдәмде жағғыз ұмыт.
Қалғанының бәрі бәғәйдә-ақ, кәдәденде, көз
әлмәсіміміз бол-бұл ұшып, кәлмәске кәтесін

Осымен қалам басын қықсартамын. Қу мағар
қажышұға жазың! Басың қатты, аяғың жапты
қылағерсін! Үзбей халі жазып тұрыңдар!

Өткенге келе жапсаң, қәкәтәмің, әлғ. кереке-
сімен құттықтатанмын! Денсаулықтарың мыңты,
әжірерің бақытты болсын! Бәріне мәнен сәлмәт!
24 02 88. С/сәлеммен, қажыты қолырылған Қайрат.

АУЫЛДЫҢ ҚАРАПАЙЫМ БАЛАСЫ БОЛАТЫН...

- Қайрат Рысқұлбеков 1966 – жылы 13-наурызда Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданы, Бірлік ауылында малшы әулетінде дүниеге келді. Қайрат 1973-81 жылдары Шу ауданындағы Төле би ауылына орналасқан С.Шәкіров атындағы мектеп-интернатта оқып сегіз жылдық білім алды. Мектепте сабақты жақсы үлгеріп, кластан-класқа емтихансыз көшіп отырды. Қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, мектептің бастауыш комсомол ұйымының хатшысы болды. Ал, 1981-83 жылдары



Бірліктегі бұрынғы Киров атындағы орта мектепте оқып, он жылдықты бітірген соң, әскер қатарына шақырылғанға дейін әкесі Ноғайбайға жәрдемші-малшы болып, Көктерек товарлы-сүт фермасында жұмыс істеді. 1984-86 жылдары Ресейдің Амур өлкесі, Белогор қаласында әскери міндетін абыроймен өтеді. Әскери-саяси қызметтердің үздігі ретінде бірнеше мақтау қағаздарымен марапатталып, әскери бөлімше командирлері ата-анасына алғыс айтқан құрмет қағаздарын жіберді. 1986 жылы мамырда әскери борышын өтеп ауылға келіп, тамыз айында әскери бөлімшенің жолдамасымен Алматы сәулет-құрылыс институтына келіп сынақтан сүрінбей өтіп, оқуға түсті. 1986 жылы, 16-желтоқсанда Қазақстанның бас тізгіні қайдағы біреуге тапсырылуына бейбіт наразылық білдірген жастар мен студенттерге қосылып, Орталық алаңға шығып, шеруге қатысты. Бірақ екі жүзді, қанішерлер қарулы күшпен құр қол жиналған жеткіншектерді аяусыз ұрып-соғып, аланды қып-қызыл қанға

бояды. Ит қосып, өрт сөндіргіш машиналармен су шашып, жығылған, мертiккен жандарды қала сыртына әкетiп жатты. Қазақ қыздарын шашынан сүйреп, айуандықпен тепкiлеп, кейбiреулерiн, тiптi, қаныпезерлiкпен көк мұзға отырғызуға дейiн барды. Мiне, осылай оспадар-озбырлыққа шыдамаған, ана қауымын пiр тұтып сыйлап өскен ер-намысты жiгiттер қыздарға араша түсiп «бұзық» атанды. Араша түскендердiң бел ортасында жүргендердiң бiрi Қайрат едi...

Абас Смаилов, ауыл молдасы:

- Бiз 1977-жылдары «Көктерек» совхозының Көлтабан бөлiмшесiне көшiп келген едiк. Қайраттың ата-анасы бiзбен көршi тұратын. Анасы Дәметкен сауыншы болатын да, әкесi Ноғайбай көбiне бақташылық жұмыстар атқарды. Менiң кiшi қызым Раушанкүлмен жастары шамалас болғандықтан ба, Қайрат бiздiң үйге жиi келiп тұратын. Сол кездерi-ақ, үлкендi-кiшiлi бауырлары кiр-қожалақ болып жүргенде, небары он жастағы Қайрат мұнтаздай таза да, әдеми де, сүйкiмдi қалпынан таймайтын. Басқа балаларға қарағанда өзгеше де бөлек жаралғанын сонда-ақ байқаған болатынмын. Және де балғын жастығына карамастан үлкен адамдарша байыпты сөйлей алатындығына қызығатынбыз. Әйелiм Резван да iшi тарта жақсы көрiп, ол келгенде әрдайым тәттiлерi мен бауырсақтарын ұсынатын, деген-едi.

Қайраттың Төле би ауылындағы С.Шәкiров атындағы мектеп-интернатта оқытқан ұстазы Александра Михайловна Поласкалина былай дейдi: - Қайрат өте тәртiптi, үлгiлi оқушы едi. Өзiм оны ерекше жақсы көретiнмiн. Мектептегi комсомол ұйымы хатшылығына ұсынған мен болатынмын. Қаралы Желтоқсан оқиғасынан кейiн Қайрат ұсталыпты деген хабарды естiгенде, оның «бұзық әрекеттерге барғанына» менiң жүрегiм сенген жоқ. Қайраттың ақ екендiгiн қызметтес әрiптестерiме талай рет айттым да...

Сәлима Исаева, Қайраттың кластас құрбысы:

- Сәду Шәкiров атындағы мектеп-интернатта Қайратпен бiрге

оқыдым. Бұл оқу орны негізінен Мойынқұм мен Шу ауданы малшыларының балаларына арналған еді. Сол кезде бірге оқыған кластас құрбыларымның ішінде Қайрат ерекше дараланатын. Мен келгенде ол 3-сыныптың командирі екен. Алғашында байқағаным Қайрат бұзықтау бала болып көрінді. Жүре келе ол бұзық емес, келеңсіз жайларға шыдамай жаны күйзелсе, бар ойын кімге болса да ашық та батыл айта салатын жан екендігін көрсетті. Өжет те қайсар болатын. Бізбен Қадиша деген қыз оқыған еді. Сол қыз шашын тарамай, сабалақ-сабалақ болып, бет-аузының кірін де жумай сабакқа келе беретін. «Іздегенге сұраған» демекші, мен де тазалық тексергіш-санитарка болып сайланған едім.. – Әй, сені де санитарка дейді ғой, неғып ана Қадишаның шашын таратып, қолының күсін жуғызбайсың?– деп, менің де жанымды шығаратын. Ол кезде мұғалімнің бетіне қарап сөйлеуге жүрексінетінбіз. Ал Қайрат болса, класс жетекшінің өзінен де қаймықпай: - Тәтей, ана Қадишаның түріне қараңызшы, «таза» жүр деп, айтпасаңыз, соның қолының кірінен жиіркеніп, тамақты да дұрыс іше алмаймыз, деп тіке айтатын... Қайраттың қызықты қылықтарының бірі: кей балалар екілік алғандарында дәптерлерін, күнделіктерін жыртып, лақтырып жіберетін. Сол оқушылардың туыстары келгенде, Қайрат жаңағылардан бұрын алдынан шығып, олардың іс-әрекеттерін бұрынырақ жеткізетін. Әрине тәртіп бұзғандар өкпелейтін. Бірақ Қайрат олардың да өкпелерін тез тарқататын. Оның тағы бір қасиеті- қолында барын бөліп беретін жомарттығы мен ақ көңілдігі. Бір жағынан Қайрат адам баласына, әсіресе жапа шеге, зәбір көргендерге жаны ашып, қолынан келген жәрдемін аямайтын. Өзім кішкентайымнан әкемнің туған апайының қолында өскенмін. Ол кісінің қайтыс болғанына көп уақыт бола қойған жоқ еді. Мектеп-интернаттың басшылары бір күні оқушыларға киім үлестіре бастағанда, маған пальто мен етік тиді. Сонда мұғалімдер мені шешесі жоқ деп, мүсіркеп беріп отырған шығар деп, көңілім әбден құлази мұңайып қалдым. Бұл 6-сыныпта болатын. Сол кезде Қайрат менің қасыма келіп: - Сәлима, сен бұған ренжіме, бұл киімдерді

түсіне білсең, ата-анаңа көмек ретінде беріп отыр ғой, – деп жұбатқаны әлі есімнен кетер емес.



Сондай-ақ, Қайрат замандастарымен хат жазысып тұрғанды да ұнататын. Тіптен, Кореяның, Германияның, Монголияның пионерлерінен жиі-жиі хат алып тұратын. Қайрат 1- сыныптан бастап бірге оқыған Гүләйім Құттыбековамен жыр шумақтарын жарыса жазысатын да, бірге талқыласатын. Қайрат болса, өз шығармаларын көбіне көпшілікке көрсетуге ұялатын. Ал Гүләйім керісінше, жазған өлеңдерін түрлі жиындарда да, жайшылықта да оқып беретін... Сегіз жылдықты тәмамдаған соң, мен – Мойынқұмға, Қайрат туған ауылы Бірліктегі орта мектепке орналасқаннан кейін де хабарласып жүрдік. 1984- жылы Қайрат Армия қатарына шақырылғанда, «қыздардың жолы жіңішкелігінен» аттап кете алмай, қоштасып шығарып сала алмадық. 1986 жылы мамырда Азаматтық борышын өтеп, ауылға оралғанын, кешікпей өз күшімен Алматыдағы сәулет-құрылыс институтына оқуға қабылданғанын естігенмін. Шындығын айтқанымда, сонау балғын шақтарынан бастап-ақ Қайрат пен Гүлайым бір-бірін ұнататын. Гүлайым Қарағандыдағы жоғарғы оқу орнында оқып жүргенде де Қайратпен хат алысып, хабарласып тұрған еді. Кейінгі хабар-ошарларды тек Гүлайым арқылы біліп жүрдім.

1986 жылғы Алматыдағы Желтоқсан көтерілісіне қатынасып, «Қайрат адам өлтіріпті» дегенде, жағамызды ұстап, өз құлағымызға өзіміз сенбей, есеңгіреп қалдық... Ал, Қайрат қайтыс болды дегенде, бәріміз дерлік қан жылап, қасіретті қайғыға ұрындық. Әсіресе қаралы қаза Гүлайымның жас жүрегін жаралап, өте ауыр дертке ұрынған халде қалды... Сондай қайғылы халде күйзеле жүрген шағында Қайраттың рухына мынадай өлең шығарыпты:

- Ұзын да емес, қысқа да емес, ортамын,
Жүрегі жоқ адамдардан қорқамын.
Қанды қақпан қармағына ілінген,
Қайрат құрбым, торқа болсын топырағың!
Ерлігіне қуанам да сүйінем,
Қайрат құрбым,
рухына мен иілем.
Бәйшешектің солғанына аһ ұрсам,
Әділ жанның қазасына күйінем.
Жыр шашатын жүрегің де тілінді,
Есімің де ел аузына ілінді.
Тіршілікте елеусіз боп жүрдің де,
Көз жұмған соң, кім екенің білінді...

1980 жылдары Мойынқұм ауданының Көктерек кеңшарында жүргізуші жұмысымен айналысып, тауарлы-сиыр фермасынан Шу қаласындағы май-зауытына ірі қаралардан сауылған сүтті жеткізіп тұратынмын. Сол кездерде Қайрат Рысқұлбеков Шу ауданының орталығындағы мектеп-интернатта оқитын. Жексенбі күндері ауылға қайтарында таудағы бақташы-сауыншы ата-анасы мен бауырларына көбіне менің автокөлігіммен қатынайтын. Сонда байқағаным, Қайрат бұзық, тентектеу балаларға қосылмай мал бағысып, тіптен сиыр да сауысып, ыдыстарын жуысып туыстарына көмектесіп жүретін. Мектеп – интернат сегіз жылдық болғандықтан орта мектепті туып-өскен Бірлік ауылындағы Киров (1992 жылдан Қ.Рысқұлбеков есімімен

аталады) атындағы орта мектепті тәмамдайды. 1984-86 жылдары Ресейдің Амур өлкесі, Белогор қаласында азаматтық әскери борышын ойдағыдай атқарып, бөлімше командирлерінің жақсы мінземелі жолдамасымен Алматыдағы Сәулет – Құрылыс институтына оқуға қабылданады. 1986 жылы әйгілі Желтоқсан көтерілісі басталғанда 1 курс студенті Қайрат небәрі 20 жаста болатын. Тоталитарлық жүйенің құрсауымен оған адам өлтірді жаласы таңылып, ең ауыр - ату жазасына кесіліп, өркениетті елдердің зиялы қауым өкілдерінің Кеңес Одағы басшыларына жолдаған хаттарының көмегімен Қайраттың жазасы 20 жылға ауыстырылғанымен Семей түрмесінде оның өміріне белгісіз жағдайда қастандық жасалынады....



Қайраттың ұстазы Сейіткерім Қожаназаров екеуіміз кеңесе келе қор құрдық. Соның нәтижесінде көптеген игі шаралар атқара алдық... Бұлар жайлы БАҚ- да кеңінен жарияланып келеді. Тек, қосымша айтпағым, туған отанында Ескерткіш орнатылып, мектебіне аты беріліп көптеген игі шаралар атқарылып жатқанда балғын балалық шағы өткен Шу ауданының Төле би ауылында жас боздақтың рухын құрметтей отыра жастарымызды ұлтжанды отансүйгіштікке тәрбиелеу жолдарында атқарылар істер кенжелеп, тіптен, мызғымай жатқантұғын. Сондықтан

(қабырғаммен ақылдаса келе) 1998 жылдың жазында аудан орталығы – Төле би ауылына қоныс аударуыма тура келді...

Ең алдыменен С.Шәкіров атындағы орта мектепте мұражай бөлмесі ашылып, 2001 жылдың желтоқсанында Халық қаһарманы Қайрат Рысқұлбековке Қордай ауданында тақта тас жасалынып білім ордасының қабырғасына орнатылды. Аудан көлемінде көптеген игі шаралар қолға алынып, жасөспірімдер арасында шығыс жекпе-жегінен Қайрат Рысқұлбеков атындағы республикалық турнир жаттықтырушы Марат Тілеуқұловтың қайсарлы табандылығының арқасында биыл 20-ыншы мәрте өткізілмекші...

Дегенменен менің айтпағым, жасөспірім Қайраттың небәрі 20 жасында сол бір желтоқсанның ызғарлы күндері ұрда-жық қызыл жағалының қанды қолынан шашынан сүйретіліп бара жатқан қаракөз қызымызды құтқарып қалғаны, алаңға жиналған жастардың алдында: – жігіттер, үш күнге шыдайық, үш күнге шыдасақ, бізді БҰҰ таниды, деп, үндеу көтеруі, сондай-ақ, өзінің өмірі қыл үстінде тұрғанына қарамастан тергеушілерден қаймықпай Өркен Уақов атты ұстазын- ол кісіні танымаймын, алаңға өзіміз шықтық, деп, қорғап қалуы, нағыз ерліктің ерен үлгісі емес-пе! Бұндай ерлік кез келген адамның қолынан келе бермейтіні анық. Оған өскен ортасы мен жастайынан тәрбиелеген ұстаздарының да өнегелі –де өрелі еңбектерінің өзіндік әсер еткенін, айта аламын. Сондықтан да соларды тыңдап көрейік.

Қанткүл Бекмағанбетова, ұстаз-тәрбиеші:

- 1976-77 оқу жылында мектеп-интернатта 4 сынып оқушыларының тәрбиешісі қызметіне тағайындалдым. Барлығы 30 оқушы болатын. Олардың жартысына жуығы озат, тіптен кейбірі өте жақсы оқыды. Сол кейбірінің арасындағы Қайрат өте сауатты, киімдеріне кір жуытпай таза қалпынан айнымайтын ұқыпты шәкіртім еді. Көп балалы отбасында өскендіктен болу керек басқаларға бауырмашыл әрі кішіпейіл болатын. Қоғамдық жұмыстармен айналысып, маған да көмектесіп жүретін. Мектеп

бітіргеннен соң әскер қатарында қызмет етіп келгеннен кейін Сәулет-құрылыс институтында оқып жүргенін еститінмін. Әйгілі Желтоқсан дүрбелеңінен кейін-ақ, сол кездегі аудан басшыларының тарапынан біз қызмет ететін Сәду Шәкіров атындағы мектеп-интернатына «саяси шабуыл» басталды. Олардың бізге тапқан айыптары, маскүнем, бұзық, ұлтшылдарды тәрбиелеппіз. Идеология жағына жауапты аудандық партия комитетінің хатшысы Дичковская Ирина Иосифовна мені күнде шақырып едәуір уақыт сұраққа алды. Кейінен түк өңбегеннен кейін шақыруын бірте-бірте сирексітіп барып ақыры жайыма қалдырды. Себебі ол менің Қайраттың тікелей тәрбиешісі екенімді анық білмеген де болуы керек. Оның үстіне мектеп ұжымы сол кезде кімнің қандай қызметте болғанын айтпай жалтарып бақты. Яғни, ешкім-ешкімді ұстап берген жоқ, егер-яки көп жыл Қайраттың тәрбиешісі болғанымды анықтағанында мен де тәртіптік жазадан құр қалмайтыным әбден мүмкін еді. Өйткені хатшы ханым қайта-қайта шақырып, бір сыдырғы сұрақты қайталап қоя берген еді, мен де бір жауаптан таймадым. Сәл жаңылыссам болды бәлеге қалатыным анық еді. Мұны аудандық сотта «халық (народный) заседатель» өкілі» болған көп жылдық тәжірибемнен түйгенмін. Сондағы айтқан жауабым:- Қайрат жақсы оқыды, мектеп белсендісі әрі тәртіпті бала болатын, дей бергенмін.

Кеңескүл Хасенова, банк қызметкері:

-1987 жылдың қаңтары айында болу керек, осы аудан орталығында бір мекемеде қызмет ететінмін. Коммунистік партия бастауыш ұйымының жиналысы өткен-ді. Жоғарыдан нұсқау болу керек, партком хатшысы бірліктік Қайрат Рысқұлбеков деген балаға арнап:- «Арақ ішетін, бұзық болатын, анаша шегуші еді» деген мазмұнда мінездеме- қаулы қабылдап, жоғарыға жіберуіміз қажет, деуі мұң екен, үн-түнсіз отырып қалдық. Тек арамызда отырған неміс ұлтының екі келіншегі:- біз ол баланы көрген жоқпыз ғой, оның не істегенін қайдан білеміз, қалайша қаралап мінездеме береміз,- дегенде ғана, есімізді жидық. Әйтпегенде,

«жоғарыдағыдай мінездеме» жазылып кететін еді, деп, шындығын айтқан еді. Бірақ, ол мекеме жібермегенімен, басқа ұжымдар мұндай науқанға бір кісідей ат салысқанын кейіннен көп азаматтар айта бастаған болатын...

Иә, бабаларымыз ғасырлардан-ғасырлар бойы армандаған тәуелсіздігіміздің алтын баспалдағы- Желтоқсан көтерілісінің және оның ержүрек –ұл-қыздарының әлі де елімізге танылып, ашылмай жатқан құпиялы бет-пердесі жетерліктей екендігі рас.

Ажар Кененбаева, ұстаз:

- Қайрат бұл мектепте 9-10 кластарда оқыды. 2 жылғы класс жетекшілігімде оның мінезінің қыр-сырын толық білдім деп айта алмаймын. Бірақ Қайраттың мінезі салмақты, әр нәрсеге байыппен қарайтынын байқап едім. Гитарада ойнайтын, өлең де шығаратын. Суретті де жақсы салатын. Парталас құрбыларының арасында сыйлы, беделді болды. Өзіне тапсырылып, міндеттелген қоғамдық жұмыстарды дер кезінде орындайтын. Мереке күндеріне орай шығарылатын газеттерді әсемдеп, сурет салып, өз өлеңдерін қоса жариялайтын. Спортпен шұғылдануды ұнататын. Сондықтан орта бойлы денесі шымыр сомдалып, иықтылау болды. Ауданаралық дәрежедегі футбол жарыстарында әрдайым озат ойыншылар қатарында көзге түсетін. Көп балалы от басында тәрбиеленгендіктен бе, Қайрат көпшіл, шыншыл, әділ еді...

1987 жылдың көктеміне қарай болу керек, әкесі Ноғайбай аға біздің мектепке келіп:- «Ажар, сен 2 жыл Қайратты оқыттың ғой, оның қандай екенін білегін шығарсың. Мінездеме қажет болып тұр»- деген еді. Жоғарғыдағыдай мағынада үлгілі қасиеттерін көрсете жазып, мектептің сол кездегі директоры Тәжібай Сүйкімбековке мөр бастыруға әкелгенімде, онымен танысқаннан кейін: «Мектептің атынан мұндай мақтау құжат беруге болмайды»- деп, жыртып тастады. Тәжекең де жоғарғылардан жалтақтаған шығар, Ноғайбай аға мұңая күйзеліп, екі иығы салбырап шығып кетті. Шіркін, Қайрат егер тірі болғанда, қазақтың аяулы азаматы болып өсер еді...

Мен 1980 жылдары «Көктерек» кеңшарында сүт таситын автокөлікті жүргізетінмін. Сол кездерде Қайрат Шу ауданы, Төле би ауылындағы мектеп-интернатта оқитын. Жексенбі күндері ауылға келгенде, таудағы ата-анасына көбіне менің автокөлігіммен қатынайтын. Бүгін есімде қалғаны: - Қайрат анау-мынау тентек балаларға қосылмай, жеке дара жүргенді ұнататын. Мінезі сабырлы да салмақты еді. Жастайынан әскер қатарына шақырылғанша, бақташы әкесі мен сауыншы анасына әрдайым қолғабыс жәрдемін көрсетіп, еңбекке араласатынын жиі байқайтынмын. Қайрат қайтыс болған соң, 1988-жылы жазға салым, жылжымалы моншамен таудағы малшыларға барып қалғанымда анасы Дәметкенге көңіл айта отырып: - Алланың жазуы осы шығар, көп мұңая бермеңіз. Ұзамай шындық орнауы керек. Колбин кеткен соң көрерсіз әлі, Қайраттарды ақтап, оларға батыр атақтарын береді, - деген болатынмын. Құдайдың өзі аузыма салды ма, ерекше бір рухани күш айтқызғандай халде едім...

Айнаш Омарова, Қайраттың құрбысы:

– Өзіміз құралпы жастар бұрынырақтарда анда – санда мереке күндерін ойын-сауық ретінде бір үйге жиналып атап өтетінбіз. Біз сол тамашаларға Қайрат қатынасса ғана баратынбыз. Ол кештің еш жанжалсыз, қызықты да тартымды өтуіне ықпал ететін. Қайрат ішімдікке жоламайтын, жеңіл-желпі қызып алған ер балалардан қорғай жүріп, қыздардың барлығын дерлік үйді-үйлеріне бір өзі ерінбей-жалықпай жеткізіп салатын...

Маржанкүл Келімжанова, көп балалы ана:

– Қайрат «Киров» (қазіргі Қ.Рысқұлбеков) атындағы орта мектепте егіз ұл-қызым Асқар-Гауһармен бірге оқыған еді. Біздің үйге жиі келіп тұратын. Мені ылғи «мама» деп атайтын. Отбасымызға соңғы рет 1986- жылы 1 желтоқсанда келіп Асқарды әскерге шығарып салды. Көп ұзамай-ақ жаңа жылда Қайратты ұстап алып кетті, деп естідік, те таңқалдық. «4000 сом берсе, түрмеден шығарып алуға болады екен», – деген хабарды ести сала, өзімен бірге оқыған ұл-қыздарды, жора –

жолдастарымен ақылдастыра отырып, ақша жинай бастадық. Шамасы келгендері 100 сомнан, арты 50 сомнан берді. Қаражат жинауға Тұмақбаев Аманкелді, Тұмақбаева Алтын, Құлбаев Берік, Шілдебаев Нұрлыбай, Бояубаев Сатай, Әйтiшев Жұмахан, Тұрғынбаева Гүләйім т.б. белсене көмектесті. Бүгінде Жамбыл облыстық ауруханада тіс дәрігері болып қызмет ететін қызым Гауһар қаржы жинасса, Армия қатарындағы Асқардың орнына өзім 100 сом қостым. Қайраттың құрбы – жолдастары Талжігітов Мейірхан- жүргізуші, Алматыда Қаз. МУ- де оқитын Исадықов Нұрлан және Арғымбекова Жасұландар жиналған қаражатты Алматыға апарып, Қайратқа жолыға алмай, анасы Дәметкенге табыстаған. Сол 40 шақты жора-жолдастарынан жиналған ақшаны алып баратын балаларға, қаржы бергендердің тізімін ақ қағазға қызыл бояумен жазып, терезеден Қайраттың өзіне көрсетiндер деп едім, ол ойым іске аспады.

Жас боздақтың өміріне араша түсе алмағанымыздың өкініші есіме түссе, осы күнге дейін өзегім өртенеді, дейді.

1988-жылы 21-мамырда Қайраттың қайтыс болғанын «Америка дауысы» радиохабарламасынан естіген белгілі құсбегі Жапар Сатылғанов қапалана отырып, «Қайрат қайтыс болғанда» атты өлеңін дүниеге келтіреді. Бірақ жалтақ сарашылар бұл шығарманы жариялай алмады. Оқып көрейік.

Көңілім бүгін жаралы,
Естідім суық хабарды
Қайратынан айырылған
Мойынқұм мынау қаралы.
Қазақты ел деп санамай,
Асылды қинап баладай.
Шашынан сүйреп арудың,
Қызығын ұрлап әр үйдің.
Мылтық, сойыл асынған.
Жендеттерге басынған,
Сактауға қазақ елдігін
Демократия теңдігін

Қорғағандар құр қолмен
От жүректің басы дер,
Әділет туын көтере алмай,
Арманда кетті-ау асыл ер!!!
Білемін, Қайрат, қазана
Ненің себеп болғанын.
Колбин келіп қазаққа,
Үстінен түскен олжаның.
Ел сенген үлкен ағалар,
Аузынан кетіп бірлігі.
Әлі есімде өсекші,
Сол пленум тірлігі.
Желтоқсан жайлы газетте,
Әлімжанов не деді?
Сұлтановқа қаһарын
Әуелбеков төгеді.
Ұшқалы тұрған Колбинді
Камалиденов демеді.
Сойылшы болып Колбинге,
Меңдібаев кеп еді.
Содан соң-ақ қудалау,
Қазақ жұртын сыйламау,
Ашықтан-ашық басталды,
Талайға тұзақ тасталды.
Нашақор деп аяусыз,
Жазалай берді жастарды.
Қазақтың ойлап намысын,
Көтерген жүктің ауырын,
Сол қаралы күндердің,
Құрбаны-ай болдың бауырым!!!
О, ағайын ауызда
Бірлік болса өшпейміз!
Ел үшін өткен ерлерді,
Біз ұмытсақ, өспейміз!

Желтоқсаннан кек алмай,
Жендеттерін кешпейміз.
Ауыр сәтте дозақтан,
Жаныңды жеген азаптан
Құтқарып тірі алмаған,
Батылы мен билігін,
Құлдық оты шармаған,
Артыңда қалған аһ ұрып,
Мына көген көздерді
Қайратжан, бейбақ біздерді,
Айналайын, кеш дейміз!...

Қайрат өзін қорғап, жебеп жүрген ұстазы Сейіткерім
Қожаназарұлына арнап мына өлеңді жолдаған:

Ауылдың барлық баласы,
Өзіңе қарап өсетін.
Ағажан, сынай қарашы,
Шәкіртің едім кешегі.
Өзгеріс бар ма бойымда,
Төңкеріс бар ма ойымда.
Көзіме бірақ мақтама,
Кемісім болса мойында.
Не дейін аға, не дейін,
Шалқыдым ба көлдейін.
Найзағай болып жарқылдап,
Жауа алдым ба селдейін.
Таныдың ба бала бүркітті,
Шыға алдым ба биікке.
Әлде ақтамай үмітті,
Қалдырдым ба күйікке.
Төмендеп, кейде биіктеп,
Өзіңнен сұрақ сұраймын.
Қансырап бала киіктей,
Құшағыңа келіп құлаймын...

ТӨРТ ЖЫЛ КЕШІККЕН ШЫНДЫҚ

Мұхтар Шаханов

- Өр дәуірдің еркіне сай нарқы өзгерген алтынның,
Айналайын алтын әнім, жас өркені халқымның.
Желтоқсанда шындық жырын шырқаймын деп шарқ ұрдың,
Желтоқсанда егеменді ел болсақ деп талпындың.
Кеудеңде әлі сызы жатыр сол кездегі салқынның,
Айналайын, айналайын, жас өркені халқымның!
Ерте айтылды, сондықтан да келте айтылды бұл әнің,
Уақытыңның талабына дәл келсе де ұраның,
Уақытыңның әділетсіз соққысынан құладың.
«Нашақор» деп, «маскүнем» деп айыпталдың ұланым,
Саған жапқан сол жаланы естіп үнсіз тұрғанша,
Керең болып қалмады екен неге менің құлағым.
Айналайын, айналайын, жас Қайратым, қыраным!
Темір қолдар қуатты еді, алқымыңды қаусырған,
Намысыңды жықпай өттің нәубет, дүлей маусымнан.
Жасып қалған шақтарымда жігер алдым бойыма,
Түрме торын жарып шыққан сенің қайсар даусыңнан.
Жә, не деген нүктесі көп, бүкпесі көп өмір ең...
Төрт жыл өтті шындық күліп шыққанынша көгінен.
Оқ бойы озып тұрыпсың – ау сол аумалы кезде-ақ,
Пышаққа сап бола алмайтын әкімдердің көбінен.
Өсер елдің қай сәтте де бірлік болмақ қалауы,
Лаула, лаула, Желтоқсанның мұзға жаққан алауы.
Өздеріндей өр намысты жас өркені бар елдің,
Ешқашанда еңкеюге тиісті емес жалауы!!

БАТЫР

Болатбек Әбішев

- Қазағымның ұлдары мен қыздары,
Арпалысты Желтоқсанда ызғарлы.
Әділдіктің жолын қуған жастардың,
Батыр Қайрат намыстарын шыңдады.

Қайырмасы:

Батыр Қайрат мақтаным,
Көңілімді баспа, мұң.
Тағы да бұлт торламай,
Ашық болсын аспаным.
«Елім»- деген сөзің қалды артыңда,
Сол үшін де болып кетті-ау жан пидә,
Арамызда жүре береді ән-сағым,
Қайрат!- деген, баяғыдай қалпыңда.

Қайырмасы...

Тірі болсаң, жарқырап-ақ өтер ең,
Болмас еді-ау жүгің жеңіл көтерер.
Рухың сенің әлі дағы дем беріп,
Болашақты талай белге жетелер.

Қайырмасы...

АНА ЗАРЫ

Жақатай Нозаев

– Қаңғып келген шүрегей, көлдің суын бүлдірдің,
Бұлай болып кетерін күні бұрын кім білді.
Тұнып тұрған көл еді, бейбіт жатқан ел еді.
Желтоқсанның дауылы кара бұлт төндірді.
Сол дауылға ілесіп Қайратым да кетті ме?!
Жанып тұрған от еді, сол түбіне жетті ме?!
Қол-аяғын кісендеп оқудағы баламды,
Жала жауып жан алғыш түрмесіне жапты-ма?!
Жанын қинап түрмеде, жалғыз оқпен атты ма?!
«Қыл бұрауды» салғанда, «Анашым!»- деп жатты ма?
Қос өкпесін езгілеп, ұрып-соғып тепкілеп,
Қайратымды жендеттер тұзақ салып асты ма?!
Кім біледі, Аллам-ау, не болғанын баламның,
Жауап берер жан бар ма өліміне панамның!..
Елжіреген жүрегім қан жылайды бүгінде,
Қатарлары Қайраттың келмей кетіп жүре ме?!
Күліп-кетіп тұрады, күнде балам түсіме,
Көнем дағы қайтейін Жаратқанның ісіне.
Желтоқсанның дауылы бүкіл елді шарпыды,
Ел бүлдірген «Шүрегей», қарғыс айтам өзіңе!!..

МӘҢГІЛІК ОТ

Бақыт Исаева

Қаһарман ұл, жас Қайрат,
Мақтанышы елімнің.
Туған жерге ту тіккен,
Көк байрағы көгімнің

Қайырмасы:

Ерліктері ұрпақтың,
Болашаққа бастайды.
Мәңгілік от-жас Қайрат,
Жүректерде маздайды.
«Тәуелсіз ел болсақ» -деп,
Сан боздақтар жер құшты.
Қызғалдақ гүл армандар,
Желтоқсанда желге ұшты.

Қайырмасы...

Қаһарман ұл- жас Қайрат,
Қазағымның ұланы.
Аты аңызға айналған,
Ұлт намысы- ұраны!

Қайырмасы...

ҚАҺАРМАН

Базарбай Асқаров

- Өмірінен намысы биік тұрған,
Өрқашанда Қайратжан биік тұлған,
Аямай қасық қаның халқың үшін,
Жалынды жас шағында болған құрбан.

Қайырмасы:

Үндеп тұрған ерлікке,
Ынтымаққа , бірлікке.
Желтоқсанның қыраны,
Қаһарманы, ұланы,

Тәуелсіздік шырағы Қайрат.
Ауыртпалық туғанда халқыма шын,
Сарқып берген бойдағы бұла күшін.
Қорғаған ел намысын, қыз намысын,
Қазақтың батыр ұлы мақтанышым.

Қайырмасы...

Қасиетті танытып елдігінді,
Бар әлемге паш еткен теңдігінді.
Қаһарман батыр қазақ мәңгі тірі,
Ел Қайрат мойындатқан ерлігінді.

Қайырмасы...

ЕЛІҢ ҰМЫТПАЙДЫ

Алматы сәулет-құрылыс академиясында студент-жастардың Қайрат Рысқұлбековты еске алуға арналған кездесуінде Аяз Бетбаев пен шәкірті Базарбай Асқартегінің қайымдасуы.

Аяз:

Айырмаған сеніммен,
Отанға әркез берілген.
Ыстық сәлем әкелдім,
Қайраттың туған жерінен.

Базарбай:

Аянбаған бар күшін,
Намысы үшін, ар үшін.
Еске алып жатқан батырын,
Достары, Қайрат, армысың!

Аяз:

Бостандық жолы ұзақ қой,
(Үзілген шіріп тұзақ қой.)
Желтоқсанның ызғары
Жүрекке түскен сызат қой.

Базарбай:

Бодандық –өмір- азап қой,
Басыннан кешкен дозақ қой.
Дүмпуімен Желтоқсан
Еркіндік алған Қазақ қой.

Аяз:

Әруақтарға сыйынған,
Маңдайға солай бұйырған.
Тәуелсіздік жолында
Қыршынынан Қайрат қиылған.

Базарбай:

Иманың болып жолдасың,
Жұмсақ жатсын жамбасың.
Жиырма жаста ер едің
Жаудың бұзған ордасын.

Аяз:

Еркіндікті қолдап ең,
Қырандай шыңға қонар ең.
Арманда ажал құшпасан,
Отызға бүгін толар ең!

Базарбай:

Арнадан тасып ағар ең,
Шырағын өлең жағар ең.
Сыйлаған Алла дарынмен,
Әйгілі ақын болар ең.

Аяз:

Сыйласуға ел керек,
Шөл далаға көл керек.
Ел басына күн туса,
Қорғайтын әркез ер керек.

Базарбай:

Адасқанда жол керек,
Қиналғанда қол керек.
Желтоқсанның ерлері,
Сендердің жөнің бір бөлек.

Аяз:

Дұшпанның көзі қадалып,
Жаламен жатқан қамалып.
Перзенттеріңді ақтаған
Қайраткер Мұхтар Шаханов.
Қандай қорлық көрсем де,
Ашам деп шындықты өлсем де.
Қиянатпен жүр күресіп,
Уақтегі Мәкең де.

Базарбай:

Өзіндей, Қайрат, ер үшін,
Құрбан болған елі үшін.
Бағыштадым жырымды
Тағзым етіп сен үшін.

Аяз:

Көк байрақ тұрсын желбіреп,
Ұрпақтар өссін ержүрек.
Қай жолмен тура жүрерін
Туып – өскен ел біледі.

КӨК БАЙРАҚ МӘҢГІ-БАҚИ ЖЕЛЫРЕСІН!

«Желтоқсан жұлдыздары» кешінде айтылған толғау

Аяз Бетбаев

Қазағым өзін-өзі жігерлейді
Ешкімге жаманшылық тілемейді.
Қан қылған желтоқсанда қарақшылар,
Халық қарғысы оларды жібермейді!
Төзбеген қиянат пен қаталдыққа,
Қайраткер еліне жүр атанып та,
Қаймықпай Желтоқсанды жария еткен,
Ризамыз батыр ақын Шахановқа!
Әлі де бостандық деп атар тандар,
Ұшқынын бар әлемге апарғандар,
Қайрат, Ләззат, Ербол мен Сәбиралар,
Осылар – Желтоқсанда қаһармандар!
Халықтың қабырғасы сәгілмесін,
Аналар ұлын жоқтап егілмесін.
Алладан ақ ниетпен тілейік біз,
Жазықсыз жанның қаны төгілмесін!
Қазағым мөлдір судай тазалансын,

Есіне Қайрат сынды қазаны алсын.
Ел болып, халық болып қолға алайық,
Сол кезде кінәлілер жазалансын!
Ызғары Желтоқсанның өтті емес-пе,
Ер Қайрат шейіт болып кетті емес-пе,
Ағайын, ағайынды ұстап беріп,
Түбіне алауыздық жетті емес-пе!
Осындай еркіндікті ел тілесін,
Бақыт құсы бағымызға еркін келсін.
Ал, енді Тәуелсіздік құтты болып,
Көк байрақ мәңгі-бақи желбіресін!
Намысты от-жалынға шындайық біз,
Қайраттың ерлігіне ылайықпыз
Жеті жыл толған екен Желтоқсанға,
Әумин, қабыл болсын құдайымыз!

РЕКТОРДЫҢ ӘРКЕН УАҚТАН ҚОРЫҚҚАНЫ

1986 жылғы Желтоқсан көтерілісінен соң, қараланып-қудаланып, сотталған, «кінәлі» деген ер-намысты азаматтардың аты-жөні жарияланғанда көптің арасынан Әркен Уаққа ерекше назар аударғаным бар. Сонда, Әрекеңмен кездесем, таныссам деген құштарлық бой көтерген еді...

Қайрат Рысқұлбеков атындағы қоғамдық қордың төрағасы лауазымымен сол кездегі астанамыз Алматыға жиілете ат басын бұратынмын. 1996 жылы 13- наурызда даңқты жерлесіміз- қыршын, боздақ Қайрат Ноғайбайұлының 30 жасқа толу құрметіне өзі оқыған Сәулет-құрылыс академиясында студенттермен кездесу өткізуге талпынған едік. Алматыдағы «Төле би» қорының директоры Оралжан Масатбаев пен Қайраттың қорғаушы- ұстазы Сейіткерім Қожаназар үшеуіміз проректор Жанкелді Отарбаевқа жолыққан сәтімізде ол жігіт маған: «Сіз ректор Атрушкевичке көрінбей- ақ қойсаңыз. Оның

атына хат жазғанда тек, О.Масатбаев пен С.Қожаназар ғана жиын өткізуге рұқсат сұраса. Өйткені, осы академияның доценті Әркен Уақов деген кісі желтоқсан көтерілісін ұйымдастырушылардың бірі ретінде сотталған. Мәкен Уақов деген аты-жөніңізге қарап, Сізді сол кісінің өте жақын туыстарының бірі деп ойлап, Атрушкевич үзілді-кесілді қарсы болары сөзсіз» деген-ді. Соған қарамастан ұлағатты кештің мерзімі жақындағанда кітапханашы келіншектер: «Бізге ҰҚК қызметкерлері звондап, өтетін жиын не туралы? Оны ұйымдастырып жүрген кімдер?»- деп, сұрады деген үрейлерін жасырмады.

Қайраттың 30 жасқа толатын туған күнін көпшілікпен атап өтіп, кешікпей аталмыш білім ордасында мұражай бөлмесін ашуға ұйытқы болдық. 4-5 жыл өткен соң, сәулет-құрылыс академиясындағы бас қосуда Әркен ағамен танысудың сәті түсті. Көпшілік алдында Әрекеңнің ақ жүректен ақтарыла: «Желтоқсан көтерілісінен соң, қаныпезер тергеушілер мені Қайрат Рысқұлбековпен кездестіріп; «Мына адамды танысың ба, осы кісі емес пе, сендерді алаңға шығындар» деп үгіттеген?»,- дегенде, Қайрат қаймықтастан: «Бұл ағайды танымаймын. Алаңға өзіміз шықтық»,- деп, мені ашық қорғады. Егер, ол басқалай айтқанда, Қайрат емес, менің ату жазасына кесілетінім айдан-анық еді»,- деп көзіне жас алды. Кейінірек Әркен Уақовпен «Азаттық» радиосында, т.б. жерлерде кездесіп тұрдық. Бірде Әркен ағамыз Желтоқсан көтерілісі жайлы кітап шығарғанын, жол-жөнекей сол кітаптың жартысын ҰҚК өкілдері тәркілегенін ренжіп жеткізген еді. Ұзақ жылдар Сібірдің Магаданында айдауда болған, жасы ұлғайған асылдың алқасындай азамат денсаулығынан айырылып оралғанын өзі айтпаса да сезуші едім. Желтоқсандықтардың ар-намысты ардақты ағасы Әркен Уақовтың қайтпас сапарға аттанғанында қоғам қайраткерлері Батырхан Дәрімбет, Көлдейбек Бодыбаймен жаназасына (Рэтбек қажы Нысанбай шығарды) қатынасып, әруағына тағзым ете бас идік...

КӨТЕРІЛІС ҚҰРБАНДАРЫ ҚАНША?

Кездескен сайын Әркен аға құрметті де киелі көтеріліс туралы нақты деректі құжаттардың негізінде кітап жазып жүргенін құлаққағыс ететін. 2002 жылы жарық көрген «Геноцид» кітабы қолыма кешігіңкіреп тиген-ді. Бүгінде осы өте құнды дүниені Әрекеннің көзіндей сақтап жүрмін. Орыс тілінде жарық көрген «Геноцидтің» алтыншы бетінде: «17 декабря только на площади были убиты, и тайно захоронены 168 человек, а, 18- декабря там же убиты, и тайно захоронены на кладбище Западное четыре тысячи человек», - деп қара әріптермен баттитып тұрып жазған. Осыны растағандай айғақтар беделді басылым «Жас алаштың» 2008 жылғы 16- желтоқсандағы санында жарық көрген «Қайдасың, қайсар ерік рухы?!» топтамасында дәлелденгендей жарияланды. Нақпа-нақ көз жүгіртсек:

Мұхтар Шаханов:

- Жәке (Жармахан Тұяқбай), Сізден көптен бері сұрасам деп жүргенім бар еді. Желтоқсан комиссиясы жұмысын бітіруге аз қалғанда бір орыс офицері келіп, «таңертеңгі жиында басшылар бізге желтоқсан көтерілісінде 168 адам қаза болғанын айтты» деп түсініктеме берді. Және өз түсініктемесінде өлгендердің қандай бағытта тасымалданғанын да айтты. Тоғыз адам сол түсініктемені тыңдап куә болды. Кейінірек әлгі офицерді Мәскеу асырып жіберді. Бір рет үйіне қоңырау соққанымда әйелі жыларман болып, қайта телефон соқпауымды өтінді. Мен әлгі жігіттің түсініктемесін комиссия құжатына кіргізіп, комиссия мүшелеріне қол қойғызып, осыны жан-жақты тексеру керек, деген талаппен билікке бергіздім. Бірақ комиссия жабылды, билік тексеру жүргізбеді. Жәке, сізден сұрарым сол кезде билік басында болдыңыз ғой, офицердің айтқаны жөнінде не білесіз?.

Жармахан Тұяқбай:

- Жалпы алғанда, Желтоқсанда қаза болғандардың саны сіз айтқаннан да көп болуы мүмкін. Біздің республикада

хабар беретін бірде-бір ақпарат жоқ. Барлық деректі құжаттар Мәскеуде. Сол құжаттарда өлген адамдар да жазылған.

Керісінше Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында «Қазақстан» ұлттық телеарнасында ұйымдастырылған хабарда, Желтоқсан» қоғамдық ұйымы жетекшісінің бірі Аманжол Нәлібаев: «Өткен көтеріліс күндері қайтыс болып, астыртын жерленген адамдар болған емес», – деді. Бұл деректердің қайсысы дұрыс, қайсысы бұрыс?...

АҚИҚАТТАН АТТАУ АР-НАМЫСТЫ АЛАСАРТАДЫ

1986 жылғы Желтоқсан көтерілісіне 33 жылға аяқ басыпты. Бабалардың көксеген көкжиекті арманы жолындағы киелі көтерілісте Қайрат, Ләззат, Ербол, Сәбирадай ондаған боздақтар қыршынынан қиылса, бірнеше жүздеген азаматтар жазықсыздан-жазықсыз қудаланып, тіпті темір тордың қасіретін тартты емес пе? Өткен ғасырдың 1980 жылдарының соңынан бері осы уақытқа дейін даңқты жерлесіміз, көтеріліс құрбаны Қайрат Рысқұлбековты жөнсіз жағылған жалалардан ақтай отыра оның рухын құрметтеу мақсатында көптеген іс-шараларға мұрындық бола алдық. Солар жайлы тарқатып айтсам.

1987 жылы Мойынқұм ауданы ұстаздарының тамыз мәслихатында сол кездегі С.Киров атындағы орта мектептің (Бірлік ауылы) мұғалімі Сейіткерім Қожаназарұлы мінберде жайғасқан облыс пен ауданның атқамінер- дөкейлерінен қаймықпай тар қапаста тергеуде жатқан шәкірті Қайраттың жазған хаттарын қолына ұстап Мәдениет үйінде жиналған 400-ге жуық ұстаздар қауымына жазасын жеңілдету жайлы үндеу көтереді. Сонда мінбер төріндегі Жамбыл облыстық партия комитетінің қызметкері К.Ж: «Выступление С. Кожаназарова рассчитано для дурачков – деп, мұғалімдердің барлығын оған қарсы қояды.

1988 жылы 21-мамырда Қайрат Семей түрмесінде құпия

жағдайда қаза болғанда үш әріп құйыршықтары оның туыстарын ол жаққа жібертпеуге жанталасады. С. Қожаназар түрме басшысы Кутько дегенге қылмыстық іс қозғау туралы жеделхат жібереді. Сәл кейінірек ол Желтоқсан оқиғасын зерттеу жөніндегі Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінде құрылған комиссияның тең төрағасы Қ. Мырзалиевке Қайратқа қатысты құжаттарды тапсырады. Марқұм Қадыр аға: «Радиодан сөйле, қоғамдық қор құрындар», деп кеңес береді. Секеннің 1990 жылы радиодан айтқан Қ. Рысқұлбеков жайлы пікілері эфирден екі жыл өткен соң ғана берілді.

ҚОРДЫҢ ҚҰРЫЛУЫ

Қатардағы қарапайым жүргізуші екендігіме қарамастан 1988 жылдың қыркүйегінде Мойынқұм аудандық партия комитетінің хатшысы мен «Көктерек» совхозы директорының арасындағы сыбайлас жемқорлық әрекетті әшкерелеп, олардың қызметтерінен кетіп, лайықты жазалануларына тікелей әсер еткенмін. Сол кезден кейін С. Қожаназар мені жанына жақын тарта бастады. Көбіне Қайраттың аянышты тағдыры туралы ақылдасып тұратынбыз. Кеңінен келісе келе 1991 жылы Ұлы Наурыз мерекесінде Бірлік, Биназар, Жасұлан ауылдары тұрғындарының басқосу жиынында Қайрат Рысқұлбеков атында қор құрып, төрағалығына сайландым. Содан бері жастарымызды отансүйгіш рухта тәрбиелеуде біршама игі істер атқара алдық деп, мақтанышпен айта аламын. Негізгілерін атап- атап айтсам:

- Туған ауылы Бірліктегі орта мектепке Қайрат Рысқұлбеков есімі беріліп, алдына белгітас қойылды. Ол 8 жыл оқыған Шу ауданы, Төле би ауылындағы С. Шәкіров атындағы орта мектепте тақта орнатылды;

- 1992 жылы 10 қыркүйекте кіндік қаны тамған Бірлік ауылында ескерткіш тұрғызылды;

- Ауылындағы Гагарин көшесі, Алматы қаласындағы Обручев көшесі және Астанадағы Абылай хан көшесі мен Шәкерімұлы

даңғылығымен қиылысатын жаңа көше Қайрат Рысқұлбеков есімімен аталды;

- Ұлтжанды да өнегелі қасиеттерімен көзге түскен қазақ жастарына Қайрат Рысқұлбеков атындағы сыйлық тағайындап, лайықты иелеріне тапсырдық;

Сондай-ақ, Семей, Тараз, Алматы, Арыс қалалары мен Мойынқұм, Шу аудандарында өткізілген ақындар айтысы мен спорттық жарыстарға Қайрат Рысқұлбеков атындағы жүлделер белгіленіп, тапсырылды;

- Алматыдағы Сәулет-құрылыс академиясында, Семей қаласындағы Қ.Рысқұлбеков атындағы N 33 мектепте, Шу ауданындағы Қайрат 8 жыл оқыған С.Шәкіров атындағы орта мектепте мұражай бөлмелері ашылып, Төле би ауылындағы тарихи-өлкетану мұражайында оған арнайы бұрыш ұйымдастырылып, Қаһарман туралы деректі құжаттар жинастырылды;

- 2000 жылдан бастап Тәуелсіздік күні қарсаңында төлебилік жаттықтырушы Марат Тілеуқұловтың табандылығымен шығыс жекпе-жегінен жастар мен жасөспірімдер арасындағы Халық Қаһарманы- Қайрат Рысқұлбеков атындағы республикалық турнирдің ойдағыдай өтуіне атсалысудамыз...

Кейінгі жылдары Шу қаласындағы № 40 орта мектепке есімін беру жолын қарастырдық. Өкініштісі ономастика заңдылықтарына орай есімі екі-үш көше мен бір ауылға берілуіне байланысты № 40 мектепке Қайраттың аты берілмеді. Түрлі деңгейдегі басқосуларға қатысып, Қаһарман ұлдың ұлтжанды да өнегелі ғұмырын көпшілікке насихаттаудамыз. Сондай-ақ, Желтоқсаншыларға Алматыда мұражай ашып, Сәулет-құрылыс академиясына Халық Қаһарманы – Қайрат Рысқұлбековтың есімін беру туралы көптен бері құзырлы орындарға қозғау салып келеміз.

Жоғарыда атқарылған іс-шаралар айтып, жазуға оңай көрінгенмен әркімнен сөз естіп, табандарымызды тоздырып, жүйкелерімізді жұқартуға тура келді. Әу бастан-ақ, туған



ауылындағы С.Киров атындағы орта мектепке Қайраттың есімін берерде көп қиналды. Сондай-ақ, 1992 жылы кіндік қаны тамған ауылы Бірлікте ескерткіш тұрғызарда да оған демеуші іздеп, оңтүстік астанада жаяу-жалпылай, талай мекеменің табалдырығынан аттауға тура келді. Сәтімен Құдай оңдап, банкир Мамырбек Әбдірахмановты жолықтырды. Мамырбек 1992 жылы 10-қыркүйекте салтанатпен шымылдығы түрілген ескерткіштің қаржысын төлеумен бірге, жаңа үйге қоныстанған Қайраттың туыстарына байғазы ұсынып, мектептің озат оқушыларына Төле би мен Қ.Рысқұлбеков атындағы стипендия тағайындауға қомақты қаражат бөліп, нағыз ұлтжанды азамат екендігін танытты.

Сондай-ақ, ұлтжанды да өнегелі қасиеттерімен ерекшеленген қазақ жастарына Қайрат атындағы сыйлық тағайындалғанда да сабыла демеуші іздеуге тура келді... Мойынқұмдық У.Мансұров пен Ү.Бекбаев, алматылық О. Масатбаевтар жомарттық танытып, алғашқы сыйлықты Омбыдағы қазақтың «Мөлдір» мәдени орталығының төрайымы Алтынай Жүнісова

қарындасымызға 1993 жылдың желтоқсанында Алматыдағы Орталық концерт залында өткізілген «Желтоқсан жұлдыздары» кешінде салтанатты жағдайда тапсырдық.

ҚАЙРАТТЫҢ ҚАЗАСЫ

Желтоқсан көтерілісі десе алдымен Қайрат Рысқұлбеков аталады. Өйткені қасіретті Желтоқсан мен Қайратты бөліп-жаруға болмайды. Себебі Қайрат Желтоқсанның алтын діңгегі. Сондықтан Қайрат көтеріліске қатысқан жастардың жиынтық тұлғасы. Сондықтан да оған Президент Жарлығымен Қайратқа берілген «Халық Қаһарманы» атағы бүкіл желтоқсаншыларға деген құрмет. Сол себептен зымиян, құйтырқы саясатпен оған адам өлтірді деп



жала жауып ең ауыр- ату жазасын тағайындады. Дейтұрғанменен өркениетті елдердің зиялы қауым өкілдерінің сол кездегі Кеңес Одағының көсемдеріне жасаған қысымының нәтижесінде ауыр жаза амалсыздан 20 жылға ауыстырылады. Артынша Семей түрмесінде жұмбақ жағдайда қайтыс болған Қайратты өзіне-өзі қол жұмсадыға ыңғайлап, кейінірек оның туыстарына Жоғарғы Соттың шешімімен «құнын» төлегенсіп, бүркемелі істерін жылы жауып қойғылары келді. Біз бұған келіспедік. Көптеген жылғы әуре-сарсаңнан соң, 1993 жылы 27- шілдеде Қайрат Рысқұлбеков жатқан түрмеге бірнеше азаматпен кіріп, Қайраттың мәйітін қараған дәрігер-сарапшы Болат Шалағановпен пікірлесе келе, оның өміріне қастандық жасалғанын анықтадық.

Қайраттың жанына қосарлана қамалған бірнеше мәрте сотталған қанішер Власенко (ол да кейінірек белгісіз себеппен қайтыс болыпты) дегеннің қолымен Қ.Рысқұлбековтың таңғы тәтті ұйқыда жатқанын пайдаланып жастықпен тұншықтырып өлтірген. Бұл жөнінде «Азаттық» радиосында, «Қазақстан-1», «Хабар-2» телеарнасында, «Ер намысы-ел намысы», «Қайрат және Желтоқсан көтерілісі», «Қайрат.Желтоқсан.Тәуелсіздік» кітаптары мен «Жас Алаш», «Айқап», «Ақ жол» т.б. газеттерде жан-жақты айтылып жазылды. Осыдан кейін ғана сен қозғалғандай болды.

Қайрат Рысқұлбеков атындағы мектептің ұстаздарымен ақылдасып, Президент пен Жоғарғы Кеңеске, сондай-ақ БАҚ-тарға үндеулер мен хаттар жолдадық. Нәтижесінде 1996 жылдың 9-желтоқсанда Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығымен Қайрат Рысқұлбековке «Халық Қаһарманы» атағы берілді.

Соған қарамастан «Егемен Қазақстанның» газетіне берген сұхбатында желтоқсаншы Құрманғазы Айтмырзаұлы: «Ол көпшілікті ұйымдастыруға қатыспаған. Алаңға шыққан 40 мың адамның бірі ғана. Бірақ батырлығы бар, рухани дүниесі мықты жігіт» деп, пікір білдірген. Жоқ, ол көптің бірі емес, бірегейі! Алғаш қыздарымызды қорғаймын деп алаңға шыққан Қайраттың бір бойжеткен қарындасты милиционер шашынан сүйреп бара жатқан жерден құтқарып алғандығын жоққа шығаруға болмайды. 1991 жылы 12-желтоқсанда «Атамекен» газетінде «Тірі куәлер не дейді?» атты материалда Ғ.Насыров:- «Марқұм Қайрат алаңда жиналғандарға;- Жігіттер, үш күнге шыдайық. Үш күннен соң біздің дауысымыз Біріккен Ұлттар Ұйымына жетеді»,- деген жан дауысы әлі күнге құлағымнан кетпейді» деген естелігі бекерден-бекер айтылмаған. Қайрат осы сөзінен кейін тыңшылардың назарына іліккендігі анық.

Өзінің қыршын ғұмырын тәрік ете аяулы ұстазын қорғау-ерліктің нағыз ересен үлгісі емес-пе?!...

ДӘСТҮРЛІ СПОРТ ЖАРЫСЫНА БИЫЛ- 20 ЖЫЛ

Қазақта елін, жерін сүйген, халқының азаттығы үшін шыбын жанын құрбан еткен аптал азаматтар аз емес. Солардың бірі, жас болса да бас бола білген, Желтоқсан көтерілісіне қатысушы, қайтпас қайсар – Қайрат Рысқұлбеков. Шу ауданы орталығындағы мектеп-интернатта 1973-81 ж.ж. сегіз жылдық білім алып, балғын балалық шағы өткен, Халық-қаһарманы-Қайрат Рысқұлбековтың есімі шулықтардың көпшілігіне беймәлім болатын. Сондықтан жас боздақтың рухын қастерлей отыра жастарымызды отансүйгішті – адамгершілікке тәрбиелеу мақсатындағы шараларды жандандыру үшін 1998 жылы Төле би аулына қоныс аударғанмын. Алғашқы қадамымды Қайрат оқып, білім алған С.Шәкіров атындағы мектептің ұстаз- шәкірттерімен танысудан бастадым. Сол кездегі Шу ауданының әкімі Б. Рысмендиевті қайта-қайта мазалай жүре Қайратқа арналған Мұражай бөлмесін ашқызып, 2001 жылы тәуелсіздік мерекесі қарсаңында мектеп қабырғасына тақта-тастың орнатылуына қол жеткіздім...

Бірде, аудан орталығында орта бойлы қара-торы жігіт жолығып қалып;- аға, Марат Жайлауұлымын, шығыс жекпе-жегінен жаттықтырушылық қызметтемін, Қайрат Рысқұлбеков атындағы турнир өткізіп тұрсақ қайтеді, деп, ұсыныс жасады. Айтатынындай-ақ бар екен, Мараттың өзі Қайратпен 1966 жылы туылғандықтан- түйдей құрдас болып шықты. Сол, 2000-жылы тәуелсіздік мерекесі қарсаңында аудандық Мәдениет Үйінде көптеп жиналған халықтың алдында жасөспірімдер мен жастар арасындағы Халық қаһарманы – Қайрат Рысқұлбеков атындағы турнирдің тұсауы кесілді. Алғашында облыстық көлемде өткізіле бастаған турнир бірте-бірте қанатын кенге жайып, республикалық дәрежеге көтерілді.



Жылма-жыл тұрақты түрде тәуелсіздік мерекесі қарсаңында өткізіліп келе жатқан ұлағатты шара- Мәдениет және спорт министрлігі мен Таеквондо федерациясының күнтізбелік жоспарына енгізілді. Әдеттегідей бұл турнирге Қызылорда, Маңғыстау, Қарағанды, Қостанай, Түркістан, Алматы, Ақмола, Атырау, Жамбыл т.б. облыстармен қатар Алматы, Шымкент, Жетісай, Талдықорған, Тараз қалаларынан 250-300 дей спортшылар қатысуда. Жыл өткен сайын шеберліктерін шындай түскен шулық таеквондошылар айтарлықтай жетістіктерге жетіп келеді. Атапайтсам, ағайынды Бахром, Ильхом Асимовтар, апалы-сіңлілі Дүрия-Дария Әділбаевалар мен Меруерт Әшірбекова, Мақсат Чекаев, Тушумова Раушан, Салтанат Тынышбаева, Гүлдана Қасым, Асанәлі Егізбай, Мереке Жүнісова, Жақсылық Бауыржан, Қыдырбай Жасұлан, Махмұтхан Абдрахманов, ағайынды Мұстафа-Ермахан-Нұрсұлтан Тілеуқұловтар халықаралық және республикалық додаларда жеңімпаздар мен жүлдегерлер қатарынан көрініп, Мереке Жүнісова, Меруерт Әшірбекова, Асанәлі Егізбай, Нұрасыл Қуандық, Ермахан Маратұлы еліміздің құрама командасының сапынан орын алды. Ал, Мереке мен Ермахан Азия біріншілігінде жүлделі 3-ші орынды иеленді.. Меруерт Әшірбекова қатарынан екі

мәрте республика чемпионатының жеңімпазы атанып Саха елінде өтетін Азия біріншілігіне жолдаманы жеңіп алғанымен қаржылай қолдау болмағандықтан дүбірлі жарысқа қатынаса алмады. Үстіміздегі жылы 24-шілдедегі Фейсбук парақшамдағы: - «Иорданиядан қуанышты хабарды» назарларыңызға ұсынсам артық болмас;

Қайсарлы табандылығының арқасында биыл жастар мен жасөпірімдер арасында Халық-қаһарманы Қайрат Рысқұлбеков атындағы республикалық турнирді 20- мәрте өткізгелі отырған айтулы бапкер Марат Тілеуқұловтың шәкірті С.Шәкіров атындағы орта мектептің түлегі Нұрасыл Қуандық соңғы жылдары айтарлықтай жетістіктерге жетіп жүр. Атап айтсақ, еліміздің біріншілігінің үш мәрте жеңімпазы атанғанын місе тұтпай, Украина, БАЭ мен Австрияда өткен халықаралық жарыстарда топ жарып, Өскемен қаласында өткізілген Азия біріншілігіне қатысатын жолдаманы сарапқа салатын додада жеңіс биігінен көрінген болатын. Кеше ғана сол Иордания еліндегі кадеттер арасында өткізілген Азия біріншілігінде Нұрасылдың көк байрағымызды аспандата желбірете жүлделі 2-орын алғаны туралы сүйінші хабар жетті. Жарайсың, Нұрасыл, өзің туып-өскен Қазақ хандығының қазығы қағылып, туы көтерілген киелі Шу өңірінің атын осылай көтере бергің! Менің қосымша айтпағым, жоғары жетістіктерге жеткен Дүрия, Дария Әділбаева мен Меруерт Әшірбекова, Гүлдана Қасым да, Нұрасыл да кезінде Қайрат Рысқұлбеков ағалары білім алған С.Шәкіров атындағы орта мектептің түлектері екендігінде өзгеше тылсымды сыр жатқандай сияқты. Қуанышты хабардың ізі суымай, Шу ауданының әкімі Жарылқасын Айтақов Нұрасыл Қуандықты қабылдап, жылы ықыласпен құттықтай отыра сый-сыяпат көрсетті.



Қынжыларлық жайт, Қазақстан құрамасы сапында Нұрасыл осындай айтулы жетістіктерге жеткенімен Ұлттық құраманың кадеттер арасындағы таеквондашылардың бас бапкері Сұранов Мырзағали мен Жамбыл облысының бас бапкері Құрман Мерғали ымыраласып, Өзбекстанның орталығы Ташкент қаласында тамыздың 7-10 аралығында өткен Әлем біріншілігінде Н.Қуандықты шеттетіп, одан жеңіліп жүрген спортшыны апарып көпе-көрнеу бұрмалаулы жолсыздықтарға жол берді. Осындай жорықсыздықтардан кейін жас-жеткіншек спортшыларымызға қандай тәлім-тәрбие көрсетіп, спортымызды өркендете аламыз?! Дейтұрғанменен дағдарысты қиын-қыстау кезеңдерде осындай ауқымды турнир өтізу оңай шаруа емес. Рухани да қаржылай да қолдау қажет екендігі айтпаса да түсінікті. Бұл ретте әрдайым ағалық қамқорлық көрсетіп келе жатқан аудандық мәслихаттың депутаты, № 30 БЖСМ-нің директоры Сәйфуддин Әбдіманапов, Шу қаласының әкімі Бақытжан Тұрғынбаев, «Сауда-Сервис» ЖШС-нің бас директоры Қойшыбеков Аманбек Сүндетбайұлы, Шу мұнай базасының директоры Уәйзілдә Андасбаев, ақын-жыршы Аяз Бетбаев, Шу ауданының Құрметті азаматы, ақын Базарбай Асқартегі, Бақытжан Бексұлтанов, «Желтоқсан тағылымы» Қ.Б. төрағасы Кенжебек Ибраимов, Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі Жұмабек Чекаев т.б. қолдап келеді.

ХАЛЫҚТЫҢ РУХЫ

- Қайрат Ноғайбайұлы Рысқұлбеков – 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісінің қаһарманы. 1973-1981 жылдары Шу ауданы Төле би ауылындағы орналасқан Сәду Шәкіров атындағы мектеп-интернатта оқып, 8 жылдық білім алды. 1981-1983 жылдары Бірлік ауылындағы бұрынғы Киров атындағы орта мектепте оқып, он жылдықты бітірген соң, әскер қатарына шақырылғанға дейін әкесі Ноғайбайға жәрдемші-малшы болып, Көктерек тауарлы-сүт фермасында жұмыс істеді. 1984-1986 жылдары Амур өлкесі Белогор қаласында әскери міндетін абыроймен өтеді. Әскери-саяси қызметтердің үздігі ретінде бірнеше мақтау қағазымен марапатталып, әскери бөлімше командирлері танаасына алғыс айтқан құрмет қағаздарын жіберді.

1986 жылы мамырда әскери борышын өтеп ауылға оралды. Тамыз айында әскери бөлімшенің жолдамасымен Алматыдағы Сәулет-құрылыс институтына келіп сынақтан сүрінбей өтіп, оқуға түсті. Осы жылы 16-18 желтоқсанда болған қазақ жастарының отаршылдық және әміршілдік жүйеге қарсы көтерілісіне белсене қатысты. Бірақ көтеріліс қатыгездікпен жаншылғаннан кейін 1987 жылдың қаңтарында ішкі істер органының қызметкерлері «Алматыда бір төбелеске қатысты» жеген желеумен Рысқұлбековті Мойынқұм ауданының орталығында тұратын нағашысы – М.Асанбаевтың үйінде демалып жатқан жерінен ұстап әкетеді. Кейіннен, көпшілікке мәлім болғанындай, тергеушілер зымиян әрекеттерімен Рысқұлбековке неше түрлі айла-шарғылар қолдана отырып, оны біреудің өліміне кінәлі етеді.

Қазақ ССР-і Жоғарғы Сотының қылмыстық істер жөніндегі коллегиясының төрағасы Е.Грабарниктің 1987 жылы 16 маусымдағы үкімімен Қ.Рысқұлбеков-ең жоғары жаза – өлім

жазасы – атуға бұйырылды. Зиялы қауым өкілдері КПСС-тің Бас хатшысы Мен СССР Жоғарғы Советі Президумының төрағасына Қ.Рысқұлбековтің жазасын жеңілдету туралы өтініштерін жолдады. Кейіннен Қ.Рысқұлбековтың ату жазасы амалсыздан 20 жылға бас бостандығынан айыру жазасымен ауыстырылды. Бірақ Қ.Рысқұлбеков белгісіз себептермен Семей түрмесіне жеткізіліп, құпия жағдайда оның өміріне қастандық жасалды. Желтоқсан көтерілісінің бас құрбаны болған Қ.Рысқұлбеков еліміз егемендік алғаннан кейін Қазақстан Жоғарғы Соты Пленумының 1992 жылғы 21-ақпандағы шешімімен толықтай ақталды. Оған Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығымен «Халық Қаһарманы» атағы берілді.

Тараз қаласында Қ.Рысқұлбеков есімімен аталатын демалыс паркі бар. Сондай-ақ Қ.Рысқұлбековке Тараз қаласында, Мойынқұм, Шу аудандарында, Зайсан мен Семей қаласында ескерткіш орнатылған. Қазақтың қайсар ұлына құрмет көрсету бір сәтте тоқтамаған. 2006 жылы желтоқсан айында батырдың жерлестері оның рухы мәңгі сая тапқан Семейге барғанда Қаһарманға деген құрмет ерекше екенін өз көздерімен көріп, жүректерімен сезінді.

Сол сапардан алған әсерімізді айтуды жөн деп таптық.

... 2006 жылдың желтоқсан айының алғашқы күні Семейді бетке алған мойынқұмдықтардың қатарына Алматы қаласының теміржол бекетінде үш журналист қосылдық. Жолсапардың мақсатын жақсы білсек те Мойынқұм ауданының сол кездегі әкімі Оңдасын Жиенкұлов мән-жайды түсіндірді.

Облыс әкімі Бөрібай Жексембиннің қолдауымен Желтоқсан көтерілісінің

Батыры, Халық Қаһарманы Қайрат Рысқұлбековтің анасы Дәметкен мен бауыры Алтайды ортаға алып, ауданның жиырма азаматы Семей қаласына жол тартуымыздың басты себебі рухы мәңгілік Семей жерінде сая тапқан Қайраттың моласына ел болып барып, туған жердің топырағын апарып, құран бағыштау.

Бұл мәселе біраздан бері біздің ойымызда жүрген болатын. Сол мақсатымызды Желтоқсан көтерілісінің 20 жылдығы қарсаңында жүзеге асырудың жолы түсіп тұр,- деді.

Семей қаласының теміржол бекетінде бізді қала басшылары мен жұртшылық, қоғамдық ұйымдар өкілдері құшақ жая қарсы алды. Олар бірден Қайраттың анасы Дәметкен апайды қаумалап, «Хош келіпсіз!» деп аймалап, аялап жатты. Ана құшағы гүлге толды. Алдымызға бауырсақ пен құрт-ірімшігін тосты.

Көп ұзамай біз Қазақстан халықтарының кіші ассамблеясының «Достық» үйінің алдында граниттен қашап жасалынған Халық Қаһарманы Қайрат Рысқұлбековтің ескерткішінің жанында тұрдық. Тұтас граниттен кеудесіне дейін қашалып жасалынған ескерткіш асқақтығымен, әсемдігімен көз тартады. Ескерткіштің барлық жағына Қайрат Рысқұлбековтің жүрегін жарып шыққан жыр жолдары жазылыпты. Оны тебіренбей, толқымай оқу мүмкін емес. Жамбылдықтар жерлестеріне орнатылған ескерткіштің орынды екеніне көңілдері толып, семейліктерге рахметтерін айтып жатты. Аяз бетімізді қарып, құлағымызды шымшылап жатқанына қарамастан жиналған халық Желтоқсан Қаһарманын еске алу митингісінің төрінен орын алып, шешіліп сөйлеп жатқан шешендердің сөзіне құлақ түрген.

Танымал ақын, сазгер, жыршы Семей қаласы әкімиятының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бастығы Құсмиля Нұрқасым Халық Қаһарманын еске алу митингісін ашып тұрып, әркімді ерлікті қастерлеуге бастайтын ұлағатты сөз маржанын төгіп-төгіп жіберді. Семей қаласы әкімінің орынбасары Тұрсынғазы Жантұяқұлы Мүсәпірбековтың, Мойынқұм ауданының әкімі Оңдасын Жиенқұловтың Тәуелсіздік, Желтоқсан көтерілісі туралы жүрек тербер сөзінен кейін сөз алған Қайраттың анасы Дәметкен Асанбаеваның өксүкке толы сөзі бірте – бірте жайдарланып, семейліктерге деген ризашылыққа толып, лықсып жатты.

- Ұлымның жамбасы жерге тиген Семейге осымен бесінші рет

келіп отырмын. Бұдан бұрын отбасымызбен келсек енді міне ел-жұрты болып, келдік. Кезінде ұлымыздың моласын көруге зар болсақ, енді бар дауыспен «Қайрат Рысқұлбеков», «Желтоқсан» деп ашық айтып, солбір күндердің ұландарының ұлы ерлігін халық болып асқақтатып жатырмыз. Бұл Тәулсіздік таңы атқаннан кейін жүзеге асып жатқанын мен жақсы білемін. Елін сүйген Елбасының, оның халқының Желтоқсан көтерілісінің мән-мағанасын көтере білуінің көрінісі болса керек. 1986 жылдың Желтоқсан көтерілісінің ұландарының қарулы солдаттарға жалаңаш қолмен қасқайып қарсы тұруы Бостандыққа деген ұмтылыстың ұлы ерлігі болды. Жастарымыздың әділетке, теңдікке, бостандыққа жанкешті ұмтылыстары бекерден-бекер болмағанының көрінісі күн өткен сайын салтанат құрғанының куәсі болып отырмыз. Бұл үшін Елбасына, халыққа рахметім шексіз. Әсіресе Қайратымның рухын асқақтатқан семейліктерге деген аналық алғысым демім біткенше таусылмас...

Ана жүрегі діріл қақты, алқымға өксүк толып, көзге жас келді. Халық Қаһарманын еске алу митингісінде сөз алған азаматтардың қай-қайсы болсада егіліп айтты, еңсені көтерер ұлылықты айтты, халқымыздың ынтымақ бірлігін айтты. Солбір қиын-қыстау күндері елінің жарқын болашағы үшін «Еркек тоқты құрбандық, атам десендер атындар!» деп өмірден қасқайып өткен Қайрат Рысқұлбековтің мәйітін түн жамылып, жасырып, жер қойнауына бергені белгілі. Сол кездері Батырдың моласын табуды мақсат еткен семейлік азаматтар да осы жиында сөз алды.

- Мен сол кезде Қайрат қамалған абақтыда еңбек ететінмін. Қанша жасырамын, елге білдірмеймін дегендерге қарсы тұрып, бойында қазақтың қаны бар азаматтар астыртын Батырдың моласын іздестірдік. Сөйтіп жүріп, оны жерлеген түрме қызметкерін тауып алдым. Ақыры әлгі азаматты ертіп бейітке келдік. Ол бірден Қайрат жерленген жерді көрсетті. Барынша жасыру үшін моланың топырағын үймей, шашып тастапты. «Ешқандай өзге ой келмесін, осы жер!» деді ол. Осылайша

Батырдың жатқан жерін таптық. Енді басына белгі қою, алыста Мойынқұм жеріндегі ата-анасын шақыру, тағы да басқа мәселер алдымызда тұрды. Бірте-бірте оның бәрін жүзеге асыра бастадық. Көз жасын бұлап, Қайратының мәңгілік сая тапқан жерін көру үшін, орайы келсе мәйітін туған жерге алып кету үшін Дәметкен апай мен Ноғайбай әкей келді... Енді міне Қайрат дүниеден өткен 18 жылдан кейін туған жердің топырағын әкеп тұрсыздар... Осылай деген Аманғазы Тілеубаевтің көңілі босады.

Аманғазы азамат екен. 1988 жылы ойға алудың өзі қорқыныш ұялататын кезде Желтоқсан батырының моласын іздеп тауып, басына белгі қоюға ұмтылу шын мәнінде ерлікке пара-пар еді. Аманғазымен бұрыннан таныстығымыз бар еді. Екеуміз Алматы Жоғарғы партия мектебінде бірге оқығанбыз. Аманғазымен сөйлескенімде; «Ел басына сын сағат туғанда біз ішімізде бұлқынып жатқан күшті шығара алмай қалғанымыздың есесін мынандай игі іспен қайтару арқылы өзіміздің парызымызды өтегендейміз» деп сыр шертуіде оның азаматтық келбетін сомдай түссе керек.

Ертеңіне Семей қаласының шетіндегі үлкен қорымға келдік. Жанарымыз жалтылдап, Қайраттың бейнесі қашалған құлпытасты іздейміз. Алдымызға Дәметкен апай түсті. Біз соңынан ерідік. Анадайдан қара мәрмәр тасқа суреті қашалып салынған құлпытас көзге түсті. Халық Қаһарманының анасы дауыс салып, көз жасына ерік беріп; «Арманда кеткен, Қайратым!... Садағаң кетейін басыңды бір көтерші... Ел болып, жұрт болып, туған жердің топырағын әкелдік... Торқа болсын...» дегендей сай-сүегіңізді сырқыратар сөздер айтылып жатқанда біз де тұманданған көзімізді сүртіп, Қайраттың басына қойылған құлпытасқа қарай бердік. Қара мәрмәр тастан қашалған құлпытас аппақ дүниенің есігін қақ жарып, орнай қалғандай. Тағы да Қайраттың тасқа қашалған уытты да, семсер сөздері оның нағыз талант екенін, Отанын, Елін, Туған жерін сүйетіндігін асқақтата түседі. Апайға басу айттық.

Ауылдан дайындалып әкелінген қызыл гранит тастың ортасындағы ойыққа туған жердің топырағын салып, қалғаны Қайраттың денесі жатқан жерге шашылды. Ойығына туған жердің топырағы салынған қызыл граниттің үсті қара мәрмәрмен жабылды. Онда мынандай сөздер кашалып жазылған: «Бодандықтан бостандыққа ұмтылған қазақтың жалынды жастарын бастап, Тәулсіздіктің ту ұстаушысының бірі атанған Халық Қаһарманы Қайрат Рысқұлбековтің туған жері – қасиетті Мойынқұм топырағы».

Қаралы митингіге қатысушылар; «Туған жердің топырағы торқа болсын!» деп бет сипап, құран бағыштады.

Сықырлаған сары аязды жарқырап, тастөбемізге көтерілген Күн ысырып тастағандай. Бағанадай емес, бойымыз жылып, кеудемізді әлде бір масатты сезім кернеді. «Өзге» демей, «өзім» деп, құлпытас орнатып, жыл сайын 16 желтоқсан күні Батырдың моласының басында митингі өткізіп, атын асқақтатып, жас ұрпаққа ерлігін үлгі етіп жатқан семейліктерді қалайша мақтаныш тұтпайсыз?!

Күн жексенбі болғанына карамастан Семей қаласындағы Қайрат Рысқұлбеков атындағы мектепке келгенімізде бұл сезіміміз орныға түсті. Мектеп ұжымы мойынқұмдықтарды салтанатты жағдайда қарсы алды. Алдымен Қайратқа арналған мұражайды араладық. Шағын болғанымен жүрек жылуымен жабдықталғаны көрініп тұр.

Мектеп Қайрат дүние есігін ашқан жылы салыныпты. Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамдық бірлестігінің Шығыс Қазақстан облыстық филиалының төрағасы, «Ана тілі» газетінің Семейдегі тілшісі Орал Шәріпбаевтың айтуынша кезінде қоғамдық ұйымдардың белсенділігінің нәтижесінде үлкен қиындықпен Қайрат Рысқұлбековтің есімі көшеге, мектепке беріліп, ескерткіш орнатылыпты. Бұл іске бүкіл семейліктер үлес қосқаны жөнінде жүрек тербей әңгімеледі. Орал мырза алдағы уақытта да бірлесе атқаратын іс аз емес екенін айтып қалды. Солардың бірін ғана айтайын: Мектептердегі

жасөспірімдер ұйымдарына Қайрат Рысқұлбековтің атын беру. Қазір мектептердегі жастар ұйымдарын атау әркімнің қалауынша болып кетуі орын алған. Егер бүкіл еліміздегі мектептердегі ұйым Қайраттың ғана есімімен аталса одан ұтпасақ, ұтылмаймыз. Ол осылайша ой толғайды. .

Мектеп мұражайындағы кездесу ойламаған жерден салтанатты жағдайға ұласып кетті. Біз даңқты жерлесіміз туралы жиған-терген тарихи құжаттар, газет қиындыларын, кітаптар, суреттер тапсырсақ, Мойынқұм ауданының әкімі Ондасын Жиенқұлов пен аудандық мәслихаттың хатшысы Қайрат өскен орта туралы, оның туған жерінің азаматтары мен байлығы жайлы альбом, карта, суреттер тапсырды. Сонымен бірге мұражайдың көрнекі жеріне іліп қою үшін қара мәрмәр тасқа жазылған тақтаны да берді. Онда былай деп жазылған :

Мойынқұмда Жамбыл туып, жыр төккен,

Бұл өңірді ер Жазылбек еңбегімен гүл еткен.

Бұл өңірде Қайрат туып, халқы үшін жан қиып,

Тәуелсіздік көк байрағын мақтанышпен ту еткен!

Бұдан кейін– аудандық ақсақалдар кеңесінің төрағасы Жиенқұл Елубаев бастаған Халық Қаһарманының жерлестері сап түзеген «Жас қайратшылар» мүшелерімен кездесіп, жиырма оқу үздігін осы ұйымға салтанатты жағдайда қабылдап, мойындарына туымыз түстес галустук тақты.

Бәрінен де Семей қаласындағы «Даригаһ» жастар театрының өнерпаздары Қайраттың өмірінен сыр шертетін көріністерді көрсетуі ерекше әсер етті. «Тамаша! Ғажап!» Олардың өнерлеріне тек осындай ғана баға берілді. Көріністі көріп отырып, тебіренбеген, көзіне жас алмаған адам болған жоқ. Одан кейін Тәулсіздік туын көтерген ұландар ерлігі туралы сөз мәйегі ақтарылды. Жамбылдықтар да, семейліктер де тебірене, жүректі тербей сөйледі. Елбасына деген шексіз алғыстарын арнады. Еліміздің болашағына деген сенім туы желбіреді. Желтоқсаншылар ерлігі мәңгілік екенінде айтты.

Осындай сәтте біз ерекше тебіреністе тұрған, көзіне жас үйірілген Семей қаласындағы желтоқсаншылар ұйымының төрайымы Эльмира Жүрсінбекованы әңгімеге тарттық.

- Қазір «Желтоқсан көтерілісі өзінің бағасын алған жоқ» деген сөз жиі айтылып жүр. Әрине атқарылар іс аз емес. Желтоқсан көтерілісінің бағасын халықтың өзі беріп отыр. Мен Желтоқсан көтерілісіне қатысқанымда жасым 17-де болатын. Көрмегенді көрдік... Сол бір күндерді еске алсам көкірегім қарс айырылады. Уақыт емші, таразы. Бәрін орнына әкеледі. Бәрі көңілдегідей болады. Әлі халқы батырларын танып, Желтоқсан көтерілісінің мәртебесін белгілейді, - деді ол.

Мектеп ұжымы қазаққа Қайраттай ұл сыйлаған Дәметкен апайға орамал мен камзол жапты. Мойынқұмдықтар да аянып қалған жоқ. Ескерткіш сыйлықтарын тапсырып, ақ алғыстан шашу шашты. Осы салтанатта ерекше бір айта кететін мәселе--семейлік азамат Аманғазы Исабекұлы Тілеубаевқа Мойынқұм ауданының Құрметті азаматы атағын беру болды. Оның Қайрат Рысқұлбеков жерленген жерді тауып, басына белгі қоюдағы ересен еңбегі жайлы жоғарыда айтқан болатынбыз. Бұл күнде бизнес колежінің директоры қызметін атқаратын ол: « Мен үшін Қайрат туған ауданының Құрметті азаматы атануымнан артық марапат жоқ» деді.

- Мағжан ақын айтқандай «Толқыннан толқын туды» демекші Қайрат ерлігі талай атпал азаматтарды қайраткерлік сахнасына шығарды. Солардың бірі Аманғазы. Ол Желтоқсан батыры тұрмақ, көтерілісін ауызға алмайтын сәтте болашақ үшін еңбек етті. Мұндай азаматты бағаламасқа болмайды. Бұл үшін мен мойынқұмдық азаматтарға, аудан әкімі Оңдасын Елубайұлына шексіз алғысымды айтамын. Ал Аманғазы құрдасыма атағының көрімдігіне бір жылқы атадым,-деген «Егемен Қазақстан» газетінің Семейдегі тілшісі Дәулет Сейсеннің сөзі досының қуанышын шын бөліскендікті көрсетсе керек.

Қайрат Рысқұлбеков атындағы мектеп ұжымымен

қимай қоштасып, орталық мешітке келдік. Мешітте Халық Қаһарманының рухына бағышталып, құран оқылып, ас берілді. Бұл жерде жақында ғана Қайрат ерлігін насихаттап, Семей, Алматы және Жамбыл жерін аралап қайтқан «Ахау-Семей» ұлттық салт-дәстүр білестігінің мүшелері ақ сөздерін жеткізіп, атқарған істерін баяндады. Мойынқұмдықтардың атынан Жиенқұл Елубаев Семейдің барша халқына алғысын жеткізіп, ақ батасын берді.

- Алға қойған мақсатымыздың мінсіз орындалуына қала әкімдігі мен ондағы қоғамдық ұйымдар, жекелеген азаматтар зор қолдау көрсетті. Семейдің қақ орталығында Қайратқа қойылған ескерткіштің алдында, қаһарманның бейіттің басында, батырдың есімімен аталатын мектепте митингілер өтті.


Сонымен бірге қала басшылары Абай елінің, ұлылар жерінің тарихын, мәдениетті таныстыру мақсатында бірнеше музейлерді аралатты. Өнерпаздардың өнерін тамашалап, дуылдатып қол соқтық. Өнерлі, өнерді ерекше қастерлеп, қадірлейді екен. Қаланың бас мешітінде Халық Қаһарманының рухына бағышталып ас беріліп, құран оқылды. Семейліктердің батырдың рухын асқақтатқанын, оған деген ыстық махаббатырын көріп, көңліміз толды. Мойынқұмда Семей жерін Мойынқұмға жақындатар шараларды жүзеге асырсақ, Абай елімен, даналар жерімен қоян-қолтық аралассақ деген арманды да ала қайтты.

- Осы сапарымда мен Қайратымның халықтың ұлына айналғанына көзім бұрынғыдан да жетті. Семейліктерге, Жамбыл облысы мен Мойынқұм ауданының әкімдеріне деген аналық рахметім шексіз. Елбасының саясаты еліміздің барлық өңірін нұрландырғанын тағы да сезініп, қайғы жұтқан көңілім қуаныштың нұрына толды,-деген Дәметкен апайдың сөзі бәрімізді тебірендірді.

2006 жыл, желтоқсан.

* * *

2011 жылдың соңында Қайрат Рысқұлбеков туып-өскен Мойынқұм ауданына семейлік, Мойынқұм ауданының Құрметті азаматы Аманғазы Тілеубаев бастаған зиялы азаматтар келді. Олар Халық Қаһарманының табаны тиген жерлерді аралап, елмен кездесіп, батырдың туғар жерін таныды. Дәметкен апайға құрмет көрсетіп, ұзақ өмір тіледі. Алдағы уақытта мойынқұмдықтар мен семейліктердің қарым-қатынасы тұрақты болатындығын екі жақтың да азаматтары айтты.



III ЖАМБЫЛДЫҚ ЖЕЛТОҚСАНШЫЛАР

АЛМАТЫДАН ХАБАР

Алматы. 18 декабрь. (ТАСС). Кеше кешкісін және бүгін күндіз Алматыда ұлтшыл элементтер арандатып салған оқушы жастар тобы көшелерге шығып, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің жуырда болған пленумының шешіміне наразылық білдірді. Бұл жағдайды бұзақылар, арамтамақтар және қоғамға жат басқа да адамдар пайдаланып, право тәртібінің өкілдері жөнінде правоға қарсы әрекеттер жасады, сондай-ақ бір азық-түлік магазинін, жекеменшік автомобильдерді өртеді, қала азаматтарына қарсы намысты қорлайтын әрекеттер жасады. Заводтарда, фабрикаларда, жоғарғы оқу орындарында, басқа да еңбек коллективтерінде болып өткен жиналыстар, сондай-ақ қала мен ауданның партия және комсомол активтері Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті пленумының шешімін мақұлдады және оқушы жастар тобының ешқандай негізсіз іс-әрекеттерін айыптап, бұзақыларға батыл шаралар қолданылуын, қалада толық тәртіп орнатылуын жақтады. Осы бағытта қолданылып жатқан іс-қимылдарды еңбекшілер қолдауда. Олар совет және партия органдарының жүргізіп жатқан шараларына белсене қатысуда. Барлық кәсіпорындар, мекемелер, оқу орындары, магазиндер, тұрмыстық қызмет, қала транспорты қалыпты жұмыс істеуде.

«Лениншіл жас». 20.12.1986 ж.

**ЖЕЛТОҚСАН КӨТЕРІЛІСІНЕ
ҚАТЫСҚАН ЖАМБЫЛДЫҚТАР**

*(Мәліметтер аудандық ішкі саясат бөлімдерінен
және жеке дерек көздерінен алынды)*

Тараз

**«ЖЕЛТОҚСАН АҚИҚАТЫ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІГІНІҢ ФИЛИАЛЫ
МҮШЕЛЕРІНІҢ ТІЗІМІ:**

Санат Конарбаев
Исмайл Хаджимуратов
Карлығаш Күзекова
Сағит Темирбеков
Мұрат Бердалиев
Күлпаш Есентаева
Нұрболат Сапарбеков
Кенжебай Пшанов
Мейрамкүл Айнабекова
Гүлнар Токабаева
Жәмила Дартаева
Манарбек Әбілмәжүнұлы
Гаухар Оразбекова
Ерік Аманжолов
Ақсұлу Таңсықбаева
Әлимаш Мұсаева
Гүлмира Жуанышева
Эльмира Джуанышева
Базарбек Бакбергенов
Джанар Қамысбаева

Абісейіт Сыдықов
Гүлнара Сыдыкова
Гүлмира Сағынтаева
Досберген Сағынтаев
Шолпан Сейдуалиева
Талғат Маемгенов
Ләззат Пірімқұлова
Лесбек Алтаев
Өмірзақ Айдаралиев
Ержан Ерденев
Назира Кеңесбаева
Г. Ыбраева
Ұлбосын Сырымбетова
Жанат Пірімқұлова
Ұланбике Сейдуалиева
Ахмет Бекболатов
Қатира Ахметова
Ералы Кыргызбаев
Сайлаухан Ашанов
Алтынай Үсібалиева

ЖАМБЫЛ АУДАНЫ:

Гүлмира Абатова
Мұқан Мырзабай
Назира Кеңесбаева
Қарлығаш Кузекова
Мейрамкүл Айнабекова
Жамиля Дартаева
Есенбек Амиртаев

ЖУАЛЫ АУДАНЫ:

Бауыржан Үсенов
Уалихан Сәулембаев
Ляззат Әшірбекова
Нұрғали Есмұратов
Алдабек Нұрлыбаев

ҚОРДАЙ АУДАНЫ:

Айгуль Шотанбаева
Ботагоз Сатыбалдиева
Айша Карибаева
Гулназ Таукенова
Меруерт Абуева
Зауре Нурманова
Шынар Абдралиева
Дариға Стыбаева
Майра Орналина
Майра Сауранбаева
Орынкуль Аубакирова
Айгүл Мауленова
Дина Айтжанова

Нұрсұлу Әшімтаева
Сарсенғали Садырбаев
Несіпкүл Мадышева
Бакберген Дауталин
Мейірхан Қырықбаев
Гүлбақыт Абдразақова
Бақытхан Атагелдинов
Ғабит Билдебаев
Күлжахан Елемесова
Гүлсара Сағынбекова
Орынкүл Бейсенбаева
Мадина Кулиясова
Асқар Тұрлыбаев

Эльнура Минискулова
Майра Дәуренбекова
Ақылсара Тоқсейітова
Бибігүл Абдамбаева
Ләззат Төлегенова

Айкеш Турлымбекова
Жанат Парманбекова
Нұрдаулет Дайынбаев
Гүлшат Қожабердиева

МЕРКІ АУДАНЫ:

Нышан Базилов
Мұратқали Ахметханов
Алия Егембердиева
Гульмира Жуанышева
Элмира Джуанышова

МОЙЫНҚҰМ АУДАНЫ:

Жанас Арымбеков
Мақсат Малбағаров
Нұржан Сәденов
Ләйла Қожагелдиева
Жанат Орынбаев
Закира Мүлкібаева
Манарбек Смағұлов
Шаракүл Қожабекова

САРЫСУ АУДАНЫ:

Кенжебек Қарақұлов
Анипа Шыныбаева
Нұржан Есмаханов
Бану Аманжолова
Зауре Аманжолова
Сауле Жусипбекова

Гауһар Тәкенова
Гауһар Сайрамова
Шайбала Шажалиева
Дариға Ыдырысова
Ғазиза Ерсейтова

ТАЛАС АУДАНЫ:

Жамбыл Асқаров
Эльмира Әбиева
Мырзағали Байдуалиева
Тұрсынқұл Байболатова
Гулнара Жұманалиева
Назым Есенқұлова
Жанатбек Есқараев
Ғалым Қартабаев
Әділхан Қалаубеков
Нағашбек Кибаев
Сәрсен Көпешбаев
Шахан Меркібаев

Гүлшат Мәдібекова
Тұрғанай Мусаева
Күләш Өтепбергенова
Бейсбек Сейдуанов
Зина Сикымбаева
Үртай Төлепбергенова
Жалғасбек Тәукебаев
Накипбек Тезекбаев
Баян Танатарова
Қанат Шыныбеков
Нұрлан Шоқалақ

ТҰРАР РЫСҚҰЛОВ АУДАНЫ:

Бауыржан Құрымбаев
Сабира Налибаева
Лаззат Қалабаева
Орынбасар Омарова
Адилбек Қадирханов
Сандуғаш Шарипханова

Нуржамал Бейсенова
Бақытжан Құрымбаев
Бейсеналы Саркүшіков
Сая Ибраимова
Роза Айбасова

ШУ АУДАНЫ

«Желтоқсан тағылымы» қоғамдық бірлестігінің мүшелері:

Кенжебек Ибраимов- төрағасы
Ғалия Есболғанова
Серік Сасықбаев
Әділхан Үсікбаев
Света Бұхарбаева
Айгүл Құсыбекова
Әділ Нұрсейтов

Курманғали Керімқұлов
Сакен Джаксыбаев
Марат Ақжігітов
Амангелді Бұлантаев
Бесіншібай Белеков
Сәмбетқұл Бірімқұлов
Асылзат Шадибаева

Оразғайша Дауталиева
Серік Дауталиев
Бахтыгүл Омарова
Гүлбарам Тұрлыбек
Қажыкен Бектібаев
Қали Қораласбаев
Гуля Әділбаева
Бейсенхан Қоңырбаев
Гүлнұр Құлмаханбетова
Бану Үмбетжанова
Ардақ Аймамбетова
Айгүл Кенжебекова
Раушан Шоманова
Нұрбәтима Ахметова
Ләззат Алдабергенова
Бекзат Шыныбекова

Ләйла Адамбекова
Эльмира Имашева
Жексенбай Ошанов
Бақтыбек Абдахметов
Қанат Оразымбетұлы
Ринат Ембердинов
Нұрғали Онашбаев
Ерлан Байжанов
Ерғали Прембердиев
Жеңіс Қойтелиев
Қали Қамбаров
Қайрат Рахметов
Кенжебай Отарбаев
Гүлназым Таубалдиева
Қайрат Дуйсебаев
Жумагул Елтаева



Шұлық желтоқсаншылардың бір тобы

Ғалым, жазушы, ұстаз Темірбек ҚОЖАКЕЕВ:

АДАМ БОЛЫП КЕЛГЕН СОҢ...

Қазақта кейбір ұл-қыздарымыздың іс-әрекетіне, қызметіне риза болғанда айтылатын «адам екен», «азамат екен», «ұл боп туған екен», «жігіт екен» дейтін анықтама-бағалаулар бар. Мен де «ойланайықшы, адамбыз ба?» деген сауалды азаматтар алдына осы мағынада қойып отырмын. Әдеттегі «адам болу – ардақты ат», «адам болу оңай емес», «лауазымың кім болса, ол болсын, ең алдымен адам болуға тиістісің» деген талап шарттар да осы тұрғыдан қойылған. Н.А. Некрасовтың «ақын болмасаң да, азамат болуға міндеттісің» деген пікірі де осыған саяды.

Осы мағынадағы Адам атына ие болу үшін ұл-қыздарымыздың алдына биік талаптар қойылады. Сол талаптарды орындағанда ғана, сол талаптардың үдесіне шыққанда ғана олар көптің аузына ілінеді, «адам екен» деген атқа ие болады. Шүкіршілік, мұндай адамдар халық ішінде әр кезде-ақ болған, қазірде де бар. Ақан серінің бір кездегі:

Құзырға қырық кісінің бірі жарар.

Біткен жоқ қой жақсы адам елден құрып, - дегені рас.

Үлкен әріппен жазылатын, биік мағынадағы адам болудың басты көрінісі – өңмендеген өзімшіл болмай, ең алдымен елдің елдігін ойлау, жұрттың жоғын жоқтау, яғни халық үшін қызмет қылу, осы ниетті көбігі көп бос сөзбен емес, іспен, қызметпен көрсету. «Ер жігітке жарасар халқына тиген пайдасы» дейді. Сонда ғана кісінің мерейі өседі. Адам аты шығады, жұрт сүйіспеншілігіне бөленеді. Қазір халқымыз Ахмет пен Міржақыпты, Мағжан мен Жүсіпбекті, Тұрар мен Нәзірді, тағы басқа зиялыларын неге көкке көтеріп жатыр, неге ардагерлеріміз, арыстарымыз деп отыр? Еліне еткен еңбегі үшін, халқының тәуелсіздігі, теңдігі жолында күрескендігі үшін, елін оқыған тоқыған өнерлі ел қатарына сүйрегені үшін, сол жолда бастарын

бәйгеге тігіп өздерін отқа да, суға да салғаны үшін. Осы үшін де халық оларды Адам деп, Арыс, Ардагер, Азамат деп біледі. Әрбір ұл-қызын осылардай болса екен, ел үшін осылардай еңбек етсе екен деп тілейді.

Ал, республика астанасындағы жоғары оқу орындарының ректорларының көбі қазақ ұлтынан болып кетті, оларда оқитын қазақ жастарының саны да көбейіп кетті, орден, медаль, атақ алып жатқандардың көбі қазақтар деп өз халқын күндеген, өз халқына іштарлық жасаған, өз халқын болмасын деген, өз халқына «қазақ ұлтшылдығы» деген таңба басқан, аз қазақты алалаған, «ала қойды бөле қырыққандай» бүтін бір аймақты, яғни Оңтүстік облыстарының адамдарын арам көрген, оларға дүмшелер, бұзықтар, құлар, сұмдар деп айдар таққан, шылп етпей жала жапқан Зақаш Қамалиденов сияқтыларды халық адам, азамат деп айта ма?

Партиялық лауазымды пайдаланып бірер жылда бүкіл Алматы облысының елін еңіреткен: партиядан шығарып, жұмыссыз қаңғытқан, талайдың тағдырын тәлкек етіп, сол кәтігездігі мен басбұзарлығын «мықтылығым», «батылдығым», «жарамдылығым» деп түсініп, мақтан еткен М.Мендібаевты кім деуге болады? Мұндайларды халық «әлемнен озған алаяқ озып бір кетсе, ойқастар», «қаныпезер, бұзақы жігіт кездессе, тыныш жатқан еліне дау келтірер» (Бұқар жырау) деп әр кез әшкерелеп отырған.

Бұл қос «қайраткердің» де кім екенін халық қазір айтып, бет-перделерін сыпырып, өз орындарына отырғызды емес пе?

Бұлардың әупбатырлығы ердің атын ел шығаратындығын, ер елмен ғана ер екендігін ескермегендігінде: ел болмаса, халық болмаса, сұлтанның да қажеті жоқтығын, адам болмаса – пейіштің де керексіздігін түсінбегендігінде болдық, толдық, енді біздің бетімізге ешкім де келе алмайды, не істесек те өз еркіміз деп оспадарлыққа, озбырлыққа салынғандығында: түбі әркімнің-ақ таразыға түсерін, кімнің кім, ненің не екенін халықтың парықтай алатындығын, көпті жамандағанның көмусіз қалатындығын

білмегендігінде. Осыдан барып олар «ақылдың лауазым өктем болса –қайғы» дегеннің шын екендігіне көз жеткізді.

Ел-жұртқа Адам болып танылудың, адам екенінді мойындатудың екінші бір басты шарты – екі иығындағы басыңның өзіндікі болуы, айналадағы болмыс-құбылыстарға өз арыңмен, өз ақылыңмен баға беріп, өз пікір, өз ойыңды жалтақтамай, батыл айта білуде. Көбімізде осы жоқ, тіпті іске араласып жүрген жоғары білімді лауазым иелерінің көбіне осы жетіспейді.

Олары өмірлік келелі істер, кадрлар тағдыры, қоғам мүшелерінің тағдыры шешіліп жатқанда өзіндік бетін көрсете алмайды. «Қожайын не дер екен, оның көңілінен шықпай, арандап қалар ма екем» деп бұғып отырады, өзінен жоғарғының аузына қарап, ойын бұғып, жалтақтық танытып, бас көтере қоймайды. Дұрыс-бұрысына қарамай бастықтың пікірін тотықұстай тақ етіп қайталап, қолдап қол көтере қояды. Яғни, бастықтары не айтса, «бас изейді шыбындап». Осыдан барып қоғамға, адамға, іске пайдасыз, қате қаулылар қабылданып, теріс шешімдер шығарылады. Бұлар дамуымызға үлкен кесір келтіреді. Бұған әлгі айтылған З.Камалиденов, М.Мендібаевтардың көп елді зарлатқаны, небір азаматтарды сорлатқаны дәлел. Билік тізгінін қолға ұстаған кейбір ұрдажық әкімдердің айтқандарының болғаны, дегенін істегені – осы құлшылықтың, жалтақтықтың, ашығын айтқанда, сужурек, сорлылықтың нәтижесі; айналасындағылардың әлгілердің басбұзарлығына тойтарыс бере алмауының, қудалауды құптау кесірі, адам тағдырын шешіп жатқанда өзіндік бет көрсетіп, өзіндік пікір айта алмауының салдары.

Көп кісілердің мұндай табан бүрсіздігін – өзім де талай көрдім, тақсиретін тарттым. Апелляциямды қарап жатқанда қалалық партия комитетінің бұрынғы хатшысы М.Шорманов: - Сіздер Ө.Жолдасбеков бәріңіз, университетке оңтүстік өңірдің балаларын көп алып, орыс жастарын аз қабылдап, перекоc жасап, өздеріңізді партиядан шығаруға негіз бердіңіздер»; сол кездегі

облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы М.Мендібаев: - «Сіз өз ауданыңыздың жастарын көп оқытқансыз, қазір 25 адам журналист дипломымен жұмыссыз жүр екен, осы үшін-ақ енді партия қатарында бола алмайсыз», - деп құлаққа кірмейтін кінәлар қойғанда отырған бюро мүшелерінің бірде-бірі «бұл қалай?» деп күдік келтіруге, пікір білдіруге жарамады, тек қол көтеріп, құлдық ұрды.

Бас көтеріп жүргендердің көбінің осындай күнгебағарлығын, айтқанынан шықпайтындығын әбден біліп алған жоғарыдағы лауазым иелері олардың желкесіне, одан әрі міне түседі, теріс те, арам әрекеттерге батыл барады. Тіпті, табансыздарды заңсыздықтарға айдап салады. Ол бишаралар оған да көніп, шұлғып, қожайынының айтқанын орындауға құлшынып бағады. Халықтың «Көргенге сен, естігенді тексерген жөн» дегенін ескеріп, бұған естіген емес, өзім куәсі болған, өз басымнан өткен хикаялардан дәлел келтірейін.

1986 жылдың басынан бастап, екінші рет Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің хатшысы болып келген З.Қамалиденов университетке, оның ішінде журналистика факультетіне ерекше шүйілді. Қалай болғанда да ректор Ө.Жолдасбеков пен декан мені құртуды ниет еткен сынай танытты. Факультетке Д.Р.Бибиковті комиссия бастығы етіп, В.Крупенев дегендерді арандатып бізге қарсы айдап салды. Сонда олар әділдік көрсетіп, шындықты айтудың орнына хатшының көңілінен шықпақ боп, біздерді әйтеуір айыптауға тырысып бақты. Оқу-тәрбие жұмысы жақсы жолға қойылған, сабақ үлгерімі жоғары қоғам жұмысы жағынан ауызға ілініп, үнемі социалистік жарыс жеңімпазы аталып жүретін журналистика факультетіне тек қара күйе жағуға жандарын салды. Мені кінәлап, айыптау үшін бүкіл коллективтің еңбегін жоққа шығарып, табысын мансұқ етуге барды. Студенттері дым білмейді, дайындаған кадрлары түкке тұрғысыз деп соқты. Факультетте тек оңтүстіктің балалары оқиды, орыс жастарына тежеу салынған, декан Қожакеев факультетті әкесінің оқу

орнына айналдырған, оған оқытушы етіп тек туысқандарын жинаған деген қисынсыз жала жапты. Шындыққа жанаспайтын бұл өтірікті көріп-біліп отырып, комиссия құрамына енген бұрын өз түлектеріміз де бұған қолын қойып, табансыздық танытты. Міне, осы адамдық па, осы да азамат ісі ме?

Өз ниетін жүзеге асыруға болатын анықтама дайындатып алған соң З.Қамалиденов қалалық партия комитетінің номенклатурасындағы мені Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті Секретариатына алып шықты. Комиссияға қалыңдап қаралатып алған соң шешініп тастап мінбеге З.Камалиденовтің өзі шықты. Ол факультет жұмысы жөнінде ауызды қу шөппен сүртті, мені жерден алып, жерге салды. «Кісі өліміне себепкер болғансың», «Пиночетсің», «тыңшылар, андушылар ұстағансың» деген жалалар жапты. «Биліктің қолы ұзын» деген емес пе, Секретариатқа есеп карточкама жазылған қатаң сөгіс жарияланып, «декандықтан босатылсын» деген қарар қабылдаты.

Бірақ мұнымен З.Камалиденов қанағаттанбады. «Қуырдақтың көкесін түйе сойғанда көресін» дегендей, озбырлықтың орасанын онан ары көрсете берді. Ең алдымен Секретариат қаулысын бұрмалап, оған «Т.Қожакеев кейбіреулерді сын үшін қудалаған, қызмет бабын пайдаланып, баласын партияға өткізген, аспирантураға түсірген. Ол кафедра меңгерушілігінен де босатылсын, баласы партиядан да, аспирантурадан да шығарылсын» деген жамаулар жамап, коллективті мүлде басқа қарармен таныстырды.

Камалиденовтің дегені болды. Университет басшылары 1986 жылы 5 мамырда мені декандықтан ғана емес, конкурстан өтіп сайланған кафедра меңгерушілігінен де босатты. Баламды аспирантураны тастауға мәжбүр етті. Осы сорақылықты да көріп отырғандардың ішінен «бұл басбұзарлық қой» деген бір адам, бір азамат шықпады. Қайта жалған мінездеме жазып, жалақорлық пікірлерге қол қойып, жоғарыға жағынушылар аз болмады.

Қатардағы профессор жұмысына ауыстырылған мені сол 1986 жылдың шілде айында сол кездегі жоғары және орта арнаулы білім министрі К.Нәрібаев шақырды. Арада мынадай әңгіме болды:

- Жолдас Қожакеев, өз еркіңізбен, дау-дамайсыз арыз беріп университеттен кетіңіз!

- Неге?

- Жоғарыдан нұсқау солай.

- Жоғарыдан болғанда, қайдан?

- Орталық партия комитетінің Ғылым және оқу орындары бөлімінен.

- Нақты кімнен?

- Бөлім өз бетінше мұндай нұсқау бермейді. Демек, бұл – идеология жөніндегі хатшының бұйрығы.

- Қылмысым жоқ, қабырғасында 40 жыл өмірімді өткізген университетті тастай алмаймын.

- Онда өз обалыңыз өзіңізге. Партиядан, жұмыстан қуылып, қаңғып қаласыз.

- Тағдырдың салғанын көрдік...

Төзім таусылды. З.Қамалиденовтің соңымызға шырақ алып түскеніне көз жетті. Бұл қиянатты баяндап Саяси Бюро мүшелері СОКП Орталық Комитетінің хатшысы Е.К.Лигачев, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Д.А.Қонаев жолдастарға шағым жолдадым. Кейін белгілі болғанындай, екі шағым да өзімді сорлатып отырған З.Қамалиденовтің қолына тиіпті. «Құдай берді, қанды басың бері тарт» деп ол қаһарына қайта мінді. Осы шағымды тексерген болып, жаңа жалалар жауып, мұны мүлде құртайын деген қара ниетке кетті.

Бір күні мені Ғылым және оқу орындары бөлімінің қызметкері И.Ботанов шақырды. «Жоғарыға шағым жазыпсыз, бізге келіп түсті. Комиссия құрып, тексеру маған тапсырылды. Қане, қандай документтеріңіз бар, өткізіңіз!» деді. Мен өзіме қойылған кінәнің көбі жала екенін, негізсіз екенін дәлелдейтін көптеген құжаттарды алдына жайым салдым да, бұлардың

нөмірлері, жазылған айы, күні бәрі шағымда көрсетілгенін, түп нұскаларын? университеттен алуға болатынын, көшірмелерін бере алмайтындығымды айттым. Бұдан кейін мен Ботановты, ол мені көрген жоқ.

1986 жылы желтоқсанда университет парткомының сол кездегі хатшысы В.Чесноков шақыртыпты. Бардым. «Сіздің шағымыңыз бойынша Орталық Комитеттен құрылған комиссияның қорытындысына сәйкес арыз беріп, өз еркіңізбен университеттен кетіңіз, жұмыс тауып алыңыз!» дейтін ұсыныс жасады. «Ол қандай комиссия, менің шағымым бойынша құрылып, менімен сойлеспеген, қоятын кінәсін маған айтпаған, ол туралы менен түсінік алмаған, қорытындысымен мені таныстырмаған неткен комиссия» деген реніш білдірдім. Кімнің сырттан өсек жинап жүргенін ашып айтуды талап еттім. «Оны Орталық Комитеттен сұраңыз, қазір арыз жазып, жөніңізді табыңыз» деп бұйырды Чесноков. «Бұл өз бұйрығыңыз ба, әлде басқа жақтан ба?» деп сұрадым. «Бұл Қамалиденовтің бұйрығы» деп ол ашық айтты. Менің жауабым: «Құдайдың бұйрығы болса да, кете алмаймын» болды. «Онда партиядан шығарып, қуамыз» деп ежірейді ол. «Партия сенің қолжаулығың емес шығар, партиялығым сенің қолыңда болса жолыңнан қалма» дедім. Мен пақыр айналамдағы қызметтес жолдастарға, факультет коммунистеріне, партком мүшелеріне сеніп, олар мұндай бас бұзарлыққа жол бермес, азаматтар бар ғой деп жүрмін баяғы.

Келесі күні Ғылым және оқу орындары бөлімі меңгерушісінің сол кездегі орынбасары В.Романовқа бардым. Ол комиссияның жұмыс істегенін, қорытындысы университетке жіберілгенін айтты. Сөйтсем, баяғы Ботанов факультеттегі оқу-тәрбие жұмысын жүргізудегі жауапсыздығы, еңбек тәртібін бұзғандығы үшін менен «жәбір» көргендермен астыртын байланыс жасап, маған кір келтіретін материалдар жинапты, сыртымнан құстаналап қорытынды жасапты, оған өзімен бірге, мені көрмеген екі жолдасқа қол қойдырып, «қожайынының» бұйрығын орындапты, сөйтіп жақсы атаныпты. Айтыңыздаршы,

осы да адаммын деп жүргендердің істейтін ісі ме? Азаматтық ар, коммунистік жолдастық қайда?

Бұл тұста Ботановқа мені қаралайтын жалалар жинап беруде профессор Т.Амандосов ерекше белсенділік, қабілеттілік көрсетті, небір әрекеттерге барды. Ол факультет қызметкері Д.Баялиеваны үйіне шақырып алып, жастарды тәрбиелеуге мені сенімсіз адам тапқызып, жұмыстан шығаруға негіз беру ниетімен факультеттегі бір лаборант, бір студент келіншектердің атын атап, «Қожакеев осылармен жақын қатынас жасайды, оларға айына 50 сомнан ақша беріп тұрады. Мен білемін, бұл рас» деп жазып бер. Қазір комиссия істеп жатыр. Оның бастығы Ботанов – өзіміздің адам» деп үгіттеуге дейін барды. Дәмелі көнбеді, кейін оны бұл туралы тиісті орындарға жазып та берді.

1987 жылы 12 қаңтар, дүйсенбі күні «Сізді Чесноков шақырады» деген хабар келді. Әдетте, партком мәжілісі сәрсенбі күндері өткізілуші еді, жай сөйлесуге шақырған болар деп барсам, парткомның 12-13 мүшесі жиналыпты. Факультеттен Амандосов бастаған менің бірсыпыра «достарым» шақырылыпты. Чесноков «партком мәжілісі ашық. Жолдас Қожакеевтің жоғарыға жазған шағымы бойынша Орталық партия Комитетінен құрылған комиссияның қорытындысын қараймыз» деп жариялады. «Комиссия жөнінде менің хабарым жоқ, онын қорытындысымен таныстырып, менен түсінік алмай қалай қарайсыздар?» дедім. Чесноков «өзіңіз айтыңыз, не туралы жазып едіңіз?» деп сұрады. Мен 15-20 минут өзіме жасалған қиянат туралы баяндадым. Онан соң Амандосов, Сопкин, Дмитровский дегендер мені қаралап сойледі. Бұдан кейін Чесноков маған «сыртқа шыға тұрыңыз» деді. Жарты сағаттай уақыт өткен соң мені қайта шақырып: «Партком мүшелері сізді партиядан шығарып, жұмыстан босату туралы шешім қабылдады» деп хабарлайды. «Негіз қайсы, тоқ етер тұжырымдарыңызды айтыңыз» деп едім, «кейін хабарлаймыз» деді. Партком мүшелерінің мен туралы не айтқаның, кімнің қандай кінә қойғанын естігенім де жоқ, айыбымды біліп,

мойындауға мүмкіндік берілген де жоқ. Міне, мұны да адамдық, азаматтық, коммунистік жолдастық деп білеміз бе?

Артынан жоғарыдағыларға «лөппай тақсыр, не бұйырасыз» деп құрақ ұшып тұрған, өзіне-өзінің еркі жоқ сол кездегі ректор Е.Ерғожин: «Бұдан былай жастармен жұмыс істеуге болмайтын биморальдық әрекет жасағаны үшін профессор Т.Қожакеев КЗоТ-тың 248-статьясының 3-пунктімен 1987 жылдың 16 қаңтарынан бастап жұмыстан шығарылсын» деген бұйрықты бұрқ еткізді. «Биморальдығы несі?» десем, баламыз екеуіміздің бір көмекші оқу құралын кафедра, методбюро бастыруға ұсынғаннан кейін, проблемалық совет шешімін оның мүшелерінің жеке-жеке берген келісімінің негізінде жасалғанын «фальсификация» деп бағалапты да, осыны «биморальдық әрекет» деп маған жапсырыпты. Бұл, әрине, қисынсыз қиянат еді. Түк таппаған соң осыны тілге тиек етіп, университетте 5 жыл оқып, үздік бітірген, 35 жыл еңбек етіп Жоғары оқу орнының озаты атанған, ұзақ жылғы мінсіз қызметі үшін «Құрмет Белгісі» орденімен наградталған, кандидаттық, докторлық диссертацияларды өндірістен бір күн қол үзбей жүріп жазып, қорғаған, филология ғылымының докторы, профессор адамды қызметтен қууға қол қойды. Адамдық, адам қасиетін білу, қайта құрудағы факторын түсіну осындай болды.

Бірақ жоғарыдан түскен нұсқауды ойламай орындауға дағдыланған Ерғожин жағына қоям деп жалбақтап жүріп мүлт кетіпті. Мені жұмыстан қууға кәсіподақ келісімін алмапты. 22 қаңтар күні кадр бөлімінің бастығы қайта шақырып, «жұмысқа шыға тұрыңыз, кәсіподақ шешімінен кейін жаңа бұйрық берілетін болады» деді. Бұл жауапсыздық пен сауатсыздықты пайдаланған менің факультеттегі «достарым»: «Қожакеев еңбек тәртібін бұзды, 12-22 қаңтар күндері жұмысқа шықпады» деп рапорт түсірді. Бұл тұста Ерғожин университет кәсіподақ бюросына мені қызметтен босатуға келісім сұрап қатынас жолдады. Оның бастығы Т.Ахметов елдің құкын қорғау, адамдарға арашашы болудың орнына «Қожакеев документті

фальсификациялап, биморальдық жасағаны үшін қызметтен шығаруға келісім берілсін» деген ұсыныс түсірді. Бұл сәтте кәсіподақ президиумының мүшелері де өз қамы, өз наны үшін басқаны құрбан етуден, итере салудан тайынбайтынын танытты. Бұл орайда көрген адамдық-азаматтық, принципшілдік дегеніміз осы болды. Амал не деп күрсіндік.

Мұндай бассыздықты, басқаның тағдырына немкетті қараушылықты көрер көз, түзер ерлер кейін де кездесе қоймады. 3.Қамалиденовтің қаһарына ілінген «күнәһәр болғандықтан, желкемізде қыдыып партия атын жамылған лауазым иесі сол тұрғандықтан қалалық, облыстық орындардағы жолдастар да, қара қылды қақ жаратын», «әділ» дейтін кейбір соттан да, «заң сақшысымыз, ешбір заңсыздыққа жол бермейміз» дейтін прокурорлар да дәудің ыңғайында кетті, батылдық, өзіндік бет, кісілік таныта алмады.

Кейбір «қайраткерлердің» қиянатшылдығы, төмендегілерді белден басып, тізеге салуы, жандайшаптардың соған жол беріп, мақұл көріп қолдауы қоғам мүшелерінің наразылығын туғызады. Мұны олар мемлекеттік жүйемізден, үкімет пен партиядан көреді. Партиямыз туралы қазіргі кейбір теріс түсінік, оған деген күдік, сенімсіздік, сөз келтіру – бәрі солардың кесірі, партия беделінің түсуіне солар кінәлі!

Өзіндік беттің, принциптің жоқтығы – әркімнің өз атына кір келтіретін, абыройсыздыққа дұшар ететін қасиетсіздік. Біле-білсек, адам өмірінің басты жемісі, артта қалдырар қымбат мұрасы – оның жақсы атағы, ел есінде жағымды жан ретінде қалуы. «Жақсының аты өлмейді» деу де осыдан. Ал әлгіндей жайдақ, жалпақшешейлер мен табаны бүрсіздерді жұрт кейін «жер барып жамандамасын, адам емес еді», «қасиетсіз еді», «жемі бардың тауығы еді», «жора-жолдасты сатып кете беретін опасыз еді» деп даттап жүретін болады.

Қожайыны қалай қарай бет бұрса, соның аяғы болып, солай қарай жүруге дайын тұратын, айт десе бара салып бас салатындар

басқаның соры. Олар біреуді ұстап беріп, жақынды жатқа сатып, оны құртуға көмектесіп, елдің обалына қалады.

Небір азаматтарды қайғы-қасіретке ұшыратып, денсаулығына зиян келтіреді, өміріне қауіп төндіреді, олардың үй-ішіне, балашағасына да үлкен күйзеліс әкеледі, шаңырағын шайқалтады.

Бақ көшсе, ақылына қарамайды
Жақсыны жаман адам табалайды,
Деген, міне, осы. Бұларға айтар кеңес:
Жігіттер, жаман сөзді кәсіп етпе,
Құрбынды өзің теңді басым етпе, -
Болуға тиіс.

Теріс болса да, басшының ойындағысы орындалсыншы, арам да болса, соның ниеті жүзеге асыншы деп жандайшаптық жасау жүгенсіз жүрген, «әй дейтін әже, қой дейтін қожасыз» қалған басбұзар басшыларды асқындырады. «Дегенім болады екен, ананы да, мынаны да құртайын» дегізіп арандатады, бұрынғыдан да о жар, озбыр ете түседі. Бұл ойы іске аспаса, ызаға булығып содырлы әрекеттерге барады. Осылайша «басшысы нашар жолығып, ынтымақ кетсе, ел ғарып» болады.

Бұл айтылғандардан шығатын қорытынды – әркім өзіне-өзі ие болуға тиіс. Жағымпаздық, жалтақтық жасамай, өз ары, өз намысы алдындағы жауапкершілікті сезуі керек, өз қадір-қасиетін, өз құнын білгені жөн. Өмірден адам боп, азамат боп өту – парыз екенін еш ұмытуға болмайды. Әрқайсысымыз-ақ бір мезгіл өзімізге-өзіміз: - Осы мен адаммын ба? – деген сауал қойып, ойланайықшы!

(«Сұхбат», 1-15 ақпан, 1991 жыл).

*Қали Қамбаров, «Желтоқсан»
қоғамдық бірлестігінің тең төрағасы:*

«ТЕНДІК, ӘДІЛДІК ҮШІН ЖАН ПИДА» ДЕП АЛАҢҒА ШЫҚТЫҚ...



- Еркіндікпен, әділеттік іздеген талай жастарымыздың өміріне ауыр соққы болған Желтоқсан көтерілісі менің де өміріме өшпес белгі қалдырды. 1979 жылы Шу ауданының орталығы Төле би ауылындағы Мұхтар Әуезов атындағы орта мектепті үздік бітіріп, сол жылы Алматы зоотехникалық-ветеринарлық институтының мал дәрігерлік факультетіне оқуға түсіп, 5-курсында оқып жүргенмін. Бұл аралықта Совет Армиясы қатарында әскери борышымды да өтеген болатынмын. Аз да болса өмірдің ащысын да, тұщысын да көріп, әділетсіздік пен кемітушіліктің запыранын ішіп үлгірген мен сияқтылар алаңға қаймықпай шығып, бар дауысымен әділдікті, тендікті талап етті. Соның қак ортасында өзімнің болғанымды мақтаныш етемін. Өзімнен жас жігіттердің жігерін жанып, тайсалмауға, қорықпауға үндегенім де рас. Ұсталдық. Қамаққа жапты. Тергеудің қатаң түрлерін қолданды. Шыдадық. Мойымадық. Біреуге жала жауып, өзгені қараламадым. Ақыры СССР Қылмыстық Кодексінің 60-65 баптары бойынша: «Совет Үкіметіне қарсы үгіт- насихат жұмыстарын жүргізгені үшін» және «Жаппай бүліншілік пен тәртіпсіздік ұйымдастырғаны үшін» деген жаламен Алматы қалалық сотының өкімімен 3 жылға күшейтілген режимде өтеуге бас бостандығымнан айырды. Түрменің тар қапас бөлмелерінде небір сұмдықтарды, сұрқиялықты көрдім. Бізге деген көзқарастың жақсысын да, жаманын да көрдік.

Бізді бостандыққа алып шыққан, сол өзіміз отын жаққан

Тәуелсіздіктің алауы. 1991 жылғы 12- желтоқсандағы Егемендік Декларациясын жариялап үлгерген Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «1986 жылғы 17-18 желтоқсандағы Алматы қаласындағы оқиғаға қатысып, қылмыстық, әкімшілік және тәртіптік жауапкершілікке тартылған азаматтарды АҚТАУ туралы» Жарлығына сәйкес толығымен ақталдым.

Тәуелсіздікке қол жеткізу үшін күрес, соның нәтижесінде түрмеде көрген қорлықтар мені және мен сияқтыларды шыңдады. Еркіндікке қол жеткізу оңай емес екенін бұрынғыдан да жақсы түсіндік. Абақтыдан шыққаннан кейін енді Тәуелсіздігіміздің баянды болуы үшін жаңаша еңбек ету, өмір сүру қажеттілікке айналды. 1990 жылы аталмыш институтты бітіріп, туған ауылым Шу ауданындағы «Алға» совхозында 1996 жылға дейін мал дәрігері болып қызмет еттім. Бұл кезде әлі де ақталмаған желтоқсаншылардың зары маған жетіп жатты. Алматыға бардым. 1997 жылы республикалық «Желтоқсан» қоғамдық бірлестігін құруға белсене қатыстым. Осы бірлестіктің төрағасы болып сайландым. 2004 жылдан қазірге дейін осы ұйымның тең төрағасымын. Білімімді жетілдіру үшін және басқа бағытта еңбек ету үшін

Қожа-Ахмет Яссауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінің тарих факультетін бітірдім.

2017 жылдан бері Республикалық «QazaQ» газетінің шеф-редакторы қызметін атқара жүріп қоғамдық жұмыстарға белсене араласудамын. Армия генералы С.Нұрмағанбетов атындағы Халықаралық патриоттық – қайырымдылық Қорының атқарушы директоры бола жүріп, халқымыздың рухын көтеру бағытындағы жұмыстарды ұйымдастырып жүрмін.

Өткен жылы меценат Махмұд Нәлібаевтың қолдауымен «Қараш-Қараш» фильмінің экранға шыққанына 50 жыл толуына орай еліміздің барлық өңірлерінде кино режиссер Болат Шәмшиевпен кездесулер ұйымдастырдық. Бұл фильм қазақ рухына өте жақын. Теңдік, әділеттік үшін жан пида етуге дайын азаматтады шыңдайды, қайрайды.

*Жазушы Мақұлбек Рысдәулет
Батырхан Қозыбақовтың естелігінен:*

ҚАБАҚТАРЫМЫЗҒА МҮЗ ҚАТТЫ... БЕТІМІЗДІ ҚАН ЖУДЫ...



Алып империяны дүр сілкіндірген Желтоқсанкөтерілісіне 30 жыл болса да оның ызғары, тоңы жібіген емес. Қайта уақыт өткен сайын сол бір ызғарлы күндерді жана көзқараспен пайымдау, зерделеу үдей түсті. Мен сол бір кезенді еске алудан, тіпті,

басымнан өткен ауыр сәттерді өзгеге айтудан тартыншақтап жүргенімді жасыра алмаймын. Несін жасырайын, жүрегімді үреймен алып қойғандай күйді басымнан кештім. Қорқытты... Қорқытқанда да қатты қорқытты. Әлі күнге дейін түсіме кіреді. Шабалаған иттің, таяқтарын сілтеп жатқан милицияның, «мама», «папа», «көке» деп жылап-еңіреген жастардың дауыстары құлағыма келеді...

Тәуелсіздік алдық. Ер жетіп, есейдік, етек-жеңімізді жинап, өзгелерге танылдық, таныттық... Тәуелсіздік қана көсегемізді көгертетінін түсіндік. Енді басымызға қонған бақыт құсын ұшырып алмай, қазақ жерінде ұя салуы үшін жанымызды беруге даяр ұландар өсірсек одан артық бұл өмірде не бар?! Қасиетіңнен айналайын Тендік, Әділеттік, түптеп келгенде, Тәуелсіздік үшін күрескен желтоқсаншылар қатарында мен де болдым. Бірақ

алғашқы күні саналы түрде емес екенін де айтуды жасырмаймын. Қызығушылықпен басталған әрекет саналы қарсылыққа ұласты. Бәрін басынан бастайын ...

Өткен жыл Желтоқсан көтерілісіне арналған «Жас Алаш» газетінің саны қолыма тиді. Желтоқсаншы бір топ жастардың суретіне көзім түсті. Бажайлап қарасам, желтоқсаншылардың бір тобының арасында мен де тұрмын. Желтоқсан көтерілісінің екінші-үшінші күндері орталық алаңға барғанымызда суретке түсірушілер өте көп болған. Мен мұндай оқиғаны бұдан бұрын әскер қатарында жүргенімде басымнан өткізгендіктен сақтықты ұмытпадым. Басымды тұмшалап, жүзімді көрсетпеуге әрекет еткенмін. Сондықтанда мен желтоқсаншылар арасынан суретімді көрем деп әсте ойлаған емеспін. Сөйтсем, олай емес екен. Көп жастың ортасында тұрған менің де суретім айшықталыпты. (Суретте ақ сызықпен қоршалған мен).

Мен әскерге дейін үйленгенмін. Жаны жәнәттә болғыр әкем Тойбек Мойынқұмның құм жалды даласында өмірбаки қой баққан. Бар дүниесін менен аямаған. Оқуымды, яғни, жоғары білім, мамандық алуымды қалады. Тіпті, жаңа түскен келінінің де оқуына жағдай жасады. Шынын айтайын оқуға зауқым соқпады. Жұмыс істеуге ұмтылдым. Сөйтіп жүргенімде әскерге баруға тілек білдірдім. Совет Армиясы қатарында жүріп саны көп ұлттан талай қорлық, зорлық-зомбылық көргенім бар. Кемітіп-мұқату үнемі орын алатын. Бірақ қайсар мінезім олардың алдында иектірмеді. Осы мінезім сол азапты Желтоқсан көтерілісінің күндері де мені сақтап қалды ғой деймін. Қанша ұрып-сокса да мойымадым. Армиядан келген соң әкем мені Алматыға жіберді. Сонда құрылысшы, тіпті, такси жүргізушісі болған кезім де болды. Сөйтіп жүргенімде бір кісі үш мың сом ақшаға, пәтер алып беруге уәде берді. Шапқылап Мойынқұмға жеттім. Әкем сөзге келместен ақшаны молынан берді. Әлгі кісі мен үй алу үшін алдымен сол мекемеге жұмысқа орналасу қажет екенін айтты. Оны да өзі шешетіндігін жеткізді. Бірақ бұл шаруа ұзаққа созылып кетті. Жұмыс та жоқ, оқу да жоқ болған соң

әкеме көмектесейін деп сол 1986 жылдың желтоқсан айының 12-жұлдызында Мойынқұмға келдім. Әкеме жағдайымды түсіндіріп, үй алу үшін күту керектігін айттым. Өзімнің көмектесуге келгенімді де жеткіздім. Әкем бірден ашу шақырып: «Сенің міндетің – оқу! Сондықтан да мен барлық жағдайды жасаймын. Жұмыс істемесең де, оқымасаң да, оқыған балалардың жанында жүріп қаланың тәртібін, мәдениетін үйрен», деп қайтарып жіберді. 16-желтоқсан күні Айнабұлақтағы пәтеріме келіп, ұйқыға бас қойдым. Түсқайта пәтер иесінің сіңілісі Теміртауға кететін болды. Маған вокзалға шығарып салуды өтінді. Пәтер иесінің Кенжебек атты баласы аурушаң болған соң үй иесі оны көп жұмсамайтын. Вокзалға келсем, халық ығы-жығы. Үрпіскен, бір-біріне сыбырлай сөйлейтін адамдарды көріп таңқалдым. «Қонаевта не әкелерінің құны бар екен? Ол кісіні алмастыратын Қазақстанда бір қазақ табылмай қалды ма?!» деген сөздерді құлағым шалып қалды. Білгенім, ұзақ жылдар Қазақстанды басқарған Димаш атамызды қызметінен тайдырыпты. Орнына сырттан бір орыс келіпті. Оған дәл сол кезде айтарлықтай мән берген де жоқпын. Қайтадан пәтеріме келдім.

Сол күні түсқайта Кенжебек екеуіміз үшінші қабатқа көтеріліп, үй иесі апайдан тығылып, темекі тарттық. Әр нәрсенің басын шалып, әңгімелесіп отырғанымызда жасы 30-35-тер шамасындағы әдемі киінген көрікті жігіт келді. «Сендер не істеп отырсындар? Бүкіл қазақ көтеріліп жатыр. Менің партбилетім бар. Дауысымды шығара алмаймын. Сендер сияқты жұмысшылардың қорқатын ешнәрсесі жоқ. Көшеге шығындар. Қазақтың намысын таптатпаңдар» деді. Біз көшеге шықтық. Бірінші, екінші, үшінші Айнабұлақ шағын ауданының қиылысындағы көпірдің маңына жиналған нөпірді көрдік. Әр жерден милиционерлер да қылаң береді. Не керек, сол күні түнгі сағат екіге дейін 300-ге жуық адам Айнабұлақты басымызға көтеріп, қазақ теңдігі, ұлт болашағы, оның бүгінгі селкеуленген тағдыры туралы жалындата сөйлегендердің сөздерін тыңдадық. Ақыры ортақ келісімге келіп, ертең таңертең бесте осы жерге

жиналып, орталық алаңға баруға шешім қабылдадық. Түнімен дөнбекшіп, ұйықтай алмадым. Соқыр кеуделі адам болып кеткенімізге таңғалдым.

Таңғы сағат бесте кешегі жерге келсек жан адам жоқ. Аяз бетімізді қарып, аяғымызды тоңдырды. Ұзақ тұрдық. Енді кетуге бет алғанда бір келіншек келді. Оның соңынан адамдар келе берді... келе берді... Сағат сегізде біздің қарамыз көбейіп, 300 адам адамдай болып қоқыландық. Содан біреулердің ақылымен сап түзеп, Шәмшінің «Менің Қазақстаным!» өлеңін айтып, анда-санда; «Әр ұлттың өз басшысы болуы керек!» деп ұрандап, адымдай Сейфуллин көшесімен жоғары көтерілдік. Әлі есімде, шыңылтыр аяз болғанымен аспан ашық еді. Ақ басты Алатау алдымызда жарқырап көрініп тұрды. Көңілдіміз. Жігіттер мен қыздар жалындап, ұлтымыздың келбеті мен тағдыры туралы айтқан сөздері жанымызды рахатқа бөлегендей, сол кезде тап қазір қазақ үшін жанымызды беруге дайын екенімізді сезіндік. Жоғары көтерілген сайын жол бойында бізге қосылғандардың қатары көбейе түсті. Есесіне дауысты күшейткіш аппараттар арқылы бізді, бізді емес-ау, қазақты қорлаған сөздер айту да жиіледі. Әсіресе, мұндай көріністер үлкен дүкендердің жанына келгенде көрініс алды. Біз атойлап дүкенге кірсек, қаңырап бос тұрған сөрелерді ғана тамашалап, кері қайтамыз. Дүкенші де, дүкендегі зат та жоқ. Мұндай көріністер бір емес, бірнеше рет қайталанды. Қазір ойлап қарасам, мұның бәрі арандату екен. «Дүкенді тонады», «өртеді» деген пікірді орнықтыру үшін жасалған. Оған ол кезде мән берген жоқпыз. Адымдай, ұрандай алға ұмтылдық. Партия бізді тыңдайды, халықпен санасады деп ойладық.

Алаңға жеткенше жолда болған тағы бір оқиға есімде қалыпты. Алдымыздан шыққан автомашишалар бізге жол беріп жатқанда маңдайында «Связь» деп жазылған бір дүңгіршек машина алдымыздан шықты. Бізге жол берер емес. Таптап кетердей. Жүгіріп, машинаның кабинасына ұмтылдық. Жүргізушінің оң жағындағы кабинаның есігін бір жігіт екеуіміз

қосарлана, айқайлай аштық. Біздің көзімізге алғаш түскені екі тапаншаның бізге қарай бағытталып тұрған ұңғысы болды. Жанымдағы жігіт одан да тайсалмай, әлгілерді жұлып алуға ұмтылған кезде, тапанша тарс етті. Жігіт ішін ұстай жалпасынан түсті. Бәріміз оны көтеріп, жолдың шетіне шығара бергенде, әлгі машина көзден ғайып болды. Жігіттің киімін шешіп, ауырған жерін көрдік. Кіндігінің тұсынан оқ тиіпті де, арқасын қопарып, тесіп өтіпті. Жігітті әлдебіреулер көтеріп, ауруханаға алып кетті. Біз тағы да алаңға қарай ұмтылдық. Абай көшесіне жақындағанымызда, алдымыздан 20 шақты қыз-жігіттер шығып, ереуілшілер студенттер тығыз қоныстанған жатақханаларға бет алғандығын, милиция алаңдағыларды ұрып-соғып, таратқандығын айтты. Бізге алаңға бармауға кеңес берді. Елеріп алған жастар тоқтасын ба?! Ағын судай тағы да алға ұмтылдық. Алаңға келсек, адам көп екен. Жаңағылардың өтірік айтқанына мен сол кезде таңқалғаным бар.

Уақыт өткен сайын қатарымыз көбейгенімен, бізді қоршаушылар да молайды. Биік-биік қалқандары бар, қолдарына дубинка ұстаған, ақ тон киген жазалаушылар барған сайын бізді қусырып, жақындай түсті. Біз де иіріліп, бір-бірімізге тығылысып, дауысымызды бұрынғыдан да көтеріп, «Менің Қазақстаным!» әнімен алаңды жылытып тұрғандай болдық. Түске жақын ба, әлде түс кезінде ме биік қалқандылар шабуылға шықты. Біз де аянбадық қолымызға түскен таспен оларды атқыладық. Бірақ мұздай қаруланған, ит жетектеген, арнаулы дайындықтан өткендер қойсын ба?! Біздің тобымызды тез-ақ ыдыратып, яғни бөлшектеп, алаңдағы ауыл шаруашылығы министрінің ғимаратына тықсыра берді. Жазалаушылардың шабуылы барған сайын қатая түсті. Аямай ұрды. Тартымбай тепкіледі. Қызсың ба, ұлсың ба, оған қарап жатқан ешкім жоқ. Шыңғырған, жылаған, айқайлаған, лағнет айтқан дауыстар ақ басты Алатаудың биік шындарына дейін жеткендей болды. Қалың кара тоныммен басымды қорғаштап, жан сауғалап, қашып кетуге ұмтылдым. Кенжебек қайда қалды, өзім қайда жүгіріп

бара жатырмын, ажыратып жатқан мен жоқ. Сүйтіп бас сауғалап жүргенімде жон арқадан тиген ауыр соққы мұз қатқан асфальт жолға жалп еткізді. Сүйреп барады, теуіп барады. Соққылары ауыр. Көзімді ашсам, алаңдағы орталық комитеттің алдында қолымызды желкемізге айқастырып, тізерлеп отырғызып қойыпты. Келтек темірлермен қаруланған орыс жігіттері қалтамызды тінтіп, қыздардың сақина, сырғаларын тартып алып жатты. Есім шығып кетті. Жан-жағымдағы адамдардың жүзіне қараймын. Бір жас жігіттің оң көзі шарасынан шығып, ауызына дейін салбырап түсіп тұр. Енді біреудің басы жарылып, бет-ауызын қан жуған. Жанымдағы бір жігіт қолы сынғанын айтып зарлайды. Әлден соң бізді тепкілеп, ұрып әкеп автобусқа тиеді. Тайлаған шөптей қысып, жанымызды сығып, көзімізден сан жұлдыздарды ұшырып, ауыр соққылармен автобустың ішіне тоғыта берді, тоғыта берді. Қайдан келгенін білмеймін, менің жаныма келген үш милиционер ай-шайға қарамай «кеше біздің жолдасымызды сен өлтірдің» деп ұра бастады. Мен кеше алаңға келмегенімді айтып зарладым. Олар оны тыңдамады. Автобус қай көшемен келе жатқанын білмеймін, зулап келеді. Алдыңғы жақта отырғандықтан, милиционерлердің рациямен сөйлескен сөздерін естіп келемін. Олар бірде бізді Алатау, енді бірде Калинин түрмелеріне әкетіп бара жатқанын айтса, енді бірде Алатаудың Алма-Арасан аңғарына қарай алып бара жатқанын хабарлап жатты. Дембіл-дембіл әлгі милиционерлер мені ұра бергеннен соң, елдің үстімен автобустың артына қарай қаштым. Осы кезде ЛАЗ автобусының артқы терезелері сынып, одан сыртқа қарай қарғыған адамдарды көрдім. Автобус қанша жылдам жүріп келе жатқанына қарамастан, жігіттер мен қыздар бірінен-соң бірі секіріп жатты. Мен де секірдім. Аяғымның ауырғанына қарамастан, қалың қарды омбылай жүгірдім. Бір қарасам, аяқ киімім жоқ. Шұлықпен ғана жүгіріп келем. Жүгіру қайда, қара саннан келетін қалың қарды омбылай әрең жүріп келемін. Бір кезде арт жағыма көзім түсті. Ақ қардың үсті тыпырлаған, жыбырлаған қара дақтарға толып кеткендей

көрінді. Не десек те қаштық. Қанша жүгіргенімізді, қанша қашқанымызды білмеймін, бір көшенің қиылысына келгенімізде, алдымыздан ит жетектеген милиционерлер мен солдаттар тағы шықты. Кейін қарай қаштым. Сол Гагарин көшесінің айналасы болу керек, бір қарасам, бір үйдің шатырына шығып кетіппін. Сырғып бір үйдің арасына, аула емес, ауладағы бір қуысқа құлап түстім. Жатырмын. Қашан милиционер келіп ұрып-соғуын күтудемін. Қашан екі қолымнан көтеріп, сүйретіп алып кетеді деген қорқыныш тағы бар. Әлден соң біреу үстіме «ыңқ» деп құлады. Өне алып кетеді, міне алып кетеді деп ойлап қоямын. Бірақ әлгінің тынысы құлағымды жарып барады. Жата бердім. Қоршаудың арғы жағында жылағандардың дауысы, «мамалап», «папалап» айқайлағандардың, жанайқайға салып жылағандары, шабалап үрген иттің дыбысы құлаққа келеді. Қоршаудың арғы жағынан бір орыс шалының бізге тесіліп қарап тұрғанын көрдім. Менің көргенімді ол да байқады. «Вы правильно делаете. Этой системой только бороться надо» деді. Мен жылап жібердім. Өрмелеп, әлгі қоршаудан шығып, шалдың артынан еріп, үйге кірдім. Қалтамда мол ақша бар еді, соның он сомын алып шалға бердім. «Ешкімге айтпа, милицияға хабарлама» дедім. Ол ақшамды алмады. Әлден соң менің жалаңаяқ тұрғанымды көріп, жап-жаңа галош әкеліп берді. 10 сомдықты тағы ұсындым, алмады. Сөйтіп тұрғанымда, қабырғадағы айнаға көзім түсті. Өзімді-өзім танымай қалдым. Бетіме, қабағыма қан аралас мұз қатып, ұзын бұйра шашым неге ұқсап кеткенін өзім де айыра алмадым. Түрім қорқынышты. Қайтадан шатырдан құлап түскен жеріме бардым. Әлгі жігіт әлі жатыр екен. Қалш-қалш етеді. СХИ-да бірінші курста оқитын болып шықты. Атын айтып еді, есімде қалмады. Жап-жас үлбіреп тұрған бала. «Аға» дейді, маған жалбарына қарап, «мені тастамаңызшы» деген сөзді қайта-қайта айта береді. Шабалаған ит, айқайлаған адамдардың дауыстары басылған сәтте, жан-жағымызға тағы да бағдарлай қарадық. Аяғыма киген ұлтарағы қалың галош бойымды жылытып бара жатқандай. Шашыма, бетіме қатқан қан еріп, төмен сорғалады.

Жігітке «такси ұста» дедім. Мен көшеге шығуға қорықтым. Түрім өте бір қорқынышты еді. Таксист бақытымызға қарай кавказдық жігіт болып шықты. Ай-шайға қарамастан «Айнабұлаққа тарт, сдачаның керегі жоқ» деп 10 сом бердім. Ол кезде 10 соммен Алматыны он айналып шығуға болады. Әлгі жігіт, ақшаны қалтасына салмай, жанына қоя салды. Үн қатқан жоқ. Біз де үнсізбіз. Шофердің жүзіне қарадым, қабағы қатуланып, мұрты едірейіп, қалың еріндері жыбырлай береді. Қайта-қайта жанарын сүртіп қояды. Мен қорқып кеттім. Рациясымен біз туралы хабарлап жатыр екен деп ойладым. Желкесінен төніп келіп қарасам, ол әлде кімдерді өз бетінше балағаттап, боқтап келеді екен. Бір жерге келгенімізде, жанымыздағы жігіт; «Мына үйде менің әпкем тұрады, мені тастап кетіңізші» деп жалынды. Оны қалдырдық та, мен Айнабұлаққа жеттім. Үйге келсем, әйелім байыз таппай, бір орында олтыра алмай, сенделіп жүр. Үй егесі егделеу апа ұлы –Кенжебегін сұрады. Мен білмейтінімді айттым. Апай шашын жайып жіберіп, бетін тырнағымен осып-осып жіберіп, бар дауысымен «жалғызым» деп жылай берді. Басын қабырғаға соққылайды. Шошып кеттім. Шынымды айтсам, шошуға күшім де жоқ. Апайдың айқайына қарамастан, талықсып барып, қалғып кеттім. Ұйқтаппын. Апай оятты. Басын таңып алыпты. Кенжебек келіпті. «Аман-сау. Ал сенің әйеліңнің толғағы келді. Жедел жәрдем шақыру керек» деді. Шошып кеттім. «Ай-күні келген жоқ қой» дедім. «Ештеңе етпейді, алты айлық та бала болып кетеді» деді. Осылайша 1986 жылдың 19-желтоқсанында шошынған әйелім өмірге Аяулым атты алғашқы қызымызды дүниеге әкелді. Жас нәресте өлім мен өмірдің арасында үш ай бойы ауруханада жатты. Алғашқы күндері әйеліме тамақ апарып, күн сайын жолығып тұрғаныммен, көшедегі патрульдер ұстап, қайта-қайта тергеп, ұра берген соң, біреулердің ақылымен ауылға қайтпақ болдым. Оның үстінде сол күндері Айнабұлақтан алаңға барғандарды жаппай ұстау басталған болатын. Ізшілер; «Связь» деген жазуы бар машинаның нөмірін айтқандарға ешқандай жаза қолданбаймыз»

деп жалған хабар таратып, келгендерді тоғытып жатты. Бір-бірін көрсету белең алды. Милицияны көрсем айналып қашатын болдым. Ақшамды алып үй әперем деген кісі де таптырмай кетті. Жамбылдағы әпкеме телефон шалып, жағдайды айттым. Ол «Мойынқұмға келме, кеше біреудің баласын ұстап алып кетті. Жамбылға кел» деді. Әйелім мен қызымды қалдырып, қалталарына мол ақша салып, азын-аулақ көрпе-төсек пен ыдыс-аяғымызды арқалап, мен Жамбылға қаштым.

Жамбыл көпке дейін құшағын ашпады. Қай жерге барсам да, Алматыдан келгенімді білген соң, жұмысқа алмайды. Ақыры Алматыдан келгенімді жасырып, Мойынқұмнан екенімді айтып жүріп, жүнді алғаш өндеу фабрикасына жұмысқа тұрдым. Көп ұзамай комсомол-жастар бригадасына жетекшілік еттім. Бригадамыз озаттар қатарына ілігіп, құрмет тақтасында жарқырады. Сырттай Жамбыл жеңіл және тамақ өнеркәсібі технологиясы институтын бітірдім.

Қанша көңілім көтеріліп, тасым өрге домалағанымен, сол бір күндердің ауыр сәттерін ешқашан да ұмытпаймын. Қызыл иттерге таланып, табанында тапталғанымға күйінемін. Бір-бірімізді сатып, көрсеткеніміз есіме түссе, жүрегім қан жылайды. Егер Тәуелсіздік таңы атпағанда мандайымыздың соры қандай болатынын бір Алла біледі. Сол кездері ақыл айтып, жол көрсетеді, қорғанымыз болады деген ағаларымыз да бұғып қалғаны әлі ойландырады. Сөз көп, іс жоқтан құдай сақтасын!...

Мақұлбек Рысдәулет:

«ГАЛСТУКТЫҢ ҚҰЛДАРЫ...»

- Желтоқсан көтерілісі туралы еске алғанда 1986 жылдың 16-18 желтоқсанында Алматының алаңдары мен көшелерінде өткен оқиғалар мен бірге галстук таққандар айналасында айтылған сөз есіме түседі. Есіме түседі деймін-ау, жадымнан ешбір шығар емес десем өтірік болар едім. Ол кезде мен Алматы Жоғарғы партия мектебінде тыңдаушы едім. Сол жылдың қараша-желтоқсан айларында «Қонаевты орнынан алады екен» деген сөздер жиі естіле бастады. Бізді сол кезде бір нәрсе ғана толғандырды: «Қонаевтың орнын кім басады?». Бұл сауалды бір-бірімізге қоюдан жалықпадық. Ақыры 16 желтоқсан күні «Москвадан партияның мықтылары Қонаевты қызметінен босату үшін келіпті» деген сөздер тыңдаушылар арасына тез тарап кетті. Пленум түске дейін өтсе де ресми хабар берілмей, тек күндізгі сағат үште ғана Москвадан Қонаевтың қызметінен босатылғаны, орнына Колбин дегеннің сайланғаны туралы хабар таратылды. Бұл өзі партия жарғысының талаптарына қайшы келетін шешім болатын. Себебі Колбин Қазақстан Коммунистік партиясының есебінде тұрмайтын еді.

Түскі ас ішіп, асханадан шыққандар елімізде болған саяси оқиға туралы пікір алмасып, күннің ызғарына қарамастан далада ұзақ тұрдық. Сол айда облыстық газеттердің партия тұрмысы бөлімінің меңгерушілері бір айлық курста оқып жатқан. Олардың арасында бүгінде елімізге танымал азаматтар да болды. Солардың бірі бұл күнде Парламент депутаты, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, жазушы Алдан Смайыл. Ол ашына сөйлеп, КПСС Орталық Комитетінің шешімі дұрыс емес екенін, мұның ақыры жаман болатындығын да айтып қалды.

- Бұл не маскара! Қазақстаннан Димекеннің орнын басатын бір лайықты азаматтың табылмағаны ма?

- Басқа республикада бұлай істей алмас еді...
- Басынғаны, қазақты халық деп санамағаны ғой...
- Мұның соны жақсылыққа апармайды,-деген сияқты сөздер айтылып жатты.

Түнімен әр бөлмеде бас қосқандар осы тақылеттес әңгімелерді жалғастырды. Танертең әдеттегідей топ жетекшісі болған соң сабаққа ерте келдім. Неге екені белгісіз сабақтың басталатын уақыты болса да тыңдаушылар кешігіп жатты. Профессор Ораз Баймұратов оқу бөлмесінде ары – бері жүріп, тыңдаушыларды үнсіз күтіп жүр. Жүзі сынық. Осы кезде аудиторияға деканымыз Зейнолла Әйтiмов кiрiп келдi.

- Сабақ болмайды. Тездетіп клубқа жиналындар. ЧП!-деді.

- Қандай ЧП, не болып қалды? –деп, орнымнан тұрып, деканға жақындадым.

- Алаңға партияның шешіміне наразы болған жастар жиналып жатыр,-деді.—Арты қан төгуге ұласып кетпесе болғаны, - дегені. Жүрегім зырк ете қалды. Онда жағдайдың мәз болмағаны ғой. Профессор Ораз Баймұратов бізден сабақты сұрамаса да қатысып отырған 5-6 тыңдаушыға «5» деген баға қойып, журналға қолтаңбасын қойып, маған берді де жайлап шығып кетті.

Мектептің клубына тыңдаушылар лық толыпты. Төрде орталық партия комитетінің және біздің мектеп коммунистері есепте тұратын Фрунзе аудандық партия комитетінің жауапты қызметкерлері жайғасыпты. Кім екені есімде жоқ, біреуі орнынан тұрып сөйлей жөнелді.

- Партияның шешімімен келіспейтін бір топ жастар Брежнев алаңына жиналып жатыр. Сендердің міндеттерің солардың ортасына кіріп, топты таратуға күш салу. Олардың арасына тек қазақтардың ғана барғаны жөн. Ұлт саясатын түсіндіріңдер. Жағдайды ушықтырмауға күш салындар. Болды. Тез барындар,-деді. Біз мектептен

шықанымызда сол еді, қолдарында ұрандар жазылған траспаранттары бар, сап түзеген жастар біздің алдымыздан өтіп, бұрынғы Ленин көшесімен төмен қарай кетіп бара жатты. Біз де солардың артынан ілестік. Араларына кіруге бата алмаймыз. Қолдарында пролетариаттың көсемінің портреті, ұлт саясатына байланысты сөздері жазылған плакаттар. Анда – санда «Қазақстанға -- қазақ басшы!» деп ұрандайды. Сапты бұзбайды. 28 панфиловшылар саябағына қарай екпіндей жүрді. «Россия» дүкенінің алдына келгенімізде шет жақта кетіп бара жатқан тәпене бойлы жігіттің қолынан ұстай алып; «Қайда барасындар, талаптарың не?» деген сұрақ қойып едік, жас бала бізден қаймығып, бүгжендей бастады. «Студенттерге барамыз, олар да бізге қосылады. Олардың жатақханалары осы манда көп» деді. Жанымда тұрған қызылордалық Берік атты жігіт тағы да сұрақтар қоя бастап еді, саптан сұңғақ бойлы, әдеміше келген жігіт біздің жанымызға келді де; «Сендер кімсіңдер!» деп дүрсе қоя берді. Біз үнсізбіз. «Жүр кеттік» деп тәпене бойлы жігітті жетектей жөнелді. Әлден соң бізге жалт қарап; «Сендер бізге қосыласындар ма?» деп сәл үнсіз қалды да, жауабымызды да күтпестен бар дауысымен күліп; «Е..сендер галстуктің құлы екенсіңдер ғой... Сендейлер бізге қосыла алмайды!» - деп бұрылып жүріп кетті. Біз не дерімізді білмей тілімізді тістеп, состиып қала бердік...

Шындықты айтты. Тауып айтты. Біліп айтты. Бұл жерде желтоқсаншы азамат партияға шексіз, соқыр қызмет ететіндер туралы айтып отырғанын біз жақсы түсіндік. Шынында да галстук таққандар бұл шеруге қатыспады. Жастардың қатарында ондайлардың жүрмегені анық. Желтоқсанның сол айтулы күндері бүгінгі таңда қазақтың маңдай алды азаматымын деп жүргендердің біразы жастарды райынан қайтару үшін теледидардан, радиодан, алаңға шығып, дауыс күшейткішпен сөйлеп жатты.

Ол күндері біраз шындықтың беті ашылды. Жоғарғы партия мектебінің терезесінен біраз адам шеруге шыққандарды қарап тұрдық. Партия тарихынан дәріс беретін соғысқа қатысқан ардагер; «Бұлардың бәрін пулеметпен қыру керек!» дегені. Біз оған жалт қарадық. Осы кезде ақтаулық Заря атты қарындасымыз ардагердің жанына жетіп барып; «Не деп оттап тұрсың, фашист па едің. Мұның бәрі сен сияқтылардың ұлт саясатын дұрыс жүргізбегендеріңнің салдары», - деген ол қалш-қалш етеді. Терісіне сымай әзер тұрғанын біз анық байқадық. Мұғалім не дерін білмей бұрылып кетіп қалды. Бұл бізге «интернационалистіз» деп тәлім беріп жүрген ұстаздың бетпердесі еді.

17-желтоқсан күні екі жақтың текетіресі болды. Орталық партия комитетінің үйін қоршаған милиционерлер мен әскерлерге жастар екпіндей келіп, тас лақтырады. Жастар алаңда ойламаған жерден пайда болған милицияның бірнеше жеңіл машиналарын төңкеріп тастап, мұзда сырғанатып жүр. Су шашу үшін өрт сөндіру машиналары да қаптап кетті. Біз алаңның ортасында тұрған жастарға жақындай түсуге ұмтылдық. Айнала жарқ-жарқ етеді. Суретке, таспаға түсіріп жатқандар кешке қарай көбейді. Ол күні алаңға жиналған жастар Шәмшінің «Менің Қазақстаным» әнін шарықтатты.

Ойламаған жерден досым, курстасым, Ішкі істер министрлігінің баспасөз қызметінде жұмыс істейтін Нұрмахан Өзбековпен бетпе-бет келіп қалдым.

- Амансыңдар ма? Дәметкен қайда? Жүрсіннің (Ермановты айтады) Кубаға кетіп қалғаны да дұрыс болған. Екеуі де намысшыл, өктемдікке төзбейтіндер ғой. Есінде ме, баяғыда Қостанайда ауыл шаруашылық жұмысында жүргенімізде бізді қорлап, ұрып-соққан, ұлттық намысымызды таптаған орыстарға тойтарыс беруге Дәметкен мен Жүрсін бастап шыққаны?.. Кім білсін,

бастары бәлеге қалама деп жатқаным ғой... Мыналардың беттері жаман, 7-8 қаладан арнайы дайындықтан өткен солдаттарды жеткізіп жатыр. Үндеместер қаптап жүр. Олардың жастарды арандатуы әбден мүмкін. Орынсыз шығын бола ма деп қорқамын. Өзің де сақ бол. Қазір ғана ауруханада жатқан милиционерлерге тамақ апарып келдік. Бір қызығы милиционерлер күні кеше ғана баррикаданың екі жағында тұрған жастармен тамақтарын бөлісіп жатқанына таңғалдым... Қайтейік енді, іш қазандай қайнайды. Милиционердің басым көпшілігі қазақтар ғой ... Амалсыздан тұр бұл жерде,-деп ол асығыс екенін айтып кетіп қалды. Жалпы сол бір күндері милиционерлер арнайы әскери топтармен қақтығысып қала жаздағанының да куәсі болдық. Жөн-жосықсыз жастарды сабап жатқандарға қазақ милиционерлері араша түсіп, оларды жазадан құтқаруға ұмтылғанын да көрдік. Ерекше айтатын бір нәрсе сол күндері қыздардың намысқойлығы алаңға барған көпті таңғалдырды.

18 - желтоқсан күні түске таман мұздай қаруланған үстеріне ұзын ақ тон киіп, тұла бойын пластмасс қалқанмен жапқан солдаттар алаңдағыларды резинка сойылдармен ұрып қуа бастады. Біздің жанымыздағы Фрунзе аудандық партия комитетінің нұсқаушысы; «Қашпандар, әйтпесе таяқ жеп қаламыз» деді. Қарымызға байланған қызыл шүберекті түзетіп тұра бердік. Тез-ақ алаңның опыртопыры шықты. Шыңғырған дауыстар мен солдаттардың керзі етіктерінің тасыры... Құлаққа «Елімайға» басқан жастардың дауыстары талып естіледі. Алдымен қаша алмай қалған қыздар таяққа жығылды. Есінен танып құлағандарды аяқтарынан сүйретіп, Ауыл шаруашылығы министрлігінің ғимаратына тоғытып жатты. Ешкімді аяған жоқ, қазақ болса болды сабай берді. Алаңның сыртында оқиғаны бақылап тұрғандар алаңдардағыдан он-жиырма есе көп болатын. Олар да таяқ жеді. Қарыларына

қызыл мата байлап алып; «Біз үгітшілерміз» дегендердің арасындағы қазақтар да таяққа жығылды. Бұдан кейін біз де тырағайлап қаша жөнелдік. Резінке сойыл бізге де тие бастады. Солардың бірі шымкенттік журналист Слам Нұрмағанбетов болды. Оның басы жарылып, бетін қан жауып кеткенде шарасыздықтан жарылып кете жаздадық. Шеткерек үйдің тасасына келгенімізде бір топ қыздар келіп бізге тығылды. Бірінің басы қанаған болса, кейбіреулері ақсандап жүре алмайды. Аяп кеттік. Төрехан Рамбердиев боктап жүр. Жерлесі Сламның басынан аққан қанды сүртіп, балағатын жалғастыра берді. Әлден соң бізбен бірге қашып келе жатқан қыздарға жалт қарап; «Айналайындар-ай, сендер неге жүрсіндер, өліп қаласындар ғой. Мыналар ешкімді де аямайды» деп оларды қалқалай жүгірді. Тағы бір тыныс алғанымызда; «Ағатайлар-ай, біздің жанымыз жігіттерден артық па?! Ер –азамат болмаса мына дүние бос емес пе?!» деген талдырмаш аққұба қыз ызадан жылап жіберді. Біз «әзірейлілерден» тағы қаштық...

Желтоқсан көтерілісінің тағлымы мол. Желтоқсан көтерілісінен кейін іле-шала демалысқа ауылға келгенімде апам сол оқиға туралы тебірене сөйлегені әлі есімде.

- Партияларыңнан таяқ жеп, жапа шеккендер көп болды ма? Кім күшті болса соның киіз қазығы жерге кіреді. Баяғыда осы ауылдың айналасын қоныстанған келімсектер қолдарындағы мылтықтары мен қолдаушыларына сеніп бізге көрсетпеген қорлықты көрсеткен. Соларға бір ғана азамат қарсышығып, мерт болған. Оны өзгеемес қандастары орыс мұжықтарынан қорқып ұстап берген. Радиодан естіп отырмын өзімізді өзіміз жамандап жатқандар көп. Ол жаман әдет. .. Апамның сөзімен іштей келістім. Бірақ, ең бастысы сол кезде халқымыз сырттай бұғып қалғанымен іштей қайралды, шындалды, бұлқынған жүрек азаттыққа ұмтылды. Бұқпай, қазақтың қайсар мінезін көрсеткендер де болды. Оны сіз бен біз жақсы білеміз. Желтоқсан ызғары

басылған сайын «Мен желтоқсан көтерілісі кезінде былай деп айттым, мен істедім» дегендер көбейді. Біз оларша айта алмаймыз. Партияның қолбаласы ретінде аланда болдық. Өкініштісі тек сырттан бақылаушы ғана болып жүрдік. Үгіт те, насихат та жүргізбедік. Бірақ жастар орынсыз құрбан бола ма деп қорықтық. Ол орынсыз да емес еді. Жұбайым сол кезде Алматы шеттілдер институтында еңбек ететін. Оның кабинетін үндеместер студенттерді тергеу орнына айналдырған болатын. Сондықтан да ол партия жиналысында жастарды орынсыз жазғырып, қорқыту, бопсалау болып жатқанын ашық айтқан пікірі үшін сөгіс алғанын, кейінірек қудалауға түскенін отбасымыз ұмытпаймыз. Қонаевтың қызметінен алынғанына қуанғандарды да, Колбинді жерге сиғызбай мақтағандарды да көрдік. Ұлттық салт-санамызды орталық газеттер арқылы жамандағандар да, «оқу орындарында қазақтар, оның ішінде оңтүстіктер көбейіп кетті» дегендер де жер басып, тәуелсіздік әкелген өмірдің рахатын көріп жүр. Ал қиындықты мойнымен көтергендердің біразы «мен істедім» демей өмірден өткендер де бар. Солардың бірі – Жезқазған, Жамбыл облыстық партияның комитеттерінің идеология жөніндегі жиырма бес жыл хатшысы болған Жылқыбай Аралбаев. Ол зейнетке шығып, еңбек етіп жүргенде оның ұлт мәселесі жөніндегі кейбір көзқарастарын ұлтшылдыққа балап, орталық газеттер жарыса жазып, күйе жағуға ұмтылды. Ол туралы «Правда» газетінде «Ескі байланыстар» атты мақала жарияланып, оның «ұлшыл» көзқарасы «әшкерленді». Жамбылға көшіп келген соң Желтоқсан көтерілісінен кейін жазықсыз сотталған Асанбай Асқаровты құтқару комитетін құрып, облыстық газетке сол кісінің бастамасымен ақын Жақсылық Сәтібековке азаматты ақтап мақала жаздырғанын біреу білсе, біреу білмейді. Ол ел аналары мен аталарына айналған бір топ жамбылдықтарды алға

салып, Асанбай Асқаровты жабылған жаладан ақтап алу үшін Алматы мен Бішкекке әділдік іздеп барды.

Сол бір ызғарлы күндер алыстаған сайын, тәуелсіздіктің туы желбіреген сәтте жаңаша ойлау, жаңаша ой қорыту қалыптасты. Желтоқсан тағылымы бойымызға отансүйгіш, халқымызға өктемдігін жүргізуге ұмтылған өзгеге кеуденді бастырмау қасиетін құйса қандай ғажап!

Кенжебай Отарбаев:

БӘРІНЕН ДЕ ҚЫЗДАРДЫ ҚОРЛАҒАНЫ ЖАНЫМЫЗҒА БАТТЫ...



- Мен, 1964 жылы Шу ауданындағы Ақсу ауылында дүниеге келгенмін. Оқулықтарда айтылмаса да, біз ауыл іргесіндегі орта ғасыр қаласы Баласағұнның тумасы Жүсіп Баласағұнның ұрпағы екенімізді мақтаныш ететінбіз. Аталарымыз, апаларымыз дұғаларын қайырғанда Ұлы бабамыз «Жүсіп Баласағұнның әруағы қолдап, қорғап жүрсін!» деп бетін сипайтын. Өсе келе мұғалімдерге; «Неге біздің тарихымыз айтылмайды, жазылмайды?» деген сұрақтар қойғанымызда, олар; «Зертеліп жатыр, уақыты келгенде айтылады, жазылады» деп, құтылатын. Совет Армиясы қатарында болғанымда да біздерді «бараны...» деп намысымызға тиетін. Өзгенің бізге көзқарасы біздің ойлау жүйемізге еркіндікке, теңдікке ұмтылуға саңылау түсіргені анық.

1986 жылдың қаңтарында Алматы қаласына келіп, жұмысқа орналасып, жоғарғы оқу орнына түсуге дайындала бастадым. Ал 1986 жылы 17-желтоқсан күні Алматыға келгеніме бір жыл толмаған менің өмірімнің астан-кестені шығып,

түбегейлі өзгеріске ұшырады. 1986 жылғы 16-желтоқсанда Қазақстан Компартиясы орталық комитетінің пленумы шешімімен келіспеген қазақ намысы бар жастары бейбіт шеру ұйымдастырып, наразылықтарын білдіргендері үшін жазықсыз жапа шекті. Жазалаушылар сапер күректерімен, темір және резіңке келтектермен ұрып басымызды жарды, көзімізді шығарды, денемізге таңба салды. Аяусыз соққыға түсіп, зәбір көріп, ақырында абақтыға жабылғандардың арасында мен де болдым.

18-желтоқсанда алаңға екінші рет келгенімізде, танертеңгі сағат 10 шамасында Алматы аспаныда «Менің Қазақстаным» әні шарықтап тұрды. Барған сайын наразылық көрсетушілердің қатары көбейді. «Д.Қонаев неге қызметінен кетті? Қазақ көсемінің орнына келген кім?» деген сұрақтар айтылып жатты. Пленум қабылдаған шешімге биліктің түсінік берулерін талап еттік. Өмірі өз халқына түсінік бермеген Компартия түсінік берудің орнына жастарды жазалауды таңдады.

Сол күні сағат 12-лер шамасында мен ұсталдым. Бірден соққының астына алды. Басым жарылып, қолым сынды. Мен сияқтыларды жабық көлікке тиеп, қаланың шетіне алып барды. Тағы да ұрып-соғып, итке талатты. Бәрінен де жанымызға батқаны қасымыздағы өрімдей жас қыздарды тыржалаңаш шешіндіріп, қақаған аязда қар үстіне отырғызып қойғандары. Жазалаушылар бар дауыстарымен айқайлап; «Өмір бойы перзент сүймейсіңдер, қазақтар бәрі-бір құмырсқадай көпсіңдер. Сендерді тұқымдарыңды тұздай құрту керек», деді. Олардың сол айтқандары осы күнге дейін құлағымда жаңғырық болып қалып қойды.

Зорлықтың, зомбылықтың салдарынан қаншама жастарымыз қыршынынан қиылып, тағдыр тәлкегіне түсіп, оспадарсыз саясаттың кесірінен қасірет тартты десеңізші. 19-желтоқсанда қолымның сынғанын көрсетуге ауруханаға апарды. Ауыр соққыдан сыныпты. Соған қарамастан қайта қамады. Ақыры соттың шешімімен 10 тәулікке «спецприемникке» жабылдым. 1987-ші жылдың 9-қаңтарында екінші мәрте қамауға алынып,

Қазақ ССР Қылмыстық істер Кодексінің 60-65- бабы бойынша 5 жылға бас бостандығымнан айырылдым.

Қостанай облысы, Құсмұрын станциясындағы №33 күшейтілген режимдегі еңбекпен түзеу колониясында «қылмыстық жазамды өтеп», 1989 жылы сәуір айының басында екі жыл үш ай дегенде туған-туыстарыммен қауыштым.

Тәуелсіздік бізге бостандық әкелді. 1991 жылы от басын құрдым. Сүйікті жарым мен үш балам бар. Алматы қаласының тұрғынымын. Тәуелсіз еліміз- Қазақстанның болашағы жарқын болып, тіліміз бен дініміз, салт-дәстүр-ғұрпымыз көркейіп, отансүйгіш ұл-қыздарымыздың мәртебесі биіктен көріне берсін!

Асылзат Шадибаева:

ЕШҚАШАНДА ҰМЫТЫЛМАЙДЫ...

Мен 1966 жылы Абай атындағы қой совхозында дүниеге келгенмін. 1983-84 жылдың оқу жылында Жамбыл қаласындағы мұғалімдер даярлайтын институттың физика-математика факультетіне оқуға түстім... 1986 жылы 17 желтоқсанда оқу ғимаратының алдында бір кісі Дінмұхаммед Қонаевтың орнынан алынып, ел-жұртқа белгісіз қайдағы бір Колбин деген біреудің еліміздің басшылық тізгініне ие болғандығынан халқымыздың ар-намысының тапталғанын жігерлендіретін сөздермен жеткізіп, орталық алаңда автобустың күтіп тұрғанын айтып жастарды Алматыға баруға шақырды... Сөйтіп, дереу жолға жиналып аяқ астынан Алматыға тартып кеттік. Жол жөнекей ызаға булығып келе жатқан көпшілікті сөзге ділмәр шешендер рухымызды көтеретіндей үндеу көтеріп отырды. Соның арқасында тезірек жеткендей болдық, көтеріліс болып жатқан алаңға жақындасымен у-шу, қан жоса болып жазаланған жастардың қалың ортасына қалай тап болғанымызды байқамай қалдық. Сойылдармен аяусыз таяқтап ұрып, тепкілеп жатқан қызыл жағалылар мен солдаттар

көздері қанталаған жабайы аңдардан бетер жанталасуда. Су дейін десем су емес, не көбік емес буы бұрқыраған ыстық сұйықты көпшілікке күйдіре шашуда. Аударылып, жанып жатқан көліктерге де мән беріп жатқан ешкім жоқ. Шынымды айтсам, алғашында қорқып кеткенім рас, қалай қарай жүрсек те ығы-жығы кептеліс, айқай-шу. Бір жігіттің :- «қолдарыңнан мықтап ұстап алыңдар, ешкімді жібермеңдер, қорықпаңдар! Бізді ешкім де жеңе де, басына да алмайды»- деген сөздерінен кейін есімді жинағандай болдым. Анадай жерде қыздарды тепкілеп жатыр екен, жүгіріп барып ана жігітті итеріп жіберіп:- «сенің оның қалай, жаның ашымай-ма, қазақтың қызы ғой»- деп, айта беріп едім, басымнан біреудің аямай ұрғаны , көзім қарауытып, аспан жерге түскендей құлап түстім. Шашымнан сүйреп бара жатқаны еміс-еміс есімде. Есімді жисам көп қыз-жігіттермен суық бөлмеде жатырмыз. Үсті-басымыз қан-қан, шашым сіресіп қатып қалыпты. Өзіміздің қазақтың ұлдары қаракөз қыз-жігіттерді ұрып-тепкілеп боқауыз сөздермен кекетіп, мұқатып жатқандарына қарадан-қарап намыстанады екенсің. Жігіттердің қолдарын жоғарыға байлап қойып ұрып жатыр, кей қыздарды ұл деп шатыстырған болу керек тепкінің астына алуда. Киімі жыртылған үсті-басы қаннан көрінбейтін бір баланы біздің жанымызға сүйреп әкеліп лақтырып кетті. Әлгі бала ыңырсып су сұраған соң, сүйретіле тұрып есікті тоқылдатып едім, арғы жақтан қаныпезер біреу келіп қолындағы сойылымен мені аяусыз сабады. Тағы да есімнен танып қалдым. Есім кіресілі-шығасылы кезде байқағаным жанымдағылар «Менің Қазақстаным» әнін қосылып шырқап жатыр екен. Біраздан соң қараңғы түсе шашымнан сүйреп жанымдағылармен машинаның үстіне лақтырып қаланың шетіндегі шұңқырға әкеліп «өлекселердей» аударып тастап кетті. Сол түні ауа райы өте суық, дірдектеп екі-үш адам шұңқырдан әрең шықтық. Бағымызға қарай, сол маңға жақын жерде тұратын болуы керек, бір арықша келген әйел бізді үйіне ертіп әкеліп ыстық шәйін беріп, ем-домын жасап қолынан келген көмегін көрсетті....

16-17-18 желтоқсан қаралы күн деп, ойлаймын. Бұл күндерді еске алу мен үшін өте ауыр. Әке-шеше, туған-туыс бәрінен айырылдым, олар мені халық жауындай көрді. Уақыт өте келе бірте-бірте түсіністікпен қарап қарым-қатынастарымыз бірқалыпқа түсе бастады. Оқу орнындағылар да мені оқудан шығармақшы болып, тек, факультет деканының орынбасары Наурызбаев Алтынбек ағайдың ара түсіп көмектесуінің арқасында білімімді үзіп жалғастырғаныммен кешігіңкіреп диплом алып шықтым....

- Сондағы Алтынбек ағайдың айтқаны: -«Әрине, бұлар әлі жас. Бұл мәселе саяси мәселе, оны жастар да түсініп «алаңға» шыққан шығар. Қазақта «бас кеспек болса да тіл кеспек жоқ»- дейді. Біз қазір 37 жылды қайта оралтып, «Қазақтың жауы қазақ» дегенге қайта оралып отырмыз. Біз бұларды оқудан шығардық дейік! Сонда олар ертеңгі күні қандай ортаға түседі? Қалай болады? –деген сұраққа не деп жауап берер едіңіздер? Мен бұларды институттан шығаруға мүлдем қарсымын. Біз педогогпыз, жастарды тәрбиелейміз, сонда «оқудан шығару» деген қандай тәрбие? Бұлар ертең жаман жолға түссе кім ақыл айтып, тәрбиелейді? Құрметті әріптестер, осы оқиғаның ақ-қарасын бағалайтын уақыттың келетініне кәміл сенемін. Бұл оқиға -саяси талас, бұрында да, қазірде де, ертең де болатын оқиға-деп, 1987 жылы институтта тәртібімізді қараған талқылау жиынында Алматыға барған бізді, яғни екі қызды жанын сала қорғаған, болатын.

*Журналист Құрманбек Әлімжан
Қуандық Сабыралиевтың естелігінен:*

ЖҮРЕККЕ ТҮСКЕН ЖАРАҚАТ

Ердің жасы елуден асқан Қуандық Сабыралиев- 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісінің бел ортасында болғаны үшін өмірі өзгеше арнаға түсіп, денсаулығына да айықпас кінәрат жамалғандардың бірі. Әйтпес соның алдында ғана Мәскеу түбінде әскери борышын өтеп қайтқан, зілмауыр кір тастарын допша қақпақылдайтын бұлшық еттері бұлаудай, тепсе темір үзетін спортқұмар жігіт еді. Сол жылы Алматы кинотехникумына оқуға түскен. Жиырма екі жастағы қылшылдаған кезі.

-16 желтоқсан сейсенбі күні болатын. Түс қайта сабақтан соң Пленум туралы хабарды естідік- дейді ол арада қаншама уақыт өтсе де жадынан ұмытылмас орын алған жайды еске алып, Қуандықтың әңгімесінен сол күнгі оқиғалар тізбегі былайша өріледі. Қонаевтың қызметтен алынып, оның орнына Ресейдің елеусіз бір түкпірінен белгісіз біреудің келіп қонжығаны студент жастардың зығырданын қайнатқан. Жергілікті ұлттан басшыға лайықты адам табылмай қалып-па? Түні бойы жатақханада, ертесіне сабақ үстінде де осы сұрақ әркімнің аузында жүрді. Естүлерінше, басқа оқу орындарында наразылық митингілері өте бастапты. Студенттер орталық алаңға шеруге жиналып жатыр деген хабар да жетті. Жаңа алаңға жақын жердегі кинотехникум студенттері одан қалсын ба? Ол кезде «Брежнев алаңы» деп аталатын жаңа алаңға Ленин даңғылымен жоғары өрлеп күншығыс жағынан Қуандықтар келіп жеткенде сағат он бірлер шамасы еді. Нақ бір мерекеге жиналғандай адамдар тұс-тұстан келіп жатыр, келіп жатыр. Қолдарында:- «Ешбір ұлтқа артықшылық берілмесін!», «Лениндік ұлт саясаты жасасын!» «Қазақстанға –қазақ басшы!», «Долой Колбина!» деген ұрандар, Лениннің портреттері, ән шырқап қарусыз келеді. Шәмшінің «Менің Қазақстаным» әні әр тұстан естіледі. Шерушілер мегафонмен дауыстап Пленумның шешімдерімен келіспейтінін, Қонаевтың ел алдына шығып бұл жайға түсінік беруін, Колбиннің

орнына Әуелбековты, Назарбаевты, тіпті, қазақ болмаған күйде қазақстандық өзге ұлт өкілін қоюды талап етті.

Ереуілшілердің талап-тілектерін репродукторлардан күшейтіліп берілген музыка үні естітер емес. Ал, үкімет адамдары, заң қызметкерлері жұртты алаңнан кетуге шақырған кездері музыка өше қалады. Ақыры Қонаев жұрт алдына шықпады (дұрысы оны шығармады), ал басқалары «Пленумның шешімі - Саяси бюроның шешімі, оған шек келтіруге болмайды. Тараңдар, әйтпесе күш қолданамыз» деген сияқты қоқан-лоққыдан аспады. Жұрт оған қанағаттанбады. Есесіне, каска киіп, қалқанмен, тоқпақпен қаруланған, ит жетектеген әскери киімділердің, БТР-лар мен өрт сөндіргіш машиналардың жан-жақтан құрсауға ала бастағанын көріп одан әрі ашына түсті. Не керек, жұртты тықсырып, күштеп таратуға бұйрық берілген болуы керек, кенет милиция, жасақшы топтары бұларға қарай лап қойды. Алаң ортасындағы жастар дереу қолтықтасып, тастүйін тізбек құрып жұп жазбауға тырысады. Қолға іліккендер әңгір таяқтың астында қалды. Бұдан қалайша қан қараймасын, бұлар қолға іліккен тас, ағаш, мұз кесектерін жазалаушыларға қарай лақтырып жатты. Милиционердің бір-екеуін өлімші етіп сабап, қаруларын тартып алды. Аязды күні алаңдағы жұртқа мұздай су бүріккен өрт сөндіргіштердің, милиция автобустарының әйнектері талқандалып, жүргізушілері соққыға жығылды. Қуандықтар да бір автобусты жабыла төңкеріп тастап, өртеп жібергендері есте. Алаңдағы арпалыс түн ортасына дейін созылды. Ұрып-соғылғандарды милиция шаштарынан, аяқтарынан сүйреді. Қардың беті қызыл қанға боялды. Қарулылар қойсын ба, талайларды үйретілген иттермен қуалап жүріп ұстады, дубинка, арматура, резеңке түтік кесінділерімен таяқтады, шетінен машиналарға тиіп әлдеқайда әкетіп жатты. Ұсталғандардың көпшілігін қала сыртына шығарып, қар үстіне қалдырған, алдын –ала шалбарларының белбеулерін кескілеп тастаған. Қуандықтар бұл жолы ұстатпай, түн ортасы ауа жатақханаға жеткен-ді.

-Ертесіне, 18 желтоқсан күні алаңға тағы жиналды, дейді Қуандық.- Кешеден әрі ашынып алған студент және жұмысшы жастар тағы да «цеп» құрып қарсыласып бақты. Бір кезде тобымызбен қоршауда қалып соққыға жығылды. Мен аяғымнан, белімнен соққы тиіп оңбай жығылдым. Бір қарасам, әлдебір солдат күреппен басымнан ұрғалы төніп келеді екен, жандәрмен аунап түстім. Соның артынша басқалары жабылып тепкінің астына алды. Желкеден бір тигенін білемін, есімді Алатау аудандық милиция бөлімінде жидым. Оң білегімді әлдебір өткір зат тіліп кеткен, бетім шыдатпай ол ауырады. Бұған қарап жатқан ешкім жоқ, тағы да соққы, тергеу. «Алаңға не үшін бардың?» ,«Бастаушыларың кім?» деген сұрақтың астында екі күн ұстады. Суретке түсіріп алысты. Жарақатым жанға батып есімнен қайта-қайта тана бердім. Ақыры 21 желтоқсан күні қолхатпен босатты. 25 желтоқсанда комсомол жиналысында мүшеліктен, ертесіне оқудан шығарды. Бәрінен де қиыны- денсаулығым сыр беріп, ауырлық көтере алмайтын болдым, жүйкеме де зақым келіп, көзімнің көруі нашарлай түскен еді...

Осыдан 30 жыл бұрын Алматыдағы Желтоқсан оқиғасы алып империяның іргесін шайқалтқан алғашқы дүмпуі еді. Тоталитарлық режимге қарсы қазақ жерінен бастау алған халықтық толқулар кейіннен Грузия, Әзірбайжан, Балтық жағалауы елдеріндегі бас көтерулерге ұласып, ақырында мәңгі мызғымастай көрінген одақтың аяғын аспаннан келтірді. Қазақстан да өз Тәуелсіздігіне қол жеткізді. Біз сөз еткен қордайлық Қуандық Сабыралиев тәніне түскен жарақаттардан ұзақ емделумен жүріп техникумдағы оқуын жалғастыра алмағанымен, отбасын құрады. Зайыбы Сандуғаш екеуінің Гүлім, Елдос, Жеңісхан атты қыз- ұлдары бүгінде өсіп-жетілген. Қызы тұрмысқа шығып, одан Дана есімді сүйкімді жиен немересі бар. 1997 жылы республикалық «Желтоқсан» қоғамдық бірлестігінің сол кездегі аудан әкімі Б.Әденовке жолдаған хаты негізінде бұлардың отбасына берілген аядай пәтерде әлі тұрып жатыр. Күні бүгінге дейін белі ұзақ қимылға шыдамай сыздап кетеді.

- Бір адамның басындағы бейнет ештеңе емес, ең бастысы-еліміз Тәуелсіздікке қол жеткізді. Бәрінен де сол маңызды. Ата-бабаларымыз ғасырлар бойы аңсаған азаттықтың ақ таңы атуына себепкер болған Желтоқсан көтерілісіне қатысушылардың сапында болғанымды мақтан тұтамын,- дейді біздің желтоқсаншы.

*Журналист Әділ Алтысбаев
Ләйла Қожагелдиеваның естелігінен:*

ЛӘЙЛА ДА АЛАҢҒА ШЫҚҚАН ЕДІ...

1986 жылғы желтоқсанның 16-17-18-інде Алматыда, қазақ жастарының бұрынғы Кеңес өкіметі кеңістігінде бірінші болып, демократиялық бой көрсетуі үлкен оқиға болды. Ол, шын мәнінде, көтеріліс еді.

Алматының студенттері мен жастары лек-легімен 17-желтоқсанда бұрынғы Брежнев (қазіргі Республика алаңы) атындағы алаңға беттеді. Олар алдымен Д.Қонаевты орнынан алған Пленум шешіміне наразылық білдірмек болған. Оны жоғарғы және орта арнаулы оқу орындарының «мен қазақпын» деген студенттері бейбіт шеру арқылы көрсетпек еді. Олар патша саясатына қарсы шыққан орыстың «Желтоқсаншылары» сияқты қанға боялды.

Сол кезде Алматыдағы байланыс электротехникумында оқитын біздің жерлесіміз, бірліктік Қожагелдиева Ләйла Шайбайқызы да кұрбыларымен бірге алаңға барды. Иә, олардың барлығы қазақ жастары, жас жігіттер мен қыздар еді. Бұл жайында Ләйла былай дейді:

- «Ерді намыс өлтіреді, қоянды қамыс өлтіреді» деген аталы сөз бар емес пе! Мен де, Алматы байланыс электротехникумында оқып жүріп, Қазақстан басшылығына Г.Колбиннің сайланғанына қарсы шыққандармен бірге болдым. Біз алаңға түстен кейін барған едік, түнгі сағат 23-терде ішкі істер органы

қызметкерлері, солдаттар қоршап, бас-көз демей, резенке шоқпармен, кесік темірмен, күрекпен қаруланған зінгіттей орыс жігіттері күшпен таратуға көшті. Алаң қанға боялды. Менің де басыма темір сойыл тиіп, құлап түстім. Бірақ, қасымдағы Назым Есенқұлова (Шу), Гүлбаршын Назенова (Гурьев) және Анар есімді құрбы қыздарымды сүйреп алып кетті. «Жедел жәрдем» шақырылғанымен, олар жарақатымызға көңіл бөлмеді. «Ешнәрсе етпейді» - деп кете барды. Олардың да ұлты орыс екен, жарақатымызға өзіміз ем-дом жасадық. 17 желтоқсанда, түскен кейін техникумның бөлім меңгерушісі Асқар Жансарин енді ол жерге бармауымызды талап етті. Оның айтқанына көнбей есіктен жасырын сытылып шығып, алаңға қайта беттеген едік. Бірақ кіргізбей, алаңды қоршап тұрған милиция мен солдаттар, жасақшылар бізді ұрып-соғып, көк мұздың үстіне тізерлеп отыруымызды талап етті. Солай болды да. Содан тобымызбен Қаскелең аудандық ішкі істер бөлімінің түрмесіне апарып қамады, ол жердің үсті ашық екен, иттерімен күзетті. Студенттерді оқитын оқу орнымен байланысып, жібере бастады. Түн ортасында жатақханамызға жаяу әзер жеттік. Осыдан кейін бізді комсомол, кәсіподақ ұймдарының жиналысына салып, жазаландық. Құрбым Гуля Байманасованы алаңда болғаны үшін, техникумнан шығарып жіберді. Семейлік құрбыларым Света, Үміт сол жиналыстарда ойларын ірікпей, Пленум шешіміне риза еместігін айтып, әр республиканы жергілікті ұлттың өкілі басқаруы тиіс, өз көсемі болуы керек деп, тайсалмай өжеттілік, белсенділік танытты. Иә, алаңда жазалаушылар жігіт демей, қыз демей, ұрып-соғып, шаштарынан сүйреді, іштерін теуіп, итке талатты.

1987 жылы 1 қаңтарда ПБ-нің органдарының учаскелік тірек пунктіне бірнеше рет шақырып, сұрақ алды. Сауалдары сол: «Алаңға баруды кім басқарды, не үшін бардыңдар?» болды. Яғни, әрекетімізден саяси астар іздеді. Бізді абақтыда шірітеміз деп қорқытты. 1987 жылы наурыз айында тағы Калинин аудандық ПБ-не шақырып тексерді. Сөйтіп, Калинин аудандық соты мені

үш сөткеге қамауға үкім шығарып, «Целинный» кинотеатрының астындағы жертөледегі камераға қамады. Мен сияқты студент қыздар көп болды. Қайрат Рысқұлбеков те сонда камерада отырыпты. Жоғарыдан су тамшылайды екен, шыдадық. Ұлты қазақ милиция жігіттері кезекшілікке келгенде, нан, су беріп тұрді. Брежнев алаңының төрт бұрышына қойылған телефотомен түсірілген кадрлар арқылы шеруге қатысқан студенттерге іздеу жүрді. Содан соң үлкен альбом жасалып, ізшілер жоғары оқу орындарына барып, суреттегілердің кім екенін анықтай бастады. Альбомнан шыққандарды басқа абақтыға алып кетіп жатты.

Ләйла Қожагелдиева 1988 жылы мамырда Алматы байланыс электро техникумын ойдағыдай бітіріп, диплом алып шықты. Еңбек жолын аудандық оқу бөлімінің фильмотека бөліміне жетекшілік етуден бастады. Желтоқсан көтерілісінен кейін екі-үш жыл өтсе де, әміршіл-әкімшілдік жүйенің әлсірегеніне карамастан, сыртынан КГБ-ның бақылауында болыпты. Желтоқсан көтерілісіне қатысқаны үшін Калинин аудандық сотының үш сөткеге қамау жөніндегі шешімін кейін өртеп жіберіпті, қудалап жүре ме деп.

Ләйла 1990 жылы екі мәрте Социалистік Еңбек Ері Ж.Қуанышбаевтың егіз ұлының бірі Тойшыбайға тұрмысқа шықты, екі ұлдары бар. Еркебұлан 9 сыныпта, Нұрлан 6 сыныпта оқиды. Отағасы аудандық ПБ бөлімінде істейді. Өзі аудандық музейде қор сақтаушы, биыл Тараз институтын тарих мамандығы бойынша бітіріп, диплом алды.

- Міне, Тәуелсіздігімізге 15 жыл толды, Желтоқсан көтерілісіне 20 жыл. Осыған орай қандай тілек айтар едің?

- Еліміздің Тәуелсіздігі ұзағынан сүйіндірсін. Бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына қосылып, өркениетті елге айналайық. 1986 жылы Желтоқсан көтерілісіне қатысқандарды Тәуелсіздік күнімен шын жүректен құттықтаймын!

- Әңгімеңе рахмет!

Санат Қонарбаев:

БІЗ ДЕ НАРАЗЫЛЫҒЫМЫЗДЫ БІЛДІРДІК

Мен Жамбыл мәдени ағарту училищесінің Театр бөлімін бітіретін жыл болатын. 1986 жылдың 18-желтоқсан күні Алматыдан біздің училищеміздің жатақханасына екі қыз келіп (бастары, қолдары танылған). Алматыдағы жастардың бейбіт шеруінің аяғы қанды қырғынға ұшырап, қыздарымыздың арнамысы аяққа тапталып, ұлдарымыздың соққыға жығылып, уақытша қамау абақтыларында қамалып жатқанын және қамау абақтыларына симай жатқан жастарымызды, тауға апарып итке талатып, зәбір көрсетіп жатқанын жыр қылып айтып берді. Ол кездегі Алматыдағы жастардың алаңға шығып өз наразылықтарын білдіріп жатқаны бізге де жетіп жатты. Сонымен екі қыз Алматыдағы жастардың жанкештілігін тігісін жатқызып жеткізгеннен кейін біздің де бойымыздағы патриоттық сезіміміз оянып Алматыдағы қазақ жастарынан біздің жанымыз әулие емес деген бойды кернеген намыспен алаңға шығуға бел будық. Ондағы мақсатымыз әр елдің өз көсемі болсын деген ниеттегі бейбіт шеруге шығу болатын. Бізді ашындырған сол кездегі Қазақстан Компартиясының бірінші секретары Дінмұхамед Қонаевты небары 16 минут пленумда орнынан алып, Қазақтың бұрын-соңды жерін баспаған, салт-дәстүрінен мақұрым, есімі де одаққа елеусіз Г.Колбинды әкеліп Д.Қонаевтың орнына қонжита салуы болды. Бірақ бұл кезде бүкіл Жамбыл қаласындағы жоғарғы оқу орындарында, орта арнаулы білім ошақтарында мұғалімдерден, милициялардан, солдаттардан құрылған жасақтар, әр студенттердің басқан қадамын аңдып күзетте тұрды.

Біздің жатақхананың да кіреберіс есік алдында милиция майоры мен ұстаздарымыз студенттерді қатаң қадағалап тұрды. Әр сағат сайын әр студенттердің бөлмесіне кіріп аты-жөнімен, тізім бойынша тексеріп отырды. Жатақхананың есігінен студенттерді алаңға алып шығу мүмкін емес еді. Курстас досым Саменкулов Қайрат Тоқтасынұлы деген азамат екеуміз, әр

студенттердің бөлмесін аралап үгіт-насихат жүргіздік. Олардың бойындағы ұлттық намыстарын оятатын сөздерімізді айтып, түнгі сағат он-он бірлер шамасында екінші қабаттағы бөлмеге жиналып простиналарды (жайма) бір-біріне жалғап екінші қабаттан сыртқа түсетінімізді тәттіштеп түсіндірдік. Сонымен не керек сағат түнгі он бірлер шамасында бәріміз екінші қабаттағы (жатақхананың артқы жағындағы) бөлмеге ұлдар мен қыздарды жинадық. Бізде қыз балалары көп оқыды. Келісілген уәде бойынша простиналарды бір-біріне жалғап бәріміз екінші қабаттағы терезеден біртіндеп, сексенге жуық студенттер төмен қарай түсіп кеттік. Одан әрмен Киров (А.Асқаров) көшесіне түсіп «Менің Қазақстаным» әнін хорменен шырқап орталық алаңға қарай бет алдық.

Киров (А.Асқаров), Горький (Желтоқсан) көшесінде орналасқан Пед училищеге соғып-шығындар! Алаңға барамыз! деп жатақхана сыртынан айқайлап едік; -бізді шығармай жатыр есіктің алдында милициялар қоршап тұр деген жауап естідік. Біз жылжып әрі қарай Пушкин көшесі мен Горький (қазіргі Желтоқсан) көшесінің қиылысында орналасқан стат Техникумға бардық. Оларды да алдын ала дайындалып, күзетіп тұрған заң қызметкерлері жатақханадан бірде-бір студентті шығармай тастады. Ал біздер болсақ Пушкин көшесінің бойымен орталық алаңға қарай бой түзедік. Артымыздан милицияның арнаулы бутка машинасы жүріп отырды. Абай көшесінің бойындағы Ленин паркіне жеткенімізде, алдын-ала самаладай жағып қойған светтер мен прожекторлардан көзіміз шағылысып түк көрмей, ештеңеге түсінбей де қалдық. Бір кезде алдын-ала сақадай сай тұрған Ішкі істер басқармасының қызметкерлері мен солдаттар жапатармағай бас салып студенттерді ұрып-соға бастады.

Қыздардың шаштарынан жұлып, тамақтан алып буындырып, бутка машинаға лақтырып жатты. Тым-тырақай қашқан әр студенттерге алты-жеті милициялар мен солдаттар тап берді. Сол кезде мен де паркке қарай қаша жөнеліп едім бес-алты милиция қуалап аяқтан шалып құлатып, жерге жығып, тепкінің

астына алды. Бір есімді жинасам екі милиция қолтықтап ұстап бутка машинаға алып келе жатыр екен. Мен күш-жігерімді бойыма жинап, бар пәрменіммен қолдарынан сытылып шықтым да, талдардың арасына қарай қалбақтап қаша жөнелдім. Артыма түскен бес-алты милиционер біраз жерге шейін қуалап, жете алмасын білді ме, әрмен қарай қуаламай артта қалып қойды. Мен болсам қиылыс-бұрылыс көшелерді қиялап, қараңғы көшелерді паналап, әр жерге бір демалып, Сухамбаева көшесіндегі ағамның үйіне жетіп құладым. Бастан алған жарақаттың кесірінен басым айналды, жүрегім айныды. Азанда КПСС тарихы пәннен Мемлекеттік емтиханға келдім. Көз көгерген, бет аузым жырылған. Емтиханға келіп қатысып отырғанымда емтиханның үстіне КГБ қызметкерлері кіріп келді де, жараланған мені шығарып алып бірінші қабатқа апарып, тергеудің астына алды. Мен алаңға шықпадым деп айту мүмкін емес еді. Оның айғағы бет-аузымның жырылып, көзімнің көгергені. Яғни, түндегі алған жарақаттарым еді. Сол жерде мені «КГБ» қызметкерлері; «ісің сотқа кетеді, түрмеге қамаймыз» деп қоқан-лоққы көрсетті. Ақыры не керек комсомолдан және оқудан шығарды. Бағыма қарай әке-шешем құрметті демалыста еді, әйтпесе оларды да жұмыстан шығару олар үшін түк емес болатын. Маған бұйыра сөйлеп; «сен енді аулыңа қайт! Шықпа еліңнен. Қалада тағы ұсталатын болсаң, сөзге келмей сені абақтыға қамаймыз, ісің сотқа кетеді» деді. Сол кезде бар болғаны менде екі Мемлекеттік емтихан қалған еді. Сол екі емтиханды тапсыра алмай, алайын деп тұрған дипломыма қолым жетпей оқудан және комсомолдан шығып, елге қайттым.

Заң қызметкерлерінің тепкісінен миым шайқалды. Ол кезде емделу мүмкін болмады. Өйткені, ауруханаға барсаң сен алаңға көтеріліске шықтың деп қамауға алынасың. Жылда көктем, күз мезгілінде ем қабылдаймын. Сол алған жарақаттың зардабын әлі шегудемін. Басым қатты ауырады, қан қысымым жиі көтеріледі. Қазіргі таңда екі қыздың әкесімін, екі немеренің атасымын. Жұмыс істемеймін. Келіншегім Есентаева Күлпаш Ділдәбекқызы

ол да өзіммен бірге бейбіт шеруге шығып, қолға түсіп қалды. Абай-120 милиция бөлімшесінде қамалып, сол жерде бір күн түнімен тергеліп, ертесіне босап шықты. Ал мен болсам 1990 жылдың желтоқсан айында, өзім оқыған оқу орныма қайта келіп, тапсыра алмай кеткен мемлекеттік эмитхандарымды ойдағыдай тапсырып, дипломды қолыма алдым. Тәуелсіздік алғаннан кейін сот арқылы жазықсыз жапа шеккенімді дәлелдеп, толық ақталдым.

С. Бертайұлы Исмаил Хаджимуратовтың естелігінен:

АЛАҢҒА АР-НАМЫСЫ АПАРДЫ

1986 жылы Алматы зоотехникалық-малдәрігерлік институты сырттай бөлімнің 5-курс студенті болатынымын,-деп бастады ол баянын. – Сол жылы 16- желтоқсанда Шымкент-Алматы бағытындағы «Отырар» пойызына отырып, курстық және бақылау жұмыстарын деканатқа өткізіп қайту үшін Алматыға жол тарттым. Д.Қонаевты орнынан алғанын алғаш пойызда естіп, танертең институтқа келдім. Мұнда студенттер абырсабыр, бәрі асығыс шығып кетіп жатыр екен, мен бірінен «Не болды?» деп сұрап едім, «Алаңға жиналып жатырмыз, сіз де жүріңіз»,-деді. Мен деканаттағы қыздарға қағазымды тапсырып, сағат 9-дан аса орталық алаңға келдім. Осыншама көл-көсір халықтың жиналғанын алғаш көруім, айналадағы жастармен біраз пікірлесіп, ойымызды ортаға салдық. Мақсат сол, Қазақстан басшысы өз еліміздің азаматы болсын деген тілек еді. Алаңда тербелген халық арасында ересектер де жүр. Сөйтіп тұрғанда бір мәшине келді. Бортын айқара ашып тастады. Масқара, қорабына толтырып арақ тиелген екен. Мен екі жігітті біріктіріп, тізелеріне тұрдым да, бар даусыммен «Құрметті жастар, студенттер, бұл – арандату, ешқайсың араққа жоламандар, ертеңгі күні араққұмарлар, нашақорлар алаңда ылаң салды деп айыптайды, ол бүкіл қазақ халқына қара күйе

болып жағылады, абай болыңдар, арандатуға ілеспендер», - деп айкай салып едім, жастардың көбі мені қостап әр жерден шулап жатты. Мен алға жылжи бердім.

Мінберге шығып сөйлеген басшылардың сөзін ешкім тыңдамады.

Кешкі 17.30 шамасы болды. Қарын ашты, таңертеннен бері аш жүрмін. Дәл осы сәтте алдыңғы қатардан милициялар бала көтерген әйелді шашынан сүйреп томпақ мәшинеге салды. Қолын сілтеп сөйлеп тұрған қарт әйелді де сол мәшинеге сүйреді. Алдыңғы қатарда тек әйелдер, қыздар тұрған еді. Бір кезде топты жарып шыққан ер жігіттер томпақ мәшинені бір жағына көтеріп құлатып, екі әйелді шығарып алды. Сол сәтте алдыңғы топ арт жаққа жырыла қашты да, томпақ мәшине отқа оранды. Бұл алаңдағы ең алғашқы өртенген мәшине еді. Мен де жайлап шегініп, алаңнан шыққан бойда Дачная көшесінде тұратын танысымның үйіне келдім. Тамақтанып болған соң, қабырға радиосын алдыма қойып, таңғы сағат 5-ке дейін тыңдадым. Радио арқылы жастарға басу айтып Ермек Серкебаев, Ғафу Қайырбеков, Роза Бағлановалар сөйледі. Таңға дейін 8 автокөлік өртке оранғанын радиодан хабарлап жатты.

17 желтоқсан күні ауылға қайтуға да болатын еді, бірақ бойдағы бір күш мені тағы алаңға қарай сүйреді. «не деген сорлы халық едік, енді ел басқаратын бір қазақ жоқ па, ер халық, өр халықтан «қалжа» жеген бір ұлт көшбасшысы шықпады ма» деген өкініш бойды билеп алып, алаңға тарттым. «Қымызхана» алдынан жоғары көтеріліп келемін. Алға қарасам, алаңды әскер қоршап алған, қолдарында дубинка. Қолымда үлкен сары портфель, үстімде пальто, басымда тымақ, жоғары көтеріліп келе жатқан едім жасақтар лап қойды. Ай-шай жоқ қазақ офицері жұдырықпен ауыздан бір соқты. Тіс қарш етті, аузым қанға толды. Капитан дубинкамен бастап ұрып еді, жандалбасамен портфельді басыма тасалап үлгердім де, «Что вам нужно?» - деп айкай салдым. Капитан «Қайда барасын?» - деп сұрады. Аузыма түскені «Я вот рядом живу», - деп, көрінген подъезді нұсқадым.

Тағы да ұрмақ болған аға лейтенантты тоқтатқан капитан маған «Иди домой, не выходи на улицу», -деп ескертті. Подъезге кірсем, мен секілді паналағандар мұнда көп екен. Біраз күткен соң жасақтар жоғары кетті. Мен төменге Абай проспектісіне өттім. Онда да қаптаған халық, маған көмек етіп орамал, бинт беріп, не болғанын сұрап жатыр. Әр жерден Әзірбайжан Мәмбетовты соққыға жығыпты, Тұңғышбай Жаманқұловты да ұрып кетіпті, аланды айнала қаруланған әскер қоршап иттермен жүр екен, - деген суыт хабар жетіп жатыр.

Түс ауа басым ауыра бастады, локсып құсқым келді. Тоқтаған үйге жеттім. Сәуле апай түрімнен шошып кетті, ыстық шәй жасап, бір түйір дәрі беріп жатқызып қойды. Бойым жылынып ұйықтап кетіппін. Кешке оянып, тағы да радионы түнгі 3-ке дейін тыңдадым.

18 желтоқсан күні ауылға кетуге жиналдым. Автобустар жүре бастапты. Көшеде келе жатыр едім, алдымнан әсем киінген 5-6 жігіт жолықты. «Сіз не, таяқ жегенсіз бе?», -деді. Мен қысқаша болған жайды айттым. Олар маған «Аузыңды тасалап шарфпен орап ал, жарақат алғандарды тұтқындап жатыр», -деген соң ұзын шарфты ауыз арқылы орап алдым, поезға, автобуска мінуге мүмкін болмаған соң қала шетіне шығып, жүк шаландасын тосып едім, ол мені Жамбылға ала кетті.

Мені ешкім алаңға сүйремеді. Үгіттемеді. Ар-намыс, бойдағы аласұрған қан, еліме деген сүйіспеншілік мені алаңға еріксіз апарды. Мен онымды әлі күнге мақтан етемін.

Содан бері талай жыл өтіп, мен Желтоқсан оқиғасына қатысқанымды ешкімге айта алмай жүргенмін, өйткені дәлел жоқ. Содан 2012 жылы «Егемен Қазақстан» газетіне желтоқсаншылар туралы сурет басылды. Мен көрінбедім деп ойлаушы едім, өзімнің суретім көзіме оттай басылды. Қиып алып үйге әкелдім. М.Х.Дулати атындағы университеттің доценті, филолог Ережеп Баярысов үйге сәлем бере келгенде көрсеттім, ол да суреттен танып жатыр. «Исеке, Желтоқсан оқиғасына қатысқандармен университетте кездесу өтеді, ал бізге тарихи деректі көзбен

көрген сіз керексіз, жастарға патриоттық рух керек, кездесуге шақырамыз», - деп кетті. Ол сөзінде тұрды, содан жыл сайын ТарМу-де студенттермен кездесу өткізіп тұрамын.

Әрине, мен соншалықты ештеңе бітірмедім, КГБ ұстамады, аяусыз ұрып-соғылмадым, аязда лақтырылып қалмадым. Бірақ тіс сынды, жүрек жараланды, намыс тапталды, қаншама жыл жүйке тозып ауыр халде жүрдім.

Қазір 4 ұл, 2 қызым бар, бәрі академия, университет бітірген, әр салада қызметте. Жұбайым зейнетте, өзім жылдан асты сол ұрылғанның зардабы ма, басқаша ма, білмеймін, басым ауырады, естен танып қаламын, үйде емделудемін.

Тәуелсіздігіміздің алғашқы баспалдағы болған «Желтоқсан оқиғасына» тиісті баға беріліп, статус тағайындалса деген тілегім бар, -деп аяқтады әңгімесін Исмаил Хаджимуратов.

Қайрат Рахметов пен Гүлжаһан Нұриева:

БЕС ЖЫЛҒА СОТТАЛДЫМ... МАХАББАТЫМДЫ ТАПТЫМ...

Қайрат айтады: - Біз ерлі-зайыптымыз. Қуғын-сүргіннің ауыртпалығын бірге көрдік. Әкем Рахат пен анам Райкүлдің он бір баласының бесіншімін. Шу ауданындағы Д.А. Қонаев ауылындағы орта мектепті бітіргеннен кейін Талғар қаласындағы ауыл шаруашылық техникумына оқуға түстім. Одан кейін әскери борышымды өтеп келген соң Алматы қаласында құрылыста еңбек еттім. «ҚазҚұрылысМонтаж» мекемесіне



дәнекерлеуші болып екі жыл құрылыста еңбек етіп Алматы сәулет-құрылыс институтының құрылыс факультетіне оқуға түсіп, топтың «старостасы» болдым. Арманыма қол жеткізіп, қуанышым қойныма сыймай, бар ынтаммен білім нәрінен сусындадым.

1986 жылдың желтоқсан айы аса ызғарлы болды. Шын мәнінде ауа райынды ерекше құбылыстарды байқадым. Күтпеген жерден Совет Одағының басшылары 1937 жылдары ұстанған саясатын тағы да жалғастыру үшін Қазақстанға басшы етіп, өздерінің жандай шаптарын әкелді. Бұл шешімге біздің институттың студентері ерекше қарсылық білдірді. Оның өзіндік себебі де бар еді. Себебі, оқу орнында оқитындардың көпшілігі ысылған, әскер борышын атқарған, еңбекке араласып, өмірдің азда болса ащысы мен тұщысын татып үлгергендер болатын. Біз шын мәнінде «үлкен ағаның» іс-әрекеттерін көріп, көңіліміз қалып жүргенін де жасыра алмаймыз. Сонымен мен жолдастарыммен бірге 17- желтоқсанда алаңға шығып, Совет Одағы басшыларының озбырлы-оспадарлы саясатына қарсы тұрып, талап, тілегімізді ашық, бар дауыспен айттық. Қыздарымызды, өзімізді резіңке, темір келтекпен, күрекпен ұрғандардан қорғандық, қарсылық көрсеттік. Сол үшін 26-желтоқсанда қолымна кісен салып, тергеу изоляторына алып кетті.

Сондағы таққан айыптары: «Студенттерді үгіттеп, алаңға апардың, ішкі істер органының қызметкеріне қол көтердің», деп жала жауып, 5 жылға бас бостандығымнан айырды. Тергеу және түрмеде болған күндерім мен жылдарымда көрген қорлығым туралы айта алмаймын. Көрмегенді көрсетті. Алғашқы астанамыз Орынбор қаласында 3 жыл, 9 ай, 18 күн түрменің ащы-дәмін таттым.

Бізді мерзімнен бұрын бостандыққа босатқан Тәуелсіздік. 1991 жылы 12-желтоқсанда Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен толық ақталып шықтым.

1989 жылы Гүлжаһан Нуриеваға үйлендім. Қазір немерелеріміз бар. Алматы қаласында тұрып жатырмыз.

Құрылыс саласында кәсіпкерлікпен айналысам.

Гүлжаһан айтады: - Біздің махаббатымыз шыңдалған. Қиын-қыстау күндері бас қостық. 1986 жылы мен мединституттың VI курсының студенті едім. “Желтоқсан оқиғасы” болғанда қаладағы 9 емханада практикадан өтіп жүргенмін. Пленумда Қонаевты алып тастапты, басшылыққа белгісіз біреуді отырғызыпты дегенді естідік. Қанымыз басымызға шапшыды. Наразылығымыз жалын болды. Жатақханада тұратындардың барлығы жоғарғының шешіміне ашық қарсылық білдіруге дайын екендерін көрсетті. Желтоқсанның 17-інде практикадан кеш қайттым, жатақханаға келсем, мұғалімдер қаптап жүр. Ешкімді жатақханадан шығармайды, рұқсатсыз ешкімді кіргізбейді. Аланда көтеріліс болып жатқаның сонда естідім.

Ол кезде Қайрат Рахметов екеуіміз кездесіп, жүрек сезімімзді айтып жүргенбіз. Ол ААСИ-дің соңғы курсына оқитын, группасының старостасы еді. Болып жатқан көтерілісті естіген олар тобымен аланға 18-і күні барады, сол жерде бір-бірінен ажырасып қалады. Кешкісін Қайрат менің жатақханама келді. Аландағы болып жатқан оқиғалар туралы естіп денеме қорқыныш ұялады. Содан екеуіміз оның жатақханасына келсек, бөлмесіндегі Кәрімжан деген жолдасының үсті-басы қан- жоса...

Қайратты 26-желтоқсанда жатақханасында вахтада кезекшілікте отырған жерінен алып кетіп КПЗ-ға қамады. Содан тергеу басталады. Савицкийдің өлімін жабады, мойнына алмаған соң ұрып-соғып, тісін сындырады. Ақыры оған Маметниязов деген милиционерді ұрып, басына жарақат жасадың деген жалған айып тағады.

КПЗ-да Кожевников деген тергеуші менен де жауап алды, Қайратпен кездестірді. Бірақ мен сонда жазықсыз адамды соттап жібереді деп, еш ойламадым. 10 шақты күннен соң босататын шығар, деп ойладым. Сөйтіп тергеу 4 айға созылды. 19-сәуірде Алматы қалалық сотының шешімімен 5 жылға бас бостандығынан айырылды. Сонда ғана мен өмірде өкімет тарапынан сондай әділетсіздік болатынына көзім жетті.

Содан ол Жамбылдың зонасына жіберіліп, сол жерде 1988 жылдың қыркүйегіне дейін жазасын өтеді. Сол аралықта мен де институтты бітіріп, Жамбылға интернатура өтеуге аттандым. Жамбылда мен зонаға барып тұрдым, қысқа мерзімді кездесуге де кірдім. Халық үшін, ел үшін қыршын өмірлерін зобалаңға салған Қайрат сияқты азаматтың жанынан табылғанымға өзімді бақытты санадым. Қандай жағдайда қасында болдым.

1988 жылы қазан айларында Россияның Орынбор қаласына қалған жазасын өтеуге арнаулы комендатураға жөнелтті. 1989 жылы мамыр айында демалыс алып, екеуіміз 5 -мамырда үйленіп, Орынборға келдік. Орынбордан 1990 жылы сәуірде Қайратты Алматыға ісін қайта қарауға шақыртты. Содан оны Алматыдағы арнаулы комендатурада қыркүйек айына дейін ұстады. 1990 жылы қыркүйекте ол босатылды.

Жанас Қуатбекұлы:

ЖАЗАМДЫ ҚАРЛАГТА ӨТЕДІМ



- Адам өмірінде болған еске алатын немесе алмайтын кезеңдері болады. Желтоқсан көтерілісін еске алу жүйкеге аса ауыр салмақ түсіреді. Адамға адамның зорлығы бір сәтте ғана белең алады екен. Аянышты ұмытып, айуанның кейпіне айналуы тез-ақ. Мен ең алдымен осыған таңғалдым. Өрімдей қолында қаруы жоқ жастардың еркіндігін қатыгездікпен жазалаудың сорақысын көрдім. Сондықтан да мен солбір күндерді еске ала бермеймін.

Мен сарысулықпын. Ұйым аулында туып өскеніммен, Мойынқұм ауданында мектепті бітіргеннен кейін Кіші Қамқалыда механизатор болып еңбек еттім. Одан кейін СССР

Қарулы Күштері қатарында азаматтық борышымды өтедім. Ол бір кезде ел басына аса ауыр ауыртпалық түскен кез болатын. Компартияның беделі түсіп, халық тамағын тауып жеу үшін қолайлы жер іздеп кетті. Мен де осындай жайды басымнан өткіздім. Жақсы өмір сүру арманға айналды. Жалақысы көп, қызмет көрсету деңгейі жоғары Алматыға арман айдап әкелді. 1982 жылы Алматы қаласындағы «Поршень» зауытына жұмысқа орналастым. Механизатор адамға токарь болу аса қиындыққа соқпады. Мамандығымды меңгеріп, ел қатары үйдің кезегіне тұрып, отбасын құру жолында еңбектендім. Үздіктердің қатарына іліктім.

1986 жылдың желтоқсан айы айтарлықтай ызғарлы басталмағанымен 15-желтоқсан күні ауа райы ерекше мінезін танытты. Аспанды қою қара бұлт торлап, найзағай ойнады. Үй-ішімізбен қорқып кеттік. Жер сілкіне ме әлде тасқын бола ма деген жаман ой келді. 16-желтоқсан күні кешкілік «Қазақстан басшылығына өзге ұлттың адамы келді. Қонаевты ешқандай себепсіз, тіпті, СССР-дың басшыларының бірі келмей-ақ рахмет айтпай қызметінен алыпты» деген сөз тарап кетті. Ой бөлісу, пікір алмасу қызу басталып кетті. Ақыры елдің басты алаңында наразылығымызды білдіру үшін сап түзеп ағылды. Бірден айтайын тәртіпті бұзбай алға адымдадық. Рас, анда-санда халықтар достығы, Лениннің ұлт саясаты туралы ұрандап, ән шырқадық. Сол күні кешкілік тыныштау болғанымен ертеңіне екі жақтың да қабақтарына мұз қатты. Арамызда арандатушылар қосылды. Арақ судай ағып жатты. Ол қайдан келді, кім әкеп жатыр білмедік. Алдымен бізге су шашты. Бір-екі рет келтеп ұрып, қуды. Содан кейін біз де ашудың, намыстың атына міндік.

Күші басым билік қамаққа алды. Жарадар болмағынымыз кемде-кем. Ұрып, соғу, қорқыту, бопсалау белең алды. Кейбіреулеріміздің жүйкесі сыр берді. «Мені анау ертті, мынау ертті» деген сөз жүре бастады. Мен тайсалмадым. Өз еркіммен, жүрек қалауымен алаңға келіп, наразылығымды білдіргенімді айттым. Ақыры көп тергеудің нәтижесінде 1987 жылы

10-қаңтарда 5 жылға бас бостандығымнан айырып соттау туралы үкім шығарылады. Сөйтіп, еркімді білдіргенім үшін сотталып, жазамды Карлагта өтедім. Бұл жерде кезінде саяси қуғын-сүргін кезінде жазықсыз «халық жауы» атанғандар түрмеде отырғанын жақсы білетінмін. Солардың орнын қазақ жастары басқанына аса таңғала қойғаным жоқ. Шынында да, жағдай шиеленісіп, осыған жеткізген болатын. Сонымен не керек жазықсыз 2 жыл 6 ай Карлагта «жазамды» өтеп шықтым. Тәуелсіздік таңы бізді бостандыққа шығарды. Енді жан-тәнімізбен ата-бабаның қанымен, 1986 жылы Желтоқсан көтерілісіне қатысқан жастардың зарымен келген Тәуелсіздіктің туын жоғары көтеру үшін, бала-шағамыз бақытты өмір сүруі үшін еңбек етеміз, өмір сүреміз.

*Журналист Терехан Данияров
Серік Әбруәлиевтің естелігінен:*

АЛАҢҒА НЕ ҮШІН БАРДЫҚ?

Серік әңгімесін осындай сауал төңірегінде бастады. Шынында да 1986 жылдың желтоқсанында Брежнев атындағы алаңға жұмысшы және студент жастар не үшін жиналып еді? Ақиқаты енді-енді анық айтыла бастаған бұл оқиғаның сабақ аларлық жақтары көп болды. Ең бастысы, демократиялық өмірге бет алған бүгінгі қазақ халқының жылы лебі ескен жариялылықты ұлтшылдық, даңғаза айқай емес уақыт рухына сай іс жүзінде көрсетуге, талап қоя білуге талпынысы еді. Алайда, ұлы орыстың шовинизм мен партократтардың анайы әрекеттері дүниені дүр сілкіндірген оқиғаны тұншықтыруға тырысты...

Ол мені Республика алаңындағы биік тұрғын үйлердің бірінші қабатына орналасқан “Жалын” кітап дүкенінің алдында күтіп тұр екен. Екеуміз қызылтастан қаланған баспалдақтармен өрлеп алаңға беттедік. Көз алдымызда ақшаңқан “Ақ орда”, одан беріректе мінбер, алаң ортасында машиналар зулап өтіп жатыр.

– Аға, – дейді Серік мұнайып, – мына алаңда талай

қазақ азаматының қаны төгілген. Елді есінен айырып, жұрт наразылығын туғызған жиын осы жерде өткен-ді. Бірақ қасиетті жерді машиналарға таптатып қою маған ұнамайды. Оның үстіне үкімет үйінің де айналасындағы тазалық пен мәдениеттілікке жатпайды.

...Ана мінберді көрдіңіз бе? Нағыз айтыс сол жерде болған. Елді тыныштандыруға тыраштанып өтірік сөйлеген ағаларымыз мінберден түспеді ғой... Мұның бәрі қазір елес, сол кезде қайғы мен қасірет еді. Фурманов, Бейбітшілік және кітап дүкені жағын милиция мен қаруланған солдаттар қоршауға алды. Әділет аңсаған жастар жасанды шеңберді бұзып ішке кіріп жатты. Осының барлығын көз алдымнан өткізе отырып, жүрегінің түгі бар азаматтарымызға қайран қалам! Әсіресе қыздар жағы — біз бейбіт күннің өзінен Әлия мен Мәншүктерді көрдік. Қан-жоса болса да тілін тартпаған олар шындықты айтып шырылдады.

Иә, қиямет күндер келмесе кеткенмен, ойға жетелейтін оқиғалар жадымызда мәңгі қалуы тиіс. Аландағы озбыр әрекеттерді көзімен көрген студент Серік Әбруәлиев үшін бұл жағдай өмірінде мәңгілік қалары сөзсіз. Себебі ол желтоқсанның қайғылы күндері таяқ та жеді, кейіннен қудалауға да түсті. Жап-жас жігіттің мұнды жанарынан аяныш та, ыза да аңғарылады. Мұны дұрыс түсінген де жөн. Серік қапа болатындай боркеміктік те болды. Біраз жастардың өмірін қыршын қиғанына күйіне отырып, уақыт шындығына сүйінетін де болдық. Оны мынадан көруге болады: КСРО халық депутаты М.Шаханов жетекшілік еткен арнаулы комиссия әділеттің ақ туын тікті. Ал жақында Қазақстан Халықтық Конгресс партиясының Саяси Атқару Комитеті өзінің алғашқы мәжілісінде Алматы қаласында 1986 жылы Желтоқсан оқиғалары қайта құру кезеңіндегі тоталитарлық жүйеге қарсы бағытталған тұңғыш демократиялық қозғалыс екенін атап өтті. Қала берді Желтоқсан оқиғасының 5 жылдығына байланысты “Праволық мемлекет — адам құқығын қорғаудың кепілі” тақырыбында халықаралық конгресс өткізу туралы шешімін колдады.

...Серік екеуіміз қоңыр күздің шуағына бет тосып, қызылтас үстінде ұзақ отырдық.

- Серік, бәрін басынан басташы...

Ел арасын кезіп жүретін қауесеттің, кейде шындыққа айналып кетіп жатқанын көріп жүрміз ғой. Желтоқсанның 15-і күні түнде “Қонаев ағамыз орнынан алынады екен” деген алып-қашпа әңгімені біз де естідік. Сенерімізді де, сенбесімізді де білмей, студенттер арасында қызу әңгіме басталып кетті. “Қартайды ғой ол кісі, еңбек демалысына кетер” деушілер, “Мәскеуден бұйрық келіпті” дегендер де табылды. Әйтеуір кімге, неге сенерімізді білмедік.

17-інде сабақ үстінде “Брежнев атындағы алаңға адамдар жиналып жатыр” деген әңгімені естіп қалдық. Бұған кім елендемесін, арамыздан сабақты тастап сонда кетушілер де табылды. Олардың барлығы да жағдайды көзбен көріп, шындыққа көз жеткізгісі келді. Лекцияда шыдап отыра алмадық: түске таман біз де алаңға жол тарттық. Мінбер алды ығы-жығы халыққа толы. Сыртынан оларды ішкі істер әскерлері қоршап тұрды. Амалын тауып біз де соларға қосылып кеттік. Жастар қолында ұлтаралық мәселелерге қатысты, оның ішінде ұлттар достығы туралы ұрандар болды. “Менің Қазақстаным” әнін хормен айтқанымыз, мінберге шығып сөз сөйлегендер, бәрі-бәрі көз алдымда. Жұрт алдында сөз алған бір жігіт “Алатау” пойызымен Шымкенттен жастар тобы келе жатқанын хабарлады. Бұл әңгіменің шындыққа қаншалықты жақын екенін білмедім, дегенмен астаналықтарды қолдаушылар республикамыздың жер-жерінен табылғаны ақиқат-тұғын. Халық ортаға Дінмұхамед ағамызды шақыруды талап етті. Бірақ сұрау салулар жауапсыз қалып жатты. Оның есесіне ел алдына шыққан Елемесов: “Жігіттер, бұл тәртіпсіздікті қойындар, арты жаман болады” деп сес көрсетті. Ашуға булыққан жастар бір ауыз сөзге тіпті қызбаланып кетті. “Қонаевты шақырындар, ақиқатты айтсын!” “Қазақстаннан адам табылмады ма, Ульяновтан басшы әкелгені несі?”, “Қазақстаннан бір орыс табылмады ма?” деген секілді

айғайлар үдей түсті. Шынында да Желтоқсанның оқиғасына от қойған жоғары жақтың өзі болды. Олардың ескертулері ғана емес, түрлі коқан-лоққыларынан ешкім сескенген жоқ.

Кешкісін қарақұрым болып жиналған тобырдың екі шетінен де жанжал шықты. Мықтап қаруланған солдаттар екі қолынан басқа қауқары жоқ қазақ жастарын ұрып-соға бастады. Соған қарамастан ешкім алаңнан кете қоймады. Жастарды тарату мақсатымен шеткері тұрған өрт сөндіруші машиналар су шашты. Түңгі 22-де басымнан тиген ауыр соққыдан шыдай алмай жатақханаға қайттым.

18-і күні таң ата алаңға қайта бардық. Әрине, біз бір бәле іздеген жоқпыз: кешегі әділетсіздікке, жазықсыз ұрып-соққандарға наразылық білдіруді ұйғарғанбыз. Қолымызға Лениннің портретін ұстап Абай және Ленин көшесімен жүріп өттік. Сондай қиын жағдайда бізді қолдаушылар көп болған жоқ. Көшедегі кісілердің көзқарасынан осыны байқадық.

- Желтоқсан оқиғасын ұйымдастырылған әрекет деушілер де болды. Сендерді көшеде жүруге, алаңға баруға үгіттегендер болды ма?

- Жоқ. Бәрі өтірік. Бұл толқу ұйымдастырылмағандығымен де көзге түсті. Мәселен, жиынның бір ғана жерде өтуі, жастардың бөлініп-бөлініп кетуі, карудың (ең болмаса таяк) болмауы, жоғарыдағыларға сөзіміздің өтпеуі, т. б. Егер осы әрекеттер жақсылап ұйымдастырылған болса, ішкі істер әскерлері, милиция да ешкімге ие бола алмай қалатын еді.

- Сендерді ақылға шақырғандар болды ма?

- Жаңағы... 17-сі күні түс әлетінде бас жарақатымды ауырсынып жатақханаға барғанмын. Мұғалімдер қаптап кетіпті. “Сыртқа шығуға болмайды” деп, олар ешкімді тыпыр өткізбеуге тырысты. Ұстаздардың пәлсафасы: “Алаңда бұзақы жастар жүр дейді... Мас, наркомандар көрінеді. Бәлесі сендерге жұғады, жоламаңдар” деген секілді болып келеді.

- Шын мәнінде солай болды ма?

- Мұның бәрі жасанды өтіріктер. Алаңда арақ сатпақ түгілі,

әркім өз басымен болып кетпеді ме?! Керісінше, ол жерге халық камын ойлаған, ел ертеңіне елендеген озық ойлы азаматтар барды. Горбачев демократия деп қанша айтқанмен, оның іс жүзінде бейбіт түрде жүзеге асып жатқаны шамалы. Ал Алматыдағы Желтоқсан оқиғасы әр елге үлгі боларлық толқу болғаны сөзсіз. Мұны креслодан қорыққандар өңін айналдырып жіберді. Ең өкініштісі де осы.

- Содан...

- Жатақханадағы қатаң тәртіпке қарамастан ұрланып шығып кеттік. Алаңға келсек әскери машиналар тұр. Сол сәтте өзіміздің әлсіздігімізге налыдым. Елді қуып таратып, көше бойлап ылаң салған милиционер мен солдаттардың соққысынан қанжоса болған жігіттер мен қыздарды да көзбен көрдік. Сол күні «қолшоқпарға» айналған екі аяқтылардың қуғынына біз де ұшырадық.

18-і күні де мұғалімдер жатақханадан шығармады. Мен Ахмет Дәлиев деген жігіт екеуміз ебін тауып далаға шықтық. Бұл жолы мен бір қызға бара жатыр едім. Абай көшесімен жаяу Бейбітшілік көшесіне жақындап қалғанымда алаңда не болып жатқанын көре кеткіміз келді. Жолда ұрып кеткен жолдасын тұрғыза алмай жылап тұрған әйелге жолығып қалдық. “Ол жаққа – бармаңдар, ұстап әкетіп жатыр” деген апайдың өтінішіне қарамадық. Солдаттар алаңды қоршап алыпты. Біз от жағып отырған жігіттердің жанына барып тұрғанымыз сол еді, тағы да төбелес басталып кетті. Қарулы солдаттарға қалай қарсы тұрасың? Қашуға тура келді. Жолда бір бөтелке жинайтын жерді көзім шалып қалды. Лажсыз соның артына тығылдым. Бірақ солдаттар көріп қойды да “Шығыңдар” деді. Көпке дейін шықпай отырдым. Олар ұстауға кіріскеннен кейін шатыр үстіне, одан әрі қоршаудың арғы жағына түстім. Қарасам алдымда солдаттар толып жүр. Мені ұстап алды. Қолымды көкжелкеме қойдырып, сап түзеген әскерлердің арасынан алып өтті. Өлгеніңе қарамайтын солдаттар тепкінің астына алды. Ақыры тұра алмай қалдым. Оның есесіне мені сүйреген бойы автобуска

алып келді. Енді мінгізгелі жатқанда “тоқтатындар, – деді бір полковник (содан соң мені сыбап-сыбап алды). – Мен сені кеше де көрдім”. Ол менің тұмсығымнан бір ұрды. Мұрнымнан қан бұрқ ете түсті. Жолда мұрнымды сүртпек болып едім, бір солдат дубинкамен желкемнен ұрып, “руки на голову” деп айғайлады.

Калинин аудандық ішкі істер бөлімінде 50 шақты солдаттың ортасында тағы да тепкіге түстік. Қалтамызды, үсті-басымызды түгел тінтіп шыққаннан кейін тергеуге шақырды. Суретке түсіріп алып “Наркомансың, көзің қызарып кетіпті” деп жала жапты, қайта қалаға шығарғанда солдаттар және тепкіледі. Бәрімізді автобусқа салғанда біріміз біріміздің үстімізге шығып кеттік. Сыймайтындығымызды ескерген ешкім болмады. Оның есесіне “атамыз” деген үрейлі бұйрықты қайта-қайта естідік.

– Сендерден күштеп жауап алу т.б. адамды қорлайтындай жағдайлар болды ма?

– Ұсталған кезімізден бастап сабап, ұру, қол-аяқты бұрау, т. б. адамды қорлау емей немене? Әсіресе шашынан тартқылап ұрған қыздарға обал болды. Солардың бәрі ештеңені бұлдірген де емес. Алаң жақтан ұстап алған, бітті... “Қасқырдың аузы жесе де қан, жемесе де қан” деген осы.

– Сендерді тергеу қай жерде жүргізілді?

– “Қазақстан” қонақүйінің жоғарғы жағында бір мекемеге (түрме болу керек) апарды. Бәрімізді сабап камераға кіргізді. Қайта тергеу басталды. Жалғыз-жарым нарда 2 сағаттан кезектесіп ұйықтадық. Өзгелеріміз цемент үстінде отырдық. Төрт күн бойы сұйық тамақ берді. Бір күні “Жігіттер, шындарынды айтындар, босатамыз – деді офицерлердің бірі. – Әйтпесе 15 жылға сотталасындар”. Әрқайсымыз өзіміздің жазықсыз екендігімізді айттық. Сол күні кешке қарай мені босатты. Кетерімде маған өз телефонын берген тергеуші: “Жатақханада тосын оқиғалар, лақап әңгімелер, алаңға шығуға үгіттегендер болса маған хабарла” деп телефон нөмірін берді. Бірақ, мен оларға тыңшы болуға арым жібермеді. Әділет үшін айқасуға бел бұғандарды ұстап бергенім жөн бе? Жоқ. Мен ондай арам іске бара алмаймын.

Жатақханада 3 күн тұра алмай ауырып жаттым. 15 күннен кейін тергеуде бірге болған бір жігіт іздеп келді. Ол менімен жылап көрісті. Үсті-басы көкала. Оның маған айтқан әңгімелерінен есі ауысқанын байқадым. Жаным түршігіп кетті. Өзін-өзі игере алмаған ол әр нәрсені бір айтумен болды. Көп ұзамай ауруханаға түстім. Дәрігерлер бүйрегімнің төмен түскенін айтты. Ұзақ емделдім. Ал сол кезде институтта менің мәселем сырттай талқыланып жатты. Комсомол комитеті БЛКЖО мүшелігінен де, оқудан да шығарды. Ақыры ауылға жол тарттым.

– Меркіде кудалау жалғасқан жоқ па? Ауылдағылар қалай карсы алды?

– Мен тұратын ауыл “Екпінді” деп аталады. Онда 150 шақты шаңырақ тұрады. Өз қатарларым оқиғаға қатысқанымды қызықтап сұраса, үлкендер жағы “Аман қалғаныңа тәубе. Оқу қайда қашар дейсің, әлі жассың ғой” деп басу айтты. Әрине, оқудан шығып қалғаным үшін ата-анамнан ұялдым.

Бір күні үйге комсомол комитетіненмін деп кісі іздеп келді. Қазіргі жай-күйім, не істеп жүргендігімнен толық хабардар болған соң мені “өздеріне” шақырды. Бардым. Есесіне олардан “ұлтшылсындар, бұлардың дұрыс емес” деген жауап естідім. Бекер обалы не керек, олар мені жұмысқа орналастырмақ болды. Қызығы сол — желтоқсан оқиғасына қатысушыларды жұмысқа алмау Меркіде де кездесті. Бірде бөлімшедегі милиционер келіп аудандық ішкі істер бөліміне баруымды тапсырды. Бұл жердегілер қиналғанда қол ұшын беру орнына “Жұмыссыз жүргенің үшін сотталасың” деп бәлені салды. Түсініктеме жаздырды. Денсаулығымның жарамсыздығына қарамастан қант заводына уақытша жүк тиеуші болып орналастым. Күзгісін өз өтінішіммен әскерге кеттім.

– Сол кезде жоғары оқу орындарында оқитын жігіттер Қорғаныс министрлігінің бұйрығымен әскерден босатылып жатты емес пе? Сен...

– Иә, мен әскери қызметтен кейін бір-ақ баруды ойлағанмын. Алайда, 1990 жылы сәуірдің 25-інде институттан шақырту келді.

Әскери бөлімше 27-і күні мені қызметтен босатуға бұйрық берді. Сөйтіп оқуға қайта оралдым.

– Серік, енді болашақ тарихшы ретінде Желтоқсан оқиғасына қандай баға берер едің?

1. Өмірдің бір ауыртпалығын бастан өткеремін, азынаулақ қиындығын көремін-ау деп ойламаппын. Қазір келер күнге, болашаққа ғана көз тастап қоймай, өткен уақытқа да ой жүгіртсем, 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы – қазақ тарихында мәңгі қалатын нәрсе. Сондықтан мен мұны Қазақ КСРО тарихына енгізуді талап етер едім. Алаңға жиналғандар еріккендер емес, олар демократиялық қозғалыстың қарлығаштары. Бетімізге күйе болып жағылған қаулының жоққа шығарылуы да бейбіт шерудің дұрыстығын растайтын нәрсе. Дегенмен, мен Желтоқсан оқиғасы кезінде белсенділік көрсеткен біраз азаматтардың лауазымды қызметте отырғанына қарсымын. Ал ақ тілеу алғысымызды Мұхтар Шаханов ағамызға айтар едім.

Сонымен бірге Алматы сәулет және құрылыс институтында жалған жаланың құрбаны болған Қ.Рысқұлбековты есте қалдыратын белгі қою қажет-ақ. Республика алаңындағы бір жапырақ тақтайша ешкімнің назарына ілікпейді. Сол себепті де сол маңға ауыз толтырып айтарлық ескерткіш қойғанымыз жөн болар. Халқымыздың басына қатерлі күн енді тумасын. Алаңға барып, ақиқатты көзбен көруге асыққан азаматтардың талайы тағдыр тәлкегіне түсті: қорлық көрді, азап шекті... Мұндай қасіретті келер ұрпақ көрмесін.

Желтоқсан оқиғасы! Аз ғана уақытта әлем назарын аударған толқу күштеп басылғанмен, оның мәні мен маңызы енді еш уақытта да өшпейді. Өйткені азаттық аңсаған, теңдікті талап еткен халқымыздың жүрегінде ол мәңгі қалады және болашақ ұрпақ басылым немесе кітаптан ғана оқып беретін тарихтың бір бетіне айналады. Ауыз аштырмауға тырысқан “коммунистік партияның” лаңы ары таза бүтін бір халыққа күйе болып жағыла жаздады. Алайда уақыт – сыншы өзі көрсеткендей, ақ пен қараның ара-жігі ажыратылды. Сөйтіп біз өзімізді өзіміз ақтадық. Бұл да ерлік.

Бүгінде жаңа заманға бет алған сіздер мен біздер үшін сол күндер ойымызға оралса, онда “алаңға не үшін бардық?” деген сауалдың жауабы табылғанына қуанатын кез келді.

Жазушы Талғат Айтбайұлы:

“ҚҰЙЫН” ҚИҒАН ҒҰМЫРЛАР

Бұдан бес жыл бұрын қазақ жұртын әлемге әйгілеген Желтоқсан туралы жиі айтылып та, жазылып та жүр. Әйтсе де ол хақында әлі де ақиқаты ашылмаған деректер көңілге кірбін ұялатып, маза берер емес. Күні кеше Тамыз төңкерісі жөнінде де талай деректер жалпақ жұртқа жайылып кетті. Араларын бес жыл бөліп тұрғанымен, осы екі оқиғаның біріне баға беру үшін, екіншісіне, оның алғышарттарына қоса үнілудің маңызын ұмытпағанымыз жөн-ау. Мен мұны бекерден-бекер айтып отырғаным жоқ, оқушым. Өкініштісі сол, бұларға азаматтық ар-өлшем, әлеуметтік әділет тұрғысынан қарар болсақ, демократияға ұмтылған екі оқиғаға баға беруде екі бөлек көзқарастың қалыптасқаны жанға батады екен. Желтоқсан жаңғырықтары көкейде қылаң берген сайын өзегің өртеңе аһ ұрасың, намысыңды қамшылайсың, жүрегің қан жылайды.

Несін жасырамыз, күні бүгінге дейін- «ұлтшылдық» айдарынан құтылғанымызға мәз боп жүріппіз-ау. Осылайша, Орталықтың “кешірімшіл рақымына” ризашылығымызды білдіріп, өзімізді өзіміз алдаумен уақыт өткізіппіз. Қайран, аңғал да кеңпейіл, кешірімшіл қазағым-ай! Алақандай ғана жеңісімізге тоқмейілсіп, жалған айыптаулардың шырғалаңынан әлі де құтыла алмай, бірі іргемізде өмірдің бар игілігінен шеттетіліп, бірі жырақтағы абақтыларда тағдыр тәлкегіне түскен ұл-қыздарымызды арашалауға батпай, жалтақ күй кешудеміз. Елдігіміз, қазақтығымыз ең алдымен осындаймен өлшенбеуші ме еді?! Бәрін қойшы, оқиға құрбандарына байланысты көңілге

демеу тұтар ешқандай шара қолданбай, бейқам жүргендігіміз ашындырады. Әне, ұлы халық саналатындар тағы да ұлылығын дәлелдеді. Мәскеуліктер ТЖМК (Төтенше жағдай жөніндегі мемлекеттік комитет) бүлікшілерінен өздерінің “Ақ үйлерін” қорғау күзетінде шейіт болған үш азаматын арулап қойып, Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынып жатқанда, Қазақ әлеуметі қып-қызыл қантөгіске ұласқан бейбіт Желтоқсан толқуының салдарынан жазықсыз жазаланып, қуғындалып, жапа шеккен, қаза тапқан азаматтарына лайықты құрмет, қызмет рәсімін жасай алмай отырғандығы қынжылтады. Бұл қызғаныш емес, бауырлас халықтың елдігіне, бірлігіне қызығу екендігін оқушым дұрыс түсінер...

Қалайша қынжылмассың, біз қыршын кеткен Қайратымыздың мәйітін туған жеріне жеткізіп, жерлеу былай тұрсын, оның нағыз ер-азаматтығын, ерлігін мойындаудан қорқамыз. Онымен қоса сотталған бесеудің бірі, тағы бір ұланымыз – Түгелбай Тәшеновтың тағдырына араша түсе алмағанымыздан, ол әлі күнге дейін қамаудан босанған жоқ – темір тордың ар жағынан туған ел, жер азаматтарына телміре қарап, жақсылық хабар күтумен жүр. Ал, күні кеше кінәсі жоқтығынан ақталып, бірі мүгедек, бірі ауру боп қатарға қосылған желтоқсандықтар туралы әңгіме өз алдында.

Жазықсыз өткерген қорлықтарына, шеккен зияндарына өтем ала алмай, не заңды, тиесілі қамқорлыққа қолдары жетпей, олар да назардан тыс қалуда. “Қолда барда алтынның қадірі жоқ” демекші, қаракөз ел ағалары бұған мән бермей отырғанда, басқа ұлт өкілдерінің зиялылары бастарын қатырып қайтсін?!

Ата-бабадан сіңген қасиет — ар-намысты бәрінен жоғары қоятын жастарымыз өздіктерінен ешнәрсені талап етпейді де.

“Желтоқсанның” тұтануына тікелей жауапты адамдар әлі ле алшандай басып, тып-тыныш сайран құруда. Олардың қолдары қазақ жастарының қанына боялса да, ештеңе болмағандай, сол бұрынғы қалпы тірліктерін жасауда. Желтоқсан жаңғырыққа айналғанымен, ол туралы қаншама деректер жарияланып, арнайы

комиссия қорытындылары шығарғанымен, сан миллиондаған жаралы көңілдер әлі де күпті, әлі де мазасыз. Желтоқсаншыларға байланысты жауабы жоқ сауалдар түрлі түсініксіз тұжырымдар жасауға жетелейді, жүрекке күдікті болжамдар ұялатады. Оған негіз — “декабристер” аталып кеткен ұл-қыздарымыз жайлы деректер, естеліктер. Бұлардың арасында бірқатары бұған дейін баспасөзде жарық көргені сөзсіз, мақсат — оларды және саралау арқылы ой елегінен қайыра бір өткізу, оқиға тағлымын зерделеу. Ол үшін 1986 жылдың сол бір дүрбелең оқиғасының қалай өрбігенін еске түсірейікші. Желтоқсан қалай басталып еді?

Жалпы, Желтоқсан толқуының себеп-салдары, қайшылықтары Қазақ КСР Кеңесі Президиумының Алматы қаласында 1986 жылғы желтоқсанның 17-18-інде болған оқиғаларға байланысты жағдайларға түпкілікті баға беру жөніндегі комиссияның қорытындыларында, қаламгер әріптесіміз Коммунар Тәбеевтің зерттеу еңбектерінде жан-жақты көрініс тапқандығы белгілі. Сондықтан, оларды қайталамай, бұл жазбаларға мен көпшілікке беймәлім, “құйынға” түскен тағдырлардың бірнешеуінің естеліктерін” “Бесеудің сотынан” жазылған ресми емес стенографиялық есепті арқау еттім. Өйткені, “Желтоқсан” төңірегіндегі әрбір тың дерек бізге оқиға жайлы онсыз да жаралы шындықты шынайы тағылым түюге көмектесетіні даусыз. Ендігі әңгіме өзегін соларға қарай бұралық.

Қайраттың інісі Талғаттың естелігінен:

– Қайрат 10-класты бітіргеннен кейін Алматы құрылыс институтына келіп құжаттарын тапсырды. Бірақ жолы болмай, ауылға қайтып келді де, сиыр бақты, әкеміз сиыршы еді... Сосын, 84-те армияға кетті. Ол жақтан жақсы кепілдемемен сержант боп оралды. 1986 жылы өзінің арманы — Алматы құрылыс институтына оқуға түсті. Мен сол жылы училищені тамамдап ҚазПИ-ге орналастым. Екеуіміздің мінезіміз екі бөлек-тін, мен бұзықтауым, ол салмақты, байсалды еді, маған үнемі ақыл-кеңес беруден жалықпайтын. 1986 жылы мен мединституттың

профилактикасында демалдым. Сол жолы білсемше көп ұзамай Қайратымнан айырыларымды...

Оны 1-қаңтарда, Көктеректе, нағашыларымыздың үйінде ұйықтап жатқан жерінде алып кетіпті. “Түнде төбелеске қатысқан, қазір жібереміз” депті бөгде кісілер... Мен барлық ішкі істер бөлімдерін аралап шықтым. Сөйтсем Алматыдағы “Целинный” кинотеатрының маңындағы ішкі істер басқармасына әкелініпті. Аға тергеуші, полковник Дубаевқа жолықсам: “Ағаң мойындамай жатыр, мойында деп хат жаз, алаңда болғанын растасын” дейді. Ол маған Ертайдың тергеу ісін қолыма ұстатты. Бауыржан екеуі де мойындапты. Сосын Дубаев: “Сенің ақ жиекті көк куртқаң қайда?” деді. Ондай киім менде болмағанын айттым. Сөйтсем, қолында ұран ұстаған, беті көрінбейтін бір жігіттің суретін маған көрсетіп “бұл сенсің” дейді. Менің еш қатысым жоқтығын дәлелдеп бердім. Ол күліп жіберді де, “ойнағаным ғой” дей салды. Бірде бауырыма тамақ апардым, сонда ол: “тергеушіге де, адвокатқа да ақша беріп әуре болмандар, босқа шашыласыңдар, маған жала жабуда, мен ақпын, ақталамын” деді.

Митингіде, әлі есімде, төрт адам шықты — бір әйел, бір қыз және екі жігіт. Ахметова деген әйел: “Біз Қонаевтың жоғын жоқтап шыққан жоқпыз, Колбинді танымаймыз, мұндай қызметке неге қазақ азаматы қойылмайды, қазақ анасы ұл тумап па? Лениннің саясаты бар, әр ұлтты өз өкілі басқарсын деген” деді. Сол-ақ екен, төртеуін де “қара қарғаға” апарып тықты. Халық шулап кетті: “жіберіңдер, айтпесе күшпен аламыз” деді. Мұнысын ешкім елеген де жоқ. Сол сәтте “жігіттер, алға!” деген дауыс естілді. Төбелес осылай басталып кетті. Мен курсанттармен сөйлесіп тұрғанмын, олар да өкіметтің әділетсіздігін мойындайды, бірақ бұйрықтың аты бұйрық қой, қайтсін?

Кейіннен, бірер күн өткенде институтқа барсам, бір топ студенттердің фамилиялар тізімін іліп қойыпты. “Сабақтан үлгере алмағандары үшін оқудан шығарылсын” делініпті.

Ішінде өзім бармын. Жалма-жан құжаттарымды алдым да ауылға тартып кеттім. 1987 жылы мамырда армияға шақыртты.

Свердловскіге жөнелтті. Ол кезде тергеу әлі жүріп жатқан. 1989 жылы ауылға оралдым. Шешем жылап қарсы алды. “Неге жылайсыз?” деймін. “Қайратымыздан айрылдықы қой” дегенде төбемнен жай түскендей болды. 21-мамырда Семейден жеделхат келіпті. “Балаларыңыз асылып, қайтыс болды” делінген онда. Алматыға келдім де Қадыр Мырзалиевке жолықтым. Қайраттың мәйітін жерлеуге, алып қайтуға неліктен рұқсат берілмегенінің себебін сұрадым, істі қайта жүргізу қажет дедім. Сөйтсем “өздерің бас тартыпсындар ғой, мінеки жеделхаттарың” деп отыр. Сондағы: “Қатты қайғырудамыз, бірақ бара алмаймыз. Рысқұлбековтер” деген жазуларды оқып, тіптен жынданып кете жаздадым. Ауылға барсам, “мұны біз жазған жоқпыз” дейді. Сосын почтаға барып, 21-мамыр күнгі архивті көтерттім. Анықталғандай, сол күні совхоз парторгі жіберіпті жеделхатты, оның өзі мойындағандай, мемлекеттік қауіпсіздік комитетінен екі адам келіп, қысым көрсетіп: “Рысқұлбековтар семьясы ешқайда шықпайтын болсын” деп бұйырыпты. Қалай жауап жазу қажеттілігін айтыпты да, Бегілдаевқа жаздырыпты.

Мен көп іздендім, Қайраттың тергеушілеріне де, онымен бірге түрмеде жатқандармен де, жолдастарымен де, комиссия мүшелерімен де кездестім. Қайрат мойнына алмаған соң: «Әкенді сыйласаң мойындайсың, әйтпесе әкеннің өзін соттаймыз» деп шарт қойыпты. Бауырым қасындағы жігіттерге: “Әкемді соттатып жіберсе үйдегілерді кім асырайды, ашусыздан қол қоя салдым” депті. Сотта қол қоюға қысым жасалынғанын, тергеушілерді бетпе-бет жүздестіруді талап етіпті. Бұған мән берілмеген. Оның: “Қанша жыл өтсе де түбі ақталамын, аққа — құдай жақ” дегені көкейімде әлі тұр.

Қайрат 88-дің мамырына дейін Алматыда жатты. Әке-шешем жан-жаққа хат жазса да, ешкімнен көмек, қолдау таппапты. 15-16 мамырда аға-жеңгелерім кездесуге барса, біреу: “Балаларыңызға кешірім жасалып, Свердловқа алып кетті” депті. Мұны 18-мамырда ауылда естіп, қуанып жүргенімізде, “21-інде асылып қалды” деген қайғылы хабар жетті. Естуімше, есебін тауып

түрмедегі жігіттер кешірім жасалғанын Қайратқа жеткізіпті. Ол: “атудан қалдым, енді ақталамын, бәрін дәлелдеймін” деп қатты қуаныпты. Сөйте тұра өзіне-өзі қол жұмсайтын ол бала емес қой. Ертайдың ағасы Семейдегі сол түрмеде істейді екен: “Бұлар қитұрқылық жасады, сен де абайла” депті інісіне...

*Журналист Дариға Пазылбекқызы
Дариға Ыдырысованың естелігінен:*

ЕРЛІККЕ ТОЛЫ КҮНДЕР

Желтоқсан көтерілісін қашанда жадымызда сақталатын, қазіргі жас ұрпақ үлгі тұтатын тағылымды таразалау десек те артық болмас. Сол жылы алаңға тек ер азаматтарымыз ғана емес, нәзік жанды, қайсар мінезді қарлығаштарымыздың да қатысқаны аян. Қаракөз арулардың ерлікке толы іс-қимылдарын бүгінгі жас ұрпаққа, үлгі-өнеге. Сондықтан да оларды әркез ұмытпаймыз. Осындай Желтоқсан көтерілісінің куәгері Сарысу ауданындағы Ж.Отарбаев атындағы орта мектептің директоры Дариға Түймебайқызы Ыдырысова.

...Бізғарлы желтоқсанында Дариға Ыдырысова Абай атындағы педагогикалық институтының физика-математика факультетінің 4 курсына оқитын. Құрбы қыздарымен студенттік шақтың қызығымен білім нәрін сусындап жүрген Дариға «қызыл қырғын» басталатынын білмепті. Дариға да құрбыларымен бірге күнделікті сабаққа келгенде сол жерден орталық алаңға жастардың жиналып жатқанын білді. Бірінші сабақ біткен соң, бүкіл топ мән-жайды білу үшін орталық алаңға бет алды. Бейбіт шеруге жиналған жастар легіне олар да қосылып кетті. Түнгі сағат 2-де жатақханаға оралған қыздардың алдынан кезекші мұғалімдер шықты. Кезекшілер студенттердің аты-жөндерін жазып алды. Сол күні құрбылары – Зина, Рахия, Гүлжан, Шайзада бесеуін әңгімеге тартқан кезекшілерге, Пленум шешімімен

келіспейтіндіктерін бүкпесіз айтқан қыздар бойында қорқыныш үрей емес, ар-намыс, жастық жалын тұрды.

- Әлі есімде, - дейді ұстаз Дариға Ыдырысова көзіне жас ала отырып, -18 желтоқсан күні таңғы сағат 7-де біздің жатақханаға өзге институттардың студенттері мен Киров атындағы заводтың жұмысшы жастары келіп «Ұлттық ар-намысымыз аяққа тапталмасын» деп алаңға шақырды. Бірақ бізді институт мұғалімдері сыртымыздан құлып салып, есіктен шығармай қойды. Енді не істейміз деп тұрғанда сыртқа шығудың амалын таптық. Үшінші, төртінші қабаттардан қалың төсеніштерді жерге лақтырып, ақ жамылғыларды бір-біріне жалғап, терезеден секіруге тура келді. Әйтеуір, бәріміз де аман-есен жерге түсіп болысымен алаңға қарай жетуге асықтық...

... Екі күн бойы аяусыз таяқ жеген, түрлері адам танымастай өзгеріп кеткен жігіттер мен қыздар өте аянышты еді. Күн суық. Суықтың қатты болғанына қарамастан, қазақ қыз-жігіттерін рухтандырып, «Қыздар, жігіттер бөлінбейік!»-деп ұрандатқан дауыстар жаңғырық болып естіліп жатты.

Жастардың өздері бас болып жаралыларға көмек көрсетіп, ауыр соққыдан жүре алмай қалғандарды жасырып, көтеріп әкетіп жатты. Олардың орындарын «Менің Қазақстаным» әнін шырқаған жастардың жаңа легі толықтырып жатты. Қолына плакат ұстап, оң қолын жоғары көтеріп бара жатқан Дариғаны да сыртынан «үш әріп» қызметкерлері суретке түсіріп алады.

Сол суретті сақтап қалған білікті басшы әріптестеріне ауыр да болса тәуелсіздікке жол салған Желтоқсан көтерілісін еміс-еміс еске алып тұрады.

...Алаңда қолға түскен студенттер мен жастарды әскерилер мен милиция қызметкерлері түрмелерге, тау арасына, қала сыртына әкетіп жатты. Сол күні Дариғамен бөлмеде бірге тұратын Рахия Ысқақованы да түрмеге алып кетіп, әр нәрсені мойындатуға тырысқан. Соған қарамастан жастар тағдырлары қыл үстінде тұрғанына қарамастан шыдамдылық танытып, қазақ ұланына тән ерліктің үлгісін көрсете білді. Әсіресе қазақ

қыздары қылышынан қан тамып тұрған биліктен қорыққан жоқ. Үш күннен кейін Рахияны босатқанда Дариғаның қатты қуанғаны да есінде....

Иә, ол күндер естен мәңгі өшпек емес. Оны жазып, айтып тауыса алмаспыз. Тәуелсіздік – тәңір сыйы. Басты байлығымыз – бостандық. Бодандықтан босап, өзгелермен бәсекелесе алатын болдық. Тәуелсіз мемлекетіміздің әнұраны әлем төрінен шырқалуда. Осыдан артық бақыт бар ма?!

Мұрат Бердалиев:

АСТАРЛАП ЖЕТКІЗУ

Желтоқсан оқиғасы ешқашан ұмтылмайды. Оның жай-жапсары туралы жылдар бойы мақалалар, кітаптар жазылып, радио, телехабарлар жасалады. Осылай бола бермекте. Өйткені бұл оқиғаның халқымыздың тарихында алар орны ерекше. Дегенмен, сол мақала, хабарлардың дені Желтоқсан күндері лауазымдарын, креслоларын сақтап қалу үшін жастарымызды ғайбаттап, халқына топырақ шашқан атқамінерлер туралы немесе кезінде бұғып қалып, біртіндеп, заман түзелген соң кеуде қағып шыға келген «қаһармандар» туралы болып жүр. Ал сол бір аласапыран күндері тоталитарлық режимнің қаһарынан қаймықпай шындықты айтқандар, жастарға араша түскендер туралы азырақ айтылуда. Ондайлардың аз да болса болғаны рас. Мен бүгін ерліктеріне өзім куә болған сондай екі адам туралы әңгімелемекпін.

Желтоқсан оқиғасы кезінде мен Алматы медицина институтының 4-курсанда оқитынмын. Әрине, жұртпен бірге мен де алаңға бардым. Соны қалай біліп қойғандарын қайдам, 19 желтоқсан күні лекцияда отырған жерімізден, ішінде мен де бар, жеті студенттің атын айтып, ректоратқа шақырды. Неге шақырып жатқандарын ішім сезе қойды. Ректоратқа келдік.

Мұнда институт басшылары бізді күтіп отыр екен. Институттан шығару туралы бұйрықтың дайын екенін ескерткеннен кейін, бірден тергеп ала жөнелді. Әлгі алты серіктесім қай жерден, қандай жағдайда ұсталғандықтары туралы сұрақтарға жауап берді. Олардың әңгімелеріне араласқан факультет партия ұйымының хатшысы Х.С.Насыбулина: «Бір жылдары біздің институтта оқитын студенттердің бірінің медициналық айықтырғышқа түсіп шыққандығы туралы айықтырғыштан қағаз келді, бірақ әлгі студент «қателескен болар, ондай болған жоқ» деп мойындамай қойғандықтан жазалай алмадық» деген әңгіме айтты. «Ертеңгі күніміз не болар екен?»- деп үрейленіп отырған біз оған көңіл аудармадық. Кезек маған келді.

- Неге шақырғанымызды білесіз бе? – деді төрдегілердің бірі.

- Иә, 17-сі күні кешке алаңға барғаным үшін...

- Неге бардың?

- Туысқан інім үйіне келмей қалыпты, соны іздедім.

Бірақ менің бұл жауабым оларды қанағаттандырмады. Бәрі жабылып «бұзақылық жасағанымызды» мойындатуға тырысты. Әсіресе, факультет деканы Галина Вуйко менің 17 желтоқсан күні үзіліс кезінде үгіт жүргізіп, бірнеше студентті алаңға ертіп әкеткенімді дәлелдемек болып жанталасты. Осы кезде әңгімеге қайта араласқан Насыбулина: «Ертеңге дейін ойланып келсін», - деген ұсыныс айтты. Қыспаққа түскен мен үшін бұл арашалап алғанмен бірдей еді. Ішім жылып қалды. Бізді «ертең аудандық партия комитетіне келесіндер»деп қайтарды. Күні бойы ойым оңға, санам санға бөлініп жүрдім де, «Болса болар, болмаса қояр» деп кешке қарай Насыбулинаға бардым. Әлгілердің ішінде сол ғана иманжүзді көрінген. Лекция арасында жігіттерді үгіттеп алаңға апарғанымды, бірақ жасақшылардың жеткізбей күшпен қайтарғанын бүкпесіз айттым. Ашулана ма деп отырған адамым: «Оны өзім де сезгенмін. Бірақ мойындамауларың керек еді. Мен айдаладағы айықтырғышқа түскен студент туралы неге айттым дейсің. Мойындамасандар, ештеңе істей алмайды дегенді

астарлап жеткіздім емес пе, соны түсінбедіңдер», - деп күйіп-пісті. Қоштасарда: «Еш нәрсені мойындама, ертең аупарткомға барма. Қалғанына өзім жауап беремін. Қасындағыларға да осыны айт», - деп ескертті.

Жатақханаға қанаттанып қайттым. Ертеңіне аупарткомға барғаным жоқ. Жалпы, мені іздеген ешкім болмады. Сөйтіп, барған жерімнің бәрінде: «Жазығым жоқ, жатақхана маңынан алып кетті» деуден танбаған серіктесім екеуміз оқуда қалдық. Ал Насыбулинаның кеңесіне құлақ аспаған, қалған бес жігіт оқудан шығарылды.

Жұлдызды төрт минут

Алаңдағы жастарды ұрып-соғып, итке талатып таратқан соң-ақ жер-жерлерде оларды ғайбаттаған жиналыстар ұйымдастырылғаны белгілі. Ондай жиналыс 20 желтоқсан күні біздің медицина институтында да болды. Атышулы «проценттік қатынастар» туралы алғаш рет осы жерде естідік.

Институтта орыстардың аз, қазақтардың көп оқитыны сыналды. Мінберге шыққан доцент Афанасьев қызды-қыздымен қазақтардың тек қой бағып қана жүргенін қалайтынын да айтып салды. Тіпті бір орыстілді қазақ жігітінің алаңға шыққан жастарды фашистерге теңегені есімде қалыпты. Мұндай сүйектен өтер сөздер айтылған сайын залдағы «қолпаштаулар» көбейіп, оларға төрдегілер демеу беріп отырды. Ал өзін, халқын сүйетін сыйлайтын әрбір қазақтың бұл сәтте жүрегі қан жылап, жанарына дәрменсіздік жасы келді. Өйткені бір жарым мың адамдық үлкен залда қазақ халқын қорлау, жерлеу жүріп жатты.

Кенет орнынан шалт көтеріліп, мінберге қарай ұмтылған кісіні байқадық. Ол медицина ғылымының докторы, профессор (қазір республика Ғылым академиясының академигі) Камал Ормантаев еді. Камал Сәруарұлы бірден: «Мен осы жерде айтылып жатқан пікірлердің ешқайсысымен де келіспеймін», - деп кесіп айтты. Төрдегілердің қабақтары түйіліп, ұнжырғалары түсіп кетті. Ал залда отырған біздің еңсеміз көтеріліп сала берді. Камал аға төрдегі мықтылардың жасаған ескертулерін елең

қылмастан төрт минут сөйледі. Әрқайсымыздың көкірегімізде ашу-ыза болып қайнап жатқан ащы шындықтарды қаймықпай айтты. Бұл төрт жылға бергісіз төрт минут біз үшін жұлдызды сәттер еді. Бұдан кейін ұйымдастырушылар алдын ала жасаған «сценарийлерінің» шеңберінен шығып кеткен жиналысты жапқанша асықты.

Сол бір аласапыран қиын күндері қазақ жастарына жаңашыр бола білген Х.С.Насыбулина апай мен басын бәйгеге тігіп қазақ атын қорғаған К.С.Ормантаев ағайдан айналсақ болмай ма! Менің білікті маман болып шығуыма, тіпті, Тараз қаласындағы №5 арнаулы әлеуметтік қызметтер ұсыну орталығының директоры болуыма да негіз қалаған сол азаматтар екеніне мақтанамын.

*Журналист Гүлмира Дембаева
Уәлихан Сәулембаевтың естелігінен:*

ОЛ КҮНДЕР ЕСТЕН КЕТПЕЙДІ

1986 жылғы желтоқсан оқиғасына қатысушы Уәлихан Саулембаев 1965 жылы Жуалының Ақтасты ауылында туған, орта мектепті бітігеннен соң Алматыдағы ауылшаруашылығы институтында білім алды. Ол Желтоқсан көтерілісі туралы толғана еске алады.

- Желтоқсан көтерілісі басталғанда мен бесінші курста оқитынмын. 17-желтоқсан күні таңертең сабақ жүріп жатқан. Аудиториямызға деканымыз кіріп: «Сабақтан кетпендер, алаңға бармаңдар, оқудан қуыласыңдар», деп ескертті. Осыны естігеннен кейін біз бір сабақ әрең шыдадық та, жиналып жатақханаға кеттік. Біздің жатақхана алаңға жақын еді, жолдың бойында. Кіріп, кітаптарымызды тастап, жылы киім киіп, алаңға тарттық. Вахтерлар да ескерту жасап жатты. Бірақ бізді ол сәтте ешкім тоқтата алмады.

Әр көшеден алаңға жастар топ-топ болып ағылып, қосылып

жатты. Қар қалың емес, бірақ қара суық, аяз ұрып тұр. Алаң тола ұрандатқан жастар. Милиционерлер, әскерилер бүкіл алаңды қоршап алған. Біз де үйтіп-бүйтіп, алаңдағы жастардың арасына кіріп алдық.

Сол сәтте мінбеге есімі танымал азаматтар, басшылар шығып сөйлеп жатты. Олардың ішінде менің есімде қалғаны Камалиденов, Мұқашев, Роза Бағланова, т.б. Бірақ жастар ешкімді тыңдап жатқан жоқ, тарамай қайта қатарымыз өсіп жатты. Түстің шамасында алаңда өрт сөндіру машиналары қаптап кетті. Бір кезде жастарға су шаша бастады. Алдыңғы қатарда тұрғандар құлап жатыр. Милиционерлер қолға түскендерді резинке келтекпен ұрып-соғып жатты. Сонда да жастардың қатары сиремеді.

Екінші күні сабаққа бармай, таңғы сағат тоғызда алаңға қарай тағы да бет түзедік. Бірақ алаңға өте алмадық, өйткені милиция мен арнайы отрядтар, әскерилер, жасақшылар алаңды қоршап, жастарды қуып жатты. Жастар мемлекет басшыларының шығуын талап етті. Олардың өтінішін ешкім де тыңдаған жоқ.

Түстен кейін жылынуға жатақханаға кеттік. Алаңнан «Тарандар» деген дауысты күшейткіштерден жастарды сабырлыққа шақырған үндеулер естіле басталды. Бізбен бірге бір бөлмеде жататын қордайлық жігіт атып тұрды да, бөлмеден шығып кетті. Біз оны ертеңіне бір-ақ көрдік. Қолдары, басы ісіп кеткен, беті талқандалған. Сөйтсек ол алаңға барып, қарулы жасақпен қақтығысқан екен. Содан ұсталып, тергеу изоляторына жеткізілген. «Алаңға шықпаймын және Өкіметке қарсы еш әрекет істемеймін» деген тілхат беріп, әрең шыққан. Ақыры ол жігіт оқудан да шығарылды. Ол еліне қайтып, әскери борышын өтеп келгеннен кейін ғана оқуын жалғастырды.

Алаңдағы оқиға біткеннен кейін де бірнеше күнге дейін жастарды ұстап, оқудан шығарып жатты. Әсіресе, біздің жатақхананы бірнеше күнге дейін аңдыды. Өйткені алаңнан қашып, біздің жатақханаға тығылғандар көп еді. Біз де бірнеше күнге дейін есігімізді құлыптап, тығылып жаттық.


Институтты бітіргеннен кейін 1987 жылы ауылға кеттім. СПТУ-15-те алғаш шебер болып жұмыс істедім. Одан кейін ұстаз болдым.

1993 жылы Отардағы №35748 әскери бөлімінде рота командирінің орынбасары, рота командирі, автоқызметінің бастығы болып екі жыл еңбек еттім.

1998 жылдан биылғы жылдың қараша айына дейін аудандық Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі бастығының орынбасары болып қызмет атқарып келдім. Қазір зейнеттемін. Жұбайым Нүрилә екеуіміз екі ұл, бір қыз өсіріп тәрбиелеудеміз.

Жыл сайын желтоқсан айының 16-18 күндері жақындаған сайын есіме сол 1986 жылғы көзбен көрген, әрі өзім қатысқан оқиғалар есіме түседі.

Сол желтоқсанның тарихта мәңгі қалған үш күні мен үш түні зая кеткен жоқ. Ең бастысы елімізде тәуелсіздік алды. Еліміз өсіп-өркендеуде. Осының нәтижесінде Қазақстан бүгінде бүкіл әлемге танымал. Отаным үшін мақтанамын. Бұдан асқан бақыт жоқ...



АЙТЫЛМАЙ КЕЛГЕН АҚИҚАТ

Желтоқсан оқиғасының құрбаны Ләззат Асанованың құрбысы не дейді?

Маған бұл әңгімені Ләззат Асанованың құрбысы, Көкдөнен ауылының тұрғыны Гүлнәр (Қасайынова қыз кезіндегі тегі) Айымбетова айтып берген. Сол бір күнгі оқиғаны Гүлнәр әлі күнге ұмыта алмаған.

«...Желтоқсанның 16-сы күні 2-курстың қыздары филармонияда концерт қойып, жатақханаға кеш қайтқан. Орталық алаңдағы жағдайды естіп, біз де сонда бардық. Бұл күн тыныш өтті. Ертесіне бәріміз сол жерге тағы жиналдық. Ортамызда Ләззат Асанова да бар. Ол бірінші курста қобыз класында оқитын, мен екінші курста домбыра класындамын. Бізбен бірге көркемсурет училищесінің студенттері де алаңға шықты. Олардың арасында Әлімжан да болды. Кешкісін...»

Гүлнәр бұдан арғысын айта алмай, үнсіз булықты. Үзілген сөзді күйеуі Әлімжан жалғады. «Бұл бір еске алуға ауыр оқиға. Сол күні алаң қызыл қанға боялды. Қалың нөпірге лап қойған солдаттар бір қызды соққыға жығып, көз алдымызда өлтіріп тастады. Өлген қыздың мәйітін көтеріп алған жігіттің жан даусы құлағымда қалыпты. «Көрдіндер ме, мыналарды... өлтіріп кетті!» деген айқай алаңдағы жастардың толқуын күшейтіп жіберген. Жалаң қолды жігіттер автоматпен, дойырмен, күрекпен мұздай қаруланған түрме күзетшілері мен қара киімді арнайы жасаққа қарсы ұмтылған. Қанша ұмтылсақ та, мұздай қаруланған топты бұзып-жарып шыға алмадық. Қаракөз қыздарымыздың өжеттігін сол кезде көрдім. Осындай арпалыста Ләззат біздің тобымыздан бөлініп кетті. Біз таң атқанша алаңнан кетпей, шырша жағып, жылынып, Шәмшінің әнін ұран ғып айтып отырдық. БТР-лерден де, мұздай су шашқан өрт сөндіргіш мәшинелерден де қорыққан

жоқпыз. Желтоқсанның аязы да, қақаған суығы мен ызғары да жастардың жігерін жасыта алмады», - деп ауыр күрсінеді Әлімжан.

Ертеңіне жаппай қудалау басталған. Гүлнәр бастаған қыздар алаңнан қашып шығып, жатақханаға әрең жеткен. Ал Ләззат жатақханаға оралмапты. Содан үш күн өткенде ғана бір-ақ келген. «Түрі сүп-сұр болып кетіпті. «Қайда болдың?» деген сұрағымызға жауап та қатқан жоқ, жатып қалды. 21-і күні қараңғы түсіп қалғанда оның бесінші қабатта терезе алдында тұрғанын көрдік. Менің қарауға дәтім шыдамады. Ол бесінші қабаттан секіріп кетті».

Осыны айтқанда Гүлнәр қыстығып жылап қалды.

Олар сол күйі Ләззаттың үш күн бойы қайда болғанын, не үшін жанын қиғанын білген жоқ. Оған 87 адаммен бірге Қазақ ҚСР ҚК-нің 65-бабы бойынша айып тағылып, қамалғанынан да хабарсыз еді. Естігендері оның өлімі туралы қауесет қана.

Біреулер оны «көтеріліске қатысқан жоқ» десе, енді біреулер: «курстастарының 90 сом ақшасын алып, жоғалтып қойыпты» деген алыпқашпа сөздер айтып, сан құбылтық. Ал Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті мен милиция қызметкерлері Ләззаттың мәйітін Талдықорған облысының Панфилов ауданына қарасты Ақжазық (қазіргі Айдарлы) ауылына 24-і күні алып барған.

- Ләззаттың мәйітін ауылына жеткізген соң курстастарынан Жомарт деген жігіт екеуміз Ақжазыққа бардық. Ләззатты бірге жерлестік, бірақ адам тым аз болды. Ләззаттың шешесі Алтынай менен: «Шыныңды айтшы, бәрі қалай болды?» деп сұрай берді. Мен қайғы жұтқан анаға жарытып еш нәрсе айта алмадым.

Оның бесінші қабаттан секіріп кеткенін айтуға аузым бармады. Ләззаттың алаңда бірге болған достарын сатпай, тергеу изоляторында барлық кінәні өз мойнына алғанын ол кезде біз білмедік. Комитет қызметкерлері де жатақханаға күн құрғатпай келіп, біреулердің суреттерін көрсетіп, жаппай тексеріп жатқан кез. Әбден шошып, үрейленіп қалған студенттер тіс жарып еш нәрсе айтпауға әбден бекінген. Бірақ, құрбымды соңғы сапарға

шығарып салуға бармауға дәтім шыдамады, - дейді Гүлнәр Айымбетова.

Ләззаттың анасы Алтынай қызын ақтап алу үшін аянып қалған жоқ. 1997 жылға дейін қақпаған есігі қалмады. Ақыры Бас прокуратура оны ақтап шықты. «Ана тілі» газетіндегі «Ләззат Асанова көтеріліске қатысқан жоқ» деген мақала да жоққа шығарылып, ақиқат жеңді. Оған екі жолы (1997 және 2004 жылы) «Халық Қаһарманы» атағын беру туралы ұсыныс жасалды. Бір өкініштісі, екеуі де аяқсыз қалды.

Осы оқиғаның куәгерлері Гүлнәр мен Әлімжан қазір Т.Рысқұлов ауданындағы Көкдөнен ауылында тұрып жатыр. Ал ел аузында Ләззаттың ерлігін жырлайтын ән ғана қалды. Оның әнін Жоламан Тұрсынбаев, сөзін Әбдірахман Асылбеков жазған.

Жазушы Қайыммұнар Табей:

ШЫҢДАЛҒАН МАХАББАТ

Мені Шолпанмен Жеміс Тұрмағамбетқызы таныстырды.

“Жеміс кім?” дейсіз бе. Қазақстанда осынау ақсары, толықтау келген өжет қызды білмейтін адам аз. Жетпісінші жылдардың соңында заң ілімінің оқуын бітірген, орыс-қазақ тілдеріне бірдей жетік, қазіргі заманға сай зерек те зейінді жас замандастарымыздың бірі. Асыра айтты деменіз, шындығы осы. Оның Қазақстандағы адам хұқын қорғау жөніндегі тұңғыш қоғамдық комитетті құруға белсене қатысқаны, желтоқсан оқиғасын зерттеген үкімет комиссиясының жұмыстарына, Мұхтар Шахановтың тікелей өзіне праволық тұрғыдан аса қажетті юристік жәрдем тигізгенін кезінде баспасөзде жаздық та. Міне, сол Жемістің тірескен ығы-жығы адамның ортасында тұрған мені қайдан көргенін білмеймін, қасыма жүгіріп келіпті.

- Әнеүкүнгі айтқан қызбен танысқың келе ме?
- Қай қызбен?.. – Қапелімде көңіліңе неше түрлі ой үйір-

іліп, абдырып қалады екенсің. Жас емеспіз бе. Соны сезді ме, Жеміс жымыып, жауын суы сорғалаған бет-жүзін қол орамалмен жайлап сүртті де, жеңімнен тартып шеткерірек алып шықты.

- Есінде ме, әлгі, сүйген жігітін абақтыға іздеп баратын бойжеткен ше?..

- Иә, иә.

- Сол қарындасың осы арада жүр. Танысқың келсе ертіп апарайын.

...Біздің тұрған жеріміз – Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі орналасқан үкімет үйінің алды болатын. 15 мамырда басталған (бұл 1990 жыл еді - К.Т.) Жоғарғы Кеңес сессиясына парламенттік тілші ретінде қатысып жүрген мені іштегі жағдайдан гөрі, Парламенттің сыртындағы дүбірлі оқиғалар көбірек алаңдата берді. Себебі, сессия ашылған алғашқы күні-ақ бастарында ала тақиясы бар, иықтарына жасыл шапан жамылған он шақты бозбала “Біз “Алаш” партиясының өкілдеріміз” деп дабылдатып-ұрандатып, үкімет үйін айнала жүріп алды. Айқай-шу аралас сөз саптауларынан ұққаным, осы сессияда талқыланып жатқан бірқатар “піспеген” заңдардың қабылдауына үзілді-кесілді қарсы көрінеді. Әрине, қазір әркімнің өз ой-пікірін, саяси көзқарасын қай жерде болса да ашық білдіруге еркі бар, ала-құла заман ғой. Олардың іс-әрекетіне онша таңырқай қоймасам да, теңізге құйылған бұлақ секілді осы маңайға біртіндеп жинала бастаған қыз-жігіттердің (көбісі студент-ау), қарасы көбейгенінен іштей сескендім. Ешнәрсенің байыбына бармастан тіпті, не мәселе екенін де сұрамастан көз жұмып, сол даңғаз топқа әй-шәй жоқ қосыла кеткендеріне қалай налымайсың? Егер, (құдай бетін аулақ қылсын) біреу-міреу үкімет үйін өртейік десе, одан да тайынбайтын секілді. Оның үстіне, рәзіңке дойырын сығымдап ұстап, қай жерден от шығар екен дегендей жалаңдап сылтау іздеп, қаз-қатар тізіліп тұрған ОМОН (ерекше маңызды милиция отряды) анау Үкімет үйінің қос қапталынан алып айдаһардай төне түсіп, неге әкелгені белгісіз, екі өртсөндіргіш (бәлкім, су шашқыш) машинаның тұрысы мынау. Білетін кісіге мұның соңы

жақсылыққа апармайтыны белгілі емес пе. Желтоқсанда дәл осы көрініс басқа тиді ғой. Әйтеуір, абырой болғанда, іштен бірнеше депутат шығып, әлгі қызынып алған топты әрең тоқтатты. Арадағы бірқыдыру әңгімеден кейін, орнықты сөз көңілдеріне қонған жұрттың саябырлағанын байқаған болулары керек, жасыл шапандылар қолдарын бір сілтеп, бұрылып кетті. Сосын жапа-тармағай қоржындарын ашып, жиналған көпшіліктің артық ақшасын қағуға кірісті. «Бір данасы – бір сом. Алыңыздар, алыңыздар!

Қазақстандағы қызыл коммунистердің айла-шарғысын әшкерелейтін ең әділ, ең шыншыл басылыммен танысыңыздар...» деген үйреншікті дауыстары да естіле бастады. Бұл алғашқы күнгі көрініс дедім ғой. Осы сәт әлдекімнің ұсынысымен депутаттар сонау ашық алаңқайда, шақырайған күннің астында аштық жариялауға кіріскен бес жігіттің қасына барды. Қызық көруге жиналған қалың көпір де лықсып, солай қарай жылжыды. Ауыздарын ақ шүберекпен тас қып таңып алған бұл бесеуі - “Желтоқсан” қоғамдық комитетінің (ол кезде әлі партия емес) мүшелері еді. Жиналмалы жайма төсек, бірнеше орындық әкеліп, төрт қанат киіз үй тіккендеріне қарағанда, ұзаққа бел байлаған ниеттері бар.

- Ал, тілектеріңді айтыңдар. Біз де тыңдайық, басқалар да естісін, - деді орта бойлы, ақсұр өңді, тарамыс кісі байыппен тіл қатып. (Бұл – республика халық депутаты Николай Ильич Акуев екенін кейінірек білдім).

- Айт десеңіздер, мен айтайын, – деді жігіттердің ортасында отырған сақалды жігіт аузындағы дәкесін шешіп. – Біз бүкіл желтоқсандықтардың атынан өз өмірімізді осынау қиын да қасиетті мақсат үшін қиюға өз еркімізбен шығып отырмыз. Ең алдымен, абақтыда отырған қалған жігіттердің тегіс босатылуын талап етеміз. Екінші, желтоқсан оқиғасын тексеріп жатқан комиссияға үкімет тарапынан толық қолдау көрсетілсін. Арнайы кабинет, көлік, байланыс құралдары берілсін. Осы талаптар орындалмайынша бізді райымыздан қайтарамыз деп,

сөз шығындамай-ақ қойыңыздар. Сіздерге халық сенген өкіл ретінде үміт артамыз. Право қорғау органдарына, жоғарыдағы басшыларға тілегімізді жеткізіңіздер. Қол ұшын беріңіздер. Абақтыда жазықсыз отырған жастардың аты-жөндері мына үндеуде жазылған...

Қос паракқа түсірілген талап-тілектерге асығыс көз жүгіртіп шыққан депутаттар үнсіз қалды. Расында да тиісті заң орындарының араласуынсыз бұл мәселені бірден шеше қоямыз деп, уәде берудің өзі қисынға келмейтін шаруа еді. Содан ба, олар тура жауап беруден тайсақтап, парламенттің басқа мүшелерімен ақылдасуға кетті.

Күн тәртібіндегі талқылануға тиісті басқа мәселелердің бәрін жиып қойып, өздерін тығырыққа тіреген мынау төтенше жағдайдың төңірегінде ақылдасып-кеңесіп, мәжіліс құрып жатқандарына бүгін міне, төртінші күн! Шелектеп құйған көктемгі нөсер жаңбырға да қарамастан, не болар екен деп, әліптің артын баққан жұрт тарқар емес. Иіріліп тұр...

Жеміс екеуміз суға малшынған күйі жүгіріп келіп, қырық-елу қадам жердегі киіз үйдің есігін аштық. Іште жастар толып отыр екен. Жүзі танысы бар, бейтанысы бар – жамырай амандасқан олардың арасынан іздеген адамымызды да таптық-ау. Жүзінен ұяндық, балалық табы әлі арылмаған аққұба, талдырмаш қызды көргенде, әнеу күннен бері қиялымда берік орнығып қалған өжет мінезді арудың бейнесімен еріксіз салыстырғаным рас. Оған мүлде ұқсамайтыны өз алдына, Шолпан сөзге де тым шорқақ екен. Бірден сыр аша қоймады.

– Білетін шығарсыз,-деді аз-кем таныстықтан соң күрсініп.
– Желтоқсандықтар босатуды талап етіп отырған төртеудің бірі Жамбыл Тайжұмаев – менің күйеуім... Алматыдан хат үзілгелі де көп болды. “Бәлкім, жаңа жыл қарсаңында өзіңе барып қайтармын” деген Жамбылдың екі ұштылау соңғы хатынан кейін, тырс еткен хабар болсайшы. Оның үстіне “Алматыда студент жастардың ереуілі өтіпті. Алаңға шыққан қыз-жігіттерді темір құрсанған қалың әскер мынадай жусатып

салыпты”... деген секілді жүрек ауырттар алып-қашпа сөздер де әбден үрейді ұшырып бітті. Бұл кезде Шолпан Гурьев облыстық қаржы есептеу мекемесінде инженер-электроник болып қызмет атқаратын. Екеуінің танысқандарына үш жылдың жүзі өтсе де, әлі сөз байласып үлгермеген студент бозбаланың қандай күйге ұшырағанын білмей дал болды. Республикалық газеттердің бірінен “ұлтшыл”, “экстремист” атанған Жамбылдың аты-жөнін оқығанда, өз көзіне өзі сенбеді. Ғұмыр бойы қой соңында салпақтап, бейнеттенген шопан әкесіне қолғанат, көмекші болып өскен, біртоға, сабырлы көрінген қараторы жігітті ондай басбұзарлыққа қимаған. “Экстремист” дейді. “О, сұмдық-ай!”. Енді бір сәт Аланға немене іздеп барды екен?” деген өкпе-наздың да қылаң беріп өткені рас.

Алматы энерго-құрылыс техникумының 3-курсында оқып жүрген Жамбыл қысқы сессиясының емтихандарын ойдағыдай тапсырып, сырт көзге ештеңе сездірмегенімен, іштей көңілі күпті еді. Желтоқсанның 18-күні бір топ құрбыларымен бірге Брежнев алаңына барғаны, ғұмыры бағы жанбаған сор маңдай қазақтың жыртысын жыртқаны техникумға белгілі болған соң, арты үлкен дауға айналып, оқудан шығу хаупі күшейіп келе жатқан. Күткендей-ақ, 5 қаңтар күні электроника пәнінен алған “бестік” бағасын студенттік кітапшасына қойдыруға барғаны сол еді, техникум басшылары “өз еркімен» қош айтысуға емеурін білдірді. Сөйтіп әрі-сәрі күй кешіп жүргенде, арада түп-тура екі апта өтісімен, қаңтардың 21 күні қамауға алынбасы бар ма! Өзіне тағылған айыптың қандай қауіпті екенін ол сонда барып түсінді. Аландағы ию-қию аласапыранды “ұйымдастырушы”, оның үстіне сонда бас-сүйегі жарылып, ауыр жарақат алған жасақшы. Г.Ведельдің соққыға жығылуына негізгі кінәлі осы көрінеді-міс. Ал керек болса! “Жәбірленушімен” бетпе-бет жүздесуде кісі ұрмақ түгілі оны бірінші рет көріп тұрғанын айтып шырылдады. Енді қайтсін, нақақ күйіп бара жатыр ғой, нақақ. Анау да иманжүзділеу орыс екен: “Мен дәл осы жігіт ұрды деп айта алмаймын” дегені, жарықтық. Бірақ, тергеушілер істі

тезірек бітіргісі келді-ау деймін, “Кінәлісің, бітті” деді. Қайдан пайда болғандары белгісіз, әйел-еркегі аралас он шақты куә “Жасақшыны ұрған осы” деп сотта тұрып алды. Басқасы басқа, өзімен бірге бір техникумда оқитын Стамқұловқа не жорық? “Мир көшесі мен Сәтбаев көшесінің қиылысында Тайжұмаев автобусқа шабуыл жасады, сосын қызыл түсті темір затпен жасақшының басынан екі-үш рет ұрды” деп аузы қисаймай сөйлеп тұр. Бәрінен бұрын қасында жүрген жолдасыңның қиын-қыстауда сатып кеткені жанға батады екен. Әй, күйдірді-ау, күйдірді. Әйтпесе, Жамбылдың қолында темір емес, Ілияс Есенберлиннің “Көшпенділер” атты кітабы болғанын көрген куәлер да бар еді ғой арада. Амал не, айналасы бірер айдың ішінде (25 мамырда басталған сот ісі 16 маусымда аяқталды) Қазақ ҚСР Қылмыстық кодексінің 60, 65-інші баптарымен “ұлтшыл”, “бұзақы” атанып ол он бес жылға айдалып кете барды... Мұның бәрін – бүкіл өмірінің астан-кестенін шығарған желтоқсан дүрбелеңінің зардаптарын ойға алып, зердесінен өткізіп үлгермеген 24 жасар жігіт сүйген қызына қалай, қайтіп жазсын? “Жазықсыз сотталдым, кешір...” дей ме? Оған сенсе жақсы, сенбесе?... Алыстан үміт етіп, асқар Алатаудай арқа сүйеп, сеніп жүрген жігітінен біржола түңілмей ме? Осылайша кінәсіздігін дәлелдеуге еш дәрмені қалмаған Жамбыл не болса да үн-түнсіз аттануды мақұл көрді. “Ақиқат бар екені рас болса, уақыттың өзі ерте ме кеш пе ақ-қарасын ажыратар” деген әлсіз бір үмітті өзімен бірге ала кетті...

Тамыз айында кезекті еңбек демалысын алғанға дейін құр сұлдері шыдаған Шолпан ойланбастан бірден Алматыға тартты. Жыл сайын қыдырып келгенде екеуден-екеу қол ұстасып жүріп тамашалайтын астананың әсем көшелері де, жасыл желекке бөленген сұлу келбеті де оны бұл жолы қызықтырған жоқ. Өрепкіген жүрегі алып-ұшып, Жамбылдың туыстарынан танитын жалғыз адамы – әпкесі Гүлфатиманы тезірек тауып алуға асықты. Шығыс қыздарының көпшілігіне тән табиғи ибалықтан аса алмай, әрі, оң жақта отырған бойжеткеннің

жігітті іздеп баруын неге жоритынын жақсы білетін Шолпан табалдырықтан имене аттағанда, заты әйел емес пе, әпкесі жылап жіберді. Інісі Жамбылдың басынан өткен хикаяны үзіп-жұлып, асығыс-үсігіс баяндап жатыр, баяндап жатыр. Шолпанның бар ұққаны: Жамбыл жазасын өтеуге Қостанай жаққа жіберіліпті. Ұзаққа. Қалған әңгімелерге ол прокуратура тергеушілерінен қанықты. “Ұлтшыл екенін өзі ашық мойындады. Ал, ол жақтан аман оралуы неғайбыл” деді олар.

- Менің онымен кездесуіме бола ма? – деген мұның аңғал сауалына шені үлкендеу бір бастықтың мекірене күліп, бас шайқағаны да есінде.

- Болмайды. Сен оның әйелі емессің, тіпті жақыны да емессің, – деген астарлы сөзден кейін қос бетінің алаулап өртенгені-ай!...

“Сүю адамның бүкіл ізгі қасиеттерінің басын қосады” (О.Бальзак) дегендей, адам баласының бойында адамгершілік асыл қасиет пен сүйіспеншілік, ақыл мен парасат бас қоса білсе, жол-жөнекей кездесетін қиыншылықтар да, елдің қаңқу сөзі де әшейін бейшаралық болып қалады екен. Шолпан бел шешіп бір кіріскен соң, шегінуді ар санады. Қоярда-қоймай жүріп, жүздесуге рұқсат алды. Тәңірдің жазымышын қойсаңызшы бұл, желтоқсан оқиғасына тұп-тура бір жыл толған күні 1987 жылдың 17 желтоқсанында бұлар – Шолпан және Жамбылдың анасы Күлшан, ағасы Айбек үшеуі сонау қияндағы Құсмұрынға аттанды. Осы бір ұмытылмас сапарда баршындықты Жамбылдың өз аузынан естігеннен кейін көңілі қатты толқып, екеуі уәде алысты. “Қанша күт десең де күтем” деп серт берді бұл. Айтуға оңай болғанымен, өздері аңсаған бақытқа қол жеткізудің әлі де талай-талай сынға саларын, алда қиындыққа толы қаншама күндер мен түндер күтіп тұрғанын бір-біріне ынтық жүректер айтқызбай-ақ сезген еді.

Алғашқы қиындық – Шолпанның ата-анасының ештеңеден хабарсыздығы – өткел бермес күз-шыңырау тәрізді еді. Қай әкешеше күн тигізбей әлпештеп өсірген бойжеткен қызын түрмедегі

қайдағы бір танымайтын көлденең көк аттымен некелесуге кияды? Қимайды, әрине. Оларды қалай көндіргені Шолпанның бір өзіне ғана аян. Әйтеуір, көп ұзатпай үлкендердің келісімін алды. Енді темір тордың арғы жағындағы торыққан дәрменсіз жігіттің бар үміті, бар сүйеніші өзі екенін жан-жүрегімен ұғынып, сезіне білген ол астанадағы заң кеңселері орналасқан иір-қиыр дәліздерді аралауға кірісті. Ондағы ойы – Жамбылға паспорт алу еді. Екінші – алдынан кездескен терең шыңырау осы болды. Біріншіден, біздің елімізде жүз жерден өртеніп ғашық болсаң да паспортсыз тірі адамды некеге отырғызбайтынын екінші бірі білуге тиіс. Екіншіден, күн сайын, аяғыңызды аттап басқан сәтіңізде алдыңыздан шырмауықтай шұбатылып шыға келетін тамыры тереңге кеткен әкімшіліктің, қағаз бастылықтың жүрек айнытар мысалдарын бастан өткермеген жан аз шығар. Міне, осындай етектен тартқан ескі тоталитарлық жүйенің небір қиындықтарынан әуірімімен өтіп, келер жылдың күзінде яғни, 1988 жылдың 21 қазанында Құсмұрын азаматтық хал актілерін тексеру бюросынан Жамбылдың паспортын алды-ау. Бір жылы осылай күреспен өтті.

Айтпақшы, бұған дейін Шолпанның өмірінде үлкен бір өзгеріс болғанын ұмытып барады екенбіз ғой. Иә, иә сол жылдың 15 қыркүйегінде ол ата-баба дәстүрімен Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы, “Пионер” совхозындағы Тайжұмаевтар әулетінің босағасына келін боп түсті. Бұл өзі халықтық тұрмыс-салтымызда сирек кездесетін оқиға болғандықтан ба, жоқ, әлемді дүр сілкіндірген желтоқсан жаңғырықтары алыстағы ауыл адамдарының да ой-санасын оятты ма, үлкен-кішінің бәрі күйеу жігітсіз өткен сол беташар тойға аса бір ынтазарлықпен қатысып, ең бастысы түсіністікпен қарады. Ауласында қазаны көтеріліп, төрінде дастарханы жайылған қара шаңырақтың табалдырығынан оң аяғымен аттаған келіндеріне ауыл-аймағының ерекше ыстық ықыласын аңғарған Қожамжар ақсақал мен Күлшан апайда да ес жоқ. “Қадамың құтты болғай,

кұтты болғай!..” деп күбірлеп, шашу шашып жүрген жеңгелері де қуаныштан біресе жылайды, біресе күледі...

Өмір деген әне! Осынысымен қызық. Осынысымен күрделі.

Адамзат тарихы бастан өткерген алуан-алуан оқиғалардың ұқсастығы да кейде еріксіз таңырқатады ғой. Осыдан бір жарым ғасыр бұрын, 1885 жылы желтоқсан айының 14 күні Сенат алаңында патша үкіметіне қарсы көтеріліске қатысқаны үшін көптеген “декабристердің” қатаң жазаланғаны тарихтан белгілі. Сонда 579 адам тергеуге алынып, оның жүзден астамы Сібірге жер аударылды. Сезім мен сананы құрсаған мәңгілік бұғаудан, рухани құлдықтан бүкіл адам баласын құтқаруды аңсаған озық ойлы бес “декабрист” 1826 жылдың 13 шілдесінде дарға асылды. Бірақ, қараңғылықта мүлгіген халықтың көкірегіне сәуле түсіріп, ұйқыдан оятуға талпынған “декабристердің” сол жарқын идеясын патшалық әкімдер қанша әрекеттенсе де күшпен жаныштай алмағаны тағы ақиқат. “Зая бір кетпес жалғанда, Қайғылы мехнат ер талап”... (А.С. Пушкиннің декабристерге арнауы). – Түбінде әділдіктің жеңетініне сенген ақын да осылайша шер төккен.

Иә-ә... Ал, 1986 жылғы желтоқсанда, Брежнев маңында да Орталық әкімшілдік-әміршілдік саясатына ашық қарсылық білдірген “декабристердің” (олар өздерін кейде осылай атайды – К. Т.) 1400-іне тәртіп қорғау органдары тарапынан әкімшілік шара қолданылып, оның 99-ы сотталғаны да “ақырын-ақырын алыстап”, бүгін тарихқа айналып барады. Мұнда да екі адам – Қайрат Рысқұлбеков пен Мырзағали Әбдіқұлов ең жоғарғы үкімге – ату жазасына кесілді. Алайда, тап осындай ортағасырлық немесе сталиндік жазалау әдісімен дүние жүзін шулатуға батылы бармаған Мәскеудің бұл жазаны кейінірек у-шусыз 20 жылмен алмастырғаны да белгілі. Бір ғана нәрсе айқын – басқаларға сабақ болу үшін қазақ жастарын қудалау, соттау аяусыз жүргізілді.

Арада бір жарым ғасыр уақыт өтсе де маған осынау екі ұлы оқиғаның арасында табиғи үлкен ұқсастық бар секілді көрінеді де тұрады. Сенат алаңындағы бас көтеру – Россиядағы

революциялық қозғалыстың бастамасы болса, Брежнев алаңындағы бас көтеру – Қазақстандағы, сонымен қатар бүкіл Орта Азия, Европадағы демократиялық қозғалыстың бастамасы болғанына шек келтірушілер шыға қоймас. Шыға қалса – адамгершілік арына сын.

Осы орайда, екі ғасырдың екі оқиғасын салыстыра отырып, барша әйел затының қадір-қасиетін арттыра түсер, ерлікке парпар тағы бір ізгілік шұғыласын байқамау мүмкін емес. “Сүю дегеніміз — сүйген адамыңның өмірін кешу” деп данышпан Лев Толстойдың да ой түюіне тікелей әсер еткен, бәлкім, осы әйел бойындағы ізгілік нұры болар. Махаббатқа адал, нәзік те қайсар жандардың қыстың көзі қырауда ұлыған боранмен алысып, мындаған шақырым жол азабын тартып, ер-азаматтарының сондарынан іздеп баруы теңдесіз ерлік екені рас. Ұрпақтан-ұрпаққа аңыз боп жалғасқан сол үрдісті (құдай басқа салмасын деңіз) қайта жаңғыртқан Шолпанның табандылығы да бәріміз бас июге тұрарлық ерлік екеніне кәміл сеніңіздер. Уақыт ағымымен уысынан сусып шығып бара жатқан империялық биліктен айырылмас үшін Орталықтың жанталасқан өктем саясатының кездейсоқ құрбандығына ұшыраған ең сүйікті адамының әділетсіздіктен жапа шеккен әлсіз жанарындағы өмірге деген құштарлық отын қайта жандыру оған қаншама күшке түсті десенізші. Екеуінің ортақ бақыты, жарқын болашағы үшін бақыт жолындағы күресте жеке тартқан жан азабы да аз ба?.. Аз емес. “Азап пен мехнатты адал махаббат қана жеңетінін” (Ф. Шиллер) айдай әлемге тағы мойындатқан осынау қаршадай қазақ қызының желтоқсан дауылында шындалған асыл махаббаты алдында, білесіз бе, түрменің тас қабырғалары да бөгет бола алмады. Дәл солай. Олар 1988 жылғы қарашаның 14-інде заңды түрде некеге тұрды. Тәтті түс секілді, елес боп қалған сондағы неке кию сәтінде абақтыдағы қызметші әйелдердің дабырласып, екі жасқа шашу шашқаны да Шолпанның есінде. Қызығына тоймас бұл жалғанның аз ғана қуанышын көпсінгендей ерлі-зайыпты атанған аса қымбат минуттардан соң Жамбылды

автомат асынғандардың қайыра алып кеткенін де ұмытқан жоқ. Сол сәтте жүрек тұсының шымырлап қатты сыздағаны, оның да, өзінің де қимастықпен бір-біріне қайта-қайта қарай бергені, ұмтыла түсіп бөгелгені, бәрі-бәрі есінде...

Екеуінің ғана емес, ондаған, жүздеген қыз-жігіттің тағдырын тәлкекке салған ол күндер қалай ұмытылсын?..

Шолпан әңгімесін үзіп-жұлып аяқтағанда, іштей толқыған мен қарсы алдымдағы талдырмаш арудың рухы сәт сайын биіктеп-асқақтап бара жатқанын, оның бойынан батылдық, батырлық іздеуім де бекер емес екенін сезіндім. Гүлдей үлбіреген нәзіктіктің астарында жай көзге көрінбейтін осыншама алуан-алуан қасиеттер тұнып жатыр деп кім ойлаған?

Екеуіміз де үнсізбіз...

Сырттағы нөсер жаңбыр әлі толастамапты. Төпеп тұр. “Аспанның түбі тесіліп кеткен бе бұл?” — деп есікке таяу бұйығып отырған бір бойжеткен сыртқа көз салды да:

- Ой, депутат ағайлар келе жатыр, — деді абдырап.

Бәріміз сыртқа ұмтылды. Есік алдында жастардың төрт күннен бері сарыла күтіп жүрген “меншікті” депутаты Ақуев пен белгілі жазушы (ол да депутат) Әбіш Кекілбаев келіп тұр екен. Үп-үлкен адамдарды әбігерге түсіріп қойғандарына қымсынды ма, жоқ әлде әбден суға малшынған түрлеріне шын жаны ашыда ма, бірнеше қыз оларға қолшатырын қатар ұсынды.

- Рахмет айналайын! Сендерге жақсылық хабар әкелдік, — деді Әбіш аға бұйра шашынан көктемгі жаңбырдың күміс тамшылары домалап. Сосын төс қалтасынан мына қағазды суырып алып, бәрі естісін дегендей дауыстап оқи бастады:

АНЫҚТАМА

1990 жылы 18-мамырда Қазақ КСР Жоғарғы Сотының Президиумы Қазақ КСР Жоғарғы Соты қылмыстық істер жөніндегі сот коллегиясының 1987 жылғы 16- маусымдағы үкімін өзгертті. Т. Тәшеновтың жазасын он жылға дейін, Қ.Күзембаев пен Ж. Тайжұмаевтың жазалары үш жыл бес айға

дейін төмендетілді. Қ.Күзембаев пен Ж. Тайжұмаев қамаудан шұғыл түрде босатылады.

Қазақ КСР Жоғарғы сотының төрағасы

Ж. Айтмұханбетов.

Мұны естіген сәттегі қыз-жігіттердің шексіз қуанышын, бірін-бірі құшақтай сүйгенін, құттықтағанын бәрін-бәрін көре тұрып, мен көзіммен Шолпанды іздедім. Әне! Киіз үйдің керегесіне сүйеніп ол үнсіз жылап тұр екен...

Арада жиырма күндей уақыт өтті. Алматыдағы Кино үйінде өтуге тиіс бір бейресмилер мәжілісіне қатысу үшін, айтылған уақыттан сәл ертерек келгенмін. Есіктен енгенім сол еді, үстінде көгілдір көйлегі бар Шолпан қарсы жолыға кетті. Қасында бойы теректей қара торы жігіт жүр.

“Мұнысы кім?” дегендей сұраулы жүзбен тосылып қалсам керек, сұңғыла қыз ойымды сезе қойып, күліп жіберді:

– Танысыңыз, аға, – деді сосын еркелей тіл қатып. – Жамбыл ініізіз осы...

Жамбыл Тайжұмаев:

“ҚҰЙЫНҒА” ТҮСКЕН ҒҰМЫР

Ол тірі қалғанда ақын болар ма еді?..

1986 жылдың 31 желтоқсаны. Қазақ қаламгерлерінің қара шаңырағы — Жазушылар үйінің мәжіліс залы. Ине шаншар бос орын жоқ. Әдебиет әлеміне аты мәшһүр аузы дуалы ақсақалдарымыздан бастап, осынау қасиетті шаңырақтың табалдырығын енді ғана аттаған сарыауыз талапкерлерге дейін осында. Бейнеті мол, зейнеті аз жазу-сызу өнеріне үш қайнаса сорпасы қосылмайтын, бірақ “олай жазындар, былай жазындар” деп нұсқау беруді жаны сүйетін әкімшілік қызметтегі кейбір ағайындардың датөбесі көрінді. Президиумда — игі жақсылар.

Дәл ортада ұшатын бүркіттей қомданып, жанындағылармен күле сөйлесіп, қалың қасты, тар мандайлы, толықтау келген отағасы отыр. Бұл кісіні – республика партия ұйымын басқаруға Орталықтан келген жаңа хатшы – Геннадий Васильевич Колбинді мынау көпшіліктің бүгін алғаш көруі еді.

Жылдар бойы қалыптасып, бұлжымас ережеге айналған ежелгі әкімшілдік-әміршілдік дәстүр бойынша, респуб

Бізді (Қайрат Рысқұлбеков, Төлеуғали Тәшенов, Қайыргелді Күзембаев және мен) аса қауіпті қылмыскер ретінде МХҚ-ның изоляторында ұстады. 1987 жылдың 23-мамыры мен 17-маусымы аралығында болған Жоғарғы Сот мәжілісі Қайратты ату жазасына, мені және Төлеуғалиды – 15 жылға, Қайыргелдіні 14 жылға кесті.

...Айтпағым – халқымыздың көнбістігі, ел билік тізгінін сеніп тапсырған ағаларымыздың жалтақтығы. Жоғарғы Сотта біздің, бірде-біріміздің кінәміз мойнымызға қойылған жоқ. Соған қарамастан сотталып кете бардық. Оған сол кездегі Қазақ КСР Бас прокуроры Ғ.Елемесовтың менің қорғаушым С.Әлімғазинаға берген жауабын оқып көз жеткізуге болады.

“Сіздің Ж.Х.Тайжұмаевтың ісі бойынша берген шағымыңыз қылмыстық істі тексере отырып қаралды.

1986 жылғы 17-18 желтоқсанда Алматы қаласында Тайжұмаев ұлтшылдық ұран тастап, Брежнев атындағы алаңға бір топ курстастарын ертіп келген. Алаңда ол ұлтшылдық ұрандармен айқайлап, машиналар мен шеп құрған әскерлерге тас атқан. Жаппай тәртіпсіздікке белсенді қатысушылармен бірге милиция машинасын аударып жіберіп, оның бензин құятын бағын таспен ұрып тескен. Лақтырылған сигарет ұшқынынан от шығып, машина жанып кеткен. Халық жасақшысы Ведельдің басынан сүйменмен ұрып, оған ауыр дене жарақатын салған.

Сіздің тас лақтыруды, машинаның аударылуы мен бензин бағының тесілуін дәлелдеуіңіз Қазақ КСР Қылмыстық Кодексінің 65-бабымен емес, 170-бабының 3-тармағымен анықталуға тиіс. Ұлттық араздық туғызу және халық жасақшысының өміріне

қастандық жасауға Тайжұмаевтың кінәсі анықталмайтындықтан істі тоқтатуды талап етуіңіз негізсіз және ол іс материалдарымен дәлелденген.

Куәлер Тайсаринов, Майемеров және басқалар оларды алаңға Тайжұмаев ертіп келгенін көрсетті. Тайжұмаев оларға ұлтшылдық үгіт жүргізген, ал алаңда ұлтшылдық ұрандар тастаған.

Куәлер Петрова, Стамқұлов Ведельдің басынан сүйменмен Тайжұмаев ұрғанын дәлелдеді.

Аталған куәлердің көрсетулеріне күмәндануға негіз жоқ. Алаңдағы жаппай тәртіпсіздік кезінде Тайжұмаевтың қолында таяғы мен ұраны болғанын бейнелейтін іске тігілген фотосурет оның кінәлілігін тағы да куәландырады.

Ж.Х.Тайжұмаевтың әрекеті Қазақ КСР Қылмыстық Кодексінің 60, 65-баптарымен және 173-баптың 1-тармағымен дұрыс бағаланған. Жаза жасаған қылмысына сай а й ы п белгіленген. Сот қаулысына наразылық білдіруге негіз жоқ”.

Міне, осылай “батыр” болдық та шықтық. Ол ол ма, түрмеде жатқанда “мүсіркеушілік сұрады” деп күйдіргенін айтсаңшы! Жоқ, керісінше, бүкіл ұлт намысын аяққа таптаған өздері кешірім сұрасын олардың! Мен түрмеде жатқанда “мүсіркеушілік сұрап, Жоғарғы Кеңеске арыз жазасың ба” дегендерге солай айтқанмын. Әлі де айтарым сол.

Желтоқсан оқиғасы кезінде халықты жаппай ереуілге шығуға мәжбүр еткен, кейін жазықсыз жандарды жазаға тартқан сол кездегі әкімдер халықтан өздері кешірім сұрауы керек және олар жауапқа тартылуға тиіс!

ҚАЙСАР ҚЫЗДАР

1986 жылы Алматы қаласында Мемлекеттік қыздар педагогикалық институтының филология факультетінің 4-курс студенті едім. 17-желтоқсанда Республика алаңына тобымызбен түгел қатыстық. Сол күні күндізгі сағат 11 шамасында жатақханаға студенттер мен жұмысшы жастар келіп, бізді өздерімен бірге ертіп кетті. Жатақхана комендантының қарсылық білдіргеніне қарамастан есіктерді сындырып, біздің шығуымызға жол ашты. «Комсомол» көшесін бойлай жүріп, алаңға жиналған лекке қосылдық. «Менің Қазақстаным» әнін шырқап, сол кездегі жүйеге, билікке қарсылығымызды білдірдік.

Алаңдағы қарсылық білдіруші жастардан тарауларын сұрап, бірнеше азамат біздерге үн қатты. Менің танығаным Н.Ә. Назарбаев пен З.Камалиденов болды. Бірақ елерген жастар олардың сөздерін тындамады. Бір ғана талапты қайталадық: «Қазақ еліне қазақ басшы!» дегеніміз ұранға айналды.

Бізді өрт сөндіргіш машиналар қоршауға алып, мұздай қаруланған солдаттар қарсы тұрып, әрбір қимылымызды қалт жібермей тұрды. Әлсін-әлсін шабуылдап, резінке, темір келтектермен ұрып, қуумен болды. Олардың әрбір шабуылынан кейін мұз қатқан алаң қазақ жастарының қанымен боялып жатты. Ығыстырып алаңнан шығаруға тырысты. Түнгі сағат 1.30-да бөлмелес қыздар құрсаудан қашып шығып, жаяулатып Гоголь-Космонавтар көшесіндегі жатақханаға оралдық. Көрген көріністер жүрегімізді шайқалтты. Санамызда сан ой. «Теңдік, еркіндік дегенің бос сөз болғаны ғой» деген ой маздады.

Ертесіне таңертең №86 мектепке қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Г.Құрманбекованың сабағына кеттім. Түске таман келгенімде, жатақханада оқу орнынан ұстаздарымыз қарсы алып, сұрақтың астына алды. Қорқытып, үркітті. Жатақханадан шығармай тастады. Сол шеруге қатысқан

әріптестерім Г.Абрасілова, Ж.Сүлейменова ЖенПИ-де ұстаз, ғалымдар. Ұ.Төребаева Алматы қаласында гимназия мұғалімі, А.Зейнуллина Павлодар пединститутында сабақ береді.

Желтоқсанда шындалған, ұлтжандылық қасиетім оянған мен сияқты көп қазақ қызы өмірде бостандықтан артық ешнәрсе жоқ екенін сол кезде жақсы түсінеді. Сонымен бірге бізде боданда екенімізді де сол кезде білдік.

Мен қазір Шу ауданындағы №40 орта мектептің директорымын, облыстық мәслихаттың депутатымын. Жас ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелеуде желтоқсаншылардың ерлігін үнемі үлгі етемін. Олардың ерлігі мәңгілік!

Сәрсенғали Садырбаев:

АЛАҢҒА ҚАЙРАТПЕН БІРГЕ БАРДЫМ

1982 жылы Қордай ауданындағы Кенен ауылында орта мектепті бітіріп, «Алматы үй-құрылысы» комбинатына жұмысқа орналастым. Еңбек ете жүріп, мамандық алу үшін оқуға түсуге дайындалдым. Ақыры Алматы сәулет-құрылыс институтының жылу- газбен жабдықтау факультетінің студенті атандым. Қуанышым шексіз болды. 1984-86 жылдары Қиыр Шығыста әскери борышымды өтедім. Одан кейін Алматыға қайта оралып, 2 курстан оқуымды жалғастырдым.

СССР-дің көсемдерінің 16-желтоқсандағы шешіміне наразылығымызды білдіру үшін алғашқы күннен алаңға батыл шықтық. Тағдырымыз не болады, біздің сөзіміз «көсемдерге» жете ме деп ойламадық. Бір-біріміздің намысымызды жанып, билікке қарсы даусымызды шығардық. Алматы сәулет-құрылыс институтының №- 3 жатақхана студентері түгелдей алаңда арпалысты. Менімен көрші бөлмеде жататын Қайрат Рысқұлбековтің дауысы ерекше, жанымызға жақын.

Бірінші күні түн жарымына дейін аман-есен жүргеніммен

18-желтоқсандағы аласапыранда Қайраттан және курстастарымның көпшілігінен ажырап қалдым. Алаң қыздардың шынғырған дауысына, аққан қанға толды. Мұншама қатыгездікті көрген емеспін. Соққыға қазақ қыздары жығылып жатты. Жанымыз шыдамай оларды қорғауға ұмтылған біздердің денемізге темір және резінге келтектермен, сапер күрегінің қырымен қырып салды. Талықсыған, ыңырсыған біздерді малша машинаға тиеп, түнделетіп Медеу шатқалына апарып лақтырып тастайды.

Басымнан тиген қатты соққыдан есеңгіреген мен таңға жуық екі-үш жолдастарымен жатақханаға әрең жеттім. Жарамнан айыға алмай жүргенімде оқудан шығарды. Неге екені белгісіз мен оған қиналған жоқпын. Іштей жаңа күреске дайындалдым. Ол кезде мен сияқты ойлағандар көп болғаны сөзсіз.

Кейін Алматы политехникалық институтының Қаратау филиалының құрылыс факультетіне оқуға түскеніммен басымдағы ызың мұрша бермеді. Ауру болдым. Соның салдарынан жоғарғы оқу орнын аяқтай алмайдым... Өкінішті...

Қазір өзімнің туған Кенен ауылындағы мектепте қарауылдық жұмыс атқарамын. Жұбайымыз екеуміз 2 ұлдан 3 немере сүйіп отырмыз. Барлық арманымыз солардың бақыты, Тәуелсіздігіміздің баянды болуы.

Ләззат Пірімқұлова:

ҚЫЗДАР ӨТЕ БЕЛСЕНДІ БОЛДЫ

Менің Қазақ мемлекеттік қыздар институтының студенті болып білім алып жүрген кезім. 1986 жылы 16-желтоқсанда аудиторияда отырғанда есік ашылып бір қыздың «Бәрің далаға шығындар!» «Қазақстанды қазақ басқару керек!», «Колбиннің Қазақстанды басқаруға қарсылығымызды білдіріп жаппай ереуілге шығамыз!» деп кетті. Ағайға қарамай бәріміз атып тұрып, дәлізге шықсақ институттың іші қаптаған қыздар, ректор,

проректор, декан, зав кафедра, мұғалімдер студенттерді сыртқа шығармай тұр. «Шықпандар, бармандар, болмайды!» деп үгіттеу де, ұрсу да, «Оқудан шығасындар!» деп, қорқытуда.

Бірақ біздің қазақтың кейбір өжет қыздары бастап, жұлқысып, итерісіп, есікті ілген ағаштарды жұлып алып, сыртқа бәріміз жаппай лап қойдық. Артымызға қарамадық, кім қалды, кім қалмады білмеймін. Көшеде кетіп бара жатқан топқа қосылып, Гоголь- Сейфуллин көшесімен кете бардық.

Сол леппен әрқайсымыз естігенімізді қайталай және өлең айтып, алаңға жеттік.

Жастарға түсіндіріп, біраз адамдар сөйледі, олардың кім екенін білмейміз, бірақ ұранымыз; «Қазақстанды қазақ басқару керек!», «Қонаев атамыз сөйлесін!». Бірақ атамызды сөйлеткен жоқ.

Біраз адам сөйледі, біз жаспыз көбін тани бермейміз. Бірақ Роза Бағланова апамыздың сөйлегені ойымда және қазіргі Президентіміз Н.Назарбаевтың сөйлегенін білемін. Жастар «Елім-ай» әнін көп қайталады. Ел, жер туралы өлеңдер айтылды.

Қаннен қаперсіз тұрғанбыз, дәл сондай болады деп ойлаған жоқпыз. Әскери киінгендер мен халықтың арасында кеш түскенде айқас басталып кетті. «Қайтыңдар! Қайтыңдар!» деген сөздер көп болды. Бір жақтан су шашып, жастарды әскерлер жайпай ұрып-соға бастады. Қашатында жер жоқ, алды-артың толған жастар, әсіресе өзгеше киінген (түрлерінен қорқасын)_біздерді «дубинка» дейді ғой сонымен ұрғаны, қыздардың шыңғырған дауысы, жігіттердің қарсылық көрсеткендеріне қарамай, аяусыз жаншығаны, аналарды көріп жантүршігерлік қорқыныш биледі. Қолында қураған таяқ та жоқ жастар теңселіп кетті. Бастарында каска, бір қолында қалқан, бір қолында дубинка бар әскерге біздер қалай қарсы шығамыз. «Қашыңдар, қолға түспендер!» деп айқайлаған жігіттер біздерді қоршауды бұзып шығуға бастады.

Менің дос қызым Алматыда тұратын Назым Телқараева екеуміз бірге жүрген едік, бір-бірімізден ажырамай топтың легімен келе жатып құладық, өйткені Назымның басына дубинка

тиді, мен қоса құлағанда менің де иығыма, арқама таяқ тиді. Сол кезде біздің қазақ жігіттер «Құтқарыңдар!» деп бір жігіт ортамызда, екі шетімізден екі жігіт қолтығымызда көтеріп, сүйрей жөнелді де (қараңғы болатын) бір биік қоршаудан жерге қарай лақтырып жатып; «үйлердің арасымен қашыңдар» дегені есімде. Олардың кім екенін сұрауға да мұршамыз болмады. Жерге домалап түстік те екеуміз, бір-бірімізге сүйеніп, еңіреп жылап, үйлердің арасымен қашып шықтық.

Назым Алматыда тұратындақтан көшеге шығып, қай бағытта жүруді топшылап, екеуміз Жандосов көшесімен М.Әуезов көшесінің қиылысында тұратын үйіне дейін жаяу жеттік. Екеуміздің сол кездегі еңірегеніміз, көзімізден жас емес қан аққандай болды. Біздің көкейімізде бізді құтқарған 3 жігіт, олардың артында әскерилермен төбелесіп, алысқан талшыбықтай жас жігіттердің өмірі не болды? Қолға түсті ме, әлде бізді лақтырған қабырғадан қашты ма? әлде алысып мерт болды ма? немесе қолға түсіп қамалды ма? әрі жыладық, әрі біздің қазақ жігіттерінің осындай қайсар ерлігі, қолында түгі жоқ, бақайшағына дейін қаруланған әскерге қарсы шығуы – қандай ерлік!

Мен үнемі осыларды ойлап, жүрегім қан жылайды. Інісіңілілеріме айтамын. Екеуміз үйге келгенде Назымның көзі көгергенін, менің иығым, құлаған тізем жара, қолым сырылғанын көрдік. Ауруханаға баруға, дәрігер шақыруға болмайды.

Бұл көтерілісте біз халқымыздың намысшыл, ұлтына деген сүйіспеншілігінің мықтылығын, қыздарға-анаға деген құрметтеріне деген көзіміз жетті. Көшеде жай кетіп бара жатса олардың осындай ерлікке бара алатынына сенбес едім.

Мені және Назымды ажалдан, азаптан құтқарған жас жігіттердің тілеуін, елдің талап-тілегінің орындалуын тіледік. Ұлы Отан Соғысында кеудесін оққа тосқан ер жүрек ата-ағаларымызға ұқсаған, ұрпақтарының бар екеніне көзіміз жетті.

Біздің көкірегімізде бір арман қалды, осындай ерлік жасаған жігіттеріміз аман-есен болса, өсіп-өнсе олардың да ұрпақтары

ерлікке бейім болар еді. Сол өрімдей жігіттердің жүрегіндегі патриоттық сезім, ерлік, қайсарлық, қорқыныш сезіміне беріліп қашпай, қасқайып тұрып қарсы шығып, біліп тұр күштері сәйкес емес, әлде қайда басым екенін, жауымен арпалысқанына көзбен көрмегендердің сенбеуі де мүмкін.

Ал біз соның бәрін көзбен көрдік, сондай зұлым, қанішер, (сөз таба алмаймын) аяушылық дегенді білмейтін, фашизмнің қалдықтары ма деп ойладық. Бейбіт өмірде өз халқына деген қатыгездікті көрдік.

Әтіркул Дуанбекқызы ұлы Ринат Ембердинов туралы:

АНАЛАРДЫҢ ТАРТҚАН АЗАБЫ АЗ ЕМЕС

1986 жылы мектепті жақсы бітіріп, ұлым Ринат Алматыдағы зоотехникалық- малдәрігерлік институтына оқуға түсті. Желтоқсанның 17-і күні Алматы қаласындағы бірқатар институттың студенттері бұзақылық жасап, бала-бақшаларды қиратып, балаларды қорқытыпты дегенді естідім. Келесі күні газеттерде студенттерді кінәлап, ішкендер бұзақылық жасады, камалғандары да бар деген сарында мақалалар да жарияланды.

Мектепте оқу ісінің меңгерушісі едім, 19-желтоқсанда Шу стансасынан түнгі поезға мініп, таңғы 5-те Алматыға жеттім. Балам Абай көшесімен Сейфуллин көшесінің қиылысындағы № 4 жатақханада жататын. Жатақханаға кіргенде шошып кеттім. Коридор тола КГБ-нің жігіттері, қарыларына қызыл шүберек байлаған жасақшылар қаптап жүр. Паспортымды көріп, әрең дегенде кіргізді. Көтерген бір дорба тамағыммен бөлмеге кірсем 5 бала жатыр. Аман- есендігін сұрасам, «Бәрі жақсы, қорықпаңыз, заттарыңызды тастап, астына түсе тұрыңызшы» - деді. Сөйтсем, олар аш жатыр екен, басқа бөлмедегі балаларда келіп, бәрі жабылып, мен апарған тағамды жеп, әп-сәтте тауысыпты.

Ұлым Ринат болса басынан ауыр соққы алып, екі күн есін

жинай алмай, бөлмеде жатқанын жасырып, айтпады. Әшейін алаңға шықтық, солдаттар қуалаған соң қашып, құтылдық қой деп күлді. Аңқау басым мен сеніп қалдым.

Келесі күні 20-шы желтоқсанда жасакшылар балаларды оқуға апарамыз деп дәлізге шығарды. Мен де солармен ілесіп институтқа бардым. Қираған дәу-дәу есіктер, шағылған мінбер мен орындықтарды көрдім. «Мынау не деген сұмдық» дегенімде; «Оны бұзақы студенттер қиратқан» деді. Балам шыққанша күттім. Аудиторияға кіргізіп, ҰҚК-нің жігіттері қолдарындағы сурет пен бейнетаспаға түсіп қалған студенттерді алып кетіп жатты. Балам «Маған ештеңе деген жоқ, бәрі жақсы, ауылға бара бер» - деген соң қайтып кеттім.

Көктемде армияға шақыртып, жатыр деді. Ринаттың «пиолонефит» деген диагнозбен есепте тұрғанына қарамастан әскер қатарына алып кетті. Ленинград қаласының маңында «тандаулы» аттарын баққызып қойыпты. Қақаған қыста аттар үйелеп қалмасын деп бір-бір шинельмен ғана ат қораға түнетіп, офицерлер қазақ балаларға сендер орыстарға қарсы шыққан «декабриссіндер» деп әбден қысым көрсетіпті. 1988 жылдың жазында еңбек демалысымда екі қызымды алып, ұшакпен Ленинградқа қайта бардым. Онда да балам зардап шеккендерін жасырып, «Сендер малдың жайын жақсы білесіңдер, деп бізге жылқы баққызып қойды», дей салды. Келесі 1989 жылдың көктемінде Ринат үйге оралғанда, байқағаным, оның оң қолы мен оң аяғы кішірейіп, икемге жөнді келмейді. «Не болды, аттан құладың ба, не болмаса ат тепті ме?» десем, «Ештеңе болған жоқ» деп, жөнін айтпады. Онысы менің жүрегім ауырмасын дегені екен. Желтоқсан оқиғасында таяқ жегенін, есінен танып, екі күн ессіз жатқанын да айтпады. Дер кезінде айтқанында уақтылы емдетер едік қой.

Күзде бой бермей оқуына қайта барып еді, оқи алмады. Содан соң академиялық демалыс алып, бір жыл бойы ауруханадан-ауруханаға тексертіп, емдетумен болдым. Бүйректерін, омыртқаларын, басын томографияға түсірттім. Ақыры

дәрігерлер қатты соққы тиген баста, қан қатып қалғандықтан миында қан айналымы бұзылған, деп тапты. Ал, жотадан тиген қатты соққының салдарынан тамырларына зақым келіп аяқ-қолының қан айналымы бұзылыпты. Басы ауырып, аяғынан жүре алмайтын күндері жиілейді. Оң қолы жазуға жөнді келмеді. Сондықтан қызметінен өз еркімен кетіп, базарда малдәрігерлік аптекада жалдамалы жұмысқа тұрды. Ал менің көрген күнім, тартқан азабымды айтып жеткізе алмаймын. Қаныпезер, қанішерлерді жазалайтын күн бар ма? Балаларымыздың тартқан азабы немен өтеледі? Осындай сауалдар мазалағанымен, Осыншама зардап шеккенімізге қарамастан балам-Ринаттың Желтоқсан көтерілісіне қатысқанын мақтан етем. Себебі олар Тәуелсіздікті жақындатты! Біз, аналар оларды кішкентайынан патриот болуға, отансүйгіштікке, адал болуға тәрбиеледік. Соны жалау етіп олар алаңға шықты, қарсылық білдірді, бүкіл қазақтың намысын қайрады.

Өкінішке орай, Ринаттың денсаулығының жоқтығына қатты қиналудамыз. Ішімізден тынамыз. Тек қана, бүгінгі және келер ұрпақ Желтоқсан көтерілісіне қатысушылардың азаматтық, ұлттық рухының өлшеусіз биік екендігін түсінсе, соның өзі бізге демеу. Тәуелсіздікке қол жеткізу оңай емес екенін мен жақсы білемін. Тәуелсіздік үшін Қайрат Батыр айтқандай «Еркек тоқты құрбандық» болатындығы ақиқат. Менің ұлым солардың бірі...

Зәуре Нұрманова:

БҮГІН ТАРИХ

Алаңға шыққаныма өкінбеймін. Оны сан мәрте еске алуға бармын. Алайда сол үшін тергегенін есіме түсіргім келмейді. Сол кездің билігі өзінің үстемдігін қорғауға, күшейтуге келгенде әділетсіз екен. Оны үш ай бойы тергеуге алып, таң атқанша қинағаны, жазықсыз жазалағаны жаныма батады. Әке-шешеге, туыс-бауырға «қыздарың сондай» деп өтірік айтуы салдарынан біз ел бетіне қарай алмай қалған кезіміз де болды.

Соған қарамастан өз басым алаңға барғаныма өкінбеймін. «Бізді неге басқалар басына береді?» деген сұрақ мазалап, алаңға апарды. Бар екенімізді көрсетіп, үнімізді шығарсақ ойланар, тоқтар дедік. Олай болмады. Аяусыз еркімізді жанышты. Алаңға барғаным да сол еді, бір қазақ жігітін қолдарында келтек темірі бар өзгелер тепкілеп жатқанын көргенде шыдай алмадым. Жан ұшырып барып, жігітті денеммен жаптым. Олар мені де аямады, соққыға жықты. Мұздай сумен атқылағанына да қарамай алға ұмтылды. Бар дауысымызбен «Менің Қазақстанымды» шырқадық. Суланған киіміміз аяздан қатып қалғанына қарамастан қайта алаңға шығамыз. Әділдікті тап осы жерден табатындай өршілене ұмтыламыз. Өкшемізбен, саусақтарымыздың қанағанына қарамай қатқан тасты алып, жігіттерге беріп тұрдық. Біздің қаруымыз осы болды. Сол әректтерімізді суретке түсіріп алып, кейін сол бойынша тауып алды ғой. Комсомолдан шығарды. «Институттан шығарамыз» деді. Әйтеуір, өзіме берік болғанның нәтижесінде оқуымды бітіріп шықтым.

Қордай ауылындағы № 3 мектепте ұстазбын. Шәкірт тәрбиелеудің жауапкершілігі ауыр екенін жете түсінемін. Тәуелсіз еліміздің ұландарын тәрбиелеу бақыт. Саналы ұрпақ тәрбиелеуде де аянбай еңбек ету басты парызым. Жұбайым Рашид екеуіміз ұл-қызымыздың адал, Отанын шексіз сүйетін болып өсуі үшін маңдай терімізді төгудеміз.

Нұрғали Оңашабаев

ТЕРГЕУДЕ ЖҮРГЕНДЕ ҮЙЛЕНДІК

Алматы қаласына Шу ауданынан барып, осындағы электриктер даярлайтын курсты аяқтап, электрик мамандығымен «СМУ-22» өнеркәсіп құрылыс барқармасында еңбек жолымды бастағанмын. Бізге бұл мекеменің қолайлы болуы сырттан келген жастарға жатақхана береді. Жатақханада тұрып жатқаныма төрт-бес жыл болған. 1986 жылдың соңғы айы өміріме өшпестей із қалдырды. Желтоқсанның 17-і. Әдеттегідей ұйқыдан ерте тұрып, жуынып-шайынып, тамақтарымызды ішіп, енді жұмысқа барғалы жатқанда: «Жігіттер, неге бұғып отырсыңдар?! Алаңға, алаңға шығыңдар!»-деген дауыстар естілді. «Не болды? Алаңы несі? Қайда, не үшін?». Бәріміз де аспаннан жәй түскендей абдырап қалдық. Үйреншікті аялдамаға жетіп, автобусқа отырып, жұмысқа барайық десек біреуі тоқтамайды. Бәрінің іші толы адам. Аялдамаға жиналғандардың әрқайсысы әртүрлі әңгіме айтады. Бір кезде жасымыз бар, үлкеніміз бар, лек-легімізбен, жаяу орталық алаңға қарай бет түзедік.

Менімен бірге алаңға ауылдасым Кенжебай да барған. Көргенімізді көз алдыма елестетсем әлі денем дірілдейді. Сол кездерде теледидардан шетелдерде болып жатқан оқғаларды көрсеткенде полицияның қаныпезерлігін бар дауыспен айтатын. Біздікі одан да асып кетті. Неге екенін білмеймін олар алдымен қыз-келіншектерді ұрып, соқты. Ұрғанда да аяусыз ұрды. Бұл біздің намысымызды оятты. Бізде атырылып, алға ұмтылып, қыздарды қорғадық. Ақыры қыздарды қорғаймын деп жүріп өзіміз қолға қалай түскенімізді білмей қалдық. Ауыр жараланғаныма қарамастан Совет ауданына қарасты түрмеде үш күн жаттым. Төртінші күні ауыр жаралыларды ауруханаға жөнелтеді. Онда 12 күн емделдім. Мен сиятылар ауруханаға сыймай кеткен.

Ауруханадан шыққаннан кейін бұл жағдай басылған шығар десем одан бетер күшейіп кетті. Жұмыс істеуге мүмкіндік

бермеді. Қайта-қайта тергеуге шақыртады. Тергеушінің алдында кезек күтіп тұрған жастардың ішінен Базаркүлмен таныстым. Құрылыс техникумында кітапханашы болып істейді екен. Алғаш әңгімеміз желтоқсан оқиғасынан басталып, кейін махаббатқа қалай ойысқанын өзіміз де сезбей қалдық. Жаңа, 1987 жылғы қаңтар айының ортасында үйлендік. Совет ауданының ішкі істер бөліміне тергеушілер ендігі жерде екеумізді де шақыртатын болды. Ақыры мені жұмыстан да, жатақханадан да шығарды. Мұндай қиындықты Базаркүл де көрді. Соған қарамастан екеуміз де мұқалмадық.

Құдайға шүкір, Тәуелсіздік таңымызды аттырды. Бақыттымыз. Ұл-қызымызбен Төлеби ауылында тұрып жатырмыз. Елімізге тыныштық берсін.

Назира Кеңесбаева

ТАРИХИ КӨТЕРІЛІС

1986 жылы Алматы политехникалық техникумында екінші курста оқып жүрген кезімде ЖенПи-де оқитын әпкем Бақытпен, Сатпекова Айгүлмен бірге, Полетаев көшесі №44 үйде, пәтерде тұрдық. 1986 жылы 16-желтоқсанда әпкем Бақыттың 20 жасқа толған туған күнін пәтерде атап өттік. 17-желтоқсан сағат ондарда курстас қыздармен бірге практикаға бару үшін Темирязов Винаградова көшесіндегі техникумның жатақханасына келдім. Жатақханада қыздармен бірге шай ішіп отырған кезімізде далада жас жігіттер мен қыздардың «Алтын күн аспаны, алтын дән даласы» деп өлең айтып, көшеде кетіп бара жатқанын жатақхана терезесінен көрдік. Оған ешқандай мән бермедік. Сағат 12-00 шамасында бес қыз болып практикаға бару үшін аялдамаға шықтық. Аялдамада ұзақ тұрып қалдық, бірақ біз қызу әңгіме айтып, ойнап-күліп тұрғандықтан тіптен, тролейбустар жүріп жатпағанында байқамаппыз. Сол кезде біздің жанымызға кішкентай қызды жетектеген апай келіп;

«Сендер қазақ қызсыңдар ма?» деп сұрады. Біз «Иә, қазақпыз» дедік. Онда менімен бірге «Брежнев» алаңына жүріңдер, онда Америкадағыдай көтеріліс болып жатыр, қазақтардың тарихи оқиғасы болып жатыр»-деп бізді ертіп кетті. Содан кейін алаңға келдік. Алаңда тек студенттер ғана болды, оларды ішкі істер әскерлері қоршап тұр. Олар бізді ішке кіргізді. Қоршаудың ішіне кіргенде апайымыздан адасып қалдық. Содан біраз жан-жағымызға қарап, қайда барарымызды білмей жүргенімізде, жанымыздағы қыздардың жерлестері кездесіп, біраз әңгімелестік. Сол кезде алаңға адамдар көп жиналып қалған еді. Танымал адамдарды, әртістерді көріп, біраз сол жерде кідіріп қалдық. Жиналған жастардың «Әр халыққа өз көсемі», «Ешқайсымыз кетпейміз», «қазір кешке бізге жұмысшылар қосылады» деген сөздерді естідік. Мен Салима деген құрбым екеуміз алаңнан шығып кетеміз дегенде әскердің көбейгенін аңғардық. Олар бізді қоршаудан шығармады. Қараңғы түсті, біз қорқа бастадық. Аяғымыздың астында мұз жылтырап жатты. Алматы қаласының бас прокуроры жастардың тарауын өтінді. Бірақ ешкім кете қоймады, кету мүмкін емес еді. Қоршау міз бақпады. Әлден соң әскерлер жастарды ұрып-соға бастады. Милиция қызметкерлері қолдарындағы резеңке шокпарларымен ұрып, соқты. Біз Салима екеуміз қаштық. Сол кезде менің аяғым мұзға тайып, құладым. Бір милиция қызметкері мені жағамнан ұстап, машинаға лақтырып мінгізді. Машинаның ішінде он бес-жиырма шақты адамдар бар екен. Барлығымызды Әуезов ауданының РОВД-на әкелді. Бәрімізді камераға қамады. Камераның ішінде 5-6 адам болды. Кейбіреулер айқайлап, наразылық білдіріп жатты. Оларды милиция қызметкерлері ұрып-соғып тынышталдырған болды. Камераның ішінде мен уақыттың қаншалықты өткенін байқамадым, әйтеуір біраз уақыт өткеннен кейін мені суретке түсіріп, сұрақ-жауап алуға алып барды. Бізден сұрақ-жауап алушылар милиция қызметкерлері емес, юрфактын студенттері екенін байқадым. Мен өзімнің студенттік билетімді етігімнің ішіне табанына тығып қойған едім. Сондықтан аты-жөнімді

өзгертіп айттым. Менен сұрақ-жауап алып отырған жігіт мені өзінің бір танысына ұқсататынын айтты. Ойламаған жерден маған осы жерден қашу сәті түсті. Сұрақ-жауап алып отырған студент жігіт мені РОВД-ның сыртына өзі ертіп шығып, менің қашып кетуіме көмектесті. Ымырт түскен кез еді. Мен жүгіргеннен жүгіріп отырып, Тимирязев пен Виноградов көшелерінің қиылысында орналасқан жатақханама жақындаған кезінде, сыртта мұғалімдеріміз бен деканның тұрғандарын көріп қорыққаннан әпкем екеуміздің тұрып жатқан пәтерімізге қарай бұрылдым. Пәтерге дейінгі жол мен үшін өте қорқынышты да қиын болды. Себебі қараңғы еді және кездескен адамдардан да қорқып, тығылып пәтерге әрең жеттім. Сол күндері адамдар бір-бірінен қорқып жүретін. Арада бір ай өткеннен кейін, алаңда түсіріліп алған суреттерді қолына ұстаған адамдар келе бастады. Алаңда болған студенттердің барлығын сурет арқылы ұстап, оқудан шығарды. Мен оқудан шығып кетпеу үшін спорт және туризм министрлігінде қызмет істейтін көкемнің көмегіне жүгіндім. Сол кісінің арқасында оқуымда ары қарай жалғастырдым. Осы желтоқсан оқиғасына қатысқаным жайлы мәліметті Қазақстан егемендік алғанына дейін жасырып келдім. Оның себебі сол кездегі саясаттың салдары. Қазіргі таңда өзімнің елімдегі жаңа тарихи кезеңнің басталуына куәгер болғанымды мақтан етемін. Кейінгі кезде, мен екінші оқу орнын бітіріп, қазіргі уақытта Жамбыл ауданы, Жалпақтөбе ауылындағы Валерий Чкалов атындағы орта мектебінде директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары болып қызмет атқарып жүрмін...

Айман Мұсаева:

БІЗДІ БАСТАҒАН – САНАТ

1986 жылдың желтоқсан айында «Қазақ ұлтының көсемі өз ұлтынан болу керек» деген ұғыммен алаңға шықтым. Біздің топтың жігіттері Санат Қонарбаев пен Қайрат Саменқұлов әрбір білімгерге топ-топқа бөлініп «Қазақ өз жерінде қазақ болу керек» деген ұранмен үгіт-насихат жүргізді. Жатақхана дәлізіне парақтар мен қатар намысты оятатын өлең жолдары ілінген. 18-желтоқсанда алаңға бір жерде жиналуға дайындалдық. Сол күні бізді ағайлар мен апайлар жатақханадан шығармады. Сағат сайын біздерді тексерумен болды. Сағат 10-11-де кезекшілікте отырған полиция және ұстаздар бір тексеріп кетісімен Санат пен Қайрат бүкіл білімгерлерді жинады. Шамамен 70-80-дей болуы керек. Мен екінші қабатта №204-бөлмеде тұратынмын. Ұйымдаса келе уақыт сағаты жақындағанда бөлме-бөлменің простынасын жинап, бір-біріне байлап, жерге жететіндей етіп, жылу батареясына байлап, менің бөлмемнің терезесінен түсіп, алаңға бет алдық. Басты ұранымыз: «Қазақ ұлтының көсемі қазақ болу керек!» содан біз Киров көшесімен келе жатып, Жамбыл педагогика училищесіне соқсақ, олар терезеден айқайлап; «біз сендермен біргеміз, бірақ бізді шығармай жатыр» деген олардың дауыстары бізді одан сайын жігерлендіре түсті. Содан жанындағы Статехникумға бардық, оларда шыға алмайтын болған соң алаңға бет бұрдық. Паркке келе жатқанда, полиция машиналар мигалкасымен жарықтарын түсіріп, алаңға жетпей кенеттен милициялар мен әскери қызметкерлер келіп, алаңға жиналайын деп жатқан жастарды қоршап, соққының астына ала бастады. Жиналған білімгерлер жан-жаққа қаша бастадық. Бірнеше білімгерлерді шашынан сүйреп, ұрып, ұстап, шыңғыртып машинаға салып жатты. Мен қорыққаным соншама, қашып бара жатқан кезде, полиция қызметкері ұстап алғанда шыңғырып айқайлап, жылай бастадым; «Ағатай,

жіберіңізші,өтінемін» дедім. Иман жүзді полиция қызметкері екен, менің шырылдап, шыңғырғаныма жаны ашып кетті ме; «Менің де сендей қарындасым бар. Қазір тез арада кет!» деп, маған айқай салды. Соны естіп жүрегім аузыма тығылған күйде жүгіріп, талдардың арасымен қазақ драма театрының ар жағына шығып, такси ұстап, кирпичныйдағы әпкемнің үйіне бардым. Сол күн әлі есімде. Азанда училищеге барсам, ұстаздарымыз; «Кешегі көтеріліске қатысқандар болса, «қатыстым» демендер. Сендерді қазір сұрақтың астына алады. Бір сөзде тұрындар» деді. Көп ұзамай бір топ полиция қызметкерлері, бізді сұрақтың астына алды. Мен «алаңға барған жоқпын» дедім. Себебі 26-шы желтоқсан күні диплом алуымыз керек еді. Біздің көптеген білімгерлерімізді полиция қызметкерлері учаскелік пункітіне алып кетті. Біраз жастарды оқудан шығарып, ата-аналарына тәртіптік жаза қолданып, комсомолдан шығарып, степендияларынан қысқартып, қатаң сөгіс жариялады. Ұзақ уақыт қорқып жүрдім. Егемендік еңсемізді көтерді. Мен желтоқсан көтерілісіне қатысқанымды мақтан тұтам. Ойымыздағыны ашық жеткізіп, сөз бостандығына қол жеткізген осы күнімізге шүкір, Тәуелсіздігімізге тәуба дейміз.

1987-1993 жылдар аралығында Жамбыл облысы Ақбұлым ауылында клуб меңгерушісі жұмысын атқардым. 1993-1995 жылдар аралығында Тараз қаласындағы СПТУ-4 училищесінде жатақхана меңгерушісі болып жұмыс істедім. Тағдырдың тартуымен өмірдің ағынымен 1995-2012 жылдар аралығында базарда саудамен айналыстым. Қазіргі таңда Байзақ ауданы, Талас ауылының «Қостөбе ауылдық округі әкімі аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде клуб меңгерушісімін.

ЖАДЫМДА ЖАҢҒЫРҒАН ЖЕЛТОҚСАН

Махамбет көтерілісінің көсемдерінің бірі Махамбет жырларын жаттап өскен ұрпақ өкілі ретінде және патриоттық тәрбие мәселесімен айналысып жүрген ұстаз болғандықтан, ызғарлы желтоқсан көтерілісі күндерінің қадыр-қасиетін келешек ұрпақ біліп жүрсін, деген ой қолыма қалам алғызды.

Мен 1986 жылы желтоқсан көтерілісі басталғанда Алматы зоотехникалық-малдәрігерлік институтының 3- курс студенті болатынымын. 16- желтоқсан күні кешінде жатаханамызда пікірталас басталған-ды. СССР көсемдерінің озбырлығына жігіттер іштей қарсылық білдіріп жатты. «Бару керек» «Айту керек» деген тоқтамға келдік. Ертесіне 7.30- да ұйқымыздан тәлімгеріміз Мәриям Әбуқызы оятты. Бізді түгелдеп жүр екен. Бірер жігіт жатаханада болмай шықты. Үш кісіге жоқ жігіттерді тауып келу тапсырылды. Алаң милиция қоршауында екен.

- Әлгіңде КазГУ жақтан келгендердің тас-талқанын шығарып, қуып жіберді, бұлар басынды, - деген қырықтардың мол ішіндегі көркем киінген, галстук таққан кісі, - Фурманов көшесі жағынан келмесеңдер өте алмайсыңдар, - деді. Әлгі сөздерді естіген жанымыздағы ұстазымыздың есі шықты. Жатаханаға қайта келдік. Жатаханада барымызды түгендеп, оқу залына өзі кіргізіп кетті. Екінші парда И.Щебалков деген механизациядан дәріс беретін мұғаліміміз сабақты саясаттан бастап, қазақтарды жазғырды. Біз оның сөзінің соңын күтпестен, өре түрегелдік. Содан алаңға қайта келдік. Арамызда курстасымыз Колокольцев Вовка да бар. Алаңды қоршап тұрған шепті бұзып өттік.

Алаңда ауылдастарым Қали Қамбаровты, Жексенбай Ошановты кездестірдім. Бір-бірімізді «декабристер» деп, талап-тілегіміздің дұрыс екендігін тағы бір пысықтап алдық. Шама келсе мінберге шығу керек деп шештік. Мінберге шығу

көптеген қиындық туғызды. Бір кезде қырықтардағы әйел сөз алды-ау, әйтеуір. Оның сөздерінен есімде қалғаны: «Біз 1937 жылдың қайталануына жол бермейміз». Ол әйелді мінберден зорлап түсірді. Біз де кам жасадық. Комсомол басшысы С.Әбдрахмановтан рұқсат алып, группаласымыз торғайлық Ақшығанақты (тегін ұмытыппын) мінберге қарай өткіздік. Оған сөйлеуге мұрша бермеді. «Кім сөйлейтінін хабарлауымыз керек» деп, аты-жөнін жазып алып, кері қайтарыпты. Соның кесірінен ол көп ұзамай комсомол мүшелігінен де, оқудан да шығарылды.

«Жігіттер, декан студенттерді түгелдеп жатыр» дегенді естіп жатаханаға оралдық. Мұнда аты-жөнімізді жазып алып, алаңда жараланғандарды жатаханаға жеткізуді міндеттеді. Жатаханамыз алаңнан 300 метр шамасында болатын. Бірінші қабаттан жасырын медициналық бөлме ашып қойыпты. Жараланғандар, әсіресе, 18-желтоқсан күні көп болды. Сол күні институтымыз бокс жарысын ұйымдастырды. Достарым Ахмет Оразбаев пен Талғат Камитжанов боксасатын болғандықтан сонда барғам. Қайтар жолда әскерилердің соққысына тап болдық. Екі жолдасымыз түнді темір торда өткізіп қайтты.

«Өнер адамдары мінберден сөз сөйледі» дегенді естіп, алаңға қайта келдік. Өрт сөндіргіш машиналар бізді судың астына алды. Судан қашып, құлағандарымыз құлап, қалғанымыз машина аралығына сап түзеген әскерилерге тап болып, Госагропром ғимаратының жанындағы бетон ернеуден секірдік. Алаң жағы жарты метрдей ернеудің арты 3-4 метрлік жар екен. Су-су болып, бір-біріміздің үстімізге опыр-топыр жығылды. Жан-жаққа бас сауғалап, қаштық.

Жаңа жыл қарсаңында мұғалімдер үйге қайтуымызды талап етті. Біз 7 жігіт өзгеде есеміз кеткендей күй кешіп, оңтүстіктің көрнекті шаһары Шымкентте талап-тілегімізді білдіруді жөн деп тауып, жолға шықтық. Жаңа 1987 жылды Шымкентте қарсы алдық. Бұл қаладағы алаң да қызылжағалыларға лық толы еді. Талап-тілек жайына қалып, келген ізімізбен қайттық. Поезға билет жоқ. Жеке-жеке жолсеріктермен келісіп, әупіріммен міндік.

Мен СВ вагонға іліндім. Купеге кіргенім сол, қырықтардағы жігіт ағасы мені сұраққа алды: «Желтоқсандағы дүрбелеңге қатыстың ба?» - деп. Тәлімгеріміздің құлаққа құйғаны бойынша «жоқ» деп жауап бердім. Әлгі кісі «Біз мұнда қызылкенірдектесіп жүрсек сен... » деп мені қылқындыра бастады. Аман қалуыма купедегі аралық үстел септігін тигізді...

1987 жылы оқу басталысымен курс жетекшілерін үш әріп өкілдері шақыруды жиілетті. Сөйтсек, алаңнан түсірілген фотосуреттерден танитындарын сұрайды екен. Менің группамның старостасы Марат Сәтбаев деген жігіт еді. Оның бір барып келгенінде «менің суретім бар ма?» деп сұрағам, ол «жоқ» деді. Соталудан, қуғын-сүргіннен аман қалдым.

Бұл күнде мен ұстазбын. Мен еңбек ететін мектепте Қайрат Рысқұлбеков сегіз жыл оқыған. Тәуелсіздік күні оқушылар «Еркек тоқты-құрбандық» - деп қыршынынан қыйылған Қайраттың өлеңдерін айтып, көрініс қоюда. Мен осыған қуанамын. Желтоқсаншылар ерлігі қазақ барда ұмытылмайды! Мен соған сенемін!

Ұланбике Сейдуалтева:

КЕЛТЕКПЕН ҰРДЫ

1986 жылдан бастап құс өсіруші болып еңбек жолымды бастағанмын. Осы жылы Алматы зооветеринарлық институтына сырттай оқуға түстім. Сол жылы қысқы сессияға желтоқсанның 13-і күні Алматыға бардым. 16-желтоқсанда кітапханадан келе жатқанымда бізге; «Мына жақта жол жоқ, ана жақпен жүріңдер» - деп, біреулер айқайлады. Осы кезде, екі машина тоқтап, одан ұзын бойлы, шляпа киген жігіттер, иномарка машинаны аударып, бензин құйып өртеді. Біз қорқып кеттік. Қай жаққа баратынымызды білмей, қашқан кезде, бізді итпен милиционерлер, орыстар қуалап, ұстап алды. Одан соң Әуезов

ауданының ішкі істер бөліміне апарып қамап қойды. Осы кезде ұрып, соғуды бастады. «Машинаны кім өртеді?»-деп, іші суық кабинетке қамады. Жылағанға қарамай, дубинкамен бастан ұрды. Іштерінде қазақ жоқ, бәрі орыс милиционерлер.

Екінші тәулікте ғана бір қазақ милиционері есікті ашып, қазақша қайдан екенімізді сұрады. «Алматы зооветеринарлық институтынанбыз», -деп қормен айқайлады. Сонан кейін барып тексеріп, сырттай оқитын студент екенімізді білді. Үшінші күні деканымыз Мамай Пірменшаевич келіп, бір қағаздарға қол қойып, бізді босатып алды.

Институтта жиналыс жасап, «Ешкімге болған жағдайды, таяқ жегендерінді, көргендерінді айтпандар, күйеулеріне де, туыстарыңа айтпандар» деп ескертті. Ол кісінің не «айтпандар» дегенін біз кейінірек түсіндік. Күйе жағу үшін арнайы тапсырмамен машиналардың өртенгенін кейін білдік емес пе?

Ауылға келіп, жұмысымызды жалғастырып жүре бердік. Сонымен осы күнге дейін машиналарды өртеген қазақ жігіттері емес, өзгелер екенін айтқан емеспіз. Оны бізден сұраған да ешкім жоқ.

Мырзатайда құс өсіруші, қойма менгерушісі болып жұмыс істедім. 2015 жылы зейнеткерлік демалысқа шығып, қазір Мырзатай ауылдық округіндегі ардагерлер кеңесінің мүшесімін. Қазір қоғамдық жұмыс ретінде ардагерлер кеңесінің хатшысымын.

*Желтоқсан зерттеушісі Мәкен Уақтегі
Ермұхамет Қуандықовтың естелігінен:*

ЖЕКСЕНБАЙДЫҢ АЙТҚАНЫ



Жуырда Түркістан облысының Ордабасы ауданы, Темір ауылында туғанымен шырайлы Шымкент қаласының тұрғыны Ермұхамет Қуандықовпен кездестім. Сөзден сөз туындап, көптен Қайрат Рысқұлбеков пен Желтоқсан көтерілісін зерттеп жүргенімді білгеннен кейін, өзінің басынан өткізген жайтты еш бүкпесіз баяндады.

- Мен ол кезде Қазақ Мемлекеттік университетінің тарих факультетінде оқитынмын. Жасым 23-те болатын. 1986 жылғы 16-желтоқсанның түніне қарай Заң факультетінің жатақханасындағы ауылда бірге оқыған сыныптастарыма барып, атышулы «пленум» жайлы әңгіме өрбіттік. Ел басшысы Қонаевтың орнына ата-дәстүрімізден мақұрым, айдаладағы біреуді әкелгеніне келіспейтіндігімізді білдіріп, алаңға шықпақшы болдық. Жан-жақты ақылдасып, қызыл маталарға үндеу ұрандар жаза бастадық.

Түнгі он екілер шамасында біреу есікті тоқылдатты. Жерлестерімен басқосудан оралған бойшандау жігітті бөлмедегілер:

- Біздің курстасымыз Жексенбай Ошанов,-деп таныстырды. Ол сөзге көп араласпай, темекі шегіп, әңгімемізді тындап отырды. Біраздан соң қоштасып, сыртқа шығып кетті. Келесі күні де КПСС Орталық Комитеті Саяси Бюросының шешіміне наразылығымызды білдіріп, бейбіт шеруге шыққан жастармен Брежнев атындағы алаңға бардық. Таяқ жеп, таланып, теңдікке қол жеткізе алмай салымыз суға кетіп, қайттық.

Жаңа жыл өтер-өтпестен қуғын-сүргін басталды. Құдайдай сенген сыныптастарымның көрсетуімен ұйымдастырушы ретінде мені тұтқынға алды. Тергеушілер де әлгілердің айтқандарын

негізге алады. «Бұлтартпастай үнпарақ дайындап, курстастарың мен жолдастарыңды алаңға баруға үгіттедің»-деп кінәлаумен болды. Сөйтіп, 1987 жылғы мамыр айында Алматы қалалық сотында менің «қылмыстық ісім» қаралды. 16 -желтоқсанның түнінде бірге болған ауылдас достарым өз бастарын қорғап, мені нағыз ұйымдастырушы ретінде дәлелдеп берді. Таңқаларлығы сол, сотқа куә ретінде Жексенбай Ошановты да шақырды. «Өз жолдастарым мені сатып жатқанда, бұған не жоқ, ол да мені кінәлайтын шығар?»-деп күдіктендім. Мені тыңдамай, прокурор мен судья К.С.Қайырбеков одан куә ретінде сұралатынын айтты. Жексенбай басын қатерге тігіп, мені қорғай бастады.

- Ермұхамет Әбдікәрімұлы: «Плакат жазбаңдар, алаңға бармаңдар, оқуды, ауылдағы ата-аналарыңды ойлаңдар» деп, жігіттерді үгіттеп бақты. Оны өз көзіммен көрдім, өз құлағыммен естідім, - деді. Оның мені осылайша қорғайтынын күткен жоқпын. Прокурор мен сот оған: «Өтірік куә болып отырсың, сені де соттаймыз» - десе де айтқанынан қайтпады.

Дейтұрғанмен қоғамның қас жауы ұйымдастырушы болғандықтан судья К.Қайырбековтың шешімінің негізінде Қазақ ССР Қылмыстық Кодексінің 60, 65-баптарымен 5 жылға сотталып кете бардым. Жасауылдар айдап бара жатқанда Ж.Ошановқа «Тірі болсақ кездесерміз, саған көп рахмет!»-деп айтып үлгердім. Оның Жамбыл облысы, Шу ауданының жігіті екені есімде.

Қарағанды түрмесінен оған хат жазғанда есімін ұмытып қалып, «Әділ Ошанов» деп жазыппын. Алыпты. Азаттыққа шыққан соң 1990 жылы Жексенбаймен кездейсоқ пойыздың үстінде жолығып қалып, туған бауырымды көргендей қуандым. Ол да сотта мені қорғаймын деп, қуғын-сүргінге ұшырап, әуіріммен әрең құтылғанын еске алды. Жексенбайдың жоғары оқу орнын бітіріп, дипломын иеленген қуанышында бірге болдық.

Жексенбай Ошанов бүгінде Шу ауданындағы көпшілікке танымал нотариалдық кеңсенің меңгерушісі. Өзім Шымкент қаласындағы құрылыс компаниясында қызмет етемін. Екеуіміз

де отбасын құрып, Жаратқан иеміз сыйлаған ұл-қыздарымызды өсіріп-тәрбиелеп жатырмыз. Бір-бірімізбен хабарласып, қатысып тұрамыз, - деп жан сырын ақтарды Ермұхамет Қуандықов.

...Біздегі 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісінен кейін Балтық жағалауы мен Кавказ елдерінде халықтық толқулардың орын алғаны белгілі. Бірақ тым шалғайда болғандықтан, ол жақтағы көтерілістердің қалай болғанынан бейхабармыз. Үстіміздегі жылдың 20-қазанда «Жас Алашта» «Оның аты-жөні- Жексенбай Ошанов» атты мақалам жарық көрген еді. Соған байланысты Жексенбайға жолыққанымда:

- Желтоқсан көтерілісіне байланысты ұйымдастырушылардың бірі деп, әрі оңтүстікқазақстандық Ермұхамбет Қуандықовты жерлестері сатып кеткендіктен, сотта оған ара түскендігімнен тергеушілердің мазалаулы қыспағынан әрең босағанмын...

1987 жылдың көктем айлары болатын. Бір күні жатақханадағы есігімді сырттан тақылдатқан соң ашсам, 3-4 жігіт рұқсат сұрай кірді. Олар сөйлескенде орысшаны бұрмалай, өте сақтықпен тілдесті. Менімен жете танысқысы келіп, уақытты белгілеп, белгілі мейрамхананың біріне шақырды. Айтқан кезінде келдім. Сөйтсем, олар сонау қиырдағы Балтық жағалауындағы Литва елінен келген екен. Қонақтардың іссапарының мақсаты - Желтоқсан көтерілісін жан-жақты зерттеп білу. Өйткені литвалықтар да тәуелсіздік жолындағы көтеріліске дайындалу үстінде екен. Сол себептен (тек Ж.Ошановқа ғана жолықпағаны анық. -М.У.) біздің іс-тәжірибеміз оларға ауадай қажет. Әңгіме үстінде: - «Қиындық көріп, оқудан шығарылып, қудалауға ұшырасандар, біздің елге келіндер, сендерді батырларымыздай қарсы аламыз,» - деп ашығын айтты...

Расында, Ж. Ошановтың айтқандары шындыққа жанасып, литвалықтар бастаған Балтық жағалауының елдері халықтық толқулармен одақтас республикалар ішінен алғашқылар қатарында тәуелсіздікке қол жеткізді. Ал мына жайтты ешкім ескере бермейді. 1989 жылдың 4-маусымында М. Горбачевтің Қытай Халық Республикасына барған іс-сапарына қарсы Бежиннің Тянь-Энь-Минь алаңы наразылықпен шыққан

жүздеген мың студент жастарының ереуіліне ұласып, Михаил нөкерлерімен Мәскеуге қайтып кеткені Орталық теледидардан көрсетілгені әлі күнге есімде...

ҚАЗАҚТЫҢ ҚАСИЕТТІ ҚАЗЫҒЫ - ЖЕЛТОҚСАН

1986 жылдың 18 желтоқсанында сағат кешкі 24-тер шамасында шақырып жатыр дегеннен кейін жолдасым Исмайлов Нұрпейіс екеуіміз жатақхананың астыңғы қабатына түстік. Мен ол кезде жатақханада студенттер кеңесінің председателі, ал Нұрпейіс комсомол жасақтары отрядының командирі болатын. Сөйтіп екеуіміз астына түскенде бізді бір қыз бен екі жігіт күтіп тұр екен. Сөйлесе келе олар бізге Алматыда болып жатқан жағдайды айтты (бірақ сол күні кешкі 21-лер шамасында институт ректоры Н.Жайсанбаев және Жезқазған обкомынан бір адам келіп, жатақхананы аралап ештеңе айтпай кеткен). Ақылдасып біз өзіміздің жатақхана тұрғындары мен политехинститутының студенттерін, ал олар пединститут студенттерін таңертеңгі сағат 9-да қалалық орталық алаңға апаратын болдық. Келген адамдарды шығарып салғаннан кейін әр қабаттың старосталарына тұрғындарды астына түсіруін сұрадық, студенттер жиналғаннан кейін оларға мән-жайды түсіндірдік. Студенттер өз ақыл-кеңестерін айта бастады. Ақылдаса келе, Абай және басқа да ақын-ғалымдарымыздың нақыл сөздерінен лозунг-транспаранттар жазып және әр студент таңертеңгісін өз группаластарын жинайтын болып келістік. Лозунг-транспаранттар жиналыстан кейін жазылып қойылды. Таңертеңгісін келіскенімізше әр студент өз группаластарын жинап алаңға бет алдық. Алаңға бара жатып пединститут студенттерімен біріктік. Біріккеннен кейін күрт бет алысымыз өзгеріп шыға келді. Ленин даңғылы-Некрасов көшесімен жүріп өз қатарымызға құрылыс техникумы мен музыкалық училище студенттерін қоспақшы болдық. Некрасов-Абай көшелерінің қиылысына жеткенімізде бізді милиция, әскери киім киген

адамдардың күтіп алғанын байқадық. Сөйтіп ай-шайсыз дубинка,ағаш және т.б. заттармен қаруланған жасақтардың дүмпуіне тап болдық. Айтып-айтпай не керек, өз басым есімді жиып УАЗ машинасының ішінде отырғанымда бет-аузы қан-қан бір студентті алып келді.Соны отырғызайын деп милиционер түскенде, біз Нұрпейіс екеуіміз қашып құтылып кеттік.

Жатақханада басымыз сағат 14-тер шамасында бірікті. Бәрінің киімдері жыртылған, бет-ауыздары көгерген. Қызыл жағалылардың бірнеше студенттерді ұрып-соғып,автобуспен алып кеткендерін білдім. Түскі асты ішіп,есімізді жиып,сағат 15-тер шамасында қайтадан орталық алаңға беттедік. Біз барғаннан кейін алаңда студенттер қаптап кетті. Сөйтіп өз талаптарымызды қоя бастадық.

Бізді тарандар деп үгіттеуші адамдар қарасы көбейді. Оның үстіне сақалды басымен келіп тұрмыз ғой деп қазақтың қариялары келе бергеннен кейін, жаймен тарай бастадық. Кешке жатақханаға келгенімізде КГБ қызметкерлерінің жүргенін көрдік. Содан бастап студенттерді тергеп- тексеру басталды. Тергей келе, Нұрпейіс екеуімізді кінәлі деп тапты. Сөйтіп желтоқсан айының 25-де екеуімізді комсомолдан шығарды.

Комсомол комитеті АТ-85-3 тобының студенттері Н.Исмаилов, М.Ақжігітов студенттерді шеруге шығаруды ұйымдастырғанын атап өтті. М.Ақжігітов 19 желтоқсанда 00 сағат 45 минутта бейтаныс адамдарға жатақхана есігін ашқан. Олар келген мақсатын айтқан. Ғылыми негізделген үндеулер жазуды ұсынған. Олар айтқанын орындаған. Студенттердің шеруге шығуының алдын алу шараларын қолданбаған.

Комсомол комитеті Н.Исмаилов пен М.Ақжігітовті ВЛКСМ қатарынан шығару жөнінде қаулы алды.

ЖҚММ, қ - 545, тіз – 1,іс – 19,бет – 47-55

Ал 1987 жылы 4 қаңтарда директорлық кеңеске салып, екеуімізді институттан шығарды.

ПРИКАЗ № 3с от 06.01.1987 г.

Ақжигитова Марата Абильдаевича – студента II курса гр.АТ-85-3, председателя студсовета общежития ДФ КПТИ,

за аморальное поведение, проявившиеся в нарушении интернациональной дружбы и невыполнение патриотического долга отчислить из института.

Основание: выписка из протокола №3 от 4.01.87 г. Решения расширенного заседания Совета филиала, партбюро, общественных организаций, с приглашенными преподавателями, объяснительная тов.Акжигитова М.А.

Оқудан шығарғаннан кейін жатақхананы бір тәулік ішінде босатындар деп талап қойды. Оқудан қуылғаннан кейін, жалдамалы пәтерге шығып, жұмыс іздей бастадық.

Ақыры жұмысқа орналастық. Институттың кешкі бөліміне қайта оқуға қабылдандым. Жұмыс істеп және кешкісін оқып жүріп, бастың ауырғанын жай шаршағандық деп елемей жүре беріппін. Нағыз ауру екенімді 1992 жылы талып құлағаннан білдім. Қазіргі таңда қайта куәландыру мерзімінсіз үшінші топтағы мүгедекпін.

Оқудан шыққанымыз туралы бұйрықтың көшірмесі болмағандықтан 2017 жылға дейін ақтала алмай жүрдім. Сөйтіп 2017 жылдың 18 наурызында ақталдым.

Қарағанды облысы прокуратурасының 18.03.17. №2-08170-17-05621 Анықтама (ақтау туралы)

Қарағанды политехникалық институтының Жезқазғандағы филиалының 06.01.1987 жылғы

№3 санды бұйрығына сәйкес 18-19 желтоқсан күндері аралығында институт жатақханасында ұлттар арасындағы достықты бұзып, студенттермен жиналыс жасағаны үшін Акжигитов Марат Абильдаевич оқудан шығарылған.

Жоғарыдағылардың негізінде, Қазақстан Республикасының «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» Заңының 2-ші бабының талаптарына сай Акжигитов Марат

Абильдаевич, 04.06.1964 жылы туылған, саяси қуғын-сүргін құрбаны болып танылады және ақталады.

*Марат Ақжігітов,
Жамбыл облысы, Шу ауданы, Төлеби ауылы.*

АҢСАУ

Тараз қаласындағы «Баласағұн» мәдениет сарайында облыстық филормонияның ұйымдастыруымен өмірден өткен жамбылдық ақындарды еске алуға арналған «Жатсынба мені жас ғұмыр...» атты әдеби-сазды кеш өтті. Сатирик-ақын Шона Смаханұлынан бастап, айтыстың ақберені Әзімбек Жанқұлиевке дейінгі тоғыз ақынның рухын аспандатқан сағыныш кешінде Жуалының мұзбалағы Бауыржан Үсенов жайлы да біраз сыр шертілді.

Кезек Бауыржан достың жырлары мен әндеріне келгенде жүрек шіркін атша тулап қоя берді. Жанарыма жас келді. Бауырын сағынған әпкесі - Ботагөз де, ағасын аңсаған қарындасы - Әлия да, жан-жарына деген қимастық сезімге бөленген әйелі - Гауһар да, асқар тауы - әкесін іздеген ұлы - Мұхаметсалық та булығып әрең отыр.

...1982 жылдың қоңыр күзі. Алматының ҚазМУ қалашығы. Журналистика факультетінің бесінші жатақханасы. Кең фойеде журфактың студенттері айтыс көрігін қыздыруда. Шетінен «сен тұр, мен атайын». Ұмытылып барып, қайта оралған ұлттық дәстүріміз - айтыс өнерінің майын ішкен замандастарымның жыр-нөсеріне тәнті болдым. Бір кезде қолына домбыра ұстаған, басына үкілі бөрік, иығына қазақы шапан ілген, жарасымды мұрты бар, көркем жігіт шықты. Баяғының Біржан салы мен Ақан серісін көргендеймін.

Қарсыласын бұрыннан танымын. Ағам Сүндетулламен бірге оқитын, төртінші курс студенті Бейбіт Құсанбеков. Ол бір жыл бұрын ғана біздің Сарысуға жолы түсіп, үйде қонақта болған. Ауылдағы қара шаңырақты ән-жырға бөлеген. Айтысқа келгенде екеуі де оңай шағыла салатын «жаңғақ» емес екенін көрсетіп, біраз уақыт бір-біріне дес бермеді. Қайран Бейбіт те өмірден ерте озды.

Айтыстан соң, кезінде бірге абитуриент болған, екінші курстың студенті Бауыржан Омаров әлгі Ақан мен Біржанға тенеген ақынды бөлмеге ертіп, келіп тұр. «Бұл да Бауыржан, өзіңнің жерлесің әрі құрдасың» деді. Сол күннен бастап таныстығымыз достыққа ұласып жүре берді.

Досым өлең оқиды, ән шырқайды. Өлендері де, әндері де ғажап енді. Жатақхана балконына шығып алып, Ақан серінің, Біржан салдың әндерін шырқағанда қарсы беттегі филфактың, берідегі биофак пен іргедегі истфактың студенттері жапа-тармағай балкондарына шығып, қаздай тізіліп тұрып, тыңдаушы еді. Одан әрі Мұқағалидың сөзіне жазылған «Тымырсық», «Бір келіншек» әндеріне жалғасып кете беретін. Студенттер қалашығының аспанында қалықтаған ән күдіреті ту сыртымыздағы заң және география факультеті жатақханаларының студенттерін де біздің бесінші жатақхананың алдына иіріп қоятын. Несін айтасың, ән шырқағанда сұлу жүзі одан сайын құлпырып сала беретін.

Баукең жетектеп жүріп, журфакты бітіргелі жатқан ақындар Ертай Ашықбаевқа, өздерінен бір курс жоғары оқитын Бауыржан Жақыповқа, Қайрат Әлімбековке, курстасы Гүлнар Салықбаеваға таныстырды. Филфактан Светқали Нұржанов бар, бәрі қосылып өлең оқиды. Ауылдан «тірі ақын» көрмей келген басым, әдеби ортаға тап болғанда жұмақ өмірге топ ете түскендей күй кешіп жүрдім. Кейіннен ҚазМУ қалашығынан ұзап шығып, есімдері қазақ еліне танылып үлгерген Алматының сол кездегі талантты ақындары Жұматай Жақыпбаев, Әбубәкір Қайранов, Мейірхан Ақдәулетов, Аманхан Әлімов, тағы басқа мықтылармен таныстырды. Сол алдыңғы толқын ақын ағалардың бәрі де Бауыржанды алақандарына салды. Туған бауырларындай көріп, еркелетті.

Оның қасында жүргенде ешбір студент аш болмайтын. Асқазан шіркін сыр берсе «Горный гигант» тұратын Әбубәкірдің үйіне немесе Жұматай ағаға тартып кететінбіз. Той-думанның сәніне айналған Баукең қашан той-дан келгенше ұйқы көрмей, жолын күтеміз. Аузын ашса, жүрегі көрінетін ақын дос тапқан тиын-



Бауыржан Үсенов

тебенін ортаға салады, әкелген жылы-жұмсағын алдымызға қояды.

Осылай егіз қозыдай жұбымыз жазылмай жүргенде Баукең бір-ақ күнде оқудан шығарылды. Бұл жыр құмар, қасиетті кара өлеңнің құдіретін түсінетін университет қыз-жігіттерінің үстіне жай түскендей болды. Филфак жақта ғашығы Гауһар қалды көзі жәудіреп.

Алматыға келе сала қазақ поэзиясына олжа салып үлгерген талантты ақынның білімі де ешкімнен кем емес. Егер ол мехнаты көп ақындық жолға түспегенде мықты боксшы болатын еді. Германияда азаматтық борышын өтеп жүргенде кәрі құрлықтағы әскери құрылымдар арасында жұдырықтасудан қарсыластарын талай рет нокаутқа түсірген. Осындай сегіз қырлы жігіттің оқудан қуылуын әркім әр саққа жүгіртіп жатты. Ал достың өзі оқудан не үшін шығарылғаны жөнінде тіс жармады. Алматыға қарайламай ауылға тартты. Жуалының Қошқаратасына кетті. Онда әкесі майдангер Мұқан көкем, анасы Күлән апам және бауырлары бар. Ақын жүрек, нәзік жүрек соларды сағынды білем. Студенттердің думанды ортасы ойсырап қалғандай болды.

Кейін естідім. Азаттықты аңсаған үндістердің өмірін өлеңдеріне арқау етіп жүретін ақын досым бұрынырақ оқу корпустарының бірінің мәжіліс залында өткен үлкен бір мәдени шарада «Қара машина» атты өлеңін оқиды. Отызыншы жылдардың қызыл қырғынында нақақтан атылып кеткен Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров және Бейімбет Майлинді жоқтаған жас таланттың артына сыбырлағанды естіп қоятын «үш әріптің» жансыздары сол күні-ақ «қоңырау» байлап жіберіпті. Оқудан шығарылуының басты себебі содан десті ақынның жанашырлары. Жоғалып кетіп, Бауыржан Омаров достың

Қарағанды жақтан тапқан «Қара машина» өлеңі мынадай еді:

Үш ұлы адам дарын ескен түрінен,
Келбетіне Құдайдайын үнілем.
Бір-ақ жылда қайтыс болған, тарихи,
Құбылыс деп ойлайтынмын мұны мен.

Бір тынбаған қамын ойлап халықтың,
Күреңітіп тұрмасын деп жарық күн.
Бірақ халық жауы болып ұсталып,
Кеткендігін кейін біліп, қамықтым.

Естеліктер жазып жүрген сан адам,
Бірақ бүгін көрінбейтін арадан
Қалайша жау қазақ әдебиетінің,
Іргетасын құлдар құсап қалаған?!

Адамзаттың ажарлысы, өзі ақын,
Қазағым деп қамшылаған боз атын
Сырнай үнмен әсем әнін созатын
Жан бар ма еді Сейфуллиннен озатын?!

Алатаудан Ақсу болып бұрылған,
Қыран жырды қайыратын Қырымнан.
Жансүгіров емес пе еді Құлагер,
Ол қалайша айбалтаға ұрынған.

Талантына табынам мен қай елдің?
Мен өзімнің қазағымнан май емдім.
Бейімбеттің жазығы не, паш еткен,
Еркек түгіл коммунистін әйелдің?

Қалайша жау ардагерлер топ жарған?
Ақиқатын сұрадым мен көп жаннан

Қырандарға көкте қаққан қанатын,
Кімдер екен, кімдер екен оқ жонған?

Оларға оқ жаумағаны хақ көктен,
Жауабы жоқ, жаныма осы батты өктем.
Бірде біреу деді: «Оларды бір түнде,
Қара машинамен келіп ап кеткен...»

Қалың топты жарып шыққан мергенді,
Қазаққашан асылына теңгерді?
Қолымызбен ұстап берген ерлерді,
Іздегенмен тірілтпейсің сен де енді...

Содан бері шошынамын дүсірден,
Содан бері көз алмаймын мүсіннен
Қараңғы түн, қап-қара бір машина,
Шықпай қойды, шықпай қойды түсімнен

Әлі алдымда батпағым көп кешпеген,
Көкейімде құпиям көп шешпеген
Шындық жайлы айта берсем, бір түнде,
Қара машина ап кетердей сескенем...

...Ол осылай дей тұра өлендерінде астарлап азаттықты, тәуелсіздікті аңсады, жырына қосты. Сексенінші жылдардың басында солай айтып, жырлау ерліктің ерлігі еді. Елде жатып та қолынан қаламы түспей өлеңді серік етіп, жаза берді.

Бірер жылдан соң, Алматыға қайтып оралып, оқуын жалғастырды. Қайтадан ақын достың жанында болдым. Журфакта бұл кезде Табылды Досымов, Әубәкір Смайылов, Темірғали Көпбаев сынды жас ақындар Бауыржан, Қайраттардың орнын басқан. Жас таланттың бәрі ақын Бауыржанның жанына топтасты. Қайтадан ҚазМУ қалашығының сәні де, әні де кірді. Бірақ, досты бүйрегі жиі мазалай бастады. Аурухананы жағалауды шығарды.

Оны Сарысудағы ауылыма шақырып, бірнеше күн қонақ еткенім бар. Түйенің сан ауруға шипа шұбатын, биенің қымызын ішіп, Баукең домбырасын ауылдан аттанғанша қолынан тастамай, ән шырқаумен болды. Қазақи қаймағы бұзылмаған ауыл емес пе, кең аулаға сыймаған жерлестерім, көше бойы иін тіресіп тұрып, ақын-әншінің әуезді әнін, жасын жырларын тыңдады.

Бірде ауылына кеткен. Екі-үш күннен кейін түрі өрт сөндіргендей болып, бір еңгезердей жігіт жатақханадағы бөлмеге кіріп келсін. Салған жерден «Бауыржан Үсенов қандай жігіт, бұрын қандай бұзақылық әрекеттерін байқадың, қалтасына пышақ салып жүруші ме еді?» деп, бастырмалап бара жатыр. «Ау, көке, өзін кімсің, қайдан жүрген жансың, Бауыржанда нең бар?» деп қарсы сұрақ қойдым. «Жуалы аудандық ішкі істер бөлімінің қызметкерімін» деп куәлігін көрсетті. Сонымен, әлгі милицияның мәлімдеуінше «ақын досым өзін пойызға шығарып салған кластасын пышақтап, Алматыға қашып кетіпті» мыс. Осылай деп ректоратқа, деканатқа айтып, енді біздерден түсінік алуға келіпті. Салған жерден «Бауыржан кісі түгілі шыбын өлтіріп көрген емес» деп әлгіге дүрсе қоя бердім.

Деканның міндетін атқарушы ағайдан Жуалыға баруға, болған оқиғаның анық-қанығын біліп қайтуға рұқсат сұрадым. Ағай «ана досың анадай болып жатқанда ешқайда жібере алмаймын» деп кабинетінен қуып шықты. «Оқудан шығарып жіберсе де барамын» дедім жігіттерге. Журфактың студенттері ұйымшыл еді. Жүгіріп жүріп, жол қаржы жинап берді. Түнімен жол жүріп, ол заманда Бурный аталатын аудан орталығына ертемен-ақ жеттім. Бірден прокуратураның есігін аштым. Аудан прокуроры Тоқтамыс Мұсаханов пен аға тергеуші Ермек Жұмажановты бұрыннан танымын. Мәселені бірден қозғадым. Заңның орындалуын қадағалаушы құзырлы органның басшылары әлгі милиция қызметкерінің әрекетіне қатты ашуланып, тиісті шара қолданатындарын жеткізді. Сөйтсек, оқиға былай болыпты. Бауыржанды Бурный стансасында Алматыға пойызға шығарып салған кластасын сол жерде біреулер пышақтап кетіпті. Ауыр дене

жарақатынан бірден жан тәсілім етсе керек. Қылмыстық оқиға пойыз жүріп кеткен соң, біршама уақыттан кейін орын алған. Ал Бауыржан болса, кластасының кісі қолынан қайтыс болғанын естіп, келген бетте ауылға кері қайтады. Прокуратурада, ішкі істер бөлімінде болып, досымның ауыр қылмысқа ешқандай қатысы жоғына көз жеткізіп, Қошқаратаға тарттым.

Он жыл бірге оқыған кластас әрі көрші досын сол күні жер қойнына берген Бауыржанның жалын атып тұратын қос жанары білеудей болып, ісіп кетіпті. Әбден жыласа керек. Көрісіп, көңіл айттым. Ертеңіне екеуіміз құшақтасып, Алматыға оралдық. Бұл күн - 1986 жылдың 16 желтоқсаны еді. Ертемен екеуіміз деканатқа барып, оның қылмыстық оқиғаға қатысы жоқтығын айғақтайтын прокуратурадан алған анықтаманы өткіздік те, лекцияларымызға кірдік. Сол күні ертеңіне Брежнев алаңында алдымызда не күтіп тұрғанын ол да, мен де білген жоқпыз.

...Қыстың қысқа күні ұясына барып қонысымен алаңда қолдарына қалқан мен шоқпар ұстаған солдаттардың қарасы көбейе берді. Біреуді біреу біліп болмайтын аласапыран басталды. Өрт сөндіретін машиналар тастай су шашуда. Қанжоса болған қыз-жігіттерді автобустарға, жүк көліктеріне тиеп жатыр. Жаны ышқынып жүрген Бауыржан достың жанынан бір елі қалмаймын. Демократия мен жариялықты ұран етіп, құрқол шыққан өрімдей жастарды мұздай құрсанған солдаттар қойсын ба, алаңнан тықсыра бастады. Досты бір шетке алып шығып, «Бауке, мұның соңы жаман болады, әлгінде ақ үйдің артына солдат тиеген тағы да оншақты машина келді. Сенің артыңда байланған «қонырау» бар ғой. Жатақханаға қайтайық» дедім. Есіл ер: «Жоқ Аужеке, бұл жүз жылда да қайталанбайтын ұлы ерлік, көресің тәуелсіздігіміздің бастауы осы күн болады» деп қасқайып тұр.

Түннің бір уағына дейін болдық. Ақыры ақын досым да бұл әрекетімізден ешнәрсе шықпайтынын сезді білем: «қайтсақ, қайтайық» деді. Бұл кезде алаң төрінде құндыз бөрік, былғары плаш киген оншақты жігіт от қойған «ПАЗ» автобусы мен милицияның жеңіл көліктерінің күлі ғана қалған. Сәтбаев

көшесімен ҚазМУ қалашығына қарай жаяу тарттық. Жолда нан сағатын дүкен өртке ораныпты. Осы ойранды жасап жатқан студент- жастар емес екенін сол кезде-ақ ішіміз сезді.

Үш күннен соң, қуғын-сүргін басталды. Бауыржан бұрыннан мазалап жүретін бүйрегі асқынып, ауруханаға түсті. Компартияның қолымен жасалған қырғыннан сол партиядан алған билетім мені сотталудан аман алып қалды. Алаңда өрт сөндіретін машиналар шашқан мұздай су есіл ердің қос бүйрегін сол түні нысанаға мықтап тұрып алса керек. Айыға қоймады. Оқудан тағы да қол үзіп, елге кетті. Облыс, аудан орталығындағы ауруханалар ақынның тұрақты мекеніне айналды.

Қолға диплом тиісімен Жуалы аудандық газетінен келген екі жолдаманың бірін алып, сонда тарттым. Сондағы бар мақсат - Бауыржан Үсеновтей қазақтың күрескер ақынының қасында болу. Жұма күн кешкі автобуспен Қошқарата ауылына тартамын. Онда шығармашылық ортадан қол үзсе де, өмірден үмітін үзбеген досым бар. Әр барған сайын балаша шаттанатын досым ас ішіп болысымен қолына домбырасын алады. Жаңа өлеңдерін оқиды.

Жаңатас қаласына жұмыс бабымен қоныс аударатын болып, қоштаса барғанымда: «Досым, мені айналдырған ауру алмай қоймайды. Жалғыз өтінішім - қос құлыным Талғатым мен Мұхаметсалығымға көз қырынды сала жүр» десін. Қаперімде аузыма сөз түспей, үнсіз қалдым. Ақыры екі жылға жетпей, қазақ елі азаттығын алардан небәрі төрт ай бұрын Бауыржандай арда ақын өмірден өтті.

Қос перзенті ат жалын тартып азамат болды. Өзі өмірден өткен соң, қамқор жандардың арқасында «Табиғат терезесі», «Мандайыма жазылған мәңгілігім» атты кітаптары жарық көрді. «Менің бұлтым» аталатын жыр жинағы баспада. Аудан орталығы Б.Момышұлы және туған ауылы Қошқарата ауылындағы орталық көшелерге есімі берілді. Жарық дүниеге келген алтын бесік-ауылынан бастап аудан, облыс орталықтарында жыл сайын еске алу кештері өткізіліп келеді. Ондай сағыныш кештерінде өшпес мұрасы - өлеңдерін

Тәуелсіз елдің ұландары жатқа оқып, «Ақшағала», «Қарлығашым келдің бе» әндерін тамылжыта шырқайды.

2-сәуір, 2013 жыл

«КҮШТЕП БОЛСА ДА БАСЫҢДАР, ПАРТИЯ ЕКІ СӨЙЛЕМЕЙДІ»

...Алаңнан келе сала бөлмемізге кіріп, бетіміздегі қатып қалған қанымызды енді жуып бола бергенде түнгі сағат үште университеттің шұғыл партия жиналысына көгендегендей етіп алып барды. Жиналыс биология факультетінің аудиториясында өтті.

Жиналысқа Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінен бір жауапты қызметкер, Білім министрі, университет ректоры мен партком хатшысы қатысты.

Партжиналысты партком хатшысы Чесноков ашып, сөзді ЦК-дан келген қызметкерге берді. (Аты-жөнін ұмытыппын).

- Кейінгі екі сағаттың ішінде Геннадий Василевич Колбин жолдас Михаил Сергеевич Горбачев жолдаспен екі рет телефонмен сөйлесіп, Алматыдағы аланда болып жатқан ахуалды толығымен баяндады. Бас хатшы күштеп болса да басыңдар, партия екі сөйлемейді депті. Сондықтан да коммунист жолдастар қырағы болыңдар-деді.

Мына сөзді естігенде төбе шашымыз тік тұрды. Нағыз қырғын ертең болады екен ғой деп жүрегіміз қан жылады. Түнгі үште бүгінгідей ұялы телефон жоқ кімге хабарласып үлгересің. Оның үстіне бір коммунист-студентке бір мұғалімді «байлап» қойған...

Ертеңіне мұғалімдер жатақханада тұратын студенттерді «конбоймен» айдағандай етіп оқу корпусына әкеліп қамады. Сыртқа шығатын есіктердің бәріне құлып салынды. Алматының әр қиырында пәтерде тұратын курстастарды ойлап қу жанды шүберекке түйдік...

Айтқандай 18 желтоқсан күнгі қырғынды естігенде жанымыз түршікті. 19 желтоқсан күні алаңды «тазалады»...

20 желтоқсаннан бастап қуғын-сүргін басталды. Компартияның сүргінінен сол партиядан алған қызыл билет қатаң жазалағанымен аман алып қалды...

ШЫНДЫҚ ШЫҢЫРАУДА ЖАТПАЙДЫ

Дүниені дүр сілкіндірген 1986 жылдың желтоқсанының үш күні өтісімен компартиялық машина қуғын-сүргінді бірден бастап кетті. Біздің курстан бірінші шығыстың қызы Гүлнар курстасымыз оқудан шығарылып, шұғыл түрде ауылына жіберілді. Ол алаңда университет ректорына «шырағым қайда оқисың» дегенде студенттік билетін көрсеткен ғой. Комсомол-курстастарымыздың арасында тиісті жазаларын алғандары да бар.

Комсомолды осылай біраз «сілкіп» алған соң, кезек біздерге-коммунистерге келді. Бізді оқудан шығарып, соттау үшін бірінші партия қатарынан шығару керек.

«Ертең факультет бастауыш партия ұйымының жиынында «декабристердің» мәселесі қаралады» дегенді ести сала түніменен коммунист-студенттермен жұмыс жүргіздік. Біздің ғана курстағы партия мүшелерінің мәселесі күн тәртібіне шығарылып отыр. Болса да мұғалім-коммунистерден қайран жоқ. Қайта олар «әкеңдей болған партияға неге қарсы шығасындар» деп төбемізге күнде әңгіртаяқ ойнататын.

Факультетте мұғалімдерден көрі студент-коммунистер көп. Орыс коммунист-студенттермен де біраз жұмыс жасадық. Обалы не керек сын сәтте олар да біз жаққа шықты.

Сонымен партиялық жолмен қатаң жазалансақ та құрамынан шықпай аман қалдық.

Бірақ партия мүшесі екен деп тергеу-тексерусіз қалдырмады. Лекцияда болсаң да, емтихан тапсырып жатырсың ба қарамайды

КГБ мен прокуратураның тергеушілері алып кетеді. Тергеуден еш нәтиже шығара алмаған соң туып өскен өңірге- Сарысу аудандық партия комитетіне қандай отбасынан шыққаным туралы сұрау салып, хат жіберген ғой...

Алдыңғы толқыннан бір жылы сөзге зар болып жүргенде жатақханаға кезекшілікке бұрынғы деканымыз Темірбек Қожакеев келе қалмасы бар ма. Жатақханада тұратын курстастар жиналып ұлы ұстазымызбен түнімен әңгіме-дүкен құрдық. «Студент-жастардың машина өртеді дегені менің миыма кірмейді. Бұл арнайы құрылымдардың жастар наразылығын басқа арнаға бұру үшін әдейі ұйымдастырған тірлігі. Шындық шыңырауда жатпайды» деді қайран ұстаз...

2018 жыл, қараша

*Журналист Марат Құлибай
Мария Сексенбаеваның естелігінен:*

ҚАЗАҚ ҚЫЗДАРЫ ҚАЙСАР

Тәуелсіздіке дейін «Желтоқсан» десе жүректері дүрсілдеп, үрейлері ұшып, иманы қашатындарды көзім көрді. «Сол кезден, көзіңізбен көргеніңізді, басыңыздан өткізгеніңізді әңгімелеп берсеңіз» деп, әңгімеге тартсам, ат тонын ала қашады. «Атама, Желтоқсанға қатысамын деп басым бәлеге қалған. Оқудан қуылып, талай жапа шектім. Айтамын, деп тағы бірнәрсеге қалып жүрермін», - дейтін де, енді біреуі жасқана, күмілжіп, «сол кезді еске түсіргім келмейді», - деп бас тартқан желтоқсаншыны көргенімді несіне жасырамын.

Тәуелсіздік таңы атты. Ол күндер келмекке кетті. Енді бойды билеген үрейден, қорқыныштан арылатын кез жетті. Желтоқсан шындығы жазылуда. Төмендегі жайт, көтеріліс куәгерінің әңгімесі соның бір дәлелі.

– Қателеспесем бұл 16- желтоқсан болатын. Кешкісін бес-алты шамаларында радиодан Д.А.Қонаевтың Қазақстан Компартиясы орталық комитетінің бірінші хатшысы қызметінен түсіп, орнына Колбин деген белгісіз біреудің отырғанын естіп, зығырданым қайнады. Бірақ бұған қарсы шеру болады деп ойлағаным жоқ,- деп бастады әңгімесін Бауыржан Момышұлы ауылындағы Мыңбұлақ орта мектебінің ән-күй пәнінің мұғалімі Мәрия Сексенбаева.

Ол Түркістан облысының Түлкібас ауданында, Ақбиік ауылында туған. Мектептен соң Жамбыл қаласындағы Мәдениет ағарту училищесінде оқиды. Оны бітірген соң жолдамамен Жуалы ауданына келіп, мәдениет саласында қызметке араласады. Ол кезде бұл Мәрияның бірінші мамандығы болатын. Сол жылы жас маманды білімін жетілдіру үшін бір айға желтоқсан айында Алматы қаласына оқуға жіберген еді.

– Мен эстрада институтының жатақханасында жаттым. Жастардың алаңға шыққанын естідім. Республиканың түкпір-түкпірінен жиналған біздің қыз-жігіттер де алаңға жиналып жатыр дегенді естідім. Ол күні мені қасымдағы екі үлкен апай жібермей қойды. Түнгі үштерде Бағила мен Сәуле деген бір бөлмеде жататын қыздар келді. Артынша соққыға жығылғандар, жарақаттанғандар келіп жатты. Ол түні ұйықтай алмадық. Ертеңіне сабаққа барайық деп автобусқа мінсек, ондағы орыс әйелдер белдемше темірден ұстап тұрған қолымызды қағады. «Сендер неге көтерілдіңдер, басшы орыс болса несі бар екен?!» деп, зіркілдеді бізге. Сондайлардың әрекеті жанымызға батты, намысымызды оятты. Сол себеп болды ма, аялдамадан түстік те өршілене алаңға бет алдық.

Қолдарында күрек, қалқан ұстаған көп әскерлер шеп құрып, бізді алаңға өткізбей кері ысырды. Арамызда тараздық Серік Қалиев бар еді. Ол сол арада ұлттық намысымызды таптатпаймыз дегендей бір шумақ өлең шығарды. Бірімізден-біріміз жазып алып, ұрандап, Серіктің жырын айқайлап, айтып жүрміз. Өкінішке орай, сол жырды қазір ұмытып қалыппын,-

деп, бір қымбат затын жоғалтып алған жандай күйзелді. – Алаңда машиналар да көп болды. Жедел жәрдем машиналарға мініп алып, біздерді суретке түсіріп жүріпті, мұны кейін білдік. Ал өрт сөндіруші машиналар су шашты, қатарымыздағы кейбір қыздардың қолдары көкпенбек. Кеше қолға түскен қыздардың қолдарынан, аяқтарынан ұрыпты. Олар жарақат алса да, ұрып-соғылса да ертеңіне алаңға тағы келіпті. Оларды көріп біз де қайраттана түстік. Үстіміз су болды. Жеңіл киініп шыққан өзім жаурасам да қас қарайғанша алаңда болдым. Алаңда әскер лап қойғанда сүрініп жығыла жаздадым. Екі қазақ жігіті болмағанда қолға түсіп қалуым мүмкін еді. Ол сәтте әй-шәй жоқ ұстап алып машиналарға ұрып-соғып, тығып жатқан. Менің аяғымдағы ұзын шпилкалы етігіме қарап, мені сүйрей кеткен жігіттің бірі «Қарындасым-ау, осындай да етік кие ме екен» деп бастарын шайқады.

Біз қашып Абай көшесіне түстік. Алдымыздан үлкен трубаны домалатып, таякпен ұрып, ұрандап келе жатқан топқа қосылдық. Төбемізден кірпіш, ыдыстың сынықтарын лақтырып, су шашқандар да болды. Олар бізді балкондарында тұрып балағаттап жатты. Біз қолтықтасқан күйі «Менің Қазақстаным», «Атамекен», «Елім-ай» әндерін қосыла айтып шеруге шықтық. Ол күнгі жастардың әрекетін бір сөзбен айтып жеткізе алмаймын. Үлкендер «Жастар бос» деп айтушы еді. Жастар бос емес, әлдеқайда жігерлі екен. Оған желтоқсан көтерілісіндегі жастардың әрекеті дәлел. Сол оқиғадан кейін бұрын қазақша сөйлемейтін, білмейтін қостанайлық Балқия; «Мен қайтсемде қазақша үйренемін. Орыс тілінде сөйлемейтін күн туатына сенемін. Сол үшін күресемін», деп өзіне серт берді. Ол бір ауыз қазақша білмесе де алаңда бізбен бірге болып, «Жасасын қазақ!» деп айқайлаумен болды. Кейін екеуміз хат алысып тұрдық. Өтініші бойынша хатты мен қазақша жазатынымын.

Менің бір қайран қалатыным, «Менің Қазақстаным» әні туралы. Алаңда көптеген қазақ жастарына нұр, жігер, құйған осы ән! Бұл ән мен үшін қымбат. Осы ән неге біздің әнұранымыз

болмайды деп жүруші едім. Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев өте сұнғұла! Жалпақ жұрт сүйген, ұранына айналған ән Әнұранымыз болған сәттегі менің қуанышым ерекше болды. Ән Желтоқсан көтерілісінің әнұраны болғанын қалайша ұмыттайын... Қазағым осы Әнұранды мәңгі шырқайтындығына мен сенемін!

*Журналист Дүйсенбек Орманов
Мейрамкүл Айнабекова туралы:*

ЖЕЛТОҚСАННЫҢ ЖҰЛДЫЗЫ

Біреуге даталы күндей, енді біреуге қаралы күндей болып көрінген 1986 жылдың 16-шы желтоқсаны ешкімнің есінен шыға қоймас. Әсіресе, сол қанды қырғынның қақ ортасында жүрген бүгінде көзі тірі қайсар мінезді, ұлтжанды ұл-қыздарымыз сол бір дүрбелеңнің дүбірін қалайша ұмытсын, қалайша есіне алмасқа?! Біз оларды желтоқсанның жұлдызына баладық.

Бірінші шегініс: Мейрамкүл бүгін қобалжулы көңілде оянды. Әлдебір нәрсеге көңілі алаңдаулы ма қалай? 20 жасар жас қыздың лүпіл қаққан жүрегі келеңсіз бір істі сезетіндей. Қырғын соғыстан жаралы болып оралған ауылдағы әкешім Сейділдә мен анашым Күлсін аман болғай! Мейрамкүлдің ойға түйгені де, тілеуі де осы.

Мейрамкүл асығыс басып оқу корпусына келген. Деканат алдында үш-төрт мұғалімнің әңгімелерінен: «Қонаевты орнынан алып тастап, орнына Колбин деген біреуді әкеліпті. Соған наразылық білдірген жастар алаңға жиналып жатса керек», - деген сөзді естіген Мейрамкүлдің есі кетті, кері бұрылып жатақханаға қарай тұра жүгірген. Өйткені, ондағы құрбылары бұл жағымсыз жаңалықтан бейхабар еді. «Көңілім осыған алаңдаулы екен-ау», деп ойлап келеді ол.

Мейрамкүл естігендерін құрбыларына айтқан. Дегбір таба

алмаған қыздар, амалын тауып жатақханадан шыққан бойда алаңға қарай бет алды. Бұл түскі сағат бірдің шамасы болатын

Аланда жиналған жастарда есеп жоқ. Алаң түгел қоршауға алынған. Қыздар әрекет жасағанмен ішке кіре алар емес.

Мир көшесі бойымен келген бір топ ер жігіттер қоршауды қатты екпінмен келіп бұзғаны сол еді, олармен қосыла қыздар да алаңға лап қойды. Осынау жалын атқан жастардың ішінде ҚазМУ-дің журналистика бөлімінде оқитын 23 жасар туған ағасы Есжанның да жүргенін Мейрамкүл білген жоқ еді...

Таныс болыңыз: Мейрамкүл Сейділдәқызы Айнабекова. 1966 жылы туылған. Шымкент өңіріндегі Шәуілдірдің төл перзенті. Алматы қаласындағы қыздар педагогикалық институтының түлегі. Қазір Шайқорық орта мектебінде физика пәнінен дәріс береді, 11 сыныптың жетекшісі, облыстық мұғалімдер байқауында «Жыл мұғалімі» атанған. Бес баланың анасы. Жолдасы Нұрлан Арынов Тараз қаласындағы №10 орта мектепте мұғалім.

Екінші шегініс: Желтоқсанның ызғары өңменінен өтердей. Жастар қосыла шырқаған әндер Алматы аспанында қалықтап тұр. Қар жамылған алып Алатау да жастардың бүгінгі мына көңіл биігінен пәс секілді. Қайран қазағымның әні де, сөзі де дуалы екен-ау. Жастар дауысы Алатаудан асып Мәскеуге жеткен

Алтын күн аспаны,

Алтын дән даласы,

Думанды бастаған,

Далама қарашы...

Мейрамкүл де, қасындағы бірге оқитын жан құрбысы (бүгінде туған жеңгесі) Шакизада да әдемі әннің құшағына енген, шырқап тұр олар да.

Мінбеге шығып көлбеңдеген Колбин де, Мәскеуге құлдық ұрған өзіміздің құдыретті азаматтарымыз да, көпір үстінде ат айырбастап ұлы адамды ұятқа қалдырған кейбір кандастарымыздың бар айтқаны «Жастар тараңдардан» аспады.

Бірақ оған тарайтын жастар ма?! Әндерін жалғастырып шырқай жөнелген.

Менің елім, менің жерім,
Гүлің болып егілемін.
Жырың болып төгілемін елім,
Туған жерім менің,
Қазақстаным...

Осынау ән мәскеуліктердің қалқан құлақтарына жайсыз естілді ме, әлде...

Мәскеу жақтан нұсқау келді, сұстанып Соломенцев келді. Келді де жастарға тұтқиылдан шабуыл жасатты. Аязды күні суға шомылтты, таяққа жықты. Кейбірі мүгедек халге душар болса, енді бірі қыршынынан қиылды. Азалы күн, қаралы күн туды ел басына осылай. Рас, мұндай қатыгездікке шыдай алмаған жастарымыз машиналарды өртеді, таяқты көтерді өздерін қорғап. Бұл жасырын емес, бұл – болған оқиға, бұл – тарих шындығы, бұл – халықтың шежіресі.

Түн қараңғысында Мейрамкүл құрбыларымен бірге жатақханаға әрең жеткен...

Таныс болыңыз: Мақтануды жаны сүймейтін Мейрамкүл өзінің желтоқсанның сол бір дүрбелеңіне қатысқанын ешкімге айтқысы келмеген.

Жақсы сөз жерде жата ма, Мейрамкүл Айнабекованың ұлтжанды, ақынжанды екендігін білген аудан әкімияты білім және спорт бөлімінің меңгерушісі Үміт Қапанқызы Найманова мен білім қызметкерлері кәсіподағы аудандық комитетінің төрайымы Раиса Омарқызы Әлішерова мақтаулы Мейрамкүл туралы бізге ақпарат жеткізген. Жаңалыққа жаны жақын біздер – тілшілер Раиса Омарқызымен бірге Шайқорық ауылына қарай бет алғанбыз. Мақсатымыз – қаһарман келіншекпен сұхбаттасу.

Үшінші шегініс: Қыздар түнімен дөңбекшіп жата алмаған, кеше түнде жатақханаға кіргенде алдарынан шыққан институттың комсомол ұйымының хатшысы Жамал Әшірбаева деген шаш ал десе бас алатын қыздың «Ертең мәселелерінді

май шаммен қараймын, бәріңді де институттан қуамын, бәріңді де түрмеге қаматамын», - деген сөздері алаңдағы айқастардан да қорқынышты болды. Қыздардың соған мазасы қашқан-ды. Институттан шығарса елге, ата-анамызға не бетімізді айтамыз? Бұдан гөрі үшінші қабаттан секіріп өлген артық деп ойлаған Мейрамкүл талай рет оқталды да. Бірақ, құдайға қараған декан мен куратордың жылы сөздері, көмектері Мейрамкүл мен Шакизаданы аман алып қалды. Дегенмен, республикалық прокуратурада, республикалық ішкі істер министрлігінде тергеу жүргізіліп, сұраққа алынды. Мейрамкүл құрбысы Шакизада екеуі бір күн қамақта отырды. Аққа құдай жақ қашанда, Мейрамкүлдер ақталып шықты.

Түйін немесе соңғы сөз орнына

Біз Шайқорық ауылына келгенімізде Мейрамкүл Айнабекова айдай толқып ел арасында тұрған.

Жамбыл селолық округінің әкімі Полаткүл Әшімқызы Берікова мен мектеп директоры Нәйлә Ерғазиева ұлағатты ұстаз, ардақты ана, Желтоқсанның салқынына шыдап, Алматының самалына самайын сүйгізген Мейрамкүлмен ауылдық клубта кездесу өткізуде екен.

Бүгін әңгімеміздің келбетіне айналған, көрікті кейіпкеріміз Мейрамкүлдің естеліктерінен өр мінезді, ұлтжанды екендігіне сүйсініп бір қуансақ, сол күні Мейрамкүлді «Қазақстан-Тараз» телеарнасынан көріп тағы қуандық. Тағы бір қуанышымыз 16-желтоқсан – Қазақстанымыздың тәуелсіздігі жарияланғанына 14 жыл толып, өшкеніміз жанып, өлгеніміз тірілген күн болды. Мейрамкүлдей қыздарымыздың құшағына гүл толды.

БИЛІКKE ҚАРСЫ ТҰРДЫҚ

Мен әскери борышымды өтеп келгеннен кейін 1983 жылдан Алматы қаласы «Алматы отдел строй» тресіне қарасты СМУ – 13 мекемесіне құрылысшы болып жұмысқа қабылдандым. 1986 жылдың 16-желтоқсан күні менде қазақ жастарының бірі болып, сол кездегі «Брежнев» алаңына шықтым. Менің өзімнің алаңға шығу себебim – мені көптеген ойлар бұрын да мазалайтын. Мысалы: Ресей империясының қазақ жерін басып алуы, кеңес өкіметі кезіндегі ашаршылық, 1937 жылы жаппай қазақ зиялыларының «халық жауы» атанып қудалануы, атылуының астарында үстемшілдік болатын. Үште запыран болып, билікке деген қарсылық жатқан еді. Сондықтан да еш ойланбастан, толғанбастан жастарға қосылдым. Сондықтан 1986 жылдың желтоқсан айының 17-18 жұлдызында алаңда өз наразылығымды білдіру үшін М.С.Горбачев бастаған өкіметке қарсы тұрдық. Біздің талабымыз Д.А.Қонаев атамизды орынсыз қызметінен алып тастап, қайдағы бір Колбин дегенді алып келуден басталды. Желтоқсанның ызғарлы өкіметтің әскерімен, милициямен қақтығысуға тура келді. Бойды ашу-ыза кернеді. Басу айтатын ақсақал болмады. Болса да жастар оларды тындамайтын еді. Тас-түйін болып түйілдік, қолдан келгенше қарсылық көрсеттік. Қудалау басталғанда 1987 жылдың басында Жамбыл қаласына көшіп кеттім. Осында құрылысшы болып жұмыс істедім. 1990-1995 жылдары ЖПИ-тын тәмамдап жоғарғы білім алдым. 1995-2005 жылдар арасында бизнес саласында жүрдім. 2006 жылдан бастап Байзақ ауданы, Бурыл орта мектебінде мұғалім болып жұмыс атқарып келемін. Жанұямда жұбайым, екі ұлым, 4 немерем бар. Отаным Тәуелсіз, экономикасы дамыған, бай қуатты, күшті де, «Мәңгілік ел» болса екен деп армандаймын!

ЖЕЗҚАЗҒАНДА ДА ТІРЕСТІК

17 - желтоқсан күні кешке филология факультетінің жатаханасына 4-курс студенттері Ырысқали мен Жайық келді. Олар бізге Алматы қаласында болып жатқан шеру туралы айтты. Бізді 18 желтоқсанда Алматы қаласына қолдау көрсету үшін, шеруге шығуға шақырды. Біз бейбіт шеруге дайындықты бастап кеттік. Ол кезде мен Жезқазған қаласының Педагогикалық Институтының физика математика факультетінің 2 курс студенті едім. Жатақханада №100 бөлмеде Шымкент облысының жігіттері Естемесов Қайрат, Төребаев Жақсыбек және Рахимов Нұрлан төртеуіміз бірге жаттық. Арамызда талантты жігіттер көп болды. Біз «Қазақстандықтардың арасынан Қонаевтың орнына лайықты адам жоқ па?» сынды ұрандар жазып, басқаларды да шеруге шығуға шақырдық. Тұрмыстық қызмет көрсететін «Салтанат» үйінің маңындағы құрылысшылар техникумының жатаханасына келіп, студенттерді шеруге шығуға жұмылдырдық. Сөйтіп, ҚКП Орталық комитеті пленумының шешімімен келіспейтінімізді білдіріп, қол ұстасып шеруге шықтық. Шеруге қатысқандардың дені Жезқазған педагогикалық институты мен политехникалық институтының студенттері екені білінді. Біз көшеден түсе бергенде жан -жағымыздан қарапайым киім киген адамдар бізді алаңға бармай тарауымызды бұйырды. Біз оларды тыңдамастан алаңға қарай бет алдық. Осы сәтте милиция және КГБ қызметкерлері шерудің шетінде келе жатқан ұл-қыздардың қолдарын қайырып, күш көрсете бергенде біз араша түстік. Осы арпалыс кезінде бір милицияның аяғыма соққы жасағандығынан жүре алмай қалдым. Ауруханаға баруға қорқып, аяғымды үйге келгенде емдедім. Аяғымның жарасы жазылғанымен, жүрегіме түскен жара жанымды сыздатады. Ол сезім менімен мәңгі бірге. Ал шеруге қатысқан көптеген

жігіттер мен қыздарды қамауда ұстап, оқудан шығарып жіберді. Ертесінде институтқа шақырып, әбден ұрсып, комсомол ұйымынан адамдар келіп, «саяси сауатсыз» деп комсомол билетімізге жазып берді. Жатақханада бір ай қатан тәртіп сақталды.

Жақсылық Сүлейменқұлов:

ӨШПЕС ІЗ ҚАЛДЫ

Алғаш алаңдағы оқиға туралы қыздардан естідік. «Қазақ қыздарын шашынан ұстап, ұрып, соққыға жығып жатыр» дегенде ұлттық намысымыздың қозып, қызға қол көтергендері айуандық, ұлтымызға жат қылық деп ұғатын бізді алаңға еркектік намысымыз жетелеп әкелді. Ол кезде Қазақ Мемлекеттік университетінде оқитынмын. Шынымды айтайыншы, жиырма жасқа дейін өзімнің қазақ екендігімді ойланып, сезінбеппін. Оның себебі, коммунистік идеологияға шын беріліп кеткендігіміздің әсері болар. Бірақ көтеріліс барысында қазақ ұлтының, халқының намысшылдығын, біртұтастығын, батылдығын көріп, қайран қалдым. Өзімнің қазақ болып туғанымға қуандым, сүйсіндім. Осыншама ұлан-ғайыр өлкені жау тұяғынан сақтап, найзаның ұшымен, қылыштың жүзімен қорғап, аман алып қалған ата-бабамның рухына, сонда ең алғаш рет сүйсініп, қайран қалдым, басымды идім. Сол күнгі тарихи оқиғаның куәсі болып, санама ұлтқа деген мақтаныштың саңлауы түскеніне қуандым.


Бұл оқиға сол күні болмаса да, әйтеуір түптің-түбінде бір болары сөзсіз еді. Оны қазіргі тарихшылар да мойындайды. Желтоқсандағы қарсылық үстінде СССР өзінің бар бетпердесін көрсетіп, абыройынан арылып, өзінің қандай мемлекет екенін төрткүл дүниеге шовинистік кейпін әйгіледі. Бұдан кейін СССР-дың ұзақ өмір сүрмегені баршаға аян.

Сол күні қажырлы, қайратты, жігерлі жігіттермен қатар қазақ

қыздарының өжеттігіне, табандылығына қайран қалдым. Олар жігіттермен бірдей қарсы тұрды. Көп жағдайда шегінген топты қайрап, ұрандап, атойлап шыққан қыздарды да көзім шалды. Бізбен бірге оқитын Айгүл, Айман, Назым сынды қыздар желтоқсан оқиғасынан кейін де жасыған жоқ. Қудалауға түссе де, мойымады, оқудан шығарылса да ұлт намысын қорлатпады. Қазақ үшін жанын қиюға әзір екендіктерін олардың от шашқан жанарларынан сезіліп тұратын. Менің көз алдымда милиция таяғынан олар соққыға жығылып жатты. Жанымыз күйіп, шырылдап, жаратушыға жалбарындық. Овчарка иттерге таланып, суық суға шомылып жатқан қыздарымызға көмектесе алмай қор болғанымызға қорландық. Біз де таяқтың астында қалып, соққыдан тұра алмадық. Үлкен жылдамдықпен келген машинасының соқысынан есі ауысып, құлаған қазақ жастары тайсалған жоқ.

18-желтоқсан күні алаңға тағы да бардық. Қолтықтасып көше-көшені аралап, «Менің Қазақстаным», «Атамекен», «Елім ай» сияқты әндерді шырқадық. Тартар азабымыздан қорықпадық. Алға ұмтылдық...

Бауыржан Момышұлының өз ұлтының тарихын білмеген, мақтаныш тұтпаған, сатқындық – деген сөзі ойға оралады. Желтоқсан жастары тәуелсіздік жолында күресті. Оларға бас иіп, мақтаныш ету ұрпақ парызы!



ҰМЫТПАЙМЫЗ, ҰМЫТА АЛМАЙМЫЗ

Қазақ политехникалық институтының 5-ші курс студенті едім. Жасым 21-де болатын. Бес жыл жатақханада тұрдым. Ол кезде қазақ жастарының қолы жеткендер ғана жатақханада тұратын, қалғандары өзге ұлттың қора-қопсысын жағалайды. Біздің мандайымызға сондай тұрмыс жазып қойғандай еді. Көмпіс, шыдамды халықпыз ғой, «тағдырдың салғаны осы шығар» деп оған үйреніп кеткенбіз. Бірақ ішімізде ұлып жатқан, көп нәрсе болатын. Сондықтан да қазақ жастары Желтоқсан көтерілісіне саналы түрде қатысты деп ойлаймын. Әлемді дүр сілкіндірген Желтоқсан көтерілісінің болғанына 32 жыл өтседе, сол бір күндердің қасіретін ұмытпаймыз, ұмыта алмаймыз. Қазақ жастарының қаны мен жасы төгілген, қайғы-қасіретке толы оқиға ешқашан да ұмытылмас. Мәңгі есте қалады. Ұмытуға болмайды.

17-желтоқсан күні таңғы сағат 3-4 шамасында шырт ұйқыда жатқан біздер әлдекімдердің айқайынан дүр сілкініп, тұрдық. Олардың: «Қазақтар, тұрындар, ояныңдар, алаңға шығындар» деген дауыстары құлақтан кетпейді. Студенттердің барлығы оянып, балконға шықтық. Далада аяз ұрып тұр. Бірнеше студент сыртқа шығып, келіп тұрған жастарға қосылды. Олар бар дауыстарымен айқайлап, қазақ халқына көрсетіліп жатқан қысымды, кемітушілікті, зорлық пен зомбылықты айтып жатты. Қаным басыма шапшыды. Бір бөлмеде 3 қыз жататынбыз. Менен басқалары Өскеменнің қыздары. «Қыздар не істейміз?»-дедім. Олар: «Не істеуші едік, спи, уличные хулиганы неверное» деп, төсектеріне қайта жата кетті. Мен болсам шириғып, орнымда отыра алмай, жатып едім, ұйықтай алмай, аласұрдым. Алаңға барғым келіп, елендедім. Танды әрең атқыздым. Сағат 8-де көрші бөлмеге бардым. Шымкенттің Алтын деген қызы мен секілді жанын қоярға жер таппай, намыстан жарылайын деп отыр

екен. Мені көріп қуанып кетті. «Кеттік, жан пида!» - деді. Содан екеуміз алаңға кеттік. Ленин даңғылына жетпей автобус бізді түсіріп кетті. Алаңға сағат 11 шамасында жеттік. Көше толған жастар. Жан-жақтан топ-топ болып келіп жатыр. Қазақстан компартиясы орталық комитетінің бірінші хатшысы Дінмұхамед Қонаевтың орнына қайдағы жоқ біреудің тағайындалуына жастар наразылық білдіріп жатқанын сол жерде анық білдім. Оны естіген менің патриоттық сезімім оянып, айкайды мен де салдым.

Қайдағы бір ойлар келіп, қыжыл ашуға ұласты. Жетім баланың күйін кешіп, өз ана тілімізді сөйлей алмай, орыс болып кеттік емес пе. Қаланың қазақ қыздары өз тілдерін мүлдем білмейтұғын. Тек орысша сөйлейтін. Ауылдағы 10 жылдық мектепті қазақша үздік бітіріп, Алматы қаласына келіп, 5 жыл институтты орысша оқып, қатты қиналып, күнде жыладық емес пе? Мен қазақ жастарының намысшыл, патриот, өз жандарын аямай, қызыл қанға боянғанғанына қарамастан, халқының тағдыры үшін жанын пида ететіндерді көзіммен көрдім. Кешке дейін алаң жастарға толды. Айқай-шу. Келген келісек кетсін. Қонаев трибунаға шықсын. Бізге айтары болса, айтсын! Құлағымызбен естіік сөзін деген сияқты талаптар айтылып жатты. Бірақ жастардың талабына ешкім құлақ аспады. Толған милиция қолдарында дубинка. Менің де жонарқама екі рет ауыр соққы тиді. Жыламадым, шыдадым, бұрынғыдан да шар болаттай қайралдым. «Сволыштар, иттер, оңбағандар, жауыздар, өз қазағынды қорлағандар» деп айқайлап едім, бір қазақ милиция жігіті жетіп келіп, мені тартып, сүйрей бастады. Пальтомның қолтығы жыртылып, дала-даласы шықты, аяғымды жерге тірейін десем тайғақ, Алтын «жіберші» деп шырылдап жатыр. Ауылымыздың Серік деген жігіті мені байқап, жаныма келіп, милиционердің қолынан жұлып алды. Серік; «Гуля, қайт. Ертен келерсің, түнде біздер жүреміз» деді. Содан Алтын екеуміз қолтықтасып, бір-бірімізден айырылмай, эзер дегенде алаңнан шықтық.

Ел ағалары мен апалары трибунаға шығып, сөйлеп, жастарды ақылға шақырып, жұбатып, қайтындар деп жатты. Бірақ біздің қайсар жастар қайтпады. Алтын екеуміз есіміз ауып, әрең жүріп келеміз. Өзіміз де білмейміз қайда бара жатқанымызды. Ауыр соққылар есімізден тандырып тастады. Қарнымыздың ашқанын да сезбейміз. Қалтамызда бір рубльден басқа ақша жоқ. Көп жүрдік. Машина көрінбейді. Әйтеуір бір фара көрінді қолымды көтеріп, соған қарай жүгірдім. Такси екен тоқтады. Қазақ кісі екен, бірден бізге «отырындар» деді. Ағамыздың аты Марат болатын. Үн-түнсіз бізді айтқан жатакханаға әкеліп тастады. Қолымдағы рубльді беріп едім, алмады. Таксиден түсіп бара жатып сағат сұраған едім «бірге он минут калды» деді. Енді не істедік, жатакхана сағат 11-де жабылады. Терезе жаққа барып, «Сара» деп айқайлап едім, менің қыздарым шықты балконға. «Ауыздарынды жабындар, вахтада милиция» деді. Бір уақта қыздар 2-ші қабаттың балконына келіп, жігіттерді шақырып, простыняны бір-біріне байлап, бізді әзер дегенде ішке кіргізіп алды. Сонымен жарық жақпай, сыбырласып сөйлесіп, танды атырдық. Көрген білгенімізді айттық. Қыздар польтомнын түрін көріп шошыды. Польшаны бүктеп, орамалға қатты байлап, шкафқа тықтым. Сол жылы қыс бойы жұқа күртешемен жүрдім. Ертесінде қайта шығу қайда, сұраққа алындық. Жатакханада қатты тексеру, корпуста одан да қатаң тәртіп, аяқ-қолымыз байланды. Сабакқа көңіл-күй жоқ, есіл-дертім алаңға тағы бару болып тұр. Бір уақытта деканымыз Қайырдан Қабылжақов ағайымыз терімізді сылды. «Қайда болдыңдар, түсініктеме жазындар» деді. Арада көп жағдайлар болды. Әрең құтылдық. Ал мені құтқарған қордайлық жерлесім Серік аға оқудан шығарылды.

Осылай қазақ жастарының бейбіт шеруі қанды оқиғаға айналады... Оның зардаптары әлі жүректі де, тән мен жанды да ауыртады.

ЛӘЗАТТЫҢ ӨР ТҰЛҒАСЫ КӨЗ АЛДЫМДА...

Қазақстанның бірінші басшысы болып, қайдағы жоқ біреудің тағайындалғаны туралы хабарды кешкі сағат жетілер шамасында шаштаразда отырып тындадым. Радиодан берілген жаңалықты естігенде орнымнан қалай ыршып түскенімді байқамай қалдым. Дереу жатақханаға келдім. Мұндағылардың көбісі әлі құлақтанып үлгермеді. Ертеңіне сабақта (ол кезде төртінші курста оқитынымын) екіге бөлініп отырдық. Қазақтар - бөлек, өзге ұлттар – бөлек. Ұлты орыс студенттің айтқаны: «Орыс басшы болса несі айып? Айырмашылығы не?». Бізге басу айтқан арамызда еврей жігіт болды. Ол бізді жақтап, «бұлардікі дұрыс, әр елді өз ұлтынан шыққан адам басқару керек» деді.

Бұл 17-желтоқсан еді. Сабақ бітісімен бойымызды кернеген ашу-ызамен қазіргі Абай даңғылы мен Достық даңғылының қиылысына көшеге шықтық. Сағат түскі он екілер шамасы. Әлі есімде, Абай даңғылының оң қапталындағы жүргіншілер жолында бір топ адамның жоғары қарай келе жатқанын көзіміз шалып қалды. Қасымда топтас қызым Мәрзия Қалиакпарова бар еді. Әлденеден секем алғандай болып, екеуміз көшенің қарсы бетіне өтіп, олардың қайда беттеп бара жатқанын сұрадық. Олардың алған бағытын білісімен-ақ, біз оларға қосыла кеттік. Тобымызбен Ленин даңғылын бойлай, сол кездегі Брежнев атындағы алаңға жиналды. Біраз уақыттан кейін мұнда қазақ жастарының қарасы көбейе бастады. Сағат үш-төрттің кезінде арамызға әскери киінген жасы елулер шамасындағы бір қазақ кісі келіп сөз сөйледі. Оның сөзі әлі есімде: «Балалар, жатақханаларыңа қайтып, сабақтарыңды оқыңдар. Мұның арты жақсылыққа апармайды» дегеніне құлақ аспай тұрдық. Күн еңкейе бастағанда қасымдағы қыз милиция жасағының жастардың сөмкелерін жинап, бермегендерін күштеп тартып алып жүргенін көріп қойыпты. Маған; «Бұл жерден кетейік,

әйтпесе өзімізді ұстап алып кетеді» деп ақыл айтты. Ол менен бес жас үлкен еді, біз қайтып кеттік.

Жатақханада айтарлықтай өзгеріс бола қоймаған. Түнгі сағат екілер шамасында жатақхананың артынан бөлмелес қыздың шақырған даусы шықты. Балконға шықсақ бөлмелес қыздың туған сіңілісі екен, бізден көмек сұрап, ішке кіргізіп алуын өтінді. Жатақхананың төменгі жертөлесінде душқа түсетін шағын бөлменің терезесі бар еді. Сол терезеден қызды әрең дегенде тартып, кіргізіп алдық. Қыздың үстін көріп шошып кеттік. Денесі қан, көгерген, арқасы қанталап тұр. Жөнін сұрап едік, алаңда болғанын айтты. Бөлмелес қыз бізден мұны жан баласына айтпауды өтінді. Содан кейін таңға дейін кірпік қақпадық.

Ертеңіне сабақ жөнді болмады. Студенттер аз жиналған, мұғалімдер қайтарып жібереді. Студенттер түнде алаңда болған жайды естіп, ашу-ызамен қайтадан алаңға жиналыпты. Біз де бардық. Күндіз пәлендей ештеңе бола қоймады. Кешқұрым аяз күшейді. Бір кезде айқай-шу басталды да кетті. Бұл - Желтоқсан көтерілісінің екінші күні еді. Қатты соққан екпіннен құлап түстім де, бір сұмдықтың болғанын сезе қойдым. Орнымнан тұрып алып, шетке қарай ығыса бердім. Шетке жете бергенім сол еді, арқамнан біреудің сарт еткізіп екі рет ұрған ауыр жұдырығы ма, әлде сойылы ма, қираландап барып құладым. Олардың мені енді аямайтынын сезіп, қаша жөнелдім (сол қорқыныштан Абай даңғылының шетіне қалай іліккенімді байқамай қалыппын). Артыма қарайлап жүріп, қарсы бетіне әрең өттім-ау, әйтеуір. Сол шетте талдардың тұсында су ағып жатқан арықта тығылып тұрғанымда екі жігіттің менен әріректе 30-40 метр жерден қаша жөнелгенін байқадым. Артынша екі милиционер соларды қуып кетті. Бір жігіт қашып құтылды-ау деймін, екіншісін ұстап алып, шыңғыртып алып кетті.

Мен қорқыныштан орнымнан тұра алмай қалдым. Әрең есімді жинап, тұрғын үйлердің арасына кіріп кеттім. Ет қызуымен бе әлде бойымды билеген үрейден бе, жобамен осы тұста ғой деп, бір

қараңғы көше шетімен жүріп отырдым. Біраздан кейін етігімнің іші шылқыған су екенін сездім. Алысырақ кеткеніме көзім жетіп, бір жерге жүрелеп отырып, етігімді шешіп, суын төктім. Қайтадан әлім келгенше етігімді киіп, әрі қарай жүрдім. Қанша жүргенімді білмеймін, біраз уақыттан кейін алдымнан таныс көшелер шығып, жатақханаға жеттім-ау, әйтеуір. Пальтомның етегі балшық, етігімді тағы да шешіп, киімдерімді шешіп сығып, қайта киіп алдым. Үстімді жөндегенсіп, пальтомды қолыма алып, қайдан келгенімді ешкімге білдіргім келмеді.

Жатақхананың кіре берісінде төрт-бес мұғалім жүр екен. Менің қай жерде болғанымды сұрап, есімді шығаратын болды ғой деп үрейім ұшты. Не болса, ол болсын деп ішке ендім. Әбиір болғанда жарық көмескі еді, олар ештеңе сұрап үлгермеді. Лып беріп ішке кіріп, үшінші қабатқа көтеріліп кеттім. Бөлмеге келсем, есік жабық тұр. Көрші қыздардың есігі ашық екен, солар арқылы балконға шығып, бөлмеге кірдім. Біздің балконды қыздар жай жаба салыпты. Былғанған киімдерімді шешіп алып, өзімнің шкафыма тығып қойып, жарықты сөндіріп, жатып қалдым. Сілем қатып, ұйықтап қалыппын. Таңға жуық мені қыздардың біреуі жұлқылап, оятып жатыр екен. Түнде қайда болғанымды сұрап тұр, өтіріктен сіңілімнің жалдап тұрып жатқан пәтерінде болдым деп құтылдым. Өздерінің қайда болғанын сұрасам, ештеңеге түсінбей, бағалы заттарын, қажетті құжаттарын алып, қалың киімдерін киіп, он-он бес қыздан бірігіп, бір бөлмеде түнеп шығыпты.

Ертеңіне сабаққа бармай қалдым. Бөлмеде қыздар жоқта арқамның ауырған жерін айнадан көрсем, көгеріп тұр екен. Өрең қозғалып, былғанған киімдерімді жуыңқырап, үтіктеп кептіріп алдым. Келесі күні қиналсам да орнымнан тұрып, сабаққа бардым. Менің алаңға шыққанымды білмесін дегенім ғой, сол күні сот-медициналық сараптама деген циклдың сабақтары басталыпты. Ол цикл болған мәйітхананы (моргті) білемін, Никольский базары жағынан санағанда трамвай жолымен үш-төрт аялдама болатын. Әлі есімде, сараптамаға бір қыздың

мәйітін алып келгені. Ол Ләззат Асанова болатын. Күжатқағазды толтырғанда оның аты-жөнін, жасын он алтыда, музыка училищесінде оқиды деп толтырдық. Мен сол кезде қасымдағы топтас балаға «мына қызды алаңнан алып қелген-ау шамасы» деп сыбырлап тұрғанда оқытушымыз қасымызға келіп, біздің сөзімізді түсініп қойған сияқты «Неге олай ойлайсындар, ол жақтан емес. Онда ешкім өліп жатқан жоқ» деді. Олай емес екенін жалғыз мен ғана түсініп тұрмын. Іштей қан жылаған мен Ләззатпен үнсіз қоштасып тұрдым.

Оның есімде қалғаны, біріншіден, сараптамаға берген алғашқы адамы, екіншіден, менімен аттас, үшіншіден, екеуіміз де алаңда болғанымыз. Ләззаттың денесіне түскен жарақаттарына дейін есімде. Екі санының алдыңғы жағында тізесінен жоғары, қатты соғылған немесе ұрылған белгі бар (қатты көгерген). Басының шүйде тұсының сыртында онша жарақат жоқ, ішін ашып көргенде қан ұйыған жерлері көп көлемді алып жатты. Ләззаттың дене бітімі өзгеше сымбатты екен. Ол арық та емес, толық та емес: бойы шамамен 160-165 сантиметр. Денесі аппақ, қыр мұрынды, қасы-шашы қалыңдау, түстері қоңыр (қара емес), шашын өріп қойған. Орташа ұзындықта, аяғында гольфи. Сол кезде атлетикаға киетін ала тоқыма гольфилер мода болған. Бұтында көк трико, үстінде қызыл кофта, синтетика, иығы реглан келген, мойыны жартылай жабық.

Сол сабақтан қайтқаннан кейін менің арқамның ауырғанына қосылып, басым да қатты ауыра бастады, мұрным бітіп қалды. Мұрынға тамызатын дәрімен қайта-қайта тынысымды ашып отырдым. Кешке қарай қатты мазасызданып, ыстығым көтерілді. Бөлмелес қыздарымның жедел жәрдем мәшинесін шақыртайық дегеніне көнбедім. Өздері ине шаншып, ыстығымды түсірді. Біраздан кейін ыстығым қайта көтерілген болуы керек, қалтырай бастадым. Қыздар маған айтпай жедел жәрдем шақыртуға кетіп, төменгі қабатта жүрген, өзімізге сабақ беретін лор кафедрасының оқытушыларын алып келіпті. Сол кафедраның кезегі екен, оларға бізді алаңға кетіп қалмасын деп жатақхананы күзеттіріп қойған.


Ұмытпасам, Гүлжан апай мен Тайбағаров деген профессор ағай екеуі келді. Бетімді, мұрнымды, жағымды ұстап көріп, «ауыра ма?» деп сұрады. Мен «иә» дедім. Ол кісі айтты «Қазір дереу жедел жәрдем шақыртайын, сені бесінші емханаға апарып саламыз, сенде екі жақты ірінді гайморит бар» деді. Мен онда барудан үзілді-кесілді бас тартып, «емдесеңіздер, осы жерде емденіздер» дедім. Ол кісі түсіндіріп жатыр «Айналайын, саған күшті антибиотиктер керек және де мұрынның ішінен тесіп, екі гаймарова пазуханы іріңнен тазартамыз. Бұл жерде оны істеуге болмайды» деді. «Таңға дейін ыстығымды түсіретін дәрілермен амалдай тұрайын. Содан кейін барамын» деп уәде бердім (Менің бармаймын деп отырғаңымды өздеріңіз біліп отырсыздар, ауруханаға барған соң, мені міндетті-түрде, тексереді ғой, сол кезде арқамдағы жарақатты көріп қояды, сол себептен тартындым).

Ертеңіне бармай, төсек тартып, жатып, алдым. Бірақ түстен кейін шыдай алмай, қатты қиналдым. Таксиге мініп бесінші емханаға келіп, ағайды тауып алдым. «Ауруханаға жатпай-ақ қояйын, мұрнымды тестіру керек болса, осы жерден тестірейін» дедім. Ол кісі «Күніге тестіруге қалай шыдайсың, одан да жатқызып, мұрнына жіңішке түтікше жіберіп, ірінді тазалап отырамыз» деді. Мен тағы да, үзілді-кесілді бас тарттым, мұрнымды күнде келіп, тестіріп, тазалап тұруға уәде бердім. Ол кісі «қандай өзінді аямайтын қызсың» деп басын шайқады. Сөйтіп, он күндей келіп, емделіп жүрдім. Алғашқы үш күн қатарынан, кейін күнара мұрнымды тестіріп, тазалап жүрдім. Өзім сабақты жібермей, өзіме ине шаншып, емдеп жүрдім.

1987 жылдың қыс айында институтың орыс оқытушыларынан көрген азабымыз бір бөлек әңгіме. Қаңтар айы болуы керек, профессор Никонованың лекциясы болып жатқан. Байқаусызда аузымды ашып есінеп қалып едім: ол кісі қатты ашуланып, дірілдеп кетті. «Неге есінеп отырсың, түнімен ұйықтамай, бізге қалай қарсы шығу керектігін ұйымдастырдыңдар ма?» деп айқайлады. «Неге олай ойлайсыз?» деп едім, «Сен маған қарсы

келетін кім едің? Екінші рет менің лекцияма қатысушы болма» деп мені аудиториядан қуып шықты. Содан бір ай бойы лекцияға кіре алмай жүрдім. Тіпті ерегiсiп, мені оқудан да шығартып жібере ме деп, қатты үрейленіп жүрдім. Сөйтіп жүргенде бір айдан кейін ол байқаусызда автобустың астына түсіп, қайтыс болды. Содан кейін мен лекцияға қатыса бастадым. Соның кесірінен мен зоб ауруына шалдықтым.

Содан бері міне, жиырма жылдай уақыт өтті. Жан жарасы жазылғанмен тәнге түскен жара әлі сыздайды. Омыртқам мазалайды, қатты жерге жата алмаймын. Біраз емделген сияқты едім, уақытша ғана екен. 1990 жылы тұрмысқа шықтым. Жуалыда тұрып жатырмыз. Екі жылдан кейін Жібек деген қызымыз дүниеге келіп, қатты қуандық. Алайда, қуанышымыз ұзаққа созылмады. Қызым мүгедек болып туылды. Биыл 14 жасқа толған Жібек ауыр диагнозбен өмір сүріп жатыр. Өзім де әлі күнге дейін тұмауратсам, соңы гайморитке айналып кетеді. Емін жоғарыда жазып кеттім. Биылдан бастап, ауруыма жоғары кан қысымы қосылды. Дәрігерлер сол зобтың салдары дейді. Төрт балам бар. Осы аурудың кесірінен, жеңіл жұмысқа ауыстым. Құдайға шүкір, ел аман, жеріміз бақуатты. Соған қуанамын.



ҰМЫТУ МҮМКІН ЕМЕС

Желтоқсан айы жақындаған сайын жүректі сыздатар, ауыртар, қасіретті оқиға көз алдыма келе береді. Жастардың, құрбы-құрдас, достарымның жан айқайы қаз қалпында кеше ғана болғандай есімнен кетпейді. Сол бір көріністер мәңгі менімен бірге. Кейде сол күндерді еске алсам бір жаман түс көріп жүргендей болатыным да бар.

Желтоқсан айының 17 күні түнгі сағат 22.00 шамасында Қазақ Мемлекеттік университетінің екі студентінің «Оян, қазақ!» деген жанайқайы бізді тікемізден тік тұрғызды. Олар бізге жоғарғы биліктің билігінің шешімі мен осыған орай Алматы қаласында болып жатқан шеру туралы айтып, қарсылық көрсету керек екенін айтты. Ол кезде мен Жезғазған қаласында Политехникалық институтында инженер-құрылысшы мамандығының 3 курсы студенті едім. Біз бір бөлмеде Дәуір Абжамалов, Құрал Ентаев, Жұмағали Аберов төртеуіміз тұратынбыз. Үшінші қабаттың белсендісі болдым. Ал жатақхана студенттері кеңесінің жетекшісі, жерлесім Марат Ақжігітов Жамбыл облысының Төле би ауылының түлегі еді. Ол да бізді бірлесе әрекет етуге, шеру кезінде ешқандай бұзақылық жасамай, бейбіт түрде қарсылық білдіруге шақырды.

Таңертең «Мың қазақтан, бір қазақ жоқ па?» деп ұрандап, Некрасов көшесі бойымен орталық алаңға бет алдық. Алаңға жетпей Абай көшесінің қиылысында бізді жан – жақтан милиция мен жай киім киген орган қызметкерлері ешнәрсеге қарамастан жапа-тармағай ұрып-соғып, тепкінің астына алды. Ауыр соққыдан мен де құладым. Орнымнан тұра бергенімде бір қыздың жантүршігерлік жанайқайын естіп, қалт тұрдым. Қазақтың қара көз қызын шашынан сүйреген милиция майорын көрдім. Соған қарай тұра ұмтылдым. Қызды өзіме қарай

тарттым. Милиция майоры қыздың шашынан жіберер емес. Болмаған соң мен оны ұрып құлаттым. Қыз қаша жөнелді. Сол кезде артымнан тиген ауыр соқыдан жалпамнан түстім. Әрең тұрдым. Тағы таяқ тиді. Денемнің ауырғанына қарамастан мен есім шыға қаштым. Бір үйдің ауласына келіп етпеттей құладым. Есімді жисам, бір әжей мені үйіне сүйреп барады екен. Жатаханаға кеш бата оралдым. Ертесіне бізді оқу орнына шақырып, «саяси сауатсыз» деп, комсомол ұйымы атынан сөгіс берді. Ал Марат Ақжігітовты «ұйымдастырушы» деп институттан шығарып жіберді.

Тәуелсіздік оңайлықпен келген жоқ. Қаншама азамат өмірін қиды десенізші! Қантөгіс те, қыршын қиылған өмір де болды. Есіл ерлердің бостандыққа деген ұмтылысы ғана Тәуелсіздікке қол жеткізді. Тәуелсіздігіміздің еңсесі биік, көк байрағымыз биікте мәңгі желбіресін деп тілеймін!

Гүлнұр Құлмаханбетова:

ДӘРІГЕРЛЕР КӨМЕК КӨРСЕТУДЕН БАС ТАРТТЫ

...Көтеріліс болған жылы ҚазПИ-дің жаратылыстану факультетінің 2-курсінде оқитынмын. 17-желтоқсанда бөлмедегі қыздармен алаңындағы орталық мінбе алдында кешке дейін бірге болдық. Зиялы қауым өкілдерінен саясаттың дұрыс емес екендігін естіп, «Менің Қазақстаным» әнін қайталап айтып тұрдық. Мінбеге шығып сөйлеген жастар өкілдерін түстен кейін органның адамдары алып кетіп жатты. Үкімет үйінің алдына кешке дейін автобустармен әскери жауынгерлерді әкеліп, халықты таратуға тырысқанымен тарқата алмады. Кешке қарай өрт сөндіргіш машиналармен жиналғандарды су шашып қуалай бастады. Бір сәтке қашқанымызбен қайтадан жиналып, түнгі бірге дейін жүрдік. Елдің ортасында жүргендіктен ол күні ұсталмадым.

Келесі күні 18-желтоқсанда группаластарыммен қайта барғанымызда, алаңға жібермеді. Фурманов пен Сәтпаев көшелерінің қиылысында сойылдармен, келтек темірлермен қаруланған әскерилер мен орыстың жас жігіттері тұрғандықтан өте алмадық. «Океан» дүкенінің баспалдағында тұрғанымызда жоғары қарай қару-жарақ тасыған әскери машиналар өте бастады. Сол кезде жігіттер оларды таспен атқылай бастады. Солдаттар бізге қарай лап қойды. Қаша жүріп, «Океан» дүкенінің қоршауынан аттап өттік. Темір келтектің соққысынан қасымдағы қыздың басы жарылып, қан аға бастады. Зоотехникалық-малдәрігерлік институттың жігіттері халаттарын жыртып, басын таңып берді. Жараланған қызды ертіп, № 5 поликлиникаға барып едік, дәрігерлер қабылдаудың орнына, өзімізге ұрсып, дүрсе қоя берді. Емдеуден бас тартты. Жатақханаға эзер дегенде жетіп, жедел-жәрдем шақыртып, жарақатын жуып-шайғызып, таңғызып алдық...

Екі жылдай бетімізге қараған адамнан қорқып, қай күні оқудан шығарады деп, күтумен жүрдік. Әскерилердің қолына түскенде мені де түрмеге тоғытатыны айдан-анық еді...

Қайрат Дүйсебаев:

АЗАБЫН ТАРТЫП КЕЛЕМІН

1984 жылы Шу ауданындағы Ыбырай Алтынсарин атындағы орта мектепті тәмамдап, ұжымшарда жұмыс істеп, 1985 жылы жолдамамен Қазақ ауылшаруашылық институтына оқуға түстім. Жоғарғы оқу орнында білім ала жүріп, А.Жұбанов атындағы оркестрде примлада ойнадым...

1986 жылы 17- желтоқсанда 2- курс тәлімгері едім, агрономиялық факультет ғимаратының екінші қабатында метеорология сабағында отырғанбыз. Терезеден Абай көшесінің бойымен қарақұрым болып, сап түзеп келе жатқан адамдарды

көрдiк. Олардың арасынан бiр шоғыр жастар ғимараттың алдына келiп:- Ел үшiн, Отан үшiн, қазағымыздың ар-ожданы үшiн алаңға барып, қарсылығымызды бiлдiреміз. Бiзге қосылындар!- деп айкайлап, шеруге қосылуға шақырды. Ести сала есiкке ұмтылғанымызда мұғалiм ағай алдымызға кесе-көлденең тұрып алды. Сол кезде терезеге ұмтылған бiзден секiрiп жазым болады ма, деп қорыққан болу керек, есiктен шығуымызға рұқсат бердi. Бiз шыққан бетте шеруге қосылып кеттiк. Содан Абай, Ленин көшелерiмен КазПи-ге, Жазушылар одағының алдынан өтiп, Фурманов көшесiмен жоғарылай Сәтпаев көшесiндегi алаңға келдiк. Алаңдағыларды қызылжағалылар мен әскерилер, келтек темiрмен қаруланған жасақшылар қоршап алыпты. Биiк мiнбеге шығып, тоқтам айтқандардың сөздерiне құлақ аспай, шерушiлердiң қатары көбейген үстiне көбейе түстi. Жастар қолдарына iлiккен тас, цемент сынықтарын алды. Бiрнеше машиналар аударылып өртенiп жатты...

Кешке 10-11 лер шамасында сойыл, сапер күректерiмен қаруланған әскерилер жиналған жастарға лап қойып, ұл-қыз демей аяусыз ұрып-соға бастады. Қолға түскендердi автобуска малша тиеп, әкетiп жатты. Курстастарым Ертай, Бақыт үшеуiмiз жатақханаға қарай қаштық. Сол арада механика және экономикалық факультеттерi жатақханаларының жанында қырқысқан ұрыс болып жатыр екен. Қыздарды шаштарынан сүйреп, тепкiлеп жатты. Бiр қызды арашаламақшы болғанымда басыма ауыр соққы тидi... Есiмдi жиғанда бөлмеде жатыр екенмiн. Жедел жәрдем шақыртып, ауруханаға баруға болмайтыны айтпаса да түсiнiктi. Сондықтан жолдастарым менi Алматы қаласының шетiндегi Мирзоян көшесiнде тұратын туысымыздың үйiне алып барды. Екi апта бойы сол үйде жаттым. Көп ұзамай-ақ әкпем Сейсекул менi Бiшкекке апарып, өзi қызмет ететiн 4- ауруханада емдедi. Сапер күрегiмен қатты ұрғандықтан басым жарылып, құлақтарыма зақым келгендiктен естiмей қалдым. Қаншама жандарын сала әрекеттенгенiмен ақ-халаттылар тарапынан ешқандай көмек болмады.

Алматыдағы оқуыма қайтып келгенімді қайтейін, ести алмай әбден қиналдым. Амалсыздан есту аппаратын сатып алуға мәжбүр болдым. Денсаулығымның жарамсыздығының кесірінен әскери кафедраға да қабылданбадым. Сөйтіп, Желтоқсанның ызғарын әлі күнге дейін бір кісідей-ақ татып келемін.

Шахан Меркібаев:

БІЗДІҢ ҮЙДЕ ДЕ МҰХТАР БАР

Қызыләуіт ауылындағы он жылдық мектепті 1986 жылы бітіріп, арман қуып астанамыз Алматыға оқуға бардым. Әкем Мәдібек Меркібаев осы ауылда мал дәрігері болып еңбек ететін. Отбасымызда төрт ұл, бір қыз болдық. Әкем маған көп көңіл бөлетін. «Менің жолымды қуасың, мен шықпаған биіктерге шығасың, сен арқылы сол биіктерге мен шығамын», - деп айтып отырушы еді.

Мектеп емтихандарын жақсы тапсырған соң 7-шілде, туған күнімде, әкем екеуміз Алматыға жол жүріп кеттік. ҚазМУ студенттер қалашығындағы аспиранттар жатақханасына келіп орналастық. Бір бөлме, әкемнің інісі Данабек Бименов бізді күтіп алды. Ол кісі Қаз-МУ-ді қызыл дипломға бітіріп, ғылыми жұмыстармен Антарктидаға барған екінші қазақ екенін естігенмін. Құжаттарымды мал дәрігерлік институтына тапсырып, жатпай-тұрмай емтиханға дайындалдым. Әкем мен Данабек ағам қадағалап отырды. Емтиханды ойдағыдай тапсырып, 1-курс студенті болдым. Әкем мені Данабек ағама тапсырып, өзі ауылға қайтты.

Сәкен Сейфуллин даңғылы бойындағы АЗВИ-дің №3 жатақханасынан орын алып, сыныптасым Несіпбек Тезекбаев және талдықорғандық Бауыржан Болысбаев, Қанат Жүндібаев төртеуміз бірге тұрдық. Сабақ үлгеріміміз жақсы.

1986 жылы 16-желтоқсан күні азанда сабаққа барғанбыз,

сол жерде студенттердің бірі: «Қонаев атамызды орнынан алып тастапты, орнына Ресейден беймәлім орысты әкеліп отырғызыпты» - дегенді естіп, төбемізден жай түскендей болды. Түске дейін сабақта біртүрлі күй кешіп жүрдім. Достарымның да жүздері сынық.

Сабақтан кейін Несіпбек екеуміз ҚазМУ қалашығына барып, Данабек ағама хал-жағдай сұрасып қайттық. Қайтар жолда Космонавтар мен Сатпаев көшелерінің қиылысынан автобус тоқтап, жүргізуші басқа көшемен айналып жүретінін хабарлады. Біз сол жерден түсіп, Сатпаев көшесімен орталық алаңға қарай бет алып бара жатқан демонстрантарға ілестік. Алдыңғылары қолдарына ұрандар ұстап алған, завод, фабрика жұмысшыларына ұқсайды. Ешкім үндемейді. Орталық алаңға да жеттік. Ол жерде біраз адам жиналып қалыпты. Ішімнен «не болар екен» деп келемін. Өзіміз қатарлы студенттерді көргенде не болса да, осылармен бірге көреміз деп арасына кіріп кеттік.

Айқайлап, ұрандап сөйлеп жатқан ел: «Неге жергілікті халықпен санаспайды, неге Қонаев атамызды алып тастады? Әр ұлтты өз ұлты басқарсын» деген Лениннің өсиеті бар. Қонаев атамызды шақырыңдар, өзімен тілдесейік, өз аузынан естийік, басқа ешкімнің сөзін тындамаймыз» деген сөздер естіліп жатты.

Трибунаға көтерілген ел басқарып жүрген кісілер және халыққа танымал азаматтар халыққа басу айтып, мәселе Мәскеуде шешілетіндігін айтып, көпшіліктің алаңды босатып, үйлеріне қайтуларын сұрап жатты.

Мен он алтыдан жаңа асқанмын. Ауылдық жерден үлкен қалаға келіп, оңды-солды жаңадан тани бастағанмын, саясаттан бейхабар, орышаны да білетінім шамалы. Кеш бата Несіпбек екеуміз тоңып жатақханаға оралдық. Түнгі сағат 11-12-лер шамасында 3-курс студенттері келіп, орталық алаңда ұрыс-керіс болып жатқанын, өрт сөндірушілер келіп су шашқанын, солдаттар келіп алаңдағыларды дубинкамен ұрып, қуып жатқанын айтты. Азанда сабаққа барайын деп жатақханадан шықпақшы болсақ, есіктің алдында мұғалімдер «сабақ болмайды» деп

шығармай қойды. Бөлмемізде отыр едік, бір топ жастар; «Неге шықпайсыңдар, намыс қайда?» деп, бізді қайрап, ұрандап тұрды. Біздер артқы есікті бұзып шығып, орталық алаңға тарттық. Сатпаев көшесі тола жастар, ұрандатып, айқайлап жатыр. Политехникалық институттың студенттері біздің күнімізді кешіп шыға алмай отыр екен есіктерін ашып, оларды да ертіп алдық. Алаңда жасыл каска киген, қолдарында қалқан, дубинка ұстаған солдаттар сап түзеп тұр. Мен де қолыма таяқ, қалтамды тасқа толтырып алдыңғы шепке шықтым. Біз алаңға өтеміз дейміз, олар жібермейді біздерді қуады, ұсталған қыздарды шашынан сүйреп, ұлдарды қолдарынан қайырып, дубинкамен ұрғанын көрген біздің қанымыз басымызға шауып, ашынып алғанбыз. Өліспей-беріспей жатқанбыз, арт жақтан Сәтпаевтың бойымен ұрандатып ересегі бар, жастары бар колонна келіп, «бұлай ала алмаймыз, оданда көшелерге шығайық» деп жиналып, Абай даңғылына шығып, жан-жақтан қосылып жатқан адамдар, ұрандатып Ленин даңғылымен 28 Панфиловшылар саябағына бет алдық. «Менің Қазақстаным», «Майданға», «Атамекен» сияқты патриоттық әндер айтамыз. Коммунистер даңғылымен айналып, Абай даңғылына шықтық. Сол жерден қасымдағы достарымнан адасып, шаршап жатақханама оралдым. Жолдастарымның ешқайсысы келмепті, жалғыз жата алмай қайта алаңға бардым. Алаңда қайта ұрыс-керіс, төбеден сәулелер түсіріп жатыр, біраз жүріп мазам болмай ауырып, қайта қайттым.

Ертесіне 18-і күні алаңды тазалап, әр жатақхананы қоршап, тексеру басталды. Несіпбек пен Қанат екеуі ұсталып қалыпты, оларды екі айдай тергеді. Сол жылы Талас ауданынан оқуға түскендерді КГБ ұзақ тексеріп, сұрайтындары «Қонаевтың жанындағы Бекежанов деген кісіні танысың ба?». Одан да аман-есен өттік. Сол жылғы орталық алаңдағы жаңа жыл мерекесі де көңілсіз өтті.

1987 жылдың 1-мамыр мерекесінде Алматыда болмай, бір себептермен ауылға бардым. Осыдан басым бір бәлеге қалды. «Мерекеге не үшін қатыспадың, кім саған қатыспа деп айтты,

сол адамды айт. Сенің алаңға барғаныңды да білеміз» - деп, басымды қатырды. Сол мамыр айында мен оқитын топтан Желтоқсан көтерілісіне қатысқан үш студент оқудан шығып тындық.

Жазықсыз жапа шектім, оқудан шықтым. Асыл арманым аяқсыз қалды, оқысам деген ойым ойран болды. Бірақ сол Желтоқсан көтерілісіне қатысып, жалындаған, еркіндік пен теңдікті аңсағандар қатарда жүргеніме бұл күнде мақтанамын.

Желтоқсан көтерілісінің ақ-қарасын ажыратуда көп-көп күш жұмсаған ақын, қайраткер, күрескер ағамыз Мұхтар Шахановтың құрметіне өткен жылы дүниеге келген ұлымызға келіншегім Айша екеуміз Мұхтар деп ат қойдық. Енді біздің үйде Мұхтар Шаханұлы бар. Ол да халқы үшін өмір сүрсе, еңбектенсе біздің бақытымыз сол!

*Журналист Марат Құлибай
Алдабек Нұрлыбаевтың естелігінен:*

СОЛ БІР КҮНДЕРДЕ...

Желтоқсанның әркімге әр түрлі әсер қалдырғаны анық. Алаңға біреуді ұлттық намысы жетелесе, енді бірін желік қуып келгені де рас. Дегенмен, оның да, бұның да ары мен намысын аяқасты еткен империяның әділетсіздігіне зығырдандары қайнап қоя бергені белгілі. Сол тұста кеудесінде қаны буырқанып, қайнап жатқан әрбір қазақтың шыдап тұра алмағаны да шындық. Бастапқыда алаңда не болып жатыр деген қызығушылықпен келген Алдабек Нұрлыбаев та соның бір куәгері. Куәгері ғана емес, қолға түсіп, таяқ жеп, басы жарылып жатса да алаңға үш қайыра соғып, оқиға ортасында болған азаматтың бірі. Ол шақта Жуалының Көктөбесінен келген Алдабек Нұрлыбаев Алматы энергетика және байланыс институтының электромеханикалық факультетінің 2-курс студенті еді.

- Бірінші күні, - деп еске алады Алдабек.-Бір кісінің ұйымдастыруымен алаңнан шыққан жүз қаралы біз Ленин көшесімен төмен түстік. Бағытымыз сол кездегі сауда орталығы ЦУМ-ға дейін шеру тартып, қатарымызды молайтып, алаңға қайта оралу болатын. Қолымызда транспараттар. Топ басшысы: «Бірде-бір затқа, бірде-бір адамға тиісуші болмаңдар. Бұл бейбіт шеру» деп, қатаң ескертті. Ал көшедегі өзге ұл өкілдері; «Қазақтар бізді өлтірейін деп жатыр» деп, байбалам салып, айқайлап жатты. Бірақ біз оларға үн қатқанымыз жоқ. Сол арадан кері бұрылған сәтте, еріктілерден құрылған жасақтарды топырлатып әкеле бастады. Екі жақтың қақтығысқа түссе қиын соғарын сезді ме, басшымыз; «Іс насырға шаппай тұрғанда тез тарандар», - деп таратып жіберді. Ол күні жатақханаға қайтып кеттім. Ертеңіне ертемен институттың алдында кафедра меңгерушісі жиын жасады. Түнде алаңға шыққан жастарды аяусыз ұрып-соққанын, жазаланғандарын, оларға сол керек екенін айтты. Біздің ешқайда шықпауымызды қатаң ескертіп жатақханаға қамап тастады. Сыртқа шығатын болсаң қолхат бересің. Онсыз жіберілмейді деді.

Сағат 11-12 шамасында курстасым Мұхамеджан екеуіміз ұрланып шығып, алаңға бардық. Онда не болып жатқанын өз көзімізбен көргіміз келді. Біз анық қырғын төбелестің үстінен түстік. Сұмдықты көрдік. Қыз-ұл деп таңдап жатқан билік жоқ. Отарға лап қойған қасқырдай талап, тартып жатыр. Оны көріп біз қалай тұрайық. Сол дүмпудің арасында курстасымды жоғалтып алдым. Қарулы жасақ жиі шабуыл жасады. Шабуыл жасағанда шоғыр-шоғыр болып топтасқан топты қаумалайды. Қолына ілінгенін сүйрей-мүйрей әкетіп жатыр. Қалғанын күштеп, қуып таратпақ болады. Соған қарамастан ортамыз ортаймады. Құйылып жатыр. Әскер алаңдағыларды Мир көшесіне қарай ығыстырумен болды. Алаңның қасында сырты биік тақтаймен қоршалған байланыс техникумы болатын. Бір кезде бізді солай қарай тықсырды. Қолы жеткендер ол қоршаудан да асып кетіп жатыр. Сол араға жете бере сүрініп құладым. Артымнан жеткен

әскер ұстай алды. Бірі теуіп, бірі ұрып келеді. Сүйреп автобусқа әкелді. Ішке кіргізе бергенде төмен түсіп келе жатқан еңгезердей прапорчик; «Жетіскен екенсіңдер, қазақтар. Біле-білсең сендер бокқа тыққан қапсыңдар» деп тіземен, беттен, бастан онды-солды соқты кетті. Естен танып жығылдым. Өзімді қаумалап алған қыз-жігіттер бетімнің қанын сүртіп, басымды таңып жатыр. Денемді, басымды ауырсынсам да шыдап бақтым. Бізге қарап жанағылар; «Бұларды қайда апарамыз. Қамауда ұстайтын арнаулы орындардың бәрі толды» дейді бір-біріне. Сонымен өзара келістіме, автобус толы көлік орнынан қозғалды. Бізді қаланың сыртына, Қаргалинка деген жақа апарып тастады. Ол жерден бір-бірімізді сүйреп, қалаға жаяу келдік. Таңға жуық қалада тұратын әпкемнің үйіне бардым. Ол қорқып жүр. Ұйқымды қандырып алған соң алаңға тағы бардым. Жақсылап бүркеніп, бет-аузымды тұмшалап алғам. Кешегідей емес. Алаңда адам саны азайған. Дыбыс күшейткішпен бір кісі екі тілде «тарандар» деп айқайлап тұр. Біраздан соң жоғары шенді бір әскери адам алаңға шығып, команда берді. Солдаттар қатарға тізіліп тұра қалды. Ұзындығы бүкіл алаңды тұтас алып тұр. Оларға А.Байтұрсынов көшесіне дейін алаңда бірде-бір жан қалмауы керектігін қатаң ескертті. Бақайшығына дейін қаруланған әскерге кімнің жүрегі дауаласын. Жұрт тарай бастады. Жастар бөлініп-бөлініп, қолтықтасқан күйі көшелерге түсті. Алаңда әскерден басқа жан баласы қалған жоқ. Бұл 19-желтоқсан күні еді, - деп еске алады Алдабек.

Бұл Алдабектің көргенінің басы ғана екен. Бет-аузынан түгі жоқ ол ауылға қайтып, жарақаты жазылған соң оқуға қайта барады. Сол арада оны бірнеше күн қамауға алып тергейді. Ол курстың старостасы болғандықтан алаңға барған курстастарын қорғамақ болып жанталасады. Көбінде одан Ербол Сыпатаев туралы сұрақ алады. Оқиғаға қатысардан бір күн бұрын бөлмелеріне келген Ербол сөз арасында; «Бұдан кейін көрісеміз бе, көріспейміз бе, бір құдай білсін. Сіздердің ағалық қамқорлықтарыңызға ырзалық ретінде асханаға шақырамын»-деп, інілік ілтипатын білдіріп еді. Сөйтсе өлетінін сезгендей-ақ екен. Ол Алдабектің

курстасы Тұрғынбек деген жігіттің інісі болып келетін. Екеуі бір ауылдан. Көтеріліске қатысу Алдабекке аз кесірін тигізген жоқ. Оқудан қуылды. Жамбыл қаласында жұмыс істеп жүргенде «декабрист» деген ат алып, басшылардан талай қағажу көрді. Кейін түрлі себептермен жұмыстан шығарылды.

...Қазір ойлап қараса, ол бір қиын-қыстау күн екен ғой. Қанша айтқанымен Желтоқсан көтерілісі қазақты жоқ болып кетуден сақтап қалды. Билік қанша мықтымын дегенімен аяғын тартты. Демократия күш алды. Алдабек ұл-қызын адалдыққа, адамгершілікке, отансүйгіштікке тәрилеуде сол күндерді жиі еске алады.

Сәкен Мырзатай:

АҒАЙЫНДЫ ҮШЕУМІЗ ДЕ ҚАТЫСТЫҚ

17-желтоқсан 1986 жылы автобуспен мініп таната астанамыз Алматы қаласына келіп жеттік. Сағила апаймыздың мекенжайы М.Горький көшесі № 59 үй 56 кв. еді. Апайымыздың үйіне келіп жағдай сұрасып, әскерден келген інімізбен қауышып біраз әңгімелестік, көптеген ақпараттар естідік.

Сағила әпкеміз бізге анамыз уайымдап жатқан шығар тезірек қайтыңдар ауылға деп сыртқа дейін шығарып салды, әрі қарай бармай-ақ қойыңыз. «Саяхат» автовокзалы жақын ғой өзіміз бара саламыз деп, сол жерде қоштасып, әпкемізді үйге қайтарып жібердік. Төмен қарай Ч.Валиханов көшесімен түсіп келе жатқанымызда бір топ жастар «Менің Қазақстаным» деген Шәмші ағамыздың өлеңін айтып бара жатты. Кейіннен біз олардың сол жерде оқитын студенттері екенін білдік. «Қазақтар бірігіңдер!» деген ұрандарды айқайлап, айтып қояды. Біз біраз қарап тұрдық. «Нағыз қазақ болсаңдар ілесіңдер соңымыздан!» деген ұрандарды естігенде ағайынды бірге туған Сағидолла, Мұқан және мен үшеуіміз бір-бірімізге қарап сөзге де келмей сондарынан жайлап ілесе бердік.

Жолшыбай неше түрлі әңгімелерді естіп «Брежнев» алаңына қалай жеткенімізді білмей де қалыппыз, алаңға келгенде адамдар біраз жиналып қалыпты, алаңның шет жақтарында көптеген милициялар жүр екен. Бірақта бізге олар тиіскен жоқ... Трибунадан әртістердің, белгілі қайраткерлердің бір адам мен қала прокурорымын деп сөйлеп жатқандары есімде. Трибунадан дауыстар жөнді естілмей жатты. Себебі алаңдағы жиналған азаматтар дауыстарын шығарып өз ойларын бір-біріне айтып жатты. Қазақ елін қазақ басқару керек деген ұран сөздер дауыстап шығып жатты. Трибунадан сөйлеп жатқан адамдар жиналған жастарға үйлеріңе қайтыңдар, үкімет өздері шешеді, барлығы жақсы болады деп басу айтып жатты. Жастар қол ұстасып «алтын күн аспаны» деп ән шырқап, әр қайсылары өздерінің пікірлерін бір-бірлеріне айтып мәз-мейрам болып тұра берді, тарауға асықпады. Біраздан соң қараңғы түсе бастады. Машиналармен солдаттар келіп түсіп жатты. Бір нәрсе болатынын жүрегім сезгендей болды, бірақ та сыр бермедім,. Аланды түгелімен үш қатар қоршауға алды. Бір қатар милиционерлер, екі қатар әскери адамдар, бұдан кейін алаңнан ешкімді шығармауға тырысты. Бір кездері милиция мен әскери адамдарға күш қолдануға рұқсат еткен болар, тұрған халыққа шет жақтан лап беріп, дубинкаларымен сабап, қолдарын қайырып алып кетіп жатты. Жастар не істерін білмей, мұндай сұмдықты бұрын көрмеген, естімеген, бұндай жағдайда өздерін қалай қорғауға бейімделмеген байқұстар тыпырлап не істерін білмей қалды, жастар ары-бері қашып, қарулы дайындалып келген орган адамдарына төтеп бере алмады.

Сол кез есіме түссе денем түршігеді, әскер мен орган адамдарының сондай қатыгездікпен қазақтың ұлдары мен қыздарын сабап, ойларына келгенін істегенін әлі күнге дейін түсіне алмаймын. Себебі сол уақыттың саясаты бойынша ондай террор болмауы керек еді. Ал біз ағайындыларға келетін болсақ, әскерлік дайындығымыздың бар білген өнерімізді салып, көпшіліктің арасында ширақ қозғалып, шеңбердің ішінен

шығудың амалын қарастырдық. Қанша тырыссақ та шеңберді бұза алмадық, дегенмен бір-бірімізден ажырамадық. Қашып жүргенде інім аяғын қайырып алған болатын. Ағам екеуіміз екі жақтан демеп келе жатқанбыз, кенет милициялар шап беріп, тоқпақтай бастады. Жұлқылап уазикке тығып жіберді. Қай жаққа алып бара жатқанын білмеймін, қаланы онша білмеймін, әйтеуір РОВД деген дауысты естідім. Уазиктің іші лық адам нығыздап тастаған, бар болғаны бізді алып бара жатқан екі милиционер. Қашуға заннан қорқамыз, себебі біз «комсомолмыз ғой» тәрбие сондай...

Бір кезде Құдай қарасты ма келе жатқан машинамыз өшіп қалды, бізге керегі де сол екен есікті аша салып жан-жаққа қаша жөнелдік. Екі милиционердің шамасы кімге жетсін. Сөйтіп ойламаған жерден желтоқсан оқиғасына қатысып ел көрмеген сұмдықты көріп, естіп тарихи күнге куә болғанбыз.

Ғалия Есболғанова:

ҚЫЗЫЛ ДИПЛОММЕН ҚОШТАСТЫМ

Мен, Есболғанова Ғалия Көшкінбайқызы 1965 жылы Шу ауданы, Абай ауылында көп балалы, қарапайым отбасында дүниеге келгенмін. 1972-1982 жылдар аралығында Абай ауылында (ол кезде совхоз) он жылдық орта мектепте оқыдым. Мектепті аяқтағаннан кейін Жамбыл қаласындағы кәсіптік-техникалық училищеде оператор даярлайтын курсында білім алдым. Курсты бітіргеннен кейін аудандық статистика орталығында оператор міндетін атқардым. 1985 жылы Алматы қаласындағы есеп-кредит техникумына оқуға түсуім 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісіне қатысуыма ықпал жасады. Сұрапыл күндері көтерілістің алдыңғы қатарында жүрдім. Сол кезде жантүршігерлік оқиғалардың куәсі болдым. Желтоқсанның 16-ында Қонаевқа қара күйе жағылып, билікке кездейсоқ

адамның келуіне наразылығын білдірген халықпен бірге жүріп, жатақханаға кеш қайттық. Жатақханада түнімен «Әр ұлттың басында өз өкілі отыруы тиіс» -деген Лениннің сөзімен бірге «Колбин кетсін» ... деген тақырыптарда түрлі ұрандар жазылған плакаттарды дайындап, ертесіне алаңға қайта келдік...

18-желтоқсанда танертең мені бөлмемде жатқан жерімнен алып кетіп, «ұйымдастырушы» ретінде жатақхананың жерасты дәлізіне қамап қойды. Сол жерде үш күн қамауда отырдым. Орыс ұлтының азаматы- тергеуші болу керек үш күн бойы қайта-қайта келіп сұрақтың астына алып жүрді. Барлық жауаптарымды қағазға түсіртіп қол қойдырып отырды. Үш күннен соң ғана мені жатақханаға жіберді. Кейіннен оқуда қалдырылғаныммен «учет в сберкассах» сабағынан беретін орыс апайымыз барлық студенттердің алдында маған жазылып қойған қызыл дипломды жыртып, бетіме лақтырып «ты нацистка...» деп балағаттап, өз сабағынан маған «3» деген баға қойып, дипломымды көкке айырбастатып берді... Дегенменен сол 1987 жылы оқуымды аман-есен тамамдап аудан орталығында қызметтемін. Отағасы Шайқы екеуіміз үш бала тәрбиелеп 2-3 немере сүйіп отырған бақытты аналардың бірімін.

Мен, Наурызбаева (қазір Шоқаева) Анар Аманкелдіқызы 1985-87 жылдары сол Алматы қаласындағы есеп-кредит техникумында Ғалиямен бірге оқып едім. 17 - желтоқсан күні бірен-сараны квартирада, өз үйінде жататын студенттер ғана сабаққа келіппіз. Мұғалімдер абыр-сабыр. Ботаникалық-бульвар көшесінде орналасқан 9 қабаттық жатақханадағы техникумның бүкіл студенттерін Ғалия үгіттеп алаңға алып кетіпті. Соның салдарынан Ғалия Есболғанованы жатақхананың подвалына қамап қойды. Кейіннен оған қызыл дипломмен қоштасуға тура келді, абырой болғанда оқудан қуылған жоқ.

КЕНЖЕБЕК ИБРАИМОВҚА ҚАЛИДЫҢ АЙТҚАН ЕСТЕЛІКТЕРІНЕН:

Қораласбаев Қали Ерғазыұлы 1965 жылы Жамбыл облысы, Шу ауданы, Төле би ауылында қарапайым отбасында дүниеге келген. 1983-1987 жылдары Алматы қаласындағы Гоголь атындағы көркем сурет училищесінде оқып, қоғамдық жұмыспен айналыса жүріп әскери патриоттық «іздістіру» клубының мүшесі болады. 1986 жылы, 4 курста, бірге оқитын Зәуре Ташметқызымен көңілдері жараса үйленіп, көркем сурет училищесінің жатаханасында бірге тұрып жатады. 1986 жылдың 16 желтоқсанында Қазақ ССР-нің бірінші хатшысы Дінмұхамет Қонаевті орнынан аяқ астынан алып, халыққа бейбәлім қайдағы бір Ульяновск қаласынан Колбинді тосыннан кездейсоқ Қазақстанды басқаруға әкелгенін естіп, жатаханада жататын жастар арасында қызу талқылы айтыс өрбіп, әркім өз ойын айтып жатады. Ал, өзге оқу орнындағы ересектеу жігіттер жатаханада жататын студенттерге плакат жазып берулерін сұранады. Ол плакаттар қайда, не үшін, керек екенін айтылмастан сол түні әр бөлмеде жазылып жатады. Бірақ Кеңес үкіметіне ешқандай қарсы келетін сөздер болмаған. Лениннің идеясы жасасын! Лениннің ұлт саясаты жасасын! деген мәтінде жазылады.

Қали Ерғазыұлының еске ала ашығын айтқаны: - 17 желтоқсан күні таң ертең сабаққа бара жатқам, Абай даңғылымен бір топ жастар, асығыс кетіп бара жатыр екен. Жөн сұрасам, алаңға деді, мен де соларға қосыла кеттім. Таң қалғаным мыңдаған жастар жиналып, алаң теңіздей толқып тұр екен, орталарына барып қосылдық. Сол кезде жанымдағы тұрған жігіт, қызбалыққа салынбайық, бізге жанжалдың керегі жоқ, ортамызда КГБ адамдары жүр, арандатылып қалмайық, біздің талабымыз еліміздің басшысы қазақ болмаса да, Қазақстаннан шыққан адам болуы керек, деді. Мен де жанымдағы басқа жастарға осыны айттым. Алаңдағы жастар да бір-біріне осы сөздерді таратып

жатыр екен. Бір кезде, бүкіл жастар «Менің Қазақстаным»әнін айтқанда ерекше сезімде болдым, бойымды әлдебір күш билеп, еріксіз көзіме жас үйірілді.Бұл тарихи сәт, менің өмір бойы ұмытылмас рухымды демейтін күшке айналды. Мен алаңда түске дейін болып, жатаханаға келіп естімеген жастарға алаңда болып жатқан жағдайды жеткіздім. Бес - алтауымыз жыйылып қайта алаңға бара жатқанымызда, аяғы ауыр әйелім, мен де барамын деп қоймады. – Жүктісің, аяғымызға тұсау боласың, деп, жатаханада қалдырып кеттім. Кеш қарая алаңға келсек айқай – шу, дауыс күшейткішпен әлдебір үкімет адамдары бұйрықты түрде жастардың алаңнан кетуін талап етіп жатыр екен. Алаңның алдыңғы шебіне ұмтылып жатқан бізді қыздар кеудемізден итеріп, - Жігіттер! сендер қызбалыққа салынып солдаттармен төбелесіп қаласыңдар, олар бізге тимейді, бізді өлтірсе де ештеңе етпейді, біз сендерден үш есе көппіз, сендер өлсеңдер қазақтың тұқымы азаяды деп айқайлап айтқан сөздері, әлі күнге дейін есімнен кеткен емес. Сол кездегі билік жастардың талабы Лениннің принципімен үндес екенін біле тұра, аяусыз қатыгездікпен жазықсыз жастарды күшпен басып, алаңды қанға бөктірді. Бүкіл Кеңестік ақпараттық құралдары, бір ауыздан бұзақы, маскүнемдер мен нашақорлар деп айыптаумен болды.18-19 желтоқсаннан бастап, қазақ жастарына жазалау, тергеу, операциясы жүре бастады. Желтоқсанның 20-21 күндері училищенің бүкіл студенттерімен ұстаздарынан құралған жиналыс өткізіліп, төрде қара пальто киген сұсты бөтен екі адам отырды, олардың бірі КГБ-ның адамы екенін кейін білдік. Жиналыстың аурасы өте ауыр жағдайда өтіп жатты, ұстаздарымыздың жүздері сынық, өйткені плакаттар жазылған жер, ұйымдастырушылардың бірі болып есептеледі екен. Сол үшін, ұстаздарымызға қысым көрсетілсе керек, жастардың да көңілі пәс. Қара пальто киген адамның бірі орнынан тұрып: - біз ұстаздарды тындадық, енді жастар сөйлесін, солардың ойын білу үшін келдік, деді. Осы кезде, залдың ішінде масаның ызыны ғана естілетіндей тыныштық орнады. Бәрі тым-тырыс. Бір кезде жанымдағы отырған жігіттің бірі: -Қалеке, әшейінде сөзге дес

бермей отаншыл сөздер айтушы едің ғой, неге үнсіз қалдың,- деп менің намысымды қайрады. Қали сөйлесін!- деп басқа жастар да қолдап кетті. Сол аумалы-төкпелі уақытта, менің қобалжыған көңілімді одан сайын толқытып , бойымды үрей билеп алды. Орнымнан тұрып, мінбеге барғанша, жастардың маған деген сенімі едәуір күш беріп үрейімді тізгіндегендей болдым. Екі жендет, қимылым мен аузымды бағып олар отыр. Мінбеге шығып сөзімді орысша бастадым, өйткені жиналыс сол тілде өтіп жатқан болатын. Оның үстіне әскери патриоттық клубта үйренгендіктен, орысшаға да жетік болатынымын. Сөзімнің басын амандасудан бастап, өзімнің ауылдан келгенімді, көп ұлтты көшеде өскенімді бірақ, ұлтшыл шовинист деген сөзді осы қалаға келгенен кейін ғана білгенімді білдірдім. Басқа ұлт шавинистерінен өз басым осы қалада қысым көргенімді айтқанда, бүкіл зал, у-у-у деген дауыс шығарып күніреніп кетті. Мен сол адамның ұлтына емес, сол адамның жеке басына ренжідім, өйкені жақсы менен жаман адамдар барлық халықта бар, ұлтшыл шавинистерді, ұлтжандылықпен шатастырмауымыз керек екенін айтып, ойымды түйіндедім. Лениннің мемлекеттің нәзік жері ұлттық сұрақ деген сөзімен ұштастырып, қазақ халқы ұлтшыл шовинист болған емес, қайта өз жерінде тұрып, салт - дәстүрі мен тілінен айырылып , бұл проблема диалектика заңымен дамып бара жатқанын қадап айттым. Маркстік сананың қоғамға, қоғам адамның санасына әсер етеді, деген сөзіммен бекітіп, жастардың алаңға не үшін барғанының шетін шығарып кеттім. Біздің жастар бұзақы, нашақор емес, адами құндылықты жоғары бағалайтын отаншыл, ұлтжанды, екенін айтып дәлелдеп бақтым. Сонымен айтып тұрған ойымды қалыптастырып, тәрбие берген ұстаздарыма рахмет айта келіп, менің орнымда біздің кез- келген студенттеріміз, осы сөзді айтар еді және менің сөзіме осы жердегі отырған барлық жастар қосылады дедім . Сөзімнің сонында, Абай атамыздың адамның баласы досың, деген сөзін тиек етіп, мен өнер адамымын, яғни бүкіл әлемнің баласымын. Өзім болсам саяси жетік, сауатты емеспін, жасым тек қана 20 да, менің кешегі болған оқиғаға баға беруге ешқандай құқығым

жоқ, бағасын беретін уақыт, деп сөзімді аяқтадым. Бүкіл зал, шуылдап шапалақтап ұстаздарым тұрып кетіп, құшақтап, қолымды алып жатты, жастар да орныма барып отырғанша қолымды алумен болды. Достарым кейін айтқандай, 20 минуттан аса сөз сөйлеппін. Жиналыс бітісімен, мені комсомол комитетінің бөлмесіне шақырып жатыр деді. Келсем, әлгі екеуі, менің жақсы сөйлегенімді, шешен екендігімді айта келіп, басқа оқу орындарының жастарына кәзіргі мен айтқан сарында емес, өздерінің айтқаны бойынша сөйлеуімді талап етті. Мен басқа жерде сөйлей алмай қысылатынымды сылтауратып, бас тарттым.

Екеуі де азиялық болатын, бір-біріне қарады да, біреуі маған бұрылып, сұсты көзімен қарап, кете бер деген ишарат білдірді. Бөлмеден шықсам, мазасыздана уайымдап, мені күтіп тұрған ұстаздарымды көрдім. Бәрі дұрыс-па, балам? - деп құшақтап жатыр, - Ойдағыдай дұрыс ағайлар, ана кісілер бара бер деді ғой, дедім. Бір ағайым, - Үш әріпке сенім жоқ, олар айта береді, ойларында не бар екенін білмейміз ғой, оқуды бітірісімен қалада қалма, ауылға кет балам, деп, ақылын айтқанда, - Ағай, Ленинград академиясышы?,- дедім. Қайдағы академия? Суретші болмасаң болмай-ақ қой, қазақтың бір қара домалақ баласы аман болсыншы, сен олардың көзіне түсіп қалдың ғой.- дегені. Негізі училищеден кейін Ленинград академиясында оқуымды жалғастыруым керек болатын. Сол жылдары, қазақ жастарына, Кеңес үкметінің барлық оқу орындары, есігін жапты емес-пе...

Желтоқсан айының 25 жұлдызында, біз өзіміздің жатаханадағы терезенің жанында отырғанбыз, бір мезетте, музыка училищесінің жатаханасының жанында, бір зат тарс етіп, шу еткен қыздардың даусы шықты. Музыка училищесі студенттерінің жатынжайы біздің жатаханадан 50 метр жердей болатын. Біз де, дереу ел жиналған жерге 2-3 минутта жеттік, музыка училищесінің жастарынан не болғанын білгенімізде, Ләззат Асанова деген училищенің 2-ші курс студент қызы жатахананың үстінен жерге құлап қайтыс болды, деген жауап алдық, себебін ешқайысы ашып айта алмады. Бірер минуттан кейін, жедел жәрдем машинасы келіп Ләззат Асанованың

жансыз денесін алып кетті. Бұл қайғылы көрініс жүйкеміз жұқарып тұрған біздер үшін, қабырғамызға қатты батып, сол жылдардың қаралы күні ретінде мәңгі есімізде қалды.

1987 жылы, Алматы көркемсурет училищесін жұбайымыз екеуіміз бітіріп, дипломымызды алып және жас нәрестелі болып, туған ауылыма келдік. Аудандық суретшілер шеберханасына жұмысқа орналастым. Бір айдан кейін мені, аудандық комсомол комитетіне шақыртып, КГБ-ның адамы, 2 сағаттай менімен әңгімелесіп, тергеп шықты және менің бақылауда болатынымды ескертті. Аңсаған тәуелсіздікке де 1991 жылы жеткіздік, сол бойымдағы үрей мен қорқыныш, сол жылдармен кеткендей болды.

Желтоқсан оқиғасына қатысым барын білдіріп, 2011 жылға дейін тіс жарған емеспін. Қазақстан Республикасының тәуелсіздігінің 20 жылдығына орай, аудандық мәдениет үйінде сурет көрмемді ұйымдастырдым. Осы көрмеге, Шу қаласының тұрғыны, Гоголь атындағы көркем сурет училищесінің түлегі, желтоқсан оқиғасына қатысушы, ҰлтановБолатта арнайы келген болатын. Жергілікті «Шу өңірі» газетінің тілшісіне әріптесім, менің өнерім туралы сұхбат беруі барысында, 1986 жылдың, желтоқсанында алаңда болғанымызды және Алматы көркем сурет училищесінің ұстаздары мен суденттерін қорғап сөйлегенім туралы алғаш айтқан болатын. Соған байланысты тілші Нұржан



Қадырбековтың аудандық «Шу өңірі» газетінде мен туралы «Патриоттық рухы жоғары» атты мақаласы жарық көрді. 2011 жылы желтоқсаншылар тізіміне алындым. Өткен жылы Киелі де, қасіретті Желтоқсан көтерілісіне арнаған бірнеше жыл еңбектене тастан қашап жасаған қол туындымды Тараз қаласындағы Халық қаһарманы – Қайрат Рысқұлбековтың ескерткіші жанындағы JELTOQSAN, 86 Орталық музейі Үйіне тарту еттім.

РАХЫШЕВАНЫҢ ЕРЛІКТІ ШАРАПАТЫ...

1988 жылы Мойынқұм ауданының Көктерек совхозында жылжымалы монша машинасын жүргізіп малшыларды аралап қызмет көрсететінмін. Мамыр айының мамыражай тамылжыған шағы еді. Қазақ хандығының туы көтерілген Хантауының жайлауында Құсайынов Марат деген шопанның үйінде түс мезгілінде шәйға отырғанымыз сол еді, су таситын Елтайұлы Алғабек інішектің аутокөлігімен келіп қалғаны. Ауылдағы жаңалықтарды құмарта білгісі келген Мараттың көрші-қолаңы: - Өткен жылы 5-6 үйдің ірі қараларын ұрлаған ұрыларға шара қолданды ма?- деп, сұрай бстады. Менің жазған хатыма байланысты жуырда «Социалистік Қазақстан» газетінің меншікті тілшісі арнайы келіп, аудандық партия комитетінің хатшысы С.А.-тің қабылдау бөлмесінде мал иелері және құзырлы орган қызметкерлерімен талқылау жиыны өтіп, хатшы мырзаның біздің өзімізді кінәлап шығарғанын айтып бердім. Сол сәтте Алғабек:- Мен ақпан айында совхоз директоры А.Дүйсебаевтың тапсырмасымен шаруашылықтың сойылған жылқысын соғым ретінде аудан орталығында тұратын хатшының үйіне апарып бергенмін, дегені. Сонда мен: - қап, бұны сонда білгенімде, өзіңіз де ұрылармен байланыста екенсіз ғой, деп, әшкерелеп беретін едім-ді айтқанмын... Қыркүйек айында Көктерек кеңшары партия ұйымының есеп беру жиналысы өтетін болды. Коммунистік партия ұйымының мүшесі болмасам да қатынасып:- директор мырзаның қарапайым жұмысшылардың әлеуметтік тыныс-тіршіліктеріне атүсті қарайтының, тіптен, ыстық асқа жеңілдікпен де көмектеспейтінін айта келе, керісінше, аудандық КПК-нің хатшысына ферманың балпанактай семіз жылқысын соғым ретінде тарту еткенін халықтың көзінше айтып бердім... Сол кездерде Мойынқұм аудандық партия комитетінің бірінші хатшылығына тағайындалғанына


көп уақыт бола қоймаған Нилзия Рақышеваға жазбаша хат тапсырып, сыбайласқан-қылмысты әрекет дәлелденгеннен кейін жеке қабылдауында болдым. Онда да мынадай өтінішті тілекпен :- шаруашылық жылқысын арам өлді, деп, жалған АКТ жасаған мал мамандарының бала-шағаларының көз жастарына қалғым келмейді, тек, хатшы мен директорға қарсы партиялық жаза қолдансаңыздар келісемін, дегенмін. Аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы қызметін атқарумен қатар, әрі бала тәрбиелеп отырған мейірімді жүректі ана болған соң жаны ашыды ма, жылқыға байланысты кінәлі мамандарды заң орындарына сүйреуді жөн көрмеді. Қызмет бабын асыра пайдалана, негізгі қылмысқа барған аупартком хатшысы мен директор екеуі де бір жылқы үшін партия қатарынан шығарылып, лауазымды қызметтерінен босатылды...

Сол кездегі аупарткомның бірінші хатшысы Н. Рақышеваның бұл жазасы - қазіргі таңда миллиардтаған қаржыларды желге ұшырып, қоғамымыздың барлық саласын сыбайлас жемқорлық жайлаған елімізді экономикалық дағдарысқа белшесінен батырып отырған лауазымды тұлғаларға тағылымды сабақ болатындай өнеге десек те болады.

1987 жылы аудан мұғалімдерінің тамыз мәслихатында облыстық партия комитетінен арнайы қатынасуға келген өкіл Ж.К. –тің «выступление С.Кожаназарова расчитано для дурачков» деген қарсылығынан қаймықпастан мінберде сүйікті шәкіртін «қарлығаштың қанатымен су сепкендей» қорғауға ұмтылған. Яғни, адам өлтірді жаласымен жазықсыздан-жазысыз ату жазасына кесілген Қайрат Рысқұлбековтың жазасын жеңілдетуге үндеу көтерген Сейіткерім Қожаназаров мені бірте-бірте өзіне жақын тарта бастады. Семей түрмесінде Қайраттың өміріне қастандық жасалғанда, Секең анасы Дәметкенге жоғарыдағы құзырлы орындарға хат жазып беріп көмектесумен болды. Нилзия Рақышева ханым аудандық партия комитетіндегі үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі Мұсахан Бейімбетовтен: - осы біздің ауданда Қайрат Рысқұлбековке

іздеу салатын еркек кіндіктілерден бе, немесе жақындарынан ешкім жоқ-па? - деп, білгісі келеді. Әрине, Мұсахан мұғалімі С.Қожаназаровты айтады. Сөйтіп, Н. Рақышева Секеңді арнайы қабылдап, Қ.Рысқұлбековтың інісі Талғатпен Алматыдағы 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісіне байланысты құрылған комиссия төрағаларына барып жолығып қайтуларына мүмкіндік тудырады. С. Қожаназаров пен Талғат екеуі Қадыр Мырзалиевтің қабылдауында болғанда, Секеңе Радиодан сөйле, қор құрындар, дейді. -«Сондағы радиодан сөйлегенім, 3 жылдан кейін ғана эфирден берілді», деп, аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы лауазымымен Нілзия Рақышеваның қызмет ете жүре, қыршын боздақ Қайрат Рысқұлбековтың тағдырына жанашырлық танытуы сол кездегі белең алған саяси хал-ахуалға карағанда нағыз ерлікпен пара-пар еді - деп, Секең ағынан жарылады. Ал, менің пайымдауымша шеткері аймақтағы ауданда Н. Рақышеваның қанатын кеңге жайып келе жатқан сыбайлас-жемқорлы әрекеттердің жолын кесе бастағаны жоғарыдағы кейбір лауазым иелеріне ұнаңқырамай ол кісінің қызметінен Жамбыл облыстық атқару комитетіндегі қызметке ертерек орнын ауыстыруына мәжбүрлі ықпал еткен секілді.

Аудандық «Қазақ тілі» қоғамы басқармасы құрылғанда төрағалығына сайланған Сейіткерім Қожаназарұлы жұмыссыз жүрген Қайраттың әкесі Ноғайбай Рысқұлбековты жанашырлықпен, қарап жүрмей жұмыс істеп, ауданның елді мекендерін аралап халықпен таныссын, деп, есепшілік қызметке алады...



Мәкен Уақтегі.
24.08.2019

ҚАМҚОРЛЫ ҚОЛДАУШЫЛАРҒА АЛҒЫСЫМЫЗ ШЕКСІЗ!!..

Осы желтоқсан көтерілісінің жарық жұлдызы, Халық қаһарманы Қайрат Рысқұлбековтың есімін исі қазақ жұрты құрмет тұтады. Арамызда сау-саламат тірлік кешіп жүргенінде Қайрат 53 жастан асып, бір емес бірнеше баланың әкесі ретінде еліміздің өркендеп-өрістеуіне өзіндік үлесін қосып жүрген қоғам қайраткерлерінің алдыңғы легінен табылатыны сөзсіз еді деп айта аламын. Бүкіл қазақ еліне жағылған қара күйе- ұлтшылдықты алып тастауға мұрындық болып қана қоймай, жазықсыздан-жазықсыз жазаланған жастарымызды ақтап, олардың еркіндікке шығуларына ықпал еткен ақын Мұхтар Шахановты бүгінде бүкіл әлем біледі. «... Жүрегінен намыс алауы лапылдаған осы жігіт тірі тұрғанда, сөз жоқ, өз халқының айбарлы ақыны, үлкен қоғам қайраткері болар еді», -деп, өзегі өртені өкінішпен:

«Мүмкіндігім бола тұра
Саған жәрдем бермесем,
Менің қолым кесілсін.
Көгершінге оқ атсақ,
Күншіл тоғай арасында
Ел сенімін жоғалтсақ,
Жазаласын бізді анамыз,

Жазаласын халқымыз...» деп, 1992 жылы туған ауылында ескерткіш салыну сәті басталарда, Мұхаң қыруар қоғамдық жұмыстары басынан асып жатса да, бізге қол ұшын беруді ұмытпады.

Әкімшілдік-қатыгездік жүйенің қысымымен Қайратпен бірге нақақтан-нақақ жапа шегіп жазаланған, 1991 жылы түрмеден босанып шыға салысымен «Бірлік» ауылына келіп, Наурыз мерекесінде Қайраттың қорын ашуға атсалысқан Қайырқелді

(қатігез сотта Қайратпен қасқайып тұрған 4 жігіттің бірі) Күзембаев інімізді көпшілік біле бермейді.

Бүкіл Республика бойынша Қайрат бауырымыздың істерінің актығын, пәктігін көрегендікпен сезе де, түсіне де білген, тұңғыш рет Жетісай қалалық саябағына оның есімін бергізуге мұрындық болған, сол аудандық «Қазақ тілі» қоғамы басқармасының төрағасы болған, белгілі ақын-марқұм Әлібек Мейірбекұлын Жаратқан Иеміз пейіштің төрінен шапағатымен нұрландырсын, дейміз.

Қасиетті Абай бабамыздың топырағынан мәңгілік орын тапқан жас боздақтың әруағын құрметтеп, оның зиратының басына ескерткіш-құлпытас орнатырып, 1991 жылы тәуелсіздік мерекесі қарсаңында Қайрат Рысқұлбеков атындағы республикалық спорттық жарыстар, ақындар айтысын өткізуді ұйымдастыруға белсене атсалысқан Семей облыстық «Қазақ тілі» қоғамы басқармасының төрағасы Аманғазы Тілеубаевқа Қайраттың жерлестерінің атынан ыстық алғыс сезімімізді білдіреміз.

Амал қанша, біз «он екіде бір гүлі ашылмай» қыршынынан қиылған боздақтың рухын құрметтеуге байланысты іс-шараны Кеңес одағы шаңырағының шатқаяқтамай тұрған шағында оның 1991 жылы 13 наурызда 25 жасқа толатын туған күнін Мойынқұм ауданындағы өзінің ауылы Бірліктегі «Бірлік» орталау мектебінде атап өттік. Алматыдан «Желтоқсан» қоғамдық ұйымының өкілдері Бек Сүлейменов, Нұрлыхан Ескендіров сынды жігіттер ат арылта келіп, ұстаз-оқушылармен, ауылдастарымен кездесулер өткізіп, Желтоқсан оқиғасы жайлы түсінік жұмыстарын жүргізуге әрекеттенді. Сондай-ақ, кино-режиссер Қалдыбай Әбенев пен желтоқсаншы Құттыбек Аймаханов та арнайы келіп мектепке Қайрат Рысқұлбековтың есімін бергізуге едәуір еңбектене насихаттап кетті. Желтоқсандықтармен де тығыз байланысып, сол жылдың соңына таман едәуір дау-дамайлы айтыс-тартысты қиыншылықтардан кейін Қ.Рысқұлбековтың есімін Бірлік орталау мектебіне

бергіздік. Кейінірек Бірлік пен Киров атындағы орта мектептері қосылған соң бірден-ақ Халық қаһарманының есімін иеленді. Бұл ретте Қайраттың қорғаушы-ұстазы Сейіткерім Қожаназаровтың табандылық танытқаны айрықша атауға тұрарлықтай. Сондай-ақ, марқұм Тасболат Іңкәрбековтей ақсақалдың, Мақсат Сейдалиев, Берікбай Қадықов, марқұм Найманхан Нүпбаев, Қалибек Шайжан, Қалдыбек Ақмурзин сынды азаматтардың тұрақты қолдау көрсеткенін атап өтпесем болмас.

1992 жылы көктемнің басында Мойынқұм аудандық Кеңесі төрағасының орынбасары Жұмабек Орынбаевтың қабылдауында отырғанмын. Ол кісі қызмет бабымен өзін сынаған, не қарсы пікір айтқан азаматтармен ешнәрсе болмағандай бүкпесіз, ашық-жарқын сөйлесе беретін. Қайрат қоры жайлы және ескерткішті қалай тұрғызу туралы кеңесіп отыр едік, сұңғақ бойлы қараторы кісі кіріп келді. –Мәке, міне, ескерткіш жасап беретін адамның өзі де келді,- деп, таныстыра бастады. Алматыдағы көркемсурет және театр институтының проректоры Байтұрсын Өмірбеков Мойынқұм ауданындағы еңбек ерлерінің мүсіндерін жасаған үлкен өнер иесі болып шықты. Бөкең сөзге келмей-ақ:- Қайраттай батыр ұлымызға ескерткіш орнату, оның бейнесін мүсіндеу кім-кімге болсын зор мәртебе. Егер біздің көмегіміз қажет болса, әрдайым дайынбыз, - деп, мекен-жайын айтып, қызмет телефонының нөмірін жазып берді.

10-15 күн өтер-өтпестен, Мойынқұм аудандық Кеңесінің төрағасы Мұрат Сейдалиев, орынбасары Жұмабек Орынбаев, Коминтерн ауылдық Кеңесінің төрағасы Ермұрат Асанбаев, Байтұрсын Өмірбеков және осы жолдардың авторы бәріміз бас қостық. Аудан басшылары Қайраттың басы мен иығын ғана сомдап, кішігірім мүсін орнатуды мақұлдаса, мен Одақтағы ескерткіштер жинағы кітабын көрсетіп, ақыры жасатқан соң, көлемді етіп, белуарына дейін қамтып, қатыгез соттағы қасқайып, қаймықпай тұрған суретіндей үлгіде жасауды ұсындым. Бәріміз осы үлгіге тоқтадық... Байтұрсындардың ұсынысымен

Қайраттың тергеуде қырынан түсірілген суретін табу бізге оңайға түспеді. Мұхтар Шаханов арқылы Жоғарғы Соттың төрағасы Т. Айтмұханбетовке дейін шығуға тура келді... Арасында мекемелер мен банктерге де кіріп, демеуші іздестіре бастадым. «Крамдс» банкісі басшысының қабылдау бөлмесінде отырғанымда, бір жігіт «Төле би» банкісінің деректірі, 1- топ мүгедегі Мамырбек Әбдірахмановпен таныстырды. Мамырбек Қайраттың суреті мен қатынас қағазын алып тұрып: «Ескерткіштің құнын қанша болса да мен көтеремін», деп, уәде берді. Байтұрсын Өмірбеков пен Болат Досжановтар ескерткішті бастап жатқандарында іздеген сурет те табылды. Мүсін жасалынып жатқанда Қайраттың ата-анасы мен қарындасы Меруертті арнайы алдырып ұқсамайтын жерлерін асықпай жөндеттірдік...

Ескерткіш жасалынып біткенше төс белгі жасаттырсақ, деп, сол кездегі аудандық Мәдениет бөлімін басқаратын А. Шүніреков екеуіміз Сейфуллин даңғылы бойындағы сувенирлер фабрикасына барып, жетекшілеріне мән-жайды түсіндірдік. Қайраттың кім екендігін сұрай бастады. Асылхан байқамай «Желтоқсан оқиғасына қатынасқан» деп қалғаны. Сол-ақ екен қабылдап отырған мырза: - О, онда біз жасай алмаймыз, Министрлер кабинетінің рұқсаты керек, - деп қайқайып шыға келгені. Тауымыз шағылған екеуіміз баяғы жанашыр ағамыз Мұхтар Шахановқа келгенімізде:

- Мен оларға бәлен-түген деп айта алмаймын, менің атымды естіп қалса, одан сайын қитығып, қырсығып қалады, деді ол кісі. – Одан да Мемлекеттік Жастар ісі жөніндегі комитетінің төрағасы Иманғали Тасмағанбетовке жолығыңдар, сол жігіт көмектеседі. Иманғали бірден бөлім меңгерушісі Өтеген Келібаевқа тапсырып, ол төс белгілер жасайтын орынды табуға көмектесті... 1992 жылдың 10 қыркүйегіне ашылу рәсімі белгіленген Ескерткіш те дайындалып, төс белгілердің де жартысын ала алдық. Ашылу рәсіміне 1 күн қалғанда күтпеген жерден «Төле би» банкісінің басшысы Мамырбек Әбдірахманов, Төле би қорының деректірі Оралжан Масатбаев пен жазушы

Сәрсенбі Дәуіттер байғазыларымен: - ескерткіштің құнына, Қайраттың туыстарына жаңа үйге кіруіне көрімдікке, Қайрат мектебінің озат оқушыларына - Төле би және Қ. Рысқұлбеков атындағы стипендияларға Қайрат қоры есебіне ақшалай аударылған банкінің түбіртектерінің құжаттарын ала келіп мерейімізді көтеріп-ақ тастады.

Ертеңіне Қаһарман Қайрат ескерткішінің салтанатты ашылуы зор деңгейде өтті. Желтоқсаншыларды басқара келген Мұхтар Шаханов сол мезетте шығарған «Оралу»:

Дархандықпен кенділіктің,
Арамдық пен пенделіктің,
Арасынан мәңгі итжығыс,
Түсіп жатқан осы алапат майданның,
Жігеріңмен көктеп өтіп,
Ұлт мүддесін шекпен етіп,
Төбең бір сәт көкке жетіп,
Өз өлкене ескерткіш боп оралдың ба, айдарлым!?
Жетекке алып саналы арман,
Бүршігіңді жаңа жарған шағында,
Денең қалып сонау Семей түрмесінің маңында,
Рухыңмен туған өлке топырағын,
Қайта бастың кемелдеп.
Ара жігін ерлік пенен ездіктің,
Бір-ақ қадам екендігін дәлелдеп,
Қиын сәтте жалау еткен намысын,
Бағың жансын, қайсар ұлым,
Жанын қиған ары үшін.

Алматыға Ноғайбайдың перзенті боп аттанып,
Бар қазақтың мақтаны боп қайта оралған арысым!

- Атты өлеңін жан жүрегімен тебірене оқығанда,
жиналғандардың көпшілігі көздеріне жас алып тұрды...

Шу өзені жағасындағы кигіз үйлерден дәм татқан соң, Мұхан қоштасар сәтте көтеріңкі көңіл-күймен, аудан басшыларының алдында маған: - Ескерткішті жақсы жасаттырдың, енді

Қайраттың өлімінің құпиясын ашуға шыққын, саған енді ешкім кедергі келтіре алмайды, деп, ашық айтты.

Қайрат Рысқұлбеков атындағы қор басқармасының да алдындағы бөгеттер алынып, бірте-бірте көптеген игі шараларды ұйымдастыра бастадық. Қайраттың қамшының сабындай қысқа да келте, өнегелі де өнерлі ғұмырын жас жеткіншектерге насихаттап, тәрбие беру мақсатында мұражай ашу, жас ақындар айтысына, спорттық жарыстарға жүлделер белгілеу т.б. жұмыстарды үзбей жалғастырып отыру міндеттерін негізге алған едік. 1993 жылы қаңтардың 4-ші жұлдызында болып өткен Басқарма мүшелерінің бас қосқан жиынында: - Ұлтжанды да өнегелі қасиеттерімен қоғамдық жұмыстарда айрықша көзге түскен қазақ жасына арнап Қайрат атындағы сыйлық белгіленді. Оның мәтіні кезінде «Алматы ақшамы» газетінде жарияланып, «Таңшолпан» телебағдарламасы арқылы бірнеше мәрте берілді.

1993 жылы 17 қарашадағы қор басқармасындағы 8 мүшелерінің қатынасқан жиыны өтіп, көпшіліктің ұсынысымен тағайындалған Қайрат Рысқұлбеков атындағы сыйлық- қазақ жастарының арасында ең озық та өнегелі қасиеттерімен ерекшеленген Омбыдағы қазақтың Мәдени Орталығының деректірі Алтынай Жүнісоваға тапсырылсын, деп шештік. Алматы қаласындағы «Төле би» қорының директоры Оралжан Масатбаев (Қайрат қорына да қаржылай көмектескен болатын) төс белгілері мен сый куәліктерін және 100 данадай значектарды өз қаражатына жасатты. Сол сыйлыққа арнап, арғымақтың қаражатын Көктерек агробірлестігінің Бас деректірі Үмітқұл Бекбаев, ал, ер-тұрманды мойынқұмдық Уәйділде Мансұров мырзалар сыйлайтын болды. Желтоқсанның 2- жұлдызында Омбыдағы Алтынай Жүнісоваға Қайрат атындағы - сыйлықпен 11-желтоқсандағы марапатталу рәсіміне қатынасу үшін Алматыға тездете жетуін өтіне жеделхат жібердік. 1993 жылы Алматыдағы Орталық концерт залында өтетін «Желтоқсан жұлдыздары» кешінен бірер күн бұрын халқымызға танымал ақын-сазгер-термеші Аяз Бетпаевпен бірге келдім. Аяқең сол

кештің беташарына Қайратқа арнаған жыр-толғауын шығарған еді.

Алтынай Алматыға дер кезінде келіп жетті. Шынында да Алтынай қияң шеттегі Омбыда жүрсе де қазақ елінің мәртебесі үшін талай игі істер атқарыпты. Мешіт, мектеп ашуға тікелей ат салысқан... Бұрынырақта баспасөз бетінен «Алматының Алтынайы қайдасың?» айдарымен мақала оқығанымды, соны анықтау ниетінде, Омбыдағы қазақ жастарының арасындағы келеңсіз кикілжіндерді қалай жалғыз өзі шырылдай жүре, бітімге келтіргенін білгім келіп еді:

- Иә, аға, ондай жағдайлардың болғаны рас. Маған жанашырлар хабар жеткізеді. Қазақ жастарының екі тобы бір-бірлерімен тіл табыса алмай, уақыт пен кездесетін жерді белгілей «қызыл майданға» шықпақшы болып жатыр екен. Сәл ертелеу қимылдап оларға жетісімен:

- «Бұларың ұят емес пе, біз жат жұрттамыз ғой. Әні, қазақтар бірін-бірі ұрып, өлтіріп жатыр деген мазағымен басқа ұлт өкілдері күлмей ме?!» деп, өздеріне бірқатар реніштерімді айтып алып, бірте-бірте ашулары тарқаған соң қарама-қарсы топтардың басшыларын бір-бірімен қол алыстырып, сағаттарына дейін айырбастатып, татуласып кетулеріне көмектескенім рас еді - деп, ақ жүрегінен ақтарылды. Алтынай ана тілімізде таза сөйлеп қана қоймай, инабатты да тәрбиелі жас екендігін анық танытты... «Желтоқсан жұлдыздары» кешінің соңына таяғанда бізге де кезек тиді. Жиналған көпшілікке Алтынайды таныстыра келе, өзім сый-қуәлігі мен төс белгіні, танымал әнші Асылхан Шүніреков ер-тұрманды, Оралжан Масатбаев «конверттегі арғымақты» салтанатты түрде тапсырдық... Әрине, жақсыға жадырап, үрдісті еткен, жақсы-ақ. Осы ретте астанадағы өткен әлгі кештен кейін алған хатымызды да айта кетуге лайық дер едім.

«Омбыдан ыстық сәлем» - деп басталыпты

Жамбыл облысының бұрынғы аты естуімше Әулие-ата болу керек. Арғы ата-бабаларымыз сол жақты Сыр бойын қоныс еткен деуші еді көне қарттарымыз. Ата-жұртымыз деп

есептейміз біз. – Астанамыз Алматыда «Қазағым» деп, қанын төккен Қайрат Рысқұлбеков атындағы бірінші Сыйлықты біздің «Мөлдір»- Мәдениет Орталығының директоры, аяулы қызымыз Алтынай Жүнісоваға берген екенсіздер. Алтынай жас та болса бастай болып, елімізге қызмет етіп жүрген бетке ұстар азаматтарымыздың бірі. Сіздер де солай бағалаған екенсіздер. Атажұрттан ажырап қалған ағайынды бауырға басқандай болдыңыздар.

Бұл құрметті біз Омбы еліне көрсетілген ықылас деп түсінеміз. Сол үшін Әулие-Ата азаматтарына, Егеменді еліміз Қазақстанның ел басқарушыларына Омбы елінің алғысын айтамыз!!..

Сәлеммен, Амангелді Жүсіпұлы. Ақын. Омбы қаласы.

Міне, бұл біздің Қайраттың аруағын аунатып, жалпақ жұртқа жариялап өткізген айтулы бір шарамыз еді.

Жастарымызды ұлтжанды отансүйгіштікке тәрбиелеудегі ұлағатты шараларды қолға алуға Қайраттың желтоқсанның сол бір ызғарлы күндері көрсеткен ерен ерліктері бізге күш-жігер, қуат бергені ақиқатты шындық.

Оның қиын-қыстау, аласапыранды кезеңдерде шашынан сүйретіліп бара жатқан қаракөз қызымызды Алмабеков деген қызыл жағалыдан құтқарып қалғандығы, сондай-ақ, мінбеге шығып алаңда жиналған жастарға: «Жігіттер, үш күнге шыдайық, үш күнге шыдасақ, дауысымыз БҰҰ-ға жетеді»- деп үндеу тастағаны үш әріп тыңшыларының назарына ілігуге негізгі себепкер болғаны айдан анық.

1996 жылдың 13 наурызы қарсаңында «Төле би» қорының директоры Оралжан Масатбаев пен қорғаушы-ұстазы Сейіткерім Қожаназаров үшеуіміз Алматыдағы сәулет-құрылыс академиясы тәлімгерлерімен Қайраттың 30 жасқа толатын күнін атап өтуді жоспарладық. Проректор Жангелді Отарбаевқа жолығып, мәнжайды түсіндірген соң, ол менің аты-жөнімді білгеннен-ақ: «Сіз ректор Атрушкевичке көрінбей-ақ қойыңыз, өйткені осы оқу орнынан желтоқсан көтерілісіне байланысты Әркен Уақов деген доцент сотталған еді. Сізді сол кісінің бауыры екен деп,

кеш өткізуге қарсы болады»-деді. Сөйтіп, Оралжан мен Сәкен ректордан рұқсат алып, білім ордасында ұлағатты шараны өткізгенбіз. Шудан ат арылтып Аяз Бетбаев пен Базарбай Асқартегі қатысып, арнауларын арнады. Тәлім-тәрбиелік маңызы мол кешке спорт және туризм министрі Темірхан Досмағанбетов демеушілік танытып, анасы Дәметкен Асанбаеваға Біріккен Араб әмірлігіне барып қайтуға жолдама сыйлады. Көп ұзамай білім ордасында мұражай бөлмесі ашылды.

Өзінің өмірі «қыл үстінде» тұрғанда кім өзгенің өміріне ара түсе алар екен. Осындай өнегелі де өрелі ерлікте Қайраттың бойынан табылды. Яғни, тергеушілер сәулет-құрылыс институтының доценті Әркен Уақовты Қайратпен беттестіріп: «Мына мұғалімдерің емес пе, сендерді алаңға шығындар деп үгіттеген»-дегенде, ол: «Бұл кісіні танымаймын, алаңға өзіміз бардық»-деп, ұстазын қаймықпай ашық қорғайды.

2001 жылы аталған оқу орнында Қайраттың туған күні 13 наурыздағы басқосуда (жаны жәннатта шалқысын) Әркен ағамыз: «Егер, яки ол басқаша айтқанда ату жазасына мен кесілетін едім»-деп көзіне жас үйіріліп, тебірене еске алған болатын.

Қайраттың қамал бұзар 40 жасқа толатын туған күні де ескерусіз қалған жоқ. Осы жолдардың авторының ұйымдастыруымен Шу ауданы әкімдігі мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Ә.Зәуірбеков, аудандық Мәдениет үйінің директоры Мәриямкүл Халықова мен Бақытжан Есеев, Жолдасбек Сейдазымов секілді ақ жүрек азаматтардың демеушілігімен 2006 жылы 13 наурызда С.Шәкіров атындағы орта мектепте жас ақындардың мүшәйрасы айтарлықтай дәрежеде аталып өтілді.

Ерекше көңіл бөлерлік жайт, сол кездегі Шу ауданының әкімі Болат Рысмендиевке өтінішті сұраныспен шығып мұражай бөлмесін ашқызып, 2001 жылы желтоқсанда мектептің қабырғасына тақтатас қойғызуға тікелей себепкер болған едім. Нәтижесінде келген қонақтар тақтатасқа гүл шоқтарын қойып, мұражай бөлмесімен танысуды дәстүрге айналдырды.

Халқымыздың ар-намысы жолында:

Еркек тоқты құрбандық,

Атам десең атыңдар!»-деп, құрбандықтан қорықпаған жалындаған жас Қайрат Ноғайбайұлының 2011 жылы 13 наурыз қарсаңындағы 45 жасқа толатын атаулы күні де елеусіз қалмады. Қыршын боздақтың мәйіті жерленген Семей қаласындағы Қ.Рысқұлбеков атындағы орта мектеп пен ол сегіз жыл оқыған Шу ауданындағы С.Шәкіров атындағы орта мектептің арасында рухани тәлім-тәрбиелі байланыс орнатуға Шу ауданының сол кездегі әкімі, Қ.Р. Парламентінің мәжіліс депутаты Қожахан Жабағиев мырза үлгі тұтарлықтай игі шара ұйымдастыра алды. Яғни, С.Шәкіров атындағы орта мектептің ардагер-ұстазы Дәнен Бейсенбаева мен мұғалімі Ләйла Сатыбалдиеваны озат та үлгілі үш шәкіртімен және осы жолдардың авторын халқымыздың аяулы ұлына айналған Қайраттың мәңгілік мекені – Семей шаһарына барып қайтуға жол қаражатымен (Н.Мадалиевтің демеушілігімен) қамтамасыз етті.

Зымыраған уақыт та сырғып өтіп жатыр. Тәуелсіздігіміздің табалдырығына біртабан жақындаған кезең – 1991 жылы 13 наурызда басталған игі іс шара қылшылдаған 25 жасар жас Қайратты ердің жасы – 50-ге дейін есейтіп отыр. Кейінгі кезеңдерде Қайрат және Желтоқсан көтерілісін зерттеумен айналысып, бірнеше кітап мен зерттеу мақалларының авторы атандым. Өттеген-айы, 1984-86 жылдары Ресейдің Амур өлкесі, Белогор қаласында әскер қатарында Қайратпен бірге болған қарулас достарының және де Алматыдағы сәулет-құрылыс институтында қатар оқыған курстастарының хабарласпауы көңілге кірбің ұялатады. Сондықтан 2016 жылы, 13 ақпанда «Хабар» телеарнасының «Бармысың, бауырым?» бағдарламасынан осы жайлы айтуыма тура келді. Дейтұрғанменен, Халық қаһарманы Қайрат Рысқұлбековтың Алаштың ардақты да аяулы ұлына айналғаны қашан.

Елі, жұрты, халқы барда Қайрат мәңгі тірі әрі қазақтың жүрегінде есімі өшпестей сақталады.

Мәкен Уақтегі.

“ЖЕЛТОҚСАН ЖЕЛІ” ҚАЛАЙ ТУҒАН?

*“Желтоқсан желін” тыңдаған кезде мен қазағымның қайсар
тұлғасын көремін.*

Қазақ – жігерлі халық.

Қазақ – мінезді халық.

*Мінезді болғандықтан да озбырлыққа көнбей, сеңі сірескен
сексен алтыншы жылы өжеттігі мен ірілігін әлемге көрсетті.*

“Желтоқсан желі” – соның куәсі...

Хасен ОРАЛТАЙ

Талғат Айтбайұлы: – Әбеке, сол бір тарихтың еншісіне енген 86 жылғы сойқан оқиға кейінде Алматыдан алыста, Жамбылда едің ғой. Не естідіңдер? Қалай қабылдадыңдар? “Желтоқсан желін” жазған азаматтың арқалаған жан азабы мен жүйкесіне түскен жүк аз болмаған шығар-ау, әсте!..

Әбиірбек Тінәлі: – Жамбылдың облыстық драма театрын өз үйімдей көріп, еркін кіріп, еркін шығатын шаққа жеткен кезім еді ол. Көңіл байырқалай бастаған. Халқым жақсы болса екен, ауыл-парасаты өзгелерден озық жүрсе екен деп ой топшылай сөз айтатын жасқа жеткен жылдарым екен ғой, өткеніме үңілсем.

Желтоқсан көтерілісінің туын желбіреткен кімдер? Алаңда атойлаған қыз-жігіттер қайдан келіп еді? Шыны керек, бәрі дерлік ауылда туып, ауылда өскен, арман қуып Алматыға келген қазақтың балалары емес пе? Егер астанада жүрсем, онда мен де солардың арасында итке таланып, әлімнің жеткенінше сауытты солдаттармен шайқасып, ары кетсе – қабырғамды күйретіп, артынан оқудан шығарылып, қызметтен қуылып кетер едім. Өйткені, жас мөлшерім де, ой-өрем де желтоқсаншылармен орайласып тұр. Мен де буырқандым, мен де бусандым...

тістелендім, кіжіндім... Әйткенмен, Төке, оқиға өткен уақыттан сәл арырақ шегініп, әңгіме айтқым келіп отырған жайым бар.

Т.А. – Менің де, елдің де білгісі келетіні әнге байланысты әңгіме емес пе, Әбеке! Демек, айта кетсем деген нәрсенің қатысы болғаны ғой.

Ә. Т. – Әбден қатысы бар, Төке. Мен әуелі әннің мәтінін жазған ақын ағамызбен таныстығымыз туралы айтайын деп едім. Бұның бәрі баспалдақ қой, әнге апаратын жол...

Менің бағыма қарай ма екен, 1986 жылдың жазында Жазушылар одағының Жамбыл облыстық бөлімшесіне Әбдірахман Асылбеков ағамыздың келе қалғаны бар емес пе! Шөкеңнің, Шона ағаның сөзінен соң талаптанып, талпынып, сазгер болуға құштарланып жүрген едім. Мұқағали Мақатаевтың кітабын парақтап, әнге лайықты өлеңдер іздеймін, басқа ақындардың да жырларын парақтаймын. Ал енді ақынның өзімен бетпе-бет кездесіп, ақылдаса отырып жұмыс істеген емеспін. Есімі елге танымал сазгер ағаларымның әңгімелерін естісем, оның өзі де жақсы әннің дүниеге келуіне ерекше әсер етеді екен. Мәселен, сол уақытта Әбекеннің Алтынбек Қоразбаев ағамызбен қоян-қолтық араласып, сондай жемісті жұмыс істеп жүрген шағы еді. Әннен кейінін жазады Алтекең. Әндері дәуірлеп кетеді. Сөздерінің бәрі Әбекендікі. Соны естіп, біліп жүрген мен де қатты қызыққан болуым керек... Жо-жоқ, шыны керек, қызықтым. Содан бір күні ақын ағамызбен “Алатау” ән-би ансамблінің кеңсесінде ұшырасып қалдым да:

- Сізбен танысқаныма қуаныштымын. Бүкіл еңбектеріңізді білемін. Мен де сізбен бірлікте, шығармашылық одақ болып еңбек етсем деп ниеттеніп едім, аға. Бірінші әніміз “Дегелегім” болса, – дедім.

- Әбиірбек бауырым, мен сендерге ортақпын ғой. Одан қашпаймын. Бірақ әніміздің аты “Дегелек” болмаса деймін. Неге десең, Алтынбек екеуіміз бір ән жаздық. Аты – “Ақ дегелек”. Енді өзімізді өзіміз қайталағанымыз қалай болар екен? – деді ағынан ақтарылып.

Шынында, қайталаған деген жақсы емес қой. Әйтсе де Алтекеннің ондай ән жазғанын білсем, онда басқаша қоятын едім. Мәселен “Көбелек” деп. Көбелек те табиғаттың еркесі ғой. Әдемі десең – әдемі, табиғаттың көркі десең де қателігі жоқ. Мен жыл сайын гастрольдік топпен қосылып Қырғызстанды шарлаймын. Табиғаты қандай, шіркін! Өзіміздің асқақ Алатауымыздың өрлі аңғары, сән-салтанаты көздің жауын алатын бұраң бел беткейлері көп. Мысалы, отыз екі бұрылыспен әрең көтерілетін Қаракүйе деген жері бар. Елден елге жету үшін тау аралайсың. Таусыз жері жоқ-ау, әсте! Екі таудың ортасын жайлаған. Халқы да шағын. Өзі төрт-ақ облыстан тұратын республика. Табиғаты қандай десейші! Жап-жасыл өлкеде автобуспен қырдан-қыр асамыз. Сонда сұлу табиғаттың аясынан көретінім – түрлі-түсті көбелектер. Таудың көбелегі. Үлбіреген қанатын желпіп гүлден-гүлге қонады. Қызығып кетіп ұстап алып, қанатын қыссаң – ұша алмай қалады. Солай етудің өзі қиянат қой, табиғатқа қиянат!

Иә, сол көбелек жоқ болса не болар еді? Онда жазымыз жаз бола ма, а? Көгілдір көктем шығысымен көзіміз үйренген жәндік атаулының бәрін көңіліміз түгендей бастайды. Көргіміз келеді. Өйткені әрқайсысының өз орны бар. Көбелек те сондай, ол – әдеміліктің бір үлгісі.

“Ендеше, Әбеке, осы әніміздің атын “Көбелегім” деп қояйық, біз одан ұтылмаймыз. Табиғаттың таңғажайыптығы айтылады. Оның өдемілігін қорғау керектігін жеткіземіз. Біз дегелек деп ән салғанда да айтар ойымыз сол емес пе?” – деді Әбдірахман аға.

Енді саз өнерінің талай тарландарының әніне сөз жазып әбден ысылған ақын емес пе, “Көбелегім” әнінің мәтінін тез-ақ жазып тастады.

Ауыл маңы көл еді,
Көк майсалы бел еді,
Желпіндірген жанымды
Жұпарлы жібек жел еді, – деп басталады да ары қарай қайырмасы кетеді.

Ей, көбелегім,
Көбелегім.
Өзіңмен мәңгі,
Өмірім сәнді,
Көңілім әнді
Суалды көл қоғалы,
Қуарды бел көгалы.
Қиқулаған құстардың
Бұрынғы әсем жоқ әні, –

деп менің әуеніме салып кеп жіберіп едік, үндесе кетті. Діттеген бір шаруаң бітіп жатса, жаның жадырайтын әдеті емес пе!

Сонымен, қыстың алғашқы айы жетті. Жамбылға да алғашқы қырбақ қар түсті. Ертенді-кеш қатты қыспағанымен, желең жүрген, жеңіл киінген елді тондыратындай салқын болды. Сондай күндердің бірінде бұрын-соңды естімеген суық хабар жанымызды түршіктірді. “Димекенді орнынан алыпты” – дейді. “Орнына Колбин деген біреуді қойыпты” – дейді. “Халық қарсы” – дейді. “Қазақ жастары Брежнев атындағы алаңға шығып, қатты наразылық білдіріп жатыр” – дейді... Кілең “дейді”...

Артынша, сол “дейділерді” растаған хабарды Мәскеудің радиосы мен теледидары үсті-үстіне қайталаған.

Өмірі өтірік айтпайтын, үкіметке жан-тәнімен берілген қазақтай ақ-адал ел бар ма? “Өкімет өлтірмейді” деуші едік қой. “Бастаушымыз – партия!” деуші едік. Ол біздің сүйікті партиямыз еді. Сондықтан да жастар шыдай алмай шығып кетті-ау дегендер де болды.

Дегенмен таратылған хабарға сенбеген кісілер де ұшырасты. Олардың қатары бірге-бірге көбейді. Сол – сенбегендердің санатында өнер адамдары жүр еді. Ішкілік ішкен, анаша шеккен, кілең бұзақы жастар дегенге кім сенеді? Және бірлі-жарым емес, көп дейді. Олар бұған дейін қайда бұғып жүрген? Неге көзге түспеген? Бәлкім, әдейі ұйымдастырған шығар... Әйтеуір

ойымыз онға, санамыз санға бөлінді. Жауапсыз сұрақтар айдалада жүрсек те маза бермеді. Мұнда не істеп жүрміз дедік. Құстай ұшып бәрін бүлдіріп жатыр, Қиратып жатыр деген жастардың ортасына барғымыз келді. Не болса да өз көзімізбен көріп, ақиқатқа көз жеткізсек дедік. Қалай дегенде де барша жұрттан жасыратын, әңгіменің ащы ақиқатын айтуға жасқанатын харам пиғылдың бұғып жатқанын жүрек шіркін сезді. Бұлқына соғып, байыз таптырмау сыры да сондықтан болар, бәлкім...

Т. А. – Бірлі-жарым жандар ғана сөйтті ме? Қала халқы қандай күйде болды деген сұрақ қойғым келіп отыр осы жерде.

Ә. Т. – Мұндай нәрседе алдымен көзге түсетін бірден-бір қауым – студент-жастар ғой. Біздің үй технологиялық институттың жатақханасына қарама-қарсы бетте еді. Жатақхананың аузында алты милиционер тұрды, ішінде бөлме сайын аудандық, қалалық партия комитетінен, институт мұғалімдерінен бір-бір кісі жүрді десем, әсте өтірік айтқандай болмаспын. Шығар есік, ашылатын терезе, тесіктің бәріне күзет қойылды. Қайтсек жастарды ұстап қаламыз, сыртқа шығармаймыз деген ой ғой, баяғы. Соның өзінде оңтайлы сәтті пайдаланған қыз-жігіттер сытылып шығып жатты. Жамбылда институт, техникумдардың, кәсіптік-техникалық училищелердің саны біршама еді. Меніңше, бәрінде де әлгіндей жағдай болды. Жастардың дені әйтеуір Алматыға жетуді ойлады. Әркім алаңдағы жастардың арасында өзі ғана жетпей тұрғандай сезімді бастан кешті. Алайда ол жаққа барудың өзі қиын еді. Неге десең, Алматы бағытындағы бар көлікке анду, тексеру қойылды. Әсіресе қазаққа деген сенімсіздік күшейді. Оларға соншалықты шүйіледі, сенбестікпен қарайды. Себебі, бір күнің ішінде-ақ дүние екіге жарылды. Сырттай сездірмегенсігімен, іштей арбасу, андысу жүрді. Осының өзі әркімді шаршатты емес пе?! Бір шарасыздық еңсемізді езді. Тосылдық, торықтық. Ел бір-біріне үрке қарады. Ертеңіміз қалай болар екен деді. Олай болатыны, мұндайдың талайын басынан кешірген аға ұрпақтың “абай болындар, абай болындар” деп жанашырлықпен сақтандырғанының өзі үрейге үрей қосты. Оны естіген жұрт одан бетер үрпиісті...

Міне, осындай нәрселерді көріп-білу, бастан өткеру, жүрегінің сүзгісінен өткізу деген қашанда ауыр. Менің ішкі дүнием алай-дүлей болды. Осыған дейін басымда болып көрмеген, азабына салмаған мұң-шер шымшылады кеп. Жүрегім, жүйкем қозғалды. Қатты тебіреністің әсері шығар-ау, ол! Ыза ма, әлде шарасыздықтан сыртқа шыға алмай бұлқынған күш пе... әйтеуір бірдеңе, белгісіз бір әлемде жүргендеймін. Сабасынан асқан сезім тыншытпайды, жүрем, тағы да жүрем... ыңыл, бір ыңыл құлағымға құйылатын сияқты. Мен соны қайталаймын ба-ау! Сол бір сәттерімді ойласам, өзіміздің “Ойық” совхозындағы бір ағамыз көз алдыма келеді. Есімі Несіпбай болатын. Ол кісі әлі де бар. Ылайым, жасы жүзге жетсін. Кезінде аса өнерлі болған екен, кейін көз тиген дейді. Бір аяқпен қалған. Балдақпен жүреді. Ауылдың почта тасушысы сол ағамыз еді. Күнделікті газет-журнал үлестіреді. Орталықпен екі шақырымдай аралықтамыз. Және ауылдың үйлері қалай десенізші. Үй мен үйдің арасы әудем жер. Кішкене кезіндегі алған әсерің өмірі ұмытылмайды білем. Қазір де сол ағамыз есегіне мініп, ыңылдап хат-хабар таратып жүргендей елестейді маған. Кейінірек, оқу бітіріп қызмет қылып жүргенде барғанымда да ауылдың почташысы екен. Қартайыңқырап қалыпты.

Сол кісі ауылдың ана басынан түседі. Екі балдағы екі жағында. Қоржыны толы хат-хабар. Ол уақытта газет-журналға жазылмайтын үй болмаушы еді ғой. Ыңылдап келе жатады. Алдынан шыққан иесіне беретінін береді де, қайтадан әлгі ыңылына басады. Бір сарын, не оны қатты айтпайды. Ауа тыптынық. Кешкілік кез. Мен неге екені, сол кісінің алдынан шығып әуенін естуге соншалықты ынтық едім. Бір ауылдың іші. Әркімнің бала-шағасына дейін таныс. Өзі бізге нағашы болып келетін. Ыңылын үзе салып, “өй, жиен, қалайсың?” деп қоятын. Менің “жақсы” деген сөзімді естір-естіместен, есегіне “ыхы” деп ілгері озады. Әлгі әуені, өзгермейтін әуені тағы да жалғасады. Сол әуез, сол ыңыл... Мен ойлаймын, бұл өмірбақиғы әуені шығар деп. Ол әуен қашаннан серік болды екен? Ішкі арманы сияқты.

Бүкіл арманы да, барша үміті де... мұны да, қуаныш-қызығы да соған сиып кеткендей ме, қалай?.. Шынында, осы ағамыз күллі ауылды аралап шыққанша не ойлайды екен? Шіркін-ай, білер ме еді?.. Мен сөйтіп, соны білуге соншалықты ынтығатынмын. Ағамызды әйтеуір шырмап-матап алған бір тұңғыық ойдың бар екенін, сезім күйі тереңнен тербеп әлдилейтінін сезуші едім. Бірақ ол қандай әлди-әуен, оның арғы жағында нендей ой бар, – міне одан бейхабар едім... Қазір ойлаймын, желтоқсанның жүректі жаралаған күндерінде сол ағамызды әлдилеген әуенде, айтып жеткізе алмайтын сезімде жүрдім-ау деп. Әсіресе алғашқы үш күнінде сол бір сезімге шым баттым, шырмалдым, маталдым... Содан соң Әбдірахман ағаны іздедім. Таптым. Ол кісі қайбір жетісіп жүр дейсіз?.. Екеуміз көп сөйлеспедік.

- Аға, мені бір әуен иектеп алды. Не әуен екенін өзім де ұқпаймын. Бірақ жазылуға тиісті, айтылуға тиісті әуен... Өте ауыр әуен!.. Желтоқсан зары бар ішінде. Сыртқа шыққысы келеді... Бүгінгі жүдеу жанымның бір дерті сияқты өзі... Ыңылдаған кезімде қарсы алдымда алаң тұрады... Қанға малынған жастар... Еңіреген ел, халық келеді... Аңыраған ата- ана... – дедім ернім дір-дір етіп. Әсте қатты толқысам керек. Бір жағы ойымды шашыратып аламын ба деп, айтқанша асықтым.

- Ойынды түсіндім, айналайын. Енді әуені қалай өзінің,

- Соны айтшы, – деді Әбдірахман аға бар зейінімен құлақ түріп.

Мен күндіз де, түнде де... үйде де, түзде де маза бермей, тынышымды алған әуенді ыңылдай бастадым. “Мынау қайырмасы” деп, оны да тыңдаттым. Әбекеннің ойына орнықтыра түсейін деп тағы да қайталадым. Ол кісі көпке дейін үнсіз ойға берілді. Бір кезде: “Атын не деп қоямыз?” – деді. – Елге бір-бірін андытып қойған заман болса мынау. Ой андығандар, жұрттың сөзін андығандар одан да қиын. Қай тақырыпқа жаздық дейміз?

Сол кезде есіме алпыс тоғызыншы жылдың қатулы қысы сап ете түссін.

- Аға, алпыс тоғызыншы жыл есіңізде ме? – дедім ой

тығырығынан шығатын жол тапқаныма қуанып кетіп. – Ол жылдың қысы, елді жұтатқан желтоқсаны ұмытылған жоқ қой. Жұрттың жадында. Үйір-үйір жылқылар қақаған аязда, аңыраған боранда ескерткіш болып қатып қалған. Қаншама адамдар қар астында қалды. Қора-қора қойлар қырылды. Мойынкүмнның даласында өлген мал тау-төбе болып үйілген жоқ па еді? Оның ызғары, жанды сыздатқан жарасы желтоқсанның суығынан басталмап па еді? Біз осы тұрғыда жазайық, аға. Табиғаттың қайырымсыз қаталдығын айтқымыз келіп еді дейік...

- **Т.А.** – Е, әуелгіде осындай қулыққа басқанбыз де.

Ә.Т. – Сөйткенбіз. Әйтпесе жау іздеп, жаланып тұрған кездің нақ өзі... Қиын еді. Әбдірахман аға менің ойымды құп алды. Әннің мәтінін жазуға кірісті. Әрине, бірден жазылып, сол қалпы орындала салған жоқ. Әбден екшедік. Төрт шумакқа сыйдырайық дедік. Қайырмасы ортақ болсын дегенбіз. Дәл ойлағанымыздай шықты. Бас-аяғы жұп-жұмыр жолдар, үйлескен әуен. Айтқандай, әуені де көп қинай қоймаған. Алла- тағаланың жібергенін заматында қағып алып, домбыраның шегіне қондыра қойғанмын. Әннің астарында саясаттың өктемдігі, кеңестік жүйенің кесірлі көріністері, жастарға жасалған зұлымдық, қазақ халқына көрсеткен қиянат ойлы азаматқа айқын аңғарылып тұр еді. Қазағына қару кезенгендердің қатарында арпылдап жүрген қандастарымыз да бар болатын. Солар көкөрім қыздарымызды да құрбандық етті-ау! Мәселен, Ләззат қарындасымызды алыңызшы, өмірде қандай қызық көрді? Не бітірді? Әрине, оның алаңға баруы, өз-өзін мерт қылуы – ерлік! Мыңнан бір адам, мыңнан бір азамат жасай алмайтын ерлік дер едім мен. Ол осы арқылы-ақ күллі кеңестік жүйеге, азғындық, аярлыққа барған ағаларымызға қарсылығын көрсетті, қарғысын айтты. Ондай қиянат құр кетпеді ғой. Мен де өзімді одан артықпын демеймін. Өттең, жете алмадым. Мен секілді жете алмағандар қаншама еді?! Олардың бәрі келіп жеткенде алаңдағы аласапыран бұдан да сойқан, бұдан да жойқын болар еді-ау! Менің осы ойымның нақты айғағы – осы ән. Бәлкім, мен алаңға барғанымда мұндай ән

тумас па еді... Оны ашып айтудың өзі қиын. Сондықтан бір жағы жете алмағанымға қуандым. Әніммен болса да бірге екенімді, қайғымыз ортақ екенін жеткіздім. Өйткені ондаған мың жасты алаңға алып шыққан намыс оты мені де шыдатпады. Мен де камықтым. Мен де қайғырдым. Жүрегім жылады. Кеудемді өксік қысты. Сол өксіктің арасынан баяғы Несіпбай ағаның әуені... иә-иә, сондай әуен ышқынып шықты. Әуелі ол ыңыл боп келген. Бірте-бірте сол ыңыл күшейген. Көзім ызадан оттай лапылдаған. Қазақтың намысы еді ғой ол!..

Әттен, дүние-ай, біз сол әуенді желтоқсаншыларға арналып жазылған әуен деп жариялай алмадық. Айтуға батпадық. “Бұл алпыс тоғыздың желтоқсанына арналған ән” дедік естігендерге. Біреу сенді, біреулер “ә, қулар, не айтқыларың келгенін ішіміз сезіп тұр ғой!” деп жымыды. Бірақ, олардың кімі болса да, тыңдаған кезде дәл өзіміз сияқты тебіреніс күйіне бөленді. Өйткені әннің сөзінің өзі Алматыға... астанадағы алаңға қарай жетелей жөнелетін еді. Ол былай болып келетін:

Желтоқсан бірде
Ел тосқан түрде
Келетін мүлде жайдарлы.
Сол жылы бірақ,
Әдеттен жырақ
Көрінді тым-ақ айбарлы.

Қайырмасы:

Тоңдырды мені,
Тоңдырды сені –
Желтоқсан желі ызғарлы.
Солдырды гүлді.
Ондырды нұрды,
Көңілде мұнды із қалды.
Жоғалтып нуын,
Жоғалтып қуын,
Арал да суын тауысты.
Қаңырап мекен,

Аңырап бөкен
Өріске бөтен ауысты.

Қайырмасы.

Бабалар өлер,
Балалар келер,
Аналар берер тіршілік.

Гүлденер дала,

Түрленер қала.

Бұтаққа жаңа бүр шығып.

Осы жолдарды кеңестік саясаттың тұрғысынан сараласан соншалықты секемденетіндей, күдік алатындай ештеңе жоқ. Әңгіме – табиғат жөнінде. Қаңырап қалған қу мекен айтылады. Тартылған Арал теңізі сөз болады. Ол онсыз да ашық айтылып жүрген. Ал енді әр сөздің астарына үңіліп байқасаңыз, бар пәле бадырайып-бадырайып шыға келеді. Әсіресе одан кейінгі шумақтарға келгенде, тіпті үрейлі... Секемшіл кісі құлағын жабады, сезікшіл жандар жан-жағына жалтақтайды. Менің тыңдағанымды әлдекім көріп қоймады ма екен деп жанұшырады.

Саналы жұртым,

Бағалы бұл күн,

Жігерлен, сілкін, егілме.

Азат күн туы –

Қазақтың туы

Қанатын жайды көгінде.

Қайырмасы.

Желтоқсан желі –

Дәуірдің демі,

Арайын шашқан таңғы үміт.

Халықтың мұңы,

Тарихтың үні –

Желтоқсан желі жаңғырық!

Осылай ән дүниеге келді. Әннің мәтіні дәл ойымдағыдай жазылды. Енді оған өмір беру керек қой! Соған келгенде, өзім әнші емеспін бе, екінші дауысты сұрап тұрғанын бірден білдім.

Т.А. – Өзіңе серік болып, екінші дауыста ән салып жүрген Жүніс Әлімбаев деген досын бар емес пе еді, салып ұрып соны іздеген шығарсың?

Ә.Т. – Дәл солай болды. Жүніске қолқа салдым. “Не болса да бірге көреміз. Қандай ән екенін өзінде сезіп отырсың ғой, Жүке. Барымызды да, нарымызды да осыған салайық. Қайткенде де жеткізейік халыққа”, – дедім. Жүніске рақмет, қашқақтамады. Екеуіміз күн демей, түн демей дайындалдық. Екі-үш күннің ішінде жеткізер жеріне жеткіздік. Қос дауыста әннің ажары ашыла түсті. Естіген елді қайдам, өзіміз қанша орындасак та толқимыз, тебіренеміз. Бойымызды ғаламат бір сезім билейді. Ол қандай сезім, қандай күш екенін айтып түсіндіре алмаспын. Әлі де солай. Домбыра өзінше зарлап, безек қағады. Басындағы ыңыл, тіпті оның да жөні бөлек, тура қолқанды суырып алардай... Енді ән салғандағы өзімнің күйімді білемін ғой, Жүністі көрейінші дедім бір жолы. Сөйтіп, әннің арасындағы домбырамен ойнайтын тұсқа келгенде ақырын көзімді ашып серігіме қарасам, екі көзі жұмылған, екі жұдырығы да бірдей түюлі... Міне, әннің күші деген! Күрзіден де күшті, найзадан да өткір қаруымыз бар екен біздің. Әсіресе «тондырды мені, тондырды сені» деп келетін жеріндегі әсерді айтсаңыз... “Шіркін-ай, осының ізін суытпай, уақытты ұттырмай республикалық эфирден беріп жіберсе!” – деп армандаймын ішімнен.

Жаңа дүние адамға желік береді. Желпінесің. Елдің ілтипатын білуге құмартасың. Жамбылда екі-үш жерде тыңдатқанбыз. Төрт-бес минуттық ән ғой өзі. Айтқан кезде мына әлемнен бөлініп қалғандай болдық. Алдымыздағы адамдарды ұмыттық. Әннің ырғақ күші, ондағы айтылатын ой өзегі иіріміне сүйреп әкетті. Не болды, не қойды – білмейміз. Тыңдаған ел мұң мен шердің тылсымында елти ме, қалай?.. Басқа қаншама әндер орындаймыз, соның ешқайсысында байқала бермейтін болмыс бар... Әйтеуір әсері алапат!

Әнді жазу бір басқа да, оның әрін кіргізіп, ойын үстеп тыңдаушысына жеткізе білу деген – үлкен өнер.

– Әбеке, біз осы ән арқылы ашуымызды бастық, кегіміз қайтты, – деді Жүніс. – Қан-қасап қырғында құрбан болған, басы жарылып, бауыры езілген айналайын бауырларымыздың өшін алдық. Женіс біз жақта.

Кей-кейде тапсырыс берумен ән жазамыз. Бұл да бір пенделігіміз біздің. Қайбір жетіскеннен жазады дейсің. Ондайда өзінді-өзің күштейсің. Күшеніп әуен іздейсің. Ал енді ойда жоқ әуенді, жүректі ауыртып, жаныңды сыздатқан сәттегі туылатын ән ырғағын күтіп алудың жөні мүлде бөлек екенін сол жолы айқын ұқтым. Сергітіп, серпілтіп жібереді екен. Қиял қанатына қайта мінеді екенсің. Әдетте мұндайда сазгерлер әулеті жаңа шығармасының тұсауы кесілетін күнге асығады.

Біз, Жүніс екеумізді айтамын, Алматыға ертерек жетуді ойладық.

Сонымен, желтоқсанның жиырмасынан кейінгі жер-жерде жиналыс өтіп, қарапайым халықтың, араларынан “қара мысық” іздеп, бір-бірінің жүйкесін жүндеген, беймаза, ауыр күндердің бірінде Жүніс екеуміз домбырамызды арқалап Алматыға қарай аттанып кеттік. Қай газетті ашып қарасаң да алаңға шыққан жастарды кінәлаған, қаралаған материалдар оқисың. Мәскеу жер-жаһанға қазақ ұлтшылдығы туралы айтып жатыр.

Алматыға келдік. Енді қайда барамыз? Жамбылдан жүрер кезде Қазақ радиосының дыбыстық жазба жасайтын студиясында біреу бар шығар. Әйтеуір адам ғой, айтып, әнімізді жаздыртармыз дегенбіз. Сол бойынша бірден қазіргі Желтоқсан көшесінің бойындағы 175-үйге келдік. Бұрын да болған жерім еді. Сонда Степан Высочанский деген кісімен танысқаным есімде. Баяғыдан табан аудармай бір орында, ұнтаспаға дыбыс жазатын жерде жұмыс істейді. Қаншама күміс көмей әнші аға-апаларымыздың даусын кінәратсыз түсірген. Сол кісіге өтініш жасадық. Алыстан келгенімізді көріп отыр. Екеуміз екі жағынан жалынамыз. “Бір-ақ ән бе?” – деді. “Иә, бір-ақ ән айтамыз” – деп қуанып кеттік. Степанымыз “ол қандай ән, не туралы, кім жөнінде?” деп ежіктемеді. “Жарайды, ішке кіріңдер” – деп іші

кең, асты кілем, айнала қабырғалары дыбысты жұтып алатын, жаңғырықтырмайтын материалдармен қапталған бөлмеге енгізді де жіберді. Өзіміз де жұтынып келгенбіз. Ешкімнің уақытын алғымыз келмеді. Бір-екі мәрте даусымызды ән салатын ортаға лайықтадық та, бастап кеп жібердік. Жазу жүріп жатыр. Біз сол баяғы әсердеміз... Әуелгідей сезім құбылысы. Көзіміз жұмылып кеткен. Даусымыздың жазылып жатқаны жадымыздан шыққан. Мүлде бөлек әлемде жүргендейміз. Әдеттегідей үшінші шумақ орындалады. Төртінші шумақтың соңын ала мен ыңылға кетемін. Жүніс әдемі даусы бар актер, кәдімгі Байжанбаев ағамыздың даусындай дауыспен менің ыңылымның астарында сөз оқиды. Бұл біздің ашқан жаңалығымыз еді. Бәлкім, жаңалық деп жар салуға да келмес, жалпы өнерде бар нәрсе. Дәл осы сәтте әннің мазмұнын аша түседі. Және әнге сондай кірігіп, жымдасып кетеді. Тылсым әлемге Жүніс те енеді. Көз жұмулы, жұдырық түюлі. Өн бойы жігерге толып, сана сергітердей сөз айтады. “Бабалар өлер, балалар келер, аналар берер тіршілік” деген өлең жолдарының астында қандай ой жатыр десейші! “Гүлденер дала, түрленер қала, бұтаққа жаңа бүр шығып!...” Селкеу үн кірікпейтін, айтқан әрбір әуеніміз айқын шығатын, ап-анық жазылатын үлкен студияның іші. Екеуміз ғанамыз. Әнімізді орындап бір-бірімізге қарадық. Терезенің арғы бетінен саусағын шошайтып, “жақсы жазылды” деп белгі берген Степанның түрін көріп мәз болдық. Ол біздің қолымызға әніміз жазылған ұнтаспаны ұстатты. Іс бітті. Енді қайда барсақ екен? Кімге өтініш етсек деп біраз уақыт дағдарып тұрдық. Әніміздің ішінде желтоқсан деген сөз бар. Оны естіген ел еріксіз жиырыла қарайды. Ызалы жұрттың дәрменсіз күй кешіп, тістеніп жүрген кезі. Аландағы қан әлі жуылып бітпеген.

Бір кісі: “Музыкалық редакцияда көптен қызмет ететін бір апайларың бар. Мүмкін, сол кісі өтініштеріңді орындар, жәрдем етер. Енді, ән ғой. Сағат сайын беріліп жатқан көп әннің ішіне қосып жіберер”, – деп кеңес берді. Сол кісінің сөзі бойынша әлгі апайға бардық. Шашын төбесіне түйіп алған, әдеміше келген кісі екен. “Ойбай, айналайындар, сендер мені

жеп отырған нанымнан айырасыңдар. Бұны берсем, күні ертең, мен қызметтен қуыламын. Менің де бала-шағам бар. Үй-жайым бар. Заманның жайын өздерің де көріп отырсыңдар. Мынаның ішіндегі сөздерді қай қазақ түсінбейді? Біреуі ұстап береді. Бірақ, әндерің жақсы сияқты. Жақсы болғанымен мен өткізе алмаймын”, – деп ашығын айтты. Апайдың сол сөзі таяқтан да ауыр тиді. Тауымыз шағылып қалды. Бәлкім, әніміз дұрыс емес шығар деп те ойландық. Әуеннің бір кілтипаны болды ғой деп те жұбаттық өзімізді. Сөйтсек, кемшілік те, кілтипан да жоқ екен. Біз өз көлеңкемізден өзіміз қорқып, қосүрей болып жүр екенбіз. Біз беймезгілде, ел үлкен үрейден есін жоғалтуға жақын жүрген кезде келіппіз. Алматыда бұл әнді бергізетін уақыт жетпеген екен әлі.

“Мұндайда бейшаралық болады екен-ау! – дейміз бір-бірімізге қарап. – Сонда біз не үшін келдік? Кімге арнап ән жаздық?”

Біз осылайша Қазақ радиосы үйінің бірінші қабатындағы кіре берісте әрі-сәрі күйде тұрған сәтімізде орта бойлы, жүзінде жылылық бар, көзі көкшілдеу ақсары кісі кіріп келді. Онымен амандасқан азамат хал-жағдай сұрасып, “радиоларыңыздың жайы не болып жатыр?” деді. “Беретін материалдарымызды осы жақтан телефон арқылы жібереміз. Алған-алғанынша эфирге береді”, – деп жұмысының жайын асықпай баяндап тұрды. Бұл қай жақтың радиосы туралы айтып тұр деп елендей бастадық. Әйтеуір, сөзіне қарағанда қазақстандық радионың хабары емес. “Әй, мына кісі тегін болмады” дедік ішімізден. Құлағымыз әлгі екеуінде. Жандарынан өткен бір-екі кісі “Ассалаумалейкүм, Қиял” деп кетті. “Е, Қиял Сабдалин деген кісі осы екен ғой” деп мен отырмын. “Азаттықтан” берілген хабарларын тыңдап жүретінмін. Жүніс те бір үміттің жылт еткен ұшқынын аңғарып, көңілін демдеген сияқты.

Екеуі қайыр хош айтысып, екі жаққа кеткелі жатыр еді, мен орнымнан тұрдым. Амандасуға қол создым.

- Аға, алыстан келіп едік. Жамбылдан ат арытып жетіп, енді не істерімізді білмей, кімге шағынарымызды, кімнен жәрдем күтерімізді тағы да білмей тұрған жайымыз бар, – дедік.

- Сендерді соншалықты қинаған ол не шаруа еді, айналайын? – деп бар ықыласымен сөзімізге құлақ қойды.

Бір ән жазып едік, Қиял аға. Мына оқиғаға арналған. Сол дүниемізді қайдан өткізерімізді, елге қайтіп жеткізерімізді білмей тұмсығымыз тасқа тиіп, пұшайман болып тұрмыз. Ән екі дауыста орындалады. Таспаға әлгінде ғана түсіріп алдық. Міне, әніміз. Әннің сөзін жазған Әбдірахман Асылбеков. Ол кісіні білетін шығарсыз?

- Білем, білем. Әндеріңнің аты қалай? – деп қолұшын беретін кісінің сөзін айта бастады.

- “Желтоқсан желі” деп аталады, аға.

- Онда қазір тындап көрейік, менімен бірге жүріндер, – деп Сабдалин ағамыз ішке бастады.

Содан бір бөлмеге алып кірді. Радиотаспаны қоятын аппарат тұр екен, бірден тоққа қосты. Бір кезде домбырамыздың бебеулеген үні кетті дейсің бөлмеге сыймай. Өз үнімізді өзіміз естіп, көңіліміз аспандады. Жақсы жазылғанына тәнті болып отырмыз. Ап-анық, зарлы үн, бебеулеген домбыра, ол да мұңын төгеді. Жамбылда талай әнді жазып жүрміз ғой, бірақ бұлай таза жазылмайтын. Енді орталықтың аты – орталық.

- Шырақтарым, – деген Қиял ағамыздың даусы естілді ән біткен кезде. — Сендер нендей дүние әкелгендерінді білесіңдер ме? Мен оны айта алмаймын. Елдің әспеттеп, соншалықты табынатын алтыны бар ғой, ол – бер жағында... Мына әндерің одан да қымбат, қасиетті дүние. “Азаттық” береді мұны. Беріледі!

- Аға, рас па? Беріле ме? – деп орымыздан тұрып кеттік.

- Ол жағынан қам жемендер, айналайындар! Бәлкім, бүгін беріп жіберер. Мен қалайда бергізуге тырысамын, —деп кетер кезімізде “Азаттық” радиостанциясынан берілетін хабарлардың кестесін ұсынды. – Осы бағдарлама бойынша тындап жүрсендер, естисіңдер.

Біз мәзбіз. Жолымыз болғанына керемет қуандық. Ағамыздың үй телефонын сұрап алдық. “Сендер алаңдамандар, бұл өлмейтін ән!” – деп тағы да желпіндіріп тастады ол кісі.

Сол күні Жамбылға қайтып кетуіміз керек болатын.

Жоспарымыз өзгерді. “Азаттықтан” әнімізді тындап кетейік дедік. Автор ретінде Әбдірахман аға екеуіміздің меншігіміздегі, ал енді орындалуы жағынан Жүніс екеуіміздің еншігіміздегі әннің елдің тыңдайтын әніне, бұдан кейін, құдай қаласа, қайталап мың сан мәрте берілетін әнге айналғанына куә болғымыз келген. Кеңестік саясаттың бағдарына қарама- қайшы мінездер қақтығысынан шыққан ұлттық намыс туралы ән еді бұл.” Азаттықтан” дәл осылай деп берді. Тү-уу, қалай қуандық десенізші! Тындап біткен соң, Жүніс екеуіміз бір-бірімізді құшақтаймыз. Тіпті көл-көсір қуанышқа шыдай алмай жарылып кетсе де жарасар еді. Себебі, намыс үшін қаншама қыз-жігіттеріміз мұз жастанды. Қазағым деп таяққа жығылды, түрмеге түсті. Ату жазасына кесілгендері де бар...

- Қиял аға, Сізге үлкен рақмет! Тындадық. Сіз де ерлік жасадыңыз, аға, — деп ол кісіні де әлгінде ғана берілген хабарымен құттықтап жатырмыз.

“Шындықты айт та, тағы бір күн жаса” деп ұлағат етеді екен түрік мақалы. Қазақ радиосынан, ақиқатты айтып айқайламай-ақ қойсын, біздің ақиқатқа бір табан жақындайық деген ойдан туған әнімізді елеусіздеу етіп эфирден өткізе салатын кісі таба алмадық қой. Сөйтіп, тосылған сәтімізде Қиял ағаны да құдай айдап келіп, жолықтырған шығар бізге.

- Енді бұл әндерің өлмейді, тарихтың еншісіне жібердіңдер. Бұл тарихи ән болады, — деді Қиял ағамыз.

Т.А. – “Азаттық” тұсауын кескен ән екен-ау, Әбеке.

Дүйім ел тыңдады. Шалғайда жүрген қандас бауырластарымыздың бәрі естіді. Бұдан кейін “Желтоқсан желінің” жолы ашылған шығар? Қазақ радиосы каймықпай-ақ бере беретін әнге айналды емес пе?

Ә. Т. – Ондай атты күн қайда, Төке-ау?! Біз бұйрыққа үйренген жұрағатпыз ғой. Жоғарыдан әлдебір чиновниктің бізге “отыр, тұр” деп өмір бергеніне бұйдаланғанымыз соншалықты, қазірге дейін өз бетімізше әрекет жасауға жасқанамыз. Еркіндігіміз езілген, ойымыз доғалданған. Мәселен, басқаларды білмеймін, мен өзіме қатыстысын ғана айтайын: кейбір әндерім берілмейді,

өйткені “мұндай ән берілмесін” деген әлдекімнің нұсқауы бар. “Бала-шағасы барлар”, “үй-жайы барлар” қызметсіз қалам деп қорқады. Сондай үрейден арылып бітпегендер, шүкір, жетеді ғой...

Енді Сіздің сауалыңызға оралайын: арада үш жыл өтті, төрт жыл кетті жылыстап. Бізде бере қойындар демедік. Бесінші жылы ғана, қайдан жазып алғанын қайдам, бір күні әнімізді берді-ау!.. Содан кейін жиі-жиі орындалатын болды. Ал, “Азаттық” радиосының үзбей бергеніне жиырма жылға жуықтады. “Желтоқсан желін” “Азаттық” он жылдай әнұранына айналдырды. Соған қарағанда “Желтоқсан желінде” айрықша қасиет бар. Әйтпесе тегіннен-тегін әнұран етіп бере ме?

Кешегі кеңестік саясаткерлердің аузы қисық еді ғой. Ақиқатты бұрмалай қоятын. Ыңғайына қарай қисайта айтып, бәріміздің басымызды қатырумен болды ғой. Жетпіс жыл бойы сөйтіпті. Кейін есейе келе мен де бір шындықты естігім келсе, шетелдік радиостанция хабарларына құлақтүруші едім. Сондағы “Азаттық” қой бұл! Менің білуімше, сол радиостанцияның әуендер қорында баяғы Степан Высочанский жазып берген біздің әніміз ғана бар. Жүніс Әлімбаев деген тараздық досымның, бауырымның даусымен жазылған ән. “Азаттықтан” берілген сайын әлем естіп жатады. Өз ойымша, менің әндерімнің арасындағы әлемге таралғаны, шоқтығы биігі – осы ән! Өзіміз солай болады-ау деп ойламаған... дер шағында, біздің қанымызбен, жанымызбен жазылып, кіндігі желтоқсанның ызғарлы күндерінің бірінде тұсауы кесілген ән бұл!

Қазір Жүніс “Желтоқсан желін” – Тараздың театрында, мен Алматыда айтамын. Жанымда Дәулет Саламатұлы деген әнші шәкіртім бар. Жыл сайын желтоқсан айында Алматыдағы барлық мектептерде, кітапханалар мен жоғары оқу орындарында кездесулер өтеді. Міндетті түрде желтоқсаншылардың қатарында мен де шақырыламын. Әнімді айтамын, әнімнің шығу тарихын әңгімелеймін. Кездесуге келген ел айтпасыма қоймайды...

ТАҒЫ ДА ӘБИРБЕК АЙТАДЫ: “Мен осы әніммен желтоқсаншыларға мәңгілік ескерткіш жасадым...”

Мен осы ән туралы естелікті айтқан кезде сол бір сексен алтының желтоқсанының аязды түнінде аланда қанға бөккен, жаны да, тәні де жараланған барша бауырларымының қалың ортасында болғандай күйде тұрамын...

Бұл – менің мәртебемді өсірген ән! Күллі қазақтың, ары да, жаны да таза халқымның жүрегіне жол тапқан ән деп білемін мұны. Сондықтан осы әнім арқылы қолы қанды, ойы харам, халқының тағдырынан гөрі қарақан басының бақытын, байлығын артық көретін итаршылардың сезімін қытықтап, ұятын сәл де болса оятқаныма разы боламын.

Бұл ән менің, әрбір қазақтың, халқымның ұланын азаматтыққа, адамдық болмысын биіктетуге шақыратын жүрек әнім! Онда жерін, елін қорғаған, аталы сөзімен қасиетті халқына үлгі болған бабаларымының да үні бар...

Бұл әнді әрбір бала біледі. Мектеп есігін ашқан ұл-қыздардың бәріне жаттаттырады. Оны өлендетіп оқуға да болады. Әнмен де шырқалады. Жалпы дауысқа салып, хормен айтуға да келетін икемді ән. Өйткені онда халықтың арманы бар, биіктерге бастайтын мұраты бар. Өміршендікке үндейтін ән ғой ол! Ел осыны түсінген. Бұдан артық аялы алақан, әнге деген махаббат бола ма?..

“Желтоқсан желі” – қанды желтоқсанда жүректе тербеліп туған ән!

МЕНИҢ АЙТАРЫМ: Желтоқсан көтерілісі – мәңгілік тақырып. Қазағымыздың өлмейтін, өшпейтін тарихы ол! Солай болғандықтан жазылатын ән де көп. Оны біздің замандастарымыз, болашақ ұрпақ жазады. Сөз жоқ, әдемі әндер болады олар. Бірақ ешбірі Әбиірбектің әнімен теңесе алмайды. Өйткені, “Желтоқсан желі” қанды қақтығыстың кезінде, жаппай жазалау жүріп жатқан сәтте, қамау, сабау, итке талату, қазақты қорлау, зорлауға ерік берілген шақта, қазақты мазақ, қылған қасиетсіз кезеңде “іңгөлап” келген ән бұл.

“Азаттың” кіндігін кесіп, әлемге таратқан мұндай ән ғұмырлы болмақ. Ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатын аманат ән екеніне менің қылаудай да күмәнім жоқ.

ӘН, ЖЫР АРҚАУЫ – ЖЕЛТОҚСАН

Мұхтар Шаханов:

ЛАУЛА, ЛАУЛА, ЖЕЛТОҚСАННЫҢ МҰЗҒА ЖАҚҚАН АЛАУЫ!

Әр дәуірдің еркіне сай нарқы өзгерген алтынның,
Айналайын алтын әнім, жасөргені халқымның.
Желтоқсанда шындық жырын шырқаймын деп шарқ ұрдың,
Желтоқсанда егеменді ел болсақ деп талпындың.
Кеудеңде әлі сызы жатыр сол кездегі салқынның,
Айналайын, айналайын, жасөргені халқымның!
Ерте айтылды, сондықтан да келте айтылды бұл әнің,
Уақытыңның талабына дөп келсе де ұраның,
Уақытыңның әділетсіз соққысынан құладың.
«Нашақор» деп, «маскүнем» деп айыпталдың, ұланым.
Саған жапқан сол жаланы естіп үнсіз тұрғанша,
Керең болып қалмады екен неге менің құлағым.
Айналайын, айналайын, жас Қайратым, қыраным!
Темір қолдар қуатты еді алқымыңды қаусырған,
Намысыңды жықпай өттің нәубет, дүлей маусымнан.
Жасып қалған шақтарымды жігер алдым бойыма,
Түрме торын жарып шыққан сенің қайсар даусыңнан.
Жә, не деген нүктесі көп, бүкпесі көп өмір ең...
Төрт жыл өтті шындық күліп шыққанынша көгінен.
Оқ бойы озып тұрыпсың-ау сол аумалы кезеңде-ақ,
Пышаққа сап бола алмайтын әкімдердің көбінен.
Өсер ұлдың қай сәтте де бірлік болмақ қалауы,
Лаула, лаула, Желтоқсанның мұзға жаққан алауы!
Өздеріндей ер намысты жасөргені бар елдің,
Ешқашанда еңкеюге тиісті емес жалауы!

НАН МЕН КҮН

Ақ күлшеге қол созады балбөбек,
Алтыннан да, гауһардан да ол бөлек,
Ақ аспандай дастарқанды ашады
Күн сияқты қып-қызыл нан дөңгелек!
Секем алып, кей хабардан, кей күннен,
Анамын ғой, махаббатпен, мейіріммен
Тәтті нанға қолын созған сол сәби
Шаттық әнін жоғалтпаса деймін мен.
Күн күлшелер жарық қылып не түнді,
Күн нұрымен жетім көңіл жетілді...
Нан көтеріп үйге кірген әйелдер,
Күн көтеріп келе жатқан секілді!

* * *

Өкініш — у,
Өткен күннің солуы
Солғындатты шаттығымды, күлкімді.
Мүмкін еді бұдан жақсы болуы...
Бұдан жаман болуы да мүмкін-ді.
Өз уым — бал,
Басқанікі жат енді.
Өзімдікі —
Бастан кешкен бар өмір.
Жөндер едім, әттең, кейбір қатемді
Барлығы да қайталанса және бір.
Қазіргі сәт қайталанбас,
Шынымен,
Қайталанар қайырмасы әндердің.

Бүгілмеудің қамын жедім күнімен,
Түнілмеудің мектебін де меңгердім.

* * *

Қаншама сан сұқтанып келбетіңе
Қалың қолмен ала алмай жау жылаған.
Алтын елім, айдыны тербетіле,
Тауы асқақтап, орманы маужыраған!
Ерлерге даңқ — ұрпаққа жер қалдырған!
Ақ бесігін құшақтап құлай білген.
Солар үшін — тәңірден, таңнан, нұрдан
Бұл даланың бақытын сұраймын мен!
Сескенбеймін біреудің жаласынан,
Қарасынан қадалып жанар тіктеп.
Басын тігіп қорғаған бабасынан
Баласының кім айтты жаны артық деп?!

* * *

Ұмытуға бола ма сол дауысты —
Өз елінен таппаған қорғанысты?
Желтоқсанның дауылы шайқағанда
Құлатпады арулар ар-намысты.
Ұмытуға болама тірі тұрып —
Шыңғыртқанын аруды жігіт ұрып?!
Қарындастың шырылдап жылағаны
Қандастарға батпайма түбі түрік?!
Бар жұмбағын әлі ашпай тұр-ау сол маң?
Жүрегімнен — қорлықтан қырау шалған —
«Кімдер екен сол қайсар қыздар?» — деген
Кетер емес бір дауыс сұрау салған...

* * *

Заман қайда, заң қайда бір қалыпты
Тұлға болғым келмейді жырға мықты.
Жырын беріп, басқадан жұрдай қылып
Алдап келген сияқты бір халықты.
Халық кейде — көзі жоқ бір көбелек,
Отқа түспей, өртенбей жүрме бөлек.
Өлең жазғым келмейді өзім үшін,
Тіл білмейтін ұрпаққа жыр не керек?
Жұртым, неге қабағың тұнжырады?
Туған жерде — әлемнің нұр жұмағы.
Шынжыр, әні жүректің сыңғырамай,
Сылдырайды аяқтың шынжыры әлі!

* * *

Жадындама?
Жауың кім? Бүлік — қас кім?
Кіммен діндес, кіммен дос, ғұрыптассың.
Жүрегіңе далаңның даусы жетсе,
Мәңгі бақи ойларсың, ұмытпассың.
Бұтағына жармасып өлі үміттің,
Кімге сендің?
Кімдерден нені күттің?
Бір тарының сыйғызып қауызына,
Айырғанын еркіңнен неге ұмыттың?

* * *

Қайран елім!
Қонақжай, қайырымды.
Құндағынан жүрегі бай, ұғымды.
Толқындары қатерлі дарияға
Қалтылдатып салдың-ау қайығыңды.
Қандай болдың алам деп ұлық тілін?

Шұрқырайды жоғалған ғұрып — құлын.
Тізе бүгіп отырып қалдың қанша?
Арманыңның уыстап суық күлін?
Дәуірлеген кездері болған, өткен.
Батырлары бас тігіп, қорғап өткен,
Қайран елім, бытырап, тоз-тоз болып,
Он миллион қазаққа зорға жеткен!

* * *

Кейде таудан биік көңілің басылар,
Кейде көзден жас бұлағы жосылар.
Кейде жаның кей жаманға ашынар,
Бірақ соны ұмытуға да болады,
Ұмытпайтын, ойлаңдаршы, несі бар?
Кейде мықты ақымаққа бас ұрар,
Кейде біреу арыз, дауға асығар.
Кейде бір дос дұшпанына қосылар,
Ұмытуға болады ғой, болады.
Жүрегіңді ауыртқанмен осылар.
Қаяу болса,
бар қуаныш құрып па?
Ұзақ шыдап тұра алмайды суық та.
Су ысқанмен достасарсың жуықта.
Ұмытуға болатынды ұмыт та,
Ұмытуға болмайтынды ұмытпа!

* * *

Бәрін көріп тұрса да заты халық,
Сатылады-ау дегенді сатып алып,
Қалағанын біреулер алу үшін,
Қасиеттіден аттайды дәті барып.
Жалғандықты ашады жалған әлі,

Жүрегіме түседі таңбалары.
Қорқытады мені осы —
адам үшін
Қорқынышты ештеме қалмағаны.

* * *

Аққа күйе жаға сап, жақпағанда,
Аямайтын көңіліңді таптағанда.
Қайран адам, басына күн туғанда,
Қандай шебер өзі-өзін ақтағанда!

Кейде біз де алдаймыз, алданамыз,
Қиялы екен адамның — арман, аңыз.
Кейде біз де шындықты бүгіп тұрып,
Біреу жалған сөйлесе — таң қаламыз

Шындық деген иемене, анықталық,
Жетпей, қуып келеміз өліп-талып.
Алдайды адам алдымен өзін-өзі,
Соған да өзі жүреді сеніп қалып.

ЖЕЛТОҚСАН ЖАҢҒЫРЫҒЫ

(Поэма)

Алматыға жолым түсіп бара қалсам мен міндетті түрде «Республика» атындағы алаңға соғамын. Алаңға кіре бергенде денем түршігіп төбе құйқам шымырлап кетеді. Есіме дүниені дүр сілкіндірген Желтоқсан көтерілісі түседі. Мұздақ алаңның үстінде жығылып, сүрініп, атой салған демократияның қарлығаштарының ішінде, қанға боялса да, қайтпай, қайыспай, қайсарлықпен қарсылық көрсеткен қыз – жігіттердің ішінде менде сенде бар едік, Қайрат! Бірақ бір-бірімізді танымайтынбыз. Алаң ортасынын бір зор айқай шығып тұрды. Күні бүгінге дейін сол айқай құлағымда. Сол дауыстың иесі сен шығарсың деп ойлаймын. Себебі сенің жазан бәріміздікінен ауыр социалистік қоғамдағы ең сорақы, ең жан түршігерлік жаза болды ғой...

ҮЗЕҢГІ ДОС ЖЫРЫ

I – бөлім

Дүр сілкінді қойдан да қоңыр аймақ,
Бағы жана ма?
Қала ма соры қайнап?
Ұран жазып, қып – қызыл ту көтеріп,
Бізде келдік алаңға «Елім – айлап»

Билік – Халық,
Кім бүгін ұтылады.
Бас пен құлақ, көз, мұрын бүтін әлі.
Сойылы бар сақшылар жұртқа қарап
Қоян көрген тазыдай жұтынады.

Жауды алаңға тілектің нөсері кеп,
Шешеннен соң сөйлейді шешен үдеп.
Демократияны бұғаудан босатындар,
Әр халыққа өзінің көсемі, - деп.
Сүрмейтұғын болдық қой күймей ғұмыр,
Көленкеміз. Күннен де тым келмейді нұр.
Колбин деген кім екен? Қайдан келген?
Уа, сыртымыздан қашанғы билейді бұл?

Қазақстанда он тоғыс облыс бар,
Хатшы жоқ па тізгінді қолына ұстар?!
Бұл дегенің деп біреу шамданады
ҚКП – да беделдің қалмағаны.

Тілің құрып барады білесің бе?
Ескерусіз дін жатыр сүресінде.
Қақпақ қойып ауызға, көзді байлап,
Мұрша бермей қойды ғой тіресуге.

Жиырма жыл қаңғырдым пәтер алмай,
Жазығым бар бұл менің, әке, қандай?
Ойбай, көке, айта түс бетің дұрыс,
Алматыда жойылсын жетім бұрыш.
Өгей қозы біз болдық енемізге,
Келімсектер шықты ғой төбемізге...

Көп адамның бір босап қалды – ау іші,
Іске аспады, алдау мен арбау ісі.
Брежнев алаңы күңіреніп,
Шықты осылай халықтың жан дауысы.

Міне осындай айқайдан құлақ тұнды,
Көзге жас ап, анлар жылап тұрды.

Жылдар бойы жоғалтқан еселерін,
Үкіметтен халайық сұрап тұрды.
Ақиқат жоқ, маңайың – толған аңыз,
Жүр екенбіз тұманды жолда нағыз
Мінбе жақтан дөкейлер күркірейді
Тараңдар, әйтпесе күш қолданамыз.
Сақшылар тұр түзеп теректердей,
Хұқы бар ма өздерінің бөлектердей.
Айтақ шықты кенеттен, шапшыды олар,
Қарғыбауын сыпырған төбеттердей.

Тәртіп қорғау санаға етті нені,
Өз халқына ойпырмай кекті ме еді?
Азаматты сойылмен қанға бояп,
Шаштан сүйреп қыздарды тепкілейді.

Түсті табан астынан қолдан байрақ
Сенім бізді әкепті сорға айдап.
Бұл сұмдықты көргенше, тірі жүрмей,
Өлген жақсы, - дедің сен сонда Қайрат.

Аспан тұрды төбеде нала құсып,
Сақшылар жүр бөрідей ала түсіп.
Жасырмаймыз жазықсыз аруларға,
Араласып кеттік біз ара түсіп.

Жан – дүниенді сол кезде білер ме едің?
Шорт үзілді, төзімнің шідерлері
Араласпай қашуға бас сауғалап,
Намысымыз жігіттік жібермеді.

Дегеніміз жоқ қате не жөн істедік,
Қарап тұрып қырылар кеміс пе едік.

Қолда қару болған жоқ жұдырықпен,
Біраз беттің тақтайын тегістедік.

Бар болғаны сол еді «қылмысымыз»
Савицкийді көрген жоқ бір кісіміз.
Кейін соның қазасы тағылғанда,
Аң – таң болып, қан жылап тұрды ішіміз.

Түрме жұтты біздерді-қара мекен,
Әділетсіз бұл қоғам талақ екен.
Демократияны жамылған КГБ-ыңыз
Қолдан жасап шындықты алады екен.

Темір құрсау біздерді бүргені шын
Мұң шығады қапаста кімге құсын.
Ақ – қаранды тексерер түрме деген,
Концлагерь болды біздер үшін.

Нәсер бұлт жетпеді көшіп қырдан,
Шыбық өлді – кеудеде өсіп тұрған.
Шындық деген жоқ екен сотыңда да
«Атуға» деп міз бақпай кесім қылған.

Біреу қорғап дүние – ай, жақ ашпады,
Қайрат сені осылай аластады.
Құрбандыққа күні бұрын белгілеген,
Артық адам сен болдың Алаштағы.

Қылмысы жоқ жігітті жерлемек кім?
Оның обал – сауабын тергемек кім?
Деген ойдың шырқырап шырмауында,
Он бес жылды арқалап менде кеттім.

Ақтық сөзің арманды – хатта қалды,
Көріп жүрміз, қиып ап сақтағанды.
Қайрат, Қайрат бауырым естимісің
Есін жиған халқымыз – «зек» ұрпағын,
Лагерде шірітпей ақтап алды.

Не азапты, бауырым, көтермедік,
Соны жырлап өмірім өтер менің,
Камераңа қанішер салмағанда,
Бізбен бірге ақталып кетер ме едің?

Шайқады ғой біздерді, «шайтан арба»
Оның бәрін жеткізіп айта алам ба?
Түсіп кетсе есіме,
Қаным қайнап,
Атып шыққым келеді қайта Алаңға.

II – бөлім

Қайрат! Сені тергеу бізге құпия болып қалды. Жүзден он процентін білмейміз. Мен тергеушілірмен «диалогтардың» төмендегідей болған шығар деп шамалаймын....

Қайрат:

Таспа тілгендей жанымнан тозаң ұшырдың,
Балағаттайсың, бағам бір тиын, түсіндім.
Жазықты мен, қайталай берем несіне,
Оқып көр міне, өлеңге түнде түсірдім.

Тергеуші:

Түкірдім мен жырларыңа,
Ит не деген өткір едің.
Ине сұқтым тырнағыңа,
Өлердей ғып тепкіледім.

Алдау – арбау тәсілімен,
Салдым қанша жаңға бұғау.
Тәнің таудың тасы білем,
Мойындата алмадым – ау.

Қайрат:

Мойындата алмайсың,
Адал арым,
Көзім жетіп болды ғой, бағалағын.
Менсіз едім жақпақсың маған қасқа,
37 емес бұл –
Заман басқа.

Тергеуші:

Бірақ 87 бұл,
Бүлігі көп.
Отырсың ғой қылмыстың түбірі боп.
Тілің безеп, өлең айт маған десең
Савицкийді өлтірдің алаңда сен.

Қайрат:

Бітер екен осы бір «кенес» қашан,
Савицкийді көргем жоқ мен ешқашан.
Өлтіргем жоқ,
Құдай мен достар куә.

Тергеуші:

Ах, баскесер тағы да басталды ма?
Періштедей бейкүнә жұтынасың?
Куә қаның, қалайша құыласың?

Қайрат:

Соншалықты зымиян болар ма едің,
Қолдан жасап алдыңдар, түсінемін.
Қалай тани қояды олар мені,
Ғұмырымда көрмеген кісілерім.
Қалай жасап береді заңға «шұжық»?
Алаң шетін баспаған маржа, мұжық.

Тергеуші:

Тісіңді қайрап кектенесің не?
Ұлы халықты жек көресің бе?

Қайрат:

Халықтың бәрі ұлы.

Тергеуші:

У – ух, сасық шалшықтың балығы.

Қайрат:

Жұмысың жоқ халқымда, тарт тіліңді
Олар әлі – ақ біледі ақтығымды.

Тергеуші:

Жиылып бүркіт болмас, он мың қарға,
ха – ха – ха
Үкіметті мұқатпақ болдыңдар ма?
Бәрібір іске аспады амалдарың,
Қарғадай қарқылдаған надандарым.
Сені жарық дүниеге қайырмаймыз,
Пашпыртыңды «атуға» дайындаймыз.

Қайрат:

Жүрегіме зіркілің от қояды,
Шұқыдым деп мастанба көзге кенет.
Сен сияқты залымдар көп қой әлі,
Әлдеқашан дүние өзгерер ед.

Жатқаным шатылып өкінбеймін,
Кетсемдағы атылып өкінбеймін.
Тіршілік қалды,
күресімді бірақ та тоқтатпаймын.
Міне, саған түкіремін алдыменен.
ТФУ, бетіңе жаналғыш.

ҚҰДАЙҒА МҰҢЫН ШАҚҚАН АНА ЗАРЫ

Мойнынды біразырақ бұршы Құдай,
Тірлікте кім қанішер, кім сұмырай...
қырсық Құдай.
Оқыста отқа түскен көбелегім,
Гүл ашпай көктей солған қыршыным – ай,
Жете ме құлағыңа сорлы мұңым,
Естімей, кереңсің бе зорлық үнің,
Ешкімге залалы жоқ бұйра қозым,
Алаңсыз ойнақтаған өр құлыным.
Іздер ем жол жоқ бірақ саған барар,
Таба алмай тіршілігін тамамдалар.
Сезеді қу жүрегім, сүтім адал.
Ақ жолдан таймайтұғын балам да адал.
Аспаннан түссеңші енді жер тірегі,
Сен жоқ деп Құдайсыздар желпінеді.
Ей, Тәңір менің ұлым ақын еді,
Ақындар қайтіп адам өлтіреді.

Сұмдарға шамаң жоқпа тоқта деуге,
Ей, Құдай пендең саған өкпелеуде.
Ақымақ үшін алдыменен
Ақындар тоспайды ма оққа кеуде.
Құдай – ау, мұң шағамын қай адамға,
Тұтылған күн секілді қараям ба?
Заманы Сталиннің оралды ма?
Халқым – ау, бұл не сұмдық ай аманда?
Басыма салдың менің неге түнек,
Ыстығың, суығыңа көнетін ек.
Сол ұлды мен сен үшін туған жоқ па ем,
Баламды қайтарып бер, ей өкімет.
Залым соты, заңы да арам,
Құлыншағым, қан құсып отыр анаң,
Сала ма сені топырақ ән.
Көзіне күл шашамын бұл қоғамның,
Заңы тұл, адамы құл, соты харам....

ҚАЛЫҢДЫҚТЫҢ ЖОҚТАУЫ

Қанды алаңда тосты сені Қособаң,
Қайран өлім, талай пәле тос одан.
Жынын құсқан Желтоқсанға обалың,
Менің аттай алмай қалған босағам.

Ақ гүл едім, гүл көктемде аруақтай арыдым,
Өткен сынды түйсігім мен танымым.
Жанарыңда өмір, өлең толы еді,
Неге ертерек сөніп қалдың жарығым.

Құшағыңда балқып едім аз ғана,
Ерінімнен сүйгізіп ем наздана.

Есімді алып, дірілдеме қос анар,
Сорлы сезім бойымды өртеп маздама.

Қыпша белім мені аңсайсың сен енді,
Қыздырмайды қаным суық денемді.
Мен тұманда мәңгі – бақи жоғалттым.
Желкенін жел кернеп жүзген кемемді.

Былығы көп тіршілікке кекті едің,
Сұңқарым – ай арманыңа жетпедің.
Ең болмаса ғұмырыңды жалғайтын,
Құрсағыма өмір сеуіп кетпедің.

Дақ түсірдім деп ойламай салтыма,
«Олжабай» деп жасырмастан артыма.
Бұл Қайраттың тұяғы деп ұялмай,
Асқақтықпен көрсетер ем халқыңа.
Қылмыскер тиеп батыстан этап келеді,
Шұбалған состав шабан тұғырдай желеді.
Сол жігіт үшін тау етегіндегі қалада,
Желбіреп тұрады қайран үміттің желегі.

Торлы вагонға есебін тауып жел кірді,
Сол дала желі құтыласың деп сендірді.
Қасыңа салған серігіне де қарамай,
Торлы тесіктен қиырға қарап телмірді.

Біздің Отанда халық қыруар, түрме мол,
Жазықсыздар да, қылмыскелер де күн көрер.
Өкпені қысқан екі кісілік купеге,
Сол адамменен ажал кіргенін білмеді ол.

Ақын мен жендет – сайқал тағдырдың мазағы,
Ех, әлі қанша қанды парақтар жазады.

Ақын отырады арманды әуенін ыңқылдап,
Жендет отырды ысқырып бір күй азалы.

Доңғалақ біткен келе жатты айтып жол жырын,
Қасында отыр басынды жұтар, сор, жылым.
Әрине бүгін ешкімде бізге айтпайды,
Өлтіруге оны тапсырма алды сол зұлым?

Ех, Қайрат, Қайрат, ақкөңіл бауырым күнәсіз,
Неліктен менің көз алдымда ылғи тұрасың.
Түйсік айтады, ел де айтып жүр ашықтан,
Сені жоюға тапсырма болған шүбәсіз,

Сол бір оқиға салынды талай елекке,
Сенетін болсақ адвокат айтқан дерекке.
Толқуды тастап, орден қадаған «сұмдарға»,
Қылмыстарының ізін жасыру керек те.

Өлең жазамыз өкпелеп бүгін үмітке,
Орындалмасаң кепкен көндерді жібітпе.
Қалғып кеткенде, қапысын тапқан қанішер,
Сасық майқасын тұзақ қып салды жігітке.
Ех, Қайрат, Қайрат қапаста алты ай қан іштің,
Итгер қамаған арлан қасқырдай қарыстың...
Бостандық түсіне кіріп жатты ма екен.
Дұшпан ұйқыдан оянбай кеткен арыстың,
Арманда кеткен арыстың.


Аспаның бұлттан ашылса екен толайым,
Алаңға сонда ақ көгершін боп қонайын.
Тұман көлбеген Ата Мұраттың жолында,
Сен үшін өлген соңғы құрбандық болайын.

Мұратыңнан енді көшіңнің басын бұрмағын,
Сұңқарың өсіп, азая берсін сұмдардың.
Аманат саған,
Соға алмай өткен дауылым,
Көкірегімдегі жазылмай кеткен жырларым
Аманат, халқым, аманат...

Көз жасымды құйып құтыға,
Қабіріңе құям оны жұтып ал.
Шиебөріше қайғы мен талайды,
Одан жолда іздемеймін құтылар.

Табандарға тапталмайды намысың,
Алты алашқа аян болды дабысың.
Қасыңда тұр сертке бері жесірің,
Алаңдамай демала бер, Арысым,
Мен өзінді жүрегіме жерледім.
Алаңдамай демала бер, Арысым!...

1991 жыл.



ЖЕЛТОҚСАН
(Дастаннан үзінді)

Он жетінші желтоқсан,
Он сегізінші желтоқсан,
Алаңды қанды сел басқан,
Азамат арып, ел сасқан,

-Бұл неғылған дүрбелең,
Лап ете қалған іргеден?!
«Қазақтан билік кетті», - деп
Жастарды намыс үрлеген.

Үрлегені жөн еді,
Есеп болса, кер болса,
Не игілік өнеді,
Жігерім тағы жер болса?!

«Желге қарап түкірме,
Тірлігіне шүкір де», -
Десем, ұлым тіл алмай,
Алаңға қарай жүгірді.

Сәске түстің кезінде,
Шыдамай келдім өзім де...
Бір генерал сөйлеп тұр,
Жыланы бар сөзінде:

-Дүрлікті жастар бұзылған,
Тағдыры теріс сызылған.

Наша, арақ қосылып,
Естерін білмей қызынған.

Қарсы шықты советке,
Нәр алып ұлтшыл құзырдан,
Бәрі де «белогорячий»
Уланып біткен қызыл қан.
Алданып үміт күтпендер,
Әулекі ұл-қызыңнан...

Сыбыр-күбір әңгіме,
Терең жатыр мәні де:
-Әр елге өз көсемі,
Басыну ма, бұл не әлде?!

-Колбин деген келіпті,
Демалыста Қонаев.
Қазақтарға төніпті,
Келе көзі алайып...

-Астапыр-алла, не деді?..
Колбин деген кім еді?!
Бұл қазақтың сірә бір
Ашылмады-ау түнегі.

-Кремльде – сағасы,
Горбачевтей «ағасы»,
Қазақтың өз көсемі
Болмағандай қарашы!

-Кеше көрдім Колбинді,
Қолқ-қолқ еткен бір адам!

Ызғары бар өңінде,
Ешкім батпас, сірә, оған.

- Әр ұлттың өз үні бар,
Өзінен туған ұлы бар.
Сол билейді қазақты,
Уақыт жетті ұғынар!

Міне, мынау ұлы сөз,
Арман еттік мұны біз.
Сонау Сырым шарлаған,
Ұрпағына таныс із.

«Қиратып құлдық кісінеді,
«Азат болам» деген сөз.
«Қабырғалы, көшелі,
Қазақ болам» деген сөз.

«Тілім, дінім – иманым,
Қайта келді, - деген сөз.
«Біз ояндық, мейманым,
Байқа, енді» деген сөз.

* * *

Азаттық ұран көтеріп,
Жастарым шықты алаңға.
Өкірендеп, итеріп,
Курсанттар келді жалаңдап.

Қолында темір күрегі,
Тап бергендей түр-өңі,
Сазарып алған солдаттар
Тұмсығын топқа тіреді.

Өршіген жалын өше ме,
Келеді жастар көшеде.
Тоғысып жатыр алаңда,
-Қайт, қайтыңдар! – десе де.

Арбасып іштен тынып тұр,
Бірінен-бірі ығып тұр.
Қан асатып үйреткен,
Көк серек иттер ұлып тұр..

Кімде елдік намыс бар,
Кімде тірі ағыс бар –
Сол келіп тұр алаңға,
Текті-текті таныстар.

Күллі қазақ емес бұл,
Оқудағы ұл-қызым.
Елдік үшін егескен,
Айым, күнім, жұлдызым!

Шұнақ аяз қақап тұр,
Қанды қылыш тақап тұр.
Ұшқын атып, қылаулап,
Жанды жалмап, тапап тұр.
Келген ел анық біледі,
Неден шықты шатақ бұл.

Қоян кірді қуысқа,
Сыяды ол уысқа.
Құлақ кесті құл мінез,
Жарымаған туысқа.

Тәуекелге бел буған,
Ноян емей немене?!
Қуыста көзі жылтиған,
Қоян емей немене?!

Галстугін тағып ап,
Үстін үрлеп қағынад...
Шоғы сөнген үмітсіз
Намысыңды не қылад?!

Бұлаңдатып құйрығын,
Қағып алып бұйрығын.
Қылымсиды Колбинге,
Қуанып жүр ол мүлде!..

Албырт, асау жігіттер,
Әділеттен үміткер!
«Колбин кері қайтсын» - деп
Талаптарын үдеткен.

Әй, балалық, балалық,
Іздегені жаңалық.
Неге берсін билікті,
Жан берісер, жан алып.

Неге қайтсын еліне,
Пистолет бір белінде...
Тұс-тұсынан қаптаған,
Мынау әскер тегін бе?..

Дауыстады бір ұлым:
- Колбин, саған орын жоқ!


Ұшып түсті құлыным,
Бір ауыз сөз соры боп.

Студенттер лап берді,
Трибунаны қақ бөлді.
Тісін қайрап Басаров:
- Көрсетейін, қап! – деді.

Осылай ойран басталды,
Тықсыра берді жастарды.
Қаруы жоқ қандасым,
Мертіксе дағы саспады.

Улыған да шулыған,
Жүгіру, жылау, төбелес.
Қарды ерітіп жылы қан,
Қызара берді бел-дөнес.

«Ақ жол», 1996 жыл, 7 желтоқсан.



Желтоқсандықтар

Әні мен сөзін жазған: Өділбек Төлегенұлы Нысанбай

Марш өлшемі

Ар-ман жы-рың -ды ер - кін ай-та(ал)-май,
Ақ қар көк мұз - да тұр-дың тай-сал-май.
Тө - уел - сіз дік - тің қар-лы - вай-та - ры,
Жел-тоқ-сан-дық-тар, қайт-пас қы-сар-лар!
Жел-тоқ-сан-дық - тар, ар - на - мы-сы(ел)-дің,
Ба - ба - ла-рым-ның ар - ма-ны сен-сің.
Е - ге - мен ел - дің ер - те - ні сен-сің,
Тө - уел - сіз ел - дің таң-да - уы сен - сің!

The image shows a musical score for the song 'Желтоқсандықтар'. It consists of ten staves of music in a 2/4 time signature with a key signature of two flats (B-flat and E-flat). The lyrics are written in Kazakh and are aligned with the notes on the staves. The score includes a tempo marking 'Марш өлшемі' (March tempo) and a dynamic marking 'Кры' (Crescendo). The lyrics describe a winter scene and a call to action.

Желтоқсандықтар

1. Арман-жырыңды, еркін айта алмай,
Ақ қар көк мұзда, тұрдың тайсалмай.
Тәуелсіздіктің - қарлығаштары,
Желтоқсандықтар, қайтпас қайсарлар!

Қ-сы: Желтоқсандықтар, ар - намысы елдің,
Бабаларымның - арманы сенсің.
Егемен елдің - ертеңі сенсің,
Тәуелсіз елдің - таңдауы сенсің!

2. Желтоқсандықтар, аппақ арымсың,
Қаһарлы қыста жанған жалынсың.
Аталарымнан қалған өнімсің,
Бабаларымның, ақ арманысың.

Қ-сы.

3. Желтоқсандықтар, қайсар өрендер,
Ұмытпай ұрпақ айтар өлеңдер.
Батыр бабамның, қалған көзісің,
Даналарымның өткен кемеңгер.

Қ-сы.

4. Желтоқсандықтар, гасыр - түлегім,
Рухың биік, асыл сүйегің
Құлпытасыңа, гүл шоғын қойып,
Ерліктеріңе, басымды иемін!

Қ-сы.



Мәкен Уәктегі (Уақов Фермебай Жұмаділұлы)

1948 жылы 16 қарашада Шу ауданы, Бәйдібек ауылында дүниеге келген. Сол ауылда сегізжылдық мектепті тәмамдап, Шу ауданының орталығы Төле би ауылында 1966 жылы қазақ орта (М. Әезов атындағы) мектебін бітірген.


Отбасы жағдайымен 1970-1998 жылдар аралығында Мойынқұм ауданының Бірлік ауылында тұрып еңбектеніп, 1990 жылы қоғамдық жұмыстармен айналысқан. «Қазақ тілі» қоғамы мен Қ. Рысқұлбеков атындағы қоғамдық қорда өнікті өнегелік танытқан. 1998 жылы Төле би ауылына қоныс аударып, ұрпақтарымызды ұлтжанды, адамгершілікке тәрбиелеуде қажымай, талмай еңбектеніп келеді. 2001-2005 жылдары республикалық «Азат» газеті мен халықаралық «Жас Түркістан» журналдарында қызметте болды. Сондай-ақ, аудандық өлкетану музейі мен «Тасөткел» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде қызмет етіп, 2011 жылы зейнеткерлікке шықты.

Зайыбы Зиякүл Нұржаубековамен үш қыз, бір ұл тәрбиелеп өсірген.

Мәкен Жұмаділұлы өлкетанушы, әлем халықтары Жазушылар одағы және Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, Қайрат Рысқұлбеков пен Желтоқсан көтерілісін зерттеуші. Шу ауданының Құрметті азаматы.

1999 жылы «Ер намысы - ел намысы», 2001 жылы «Қайрат және Желтоқсан көтерілісі», «Қайрат танытқан Қайраткерлер» 2005 жылы «Халықтың Қайнары», 2011 жылы «Қайрат. Желтоқсан. Тәуелсіздік», 2015 жылы 10 қазандағы «Хантауы-Қазақ хандығының бесігі» кітаптарының авторы. Оннан астам жинақ кітаптарына мақалалары енген.

Аудандық, облыстық, республикалық баспасөз беттерінде 500-ден астам мақалалары жарық көрген. Шу ауданының құрылғанына 80 жылдық, Желтоқсан көтерілісіне 30 жыл медальдарымен, бірнеше Құрмет грамоталары және Алғыс хаттармен марапатталған.





Қазақстан Жазушылар және Журналистер одақтарының мүшесі, Қазақстанның Құрметті журналисі, Қазақстанның Мәдениет қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері **Мақұлбек Қайыпбекұлы Рысдәулет** 1949 жылы 20-мамырда Жамбыл облысы, Жуалы ауданы, Бақалы ауылында дүниеге келген. 1968-1973 жылдары Қазақ Мемлекеттік университетінің журналистика факультетінде білім алды. Журналистика саласындағы алғашқы еңбек жолын сол кезде жаңадан ашылған Жезқазған облыстық «Жезқазған туы» газетінде бастады.

1973-1991 жылдары Сарыарқа төрінде қаламын ұштады. 1991-2005 жылдары республикалық «Халық кеңесі», «Заң газеті», «Егемен Қазақстан» газеттерінің Жамбыл облысындағы меншікті тілшісі ретінде облыс экономикасы мен мәдениеті, әлеуметтік тұрмысы мен проблемалары туралы жазды.

2004-2010 жылдары Жамбыл облыстық «Ақ жол» газетінің бас редакторы қызметін атқарды. Қазақстан комсомолы мен Журналистер одағының Баубек Бұлқышев атындағы сыйлығының лауреаты, бүкілодақтық конкурстың жүлдегері.

Жамбыл облысында еңбек еткен жылдары туралы еске алғанда оның ең алдымен ауызға алатыны Талас газ кен орнын игеру туралы жазған мақалалары. Ол бұл өміршең тақырыпты «Егемен Қазақстан» газетіне үзбей жазып, Талас жеріндегі Аманкелді газ кен орнын игеру ел байлығын арттыратындығын дәлелдей білді. Осы еңбегі үшін ол Талас ауданының Құрметті азаматы атанды.

Мақұлбектің он бестей кітабы жарық көрген. Сонымен бірге оннан астам ұжымдық кітаптарға очерктері мен әңгімелері, повестері мен хикаяттары, эсселері мен публицистикалық мақалалары енді. «Жұлдыздардың жарығы», «Күміс белдік», «Желсаз», «Жұлдызды өмір», «Ту ұстаушы», «Әбдір Сағынтаев», «Тарих тамырлары», «Көңіл құсы», «Бақатерек», «Әнғұмыр» көркем әдеби кітаптары оқырмандарына жасаған тартуы.

Қазақтың біртуар азаматы, көрнекті ғалым, қайраткер Қаныш

Имантайұлы Сәтбаев туралы деректі «Мысдария» повесі Қазақстан Жазушылар одағы мен «Қазақмыс» корпорациясының Қарсақбай мыс қорыту зауытының 80 жылдығына орай жариялаған конкурсының проза жанры бойынша бас бәйгесіне ие болды. Ерекше айта кететін мәселе—Мақұлбек Рысдәулеттің бүкіл шығармасы нақты деректер мен дәйектерге құрылуымен құнды.

Қоғамдық жұмысқа да белсене араласып келе жатқан М.Рысдәулет облыстық ақпараттық-насихат тобының мүшесі, облыстық ономастика, «Нұр Отан» партиясының Жамбыл облыстық филиалының «Мирас» комиссияларының мүшесі.

Оның еңбегін мемлекет те, елі де бағалағанын «Құрмет» орденімен, «Қазақстан Республикасының Құрмет Грамотасымен», «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне-10 жыл», «Қазақстан Республикасының Конституциясына-10», «Астанаға-10 жыл», «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне - 20 жыл», «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне— 25 жыл» мерекелік медальдарымен марапатталғанынан байқауға болады. Ол-Қазақстан Республикасы Мәдениет және Ақпарат министрлігінің Мәдениет қайраткері, Жамбыл облысы әкімінің «Парасат», «Парыз» сыйлықтарының лауреаты. Қазақтың Салт-дәстүрі академиясының профессоры, Талас, Жуалы аудандарының Құрметті азаматы.

Қазір Жамбыл облыстық мұрағатының мұрағатшысы.

Үшұл-қызынан 9 немере сүйген.

Мақұлбек Рысдәулеттің облыс тарихына қатысты жазған кітаптары:

«Ерлік ұмытылмайды», «Ескерткіштер – ел тарихы», «Жазықсыз жазаланғандар», «Мәңгілік ерлік», «Жамбыл облысына -75 жыл (жылнама-шежіре)», «Жамбыл Батырлары», «Майдан хаттары», «Жасампаз – 25 жыл», «Жамбылым қандайтамын. Мәдениет және өнер өрнектері», «Солдат жары», «Конфискация», «Жуалы», «Тарихы терең – мерейлі мекен» кітаптары жарық көрді. Бұл кітаптардың барлығында облыс тарихы, жер-суаттары, тіл мәселесі туралы кеңінен айтылған. Оның бұл еңбектері өлкетанушылар үшін аса құнды.

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз.....	4
«Қайрат РЫСҚҰЛБЕКОВ» саябағы.....	6
«Желтоқсан, 86».....	9
«Желтоқсан толқыны».....	11
«Тәуелсіздік ұшқыны».....	13
«Ғибарат».....	15
Батыр – халықтың рухы.....	17
Желтоқсаншыларға құрмет – тәуелсіздікті асқақтату.....	20
Қазақтың қайсар ұлы.....	23
«Халық Қаһарманы»Қайрат Рысқұлбековтың «Ақтық сөзі».....	24
Кездесеміз әлі де.....	29
Анама.....	30
Бауырым Алтай!.....	31
Қайрат Рысқұлбековтың 5-сыныптағы міндеттемесі және түрмеден жазған хаттары.....	32
Аылдың қарапайым баласы болатын.....	43
Төрт жыл кешіккен шындық.....	56
Батыр.....	57
Ана зары.....	58
Мәңгілік от.....	59
Қаһарман.....	60
Елің ұмытпайды.....	61
Көк байрақ мәңгі-бақи желбіресін!.....	63
Ректордың Әркен Уақтан қорыққаны.....	64
Көтеріліс құрбандары қанша?.....	66
Ақиқаттан аттау ар-намысты аласартады.....	67
Қордың құрылуы.....	68
Қайраттың қазасы.....	71
Дәстүрлі спорт жарысына биыл- 20 жыл.....	73
Халықтың рухы.....	77
Жамбылдық желтоқсаншылар.....	87
Алматыдан хабар.....	87
Желтоқсан көтерілісіне қатысқан жамбылдықтар.....	88
«Желтоқсан ақиқаты» республикалық қоғамдық бірлестігінің филиалы мүшелерінің тізімі.....	88
Адам болып келген соң.....	93
«Теңдік, әділдік үшін» дкп алаңға шықтық.....	104
Қабактарымызға мұз қатты... бетімізді қан жуды.....	106
«Галстуктың құлдары...».....	115

Бәрінен де қыздарды қорлағаны жанымызға батты	122
Ешқашанда ұмытылмайды.....	124
Жүрекке түскен жарақат.....	127
Ләйла да алаңға шыққан еді.....	130
Біз де наразылығымызды білдірдік.....	133
Алаңға ар-намысы апарды	136
Бес жылға сотталдым... Махаббатымды таптым.....	139
Жазамды Қарлагта өтедім	142
Алаңға не үшін бардық?.....	144
“Құйын” қиған ғұмырлар	152
Ерлікке толы күндер	157
Астарлап жеткізу	159
Ол күндер естен кетпейді.....	162
Айтылмай келген ақиқат	165
Шыңдалған махаббат.....	167
“Құйынға” түскен ғұмыр.....	178
Қайсар қыздар	181
Алаңға Қайратпен бірге бардым.....	182
Қыздар өте белсенді болды.....	183
Аналардың тартқан азабы аз емес.....	186
Бүгін тарих.....	189
Тергеуде жүргенде үйленлік	190
Тарихи көтеріліс.....	191
Бізді бастаған – Санат.....	194
Жадымда жаңғырған желтоқсан	196
Келтекпен ұрды.....	198
Жексенбайдың айтқаны.....	200
Қазақтың қасиетті қазығы - желтоқсан.....	203
Аңсау	206
«Күштеп болса да басындар, партия екі сөйлемейді».....	214
Шындық шыңырауда жатпайды	215
Қазақ қыздары қайсар.....	216
Желтоқсанның жұлдызы	219
Билікке қарсы тұрдық.....	223
Жезқазғанда да тірестік.....	224
Өшпес із қалды.....	225
Ұмытпаймыз, ұмыта алмаймыз	227
Ләзаттың өр тұлғасы көз алдымда... ..	230
Ұмыту мүмкін емес.....	236
Дәрігерлер көмек көрсетуден бас тартты	237
Азабын тартып келемін	238
Біздің үйде де Мұхтар бар	240
Сол бір күндерден.....	243

Ағайынды үшеуміз де қатыстық.....	246
Қызыл дипломмен қоштастым	248
Кенжебек Ибраимовқа Қалидың айтқан естеліктерінен	250
Рахышеваның ерлікті шарапаты.....	255
Қамқорлы қолдаушыларға алғысымыз шексіз!!	258
“Желтоқсан желі” қалай туған?	268
Ән, жыр арқауы – желтоқсан	286
Лаула, лаула, желтоқсанның мұзға жаққан алауы!	286
Нан мен күн	287
Желтоқсан жаңғырығы	292
Үзеңгі дос жыры	292
Құдайға мұның шаққан ана зары.....	299
Қалыңдықтың жоқтауы	300
Желтоқсан	304

Қаһарман Қайрат пен желтоқсаншылар

Кітап “ҮШ ҚИЯН” баспасының компьютер
орталығында беттелді

Редакторы	Мақұлбек РЫСДӨУЛЕТ
Тех. редакторы	Құралай РЫСҚАЛИЕВА Салтанат ОТАРБАЕВА
Компьютерде терген:	Назым ҚОЖАМАРОВА

Басуға 28.10.2019 қол қойылды.
Пішімі 84x108 ¹/₁₆. Қаріп түрі
“Таймс New Roman”. Көлемі 20,0 баспа табақ.
Таралымы 1000 дана. Тапсырыс № 100

Алматы қаласы, Жібек жолы көшесі 50
“Үш Қиян” баспасының баспаханасында басылды.
Тел: 8 701 435 98 74